

Досмұхамед Кішібеков
Тимур Кішібеков

ҒЫЛЫМ ТАРИХЫ МЕН ФИЛОСОФИЯСЫ

(оқу-әдістемелік құралы)

Толықтырылған үшінші басылым

Алматы 2020

Пікір жазғандар:

Ақмамбетов F.F. – философия ғылымдарының докторы,
профессор;

Котошева F.F. – философия ғылымдарының докторы,
профессор.

Басылымға ұсынған Ақжан Машанов атындағы
Базалық білім беру институтының ғылыми-әдістемелік кеңесі
Хаттама № 6, 06.05.2020 ж.

ӘОЖ 001: 1/14 (075.8)

КБЖ 72.3 я 7

К 97

Ғылым тарихы мен философиясы. (Оқу-әдістемелік құралы).
– 3-бас. толықт. Кішібеков Д., Кішібеков Т. – Алматы:
ҚазҰТУ, 2020. – 282 б.
ISBN 978-601-228-651-9

*Кітап соңғы жылдары Болон келісімі бойынша оқу
орындарына пән ретінде ендірілген философиялық тақырыпқа
жазылған. Мақсаты – өсіп келе жатқан ғылымдарға
дүниетанымдық, методологиялық жәрдемді күшейту, қазіргі
заманда философияның қоғамда атқарар рөлін көтеру.*

*Сондай-ақ «Ғылым тарихы мен философиясы» әлі
қалыптасып бітпегендіктен, бұл еңбек оқулыққа ой қосады деп
түсінеміз. Монография философиямен шұғылданушы жас
злымдарға, магистранттарға арналған.*

ӘОЖ 001: 1/14 (075.8)

КБЖ 72.3 я 7

ISBN 978-601-228-651-9

© Кішібеков Д., Кішібеков Т.

© ҚазҰТУ, 2020.

1. ПӘННІҢ МӘНІ МЕН МАҚСАТЫ

1.1. Зерттеу объектісі

Болон келісімі бойынша қазір барлық жоғары оқу орындарында магистранттар мен докторанттарға «Ғылым тарихы мен философиясы» атты жаңа пән оқылатын болды. Бұл бұрынғы аспиранттар мен студенттерге оқылып келген «философия» пәнін жоққа шығару емес, керісінше жастарды жан-жақты білікті маман етіп дайындаудағы жоғары талап болып табылады. «Философия» бастауыш білім пәні ретінде жоғары мектептегі бакалавриаттарға оқылады. Сонда бұлардың айырмашылығы неде, деген сұрақ туындайды. Бұл ғылым жан-жақты дамып, оның зерттеу объектісі тереңдегеніне байланысты, философияның алдымен методологиялық, сондай-ақ дүниетанымдық рөлін нақтылап күшейту үшін жасалып отырған әрекет. Күн сайын ғылыми зерттеулер арқылы бұрын белгісіз болып келген объектілер қасиеттері, сипаттары байқалып, тіпті белгілі болып келген ғылымнан бөлініп отау тігіп, бөлек жаңа ғылымдар, кейде бұрынғы ғылымдар аралығынан геохимия, астрофизика сияқты ғылымдар дүниеге келе бастады. Мұндай ғылымдар өмірде өз орнын табумен қатар, өздеріне нақтылы философиялық жәрдем, ықпал болуын керек етуде. Ғылым неғұрлым тереңдеген сайын оның зерттеу шеңбері – тарылып, олардың басқа ғылымдармен байланысы сейілген сайын, оларға философиялық ықпал ауадай қажет болуда. Өйтпейінше, өмірде өз орнын таба алмаған ғалым сияқты, қоғамда өз орнын таба алмаған ғылым – ғылым емес. Олай болса, «Ғылым тарихы мен философиясы»-ның дүниеге келуі, адамзат тарихында, данышпан, ойшылдар дүниеге алып келген философия ілімін ыдырату емес, керісінше оның шындалып, ілгері даму қадамы, жоғары дәрежесі деп

білуіміз керек. Философия данышпандық ілім ретінде сақталып, оның бастауы ретінде өмір сүре бермек. Ал жаңа пәнді үздіксіз даму үстіндегі қоғам талап етуде. Өмір өзгеруде, ғылымдар дамуда. Соған сәйкес адамдардың дүниеге көзқарастары да, оған негіз болған ғылым да бір орында қозғалмай тұрмақ емес. Бұрынғы ғылымдарға жалпы әсер етіп келген философия орнына, әрбір жеке ғылымға нақты әсер ететін жағдай туындады. «Ғылым тарихы мен философиясының зерттеу пәні де сол нақты ғылымдар. Мақсат – сол пәннің әрбір жеке ғылымдарға әсерін қолдау. Әрине, бұл пәнде де философияның категориялары мен заңдары керегінше толық қолданылады. Осыған байланысты тағы айтылатын мәселе, ол мынау – қазіргі «Ғылым тарихы мен философиясы» Батыс Европада ХІХ ғасырдың 30-жылдарында дүниеге келген позитивизм емес. Өйткені позитивизм (лат. *positivus* «оңды», «дұрыс» деген сөз) ұғымы философияның методологиялық, дүниеге көзқарас ілім екенін мойындамайды. Ол әрбір ғылымның өзіндік философиясы бар, соны білсек, жеткілікті деп, ғылымдар атасы философияны ұсақтап, оның тұтас дүниетанымдық мәнін кетіrmек болды. Позитивизм пікірінше философия өмірден алшақ, қоғамға, ғылымдарға тигізер нақты пайдасы белгісіз. Оның орнына нақты ғылымдарды зерттеу дұрыс сияқты. Бірақ, «Ғылым тарихы мен философиясы» позитивизмге қарама-қарсы ілім. Мақсат әрбір жеке ғылымдарды бетімен жібермей белгілі қоғам даму талабына сай бағыттап, жалпы теория тұрғысынан толықтырып отыру.

Қашанда қозғалыс, даму, прогресс қажеттілікке байланысты. Барлық нәрсенің бастау себебі сол қажеттілік. Әрбір халықтың өзіндік тілі бар. Ол қайдан пайда болды? Қажеттіліктен. Алғашқы адамдар бір-бірімен түсінісу үшін тіл қажет болды. Ол алғашқы ымнан, кездейсоқ дыбыстан басталып, бірте-бірте нақты ұғымға айналды. Кейін,

өмірге, тіршілікке сай, ол дамыды. Сондай-ақ жазу, сызу ше?. Ол қайдан пайда болды? Ол да қажеттіліктен. Көргенді, білгенді есте сақтау үшін. Қазір әрбір халықтың тілімен қатар, оның жазуы бар, Шығыста – иероглиф, Таяу Шығыста (арабта) созылмалы, ирек, Европада латын т.б. белгілер. Оған дейін руна жазуы болды дейміз. Бәрінің шығу негізі бір. Бірақ оны қазір ешкім ашқан жоқ. Біз еңбектерімізде өзімізше топшыладық. Ол кәдімгі «таяқ» пен «дөңгелек». Мәселен қазіргі барлық халықтар жазуынан осы екі белгінің көрінісін байқауға болады. Бұлар қалай дүниеге келді десек, алдымен себеп болған әрбір руға, одан кейін белгі, малға «таңба» қоюда. Оның бастауы – меншік. Айталық, қора жайы бар біреу үй салды. Ол солардың меншігі. Оны ол орнатты. Ешкім оған таласпайды. Ал мал аяғымен далада жайылып жүреді, бірімен-бірі араласады. Олардың әрқайсысы кімнің меншігі? Дәлелдеу қиын. Айғақ керек. Осы қажеттіліктен «таңба» дүниеге келді. Рулық белгі де содан, кімнің кімге алыс жақынын ажырату үшін. Ал сол таңбаға негіз етіп нені алу керек? Әрине ең оңайы, күнде көретіні: кәдімгі таяқ пен дөңгелек. Таяқты керегінде адам қолданады, ал дөңгелек ше? Ол да солай. Күн дөңгелек, көкжиек дөңгелек, ошақ айналасы дөңгелек. Дөңгелектің барлық жағы бірдей, артық кемі жоқ. Сондықтан оны сұлулық деп те түсінген. Мәселен, қазақтың ұнағанын «дөңгелек жүзді» деп мақтауы т.с.с. Ал «таяқтан» неше түрлі белгі жасауға болады. Айталық, «|», «†», «×», «┐», «└», «┌», «└», «┐» т.с.с. Дөңгелектен де сол сияқты: «О», «Ө», «Ø», «⊗», «о», «ó», т.т. Кейін осы белгілерден мынадай әріптер туындады: «І», «П», «П», «Ш», «Н», «К», «Н», «О», «А», «Г», «И», «С», «Е», «М» т.т. Осы белгілердің әртүрлі өзгерісте пайдаланылғанын барлық халықтардың жазуларынан үңіліп қарасақ, байқауға болады дедік. Олай болса, жазу да сол қажеттіліктен, ең қарапайым белгілерден бастау алған.

Бұрын тіпті әрбір «ру» да өздерін сондай белгілерімен айғақтаған. Қазақтың «ру» таңбалары да соның дәлелі. Мәселен мынау тараққа ұқсас белгі «Ш» – тарақты руы белгісі деген сияқты. Қалған «Ру» таңбалары да солай қалыптасқан. Кейінгі есепке қажет Рим цифрлары да сол белгілерден туындаған. Олар: «I», «II», «III», «V», «IV», «VI». Араб цифрлары: да әрбір белгінің бұрыштарымен есептелген. Айталық бір белгісінің бұрышы «1» – біреу, екі цифрының бұрышы «Z» – екеу, үш санының бұрыштары – «3» – үшеу, төрттің бұрыштары «4» – төртеу. Солай болып кете береді. Осылай дамыған демекпіз. Осыған дейінгі мамандар бұл жөнінде жазу Египетте, гректерде т.б. елдерде шықты деп айтқанымен, оған келтірген нақты, дәлелдері жоқ. Ғылым олай болмайды. Нақтылық керек. Біздің айтып отырғанымыз тек пікір, ұсыныс, бірақ дәлелсіз емес, айғақты.

«Ғылым тарихы мен философиясы» жаңа философиялық ілім. Былайша айтқанда бұрынғы философия ғылымының қазіргі ғылыми-техникалық процеске сай пайда болған түрі. Ғылым философиясы деген пікірдің мәні былай. Ол ғылым көтерген мәселелердің жаңалығын, қоғамға келтірер пайдасы, нәтижесін талдау. Ғылымның ілгері дамуын бағыттау. Ал ғылым тарихы деген не? Бір жағынан қарағанда ол да түсінікті сияқты. Ол ғылымның пайда болған кезінен бастап, оның даму жолын қарастырып, баяндау. Барлық ғылым түрлері өте көп және олар күн сайын өмірге келуде. Сонда сол ғылымдардың әр қайсысының тарихын білу философқа қажет пе? Ол мүмкін бе? Әлде әрбір ғылым өкілі өз саласының (жаратылыстық, қоғамдық, техникалық) тарихын мамандыққа қарай зерттеу керек пе? Әрине солай. Оның үстіне бұл философиялық ілім. Олай болса ғылым тарихы дегеніміз не? Ол ғылым өмірге қалай келді, оның пайда болу себептеріне не жатады? Адамзат өзінің табиғатпен

байланысын ерте замандардан-ақ байқаған. Соған сәйкес әрекет жасады, өзін ыстық, суықтан сақтап қорғады. Өзіне керегін жинап, әрекеттенеді. Үстіне тері жамылды, үңгірден шығып үй жасады, ағаш, тасты қару етіп, пайдаланды. Біреуден біреу көріп қайталады, үйренді. Осының бәрі адам санасын оятты, дүниені байқап, әр нәрсені ұға бастады. Өмір сүруге бейімделді. Адамдар бір-бірімен ыммен емес, тілмен түсінісетін болды. Қоғамдастық пайда болды. Оның бастауы «ру» (ата-ана, аға, іні, апа, қарындас, туыстық) кейін тайпа, халық болып қалыптасты.

Ел түрлі шаруашылықпен айналысты. Материалдық рухани мәдениет пайда болды. Шаруашылықтың түрлері көбейді. Қалалар дүниеге келді. Түрлі қолөнері дамыды. Бірақ ғылым әлі өмірге енген жоқ болатын. Нағыз ғылым XVII-XVIII ғасырларда өмірге енді. Әсіресе, бұл жаратылыстық, техникалық ғылымдарға байланысты еді. Оларды дүниеге әкелген өндіріс талабы. Соған сәйкес И. Ньютон, А. Лавуазье, Ж. Монтескье, Ж. Бюффон т.б. ғалымдар өмірге келді. Ал енді ғылым тарихына байланысты енді сол әр ғылымның пайда болу, даму жолдарын зерттеу керек пе? Әрине, керек. Бірақ, бұл алдымен сол ғылым өкілдеріне қажет. Философия өкілдеріне ғылымның жалпы даму жолын, оның ерекшелігін білу керек. Алдымен осыны ажыратқан жөн. Философ үшін керегі әрбір ғылымның жалпы даму жолы емес, оның қызықты және қиын ізденіс екенін, нәтижесі оны қоғамға қызмет етуге ынталандыру, отандық сана қалыптастыру. Әрине, ғылымның даму жолы, оған дейінгі, одан кейінгі кезеңдері қашанда оңай болған жоқ. Ғалымдар оған өмірін арнап, ізденді, қателесіп өмірден де өтті. Тек солардың кейбіреулері ғана өз мақсатына жетті. Әрине ғылым жолы сызып қойған жазық даңғыл емес. Нағыз ғылым, ол өз ісінің маманы. Бұл екі жақты құбылыс, пайдалы да, опықты да болуы мүмкін. Ондай да адам өзін ұмытады. Өз пайдасын ойлап, соны іздеген адам, ол ғылым маманы

емес. Сондықтан әрбір қоғам келешегін ойлап, соған өмірін сарп етіп жүрген ғалым болса, сол ғалымға да, ғылымға да жағдай жасалуы керек. Өйтпейінше ғалым – ғылым жолында жүріп, басқа ізденіске ауытқып кетуі де мүмкін. Ғылымды басқару жолын XVII ғасырда өмір сүрген ағылшын философы Фрэнсис Бэкон (1561-1626 жж.) айтқан болатын. Міне, содан бері қанша ғасыр өтті. Ғылым қаншама жаңалықтар ашты. Ғылыми-техникалық прогресс қазіргі заманның даму дәрежесінің көрсеткішіне айналды.

Міне философиялық еңбектегі ғылым тарихы деген мәселе, ол жалпы ғылымның даму жолы, оның тармақталып, бөлшектенуі, сондай-ақ бірнеше ғылымдар арасынан жаңа ғылымдар туындады. Бұл бір – процесс. Оны ғылымдардың дифференциясы дейді. Екінші процесс – ол ғылымдардың жақындасу интеграциясы, өйткені олардың зерттейтін объектісі де бір, әдістері басқа болса да. Одан соң ғылым қоғамдық санадан материалдық өндіруші күшке айналуы. Ғылым тарихын зерттейтін философиялық еңбектің проблемасы осы бағытта болуы тиіс. Әйтпесе, ғылым тарихы кейбір философтар ғылым бөлшектерін зерттеу мен білу деп түсінеді. Бұл өкінішті.

«Ғылым тарихы мен философиясы» жаңа пән, дедік. Оқыла бастағанына көп болған жоқ. Бұл пәнді қалай оқу керек, қамтитын мәселелері қандай және оларды қай деңгейде көтеру қажет, ол жағы әлі толық айқындалып болған жоқ. Бекітілген бағдарламада ресми талқыланып жасалынған емес. Әрине пәннің айтпақ болған мәселесі жалпы алғанда белгілі. Бірақ бұл пәннің алдына қойған басты мәселесі не, ол қай деңгейде жүріп жатыр? Әрине, түрлі шығарылған оқулықтар да баршылық. Негізінде бұлар Мәскеу ғалымдарының еңбектері. Соған қарап бізде де кітап жазғандар бар. Мәселен, 2012 жылы Астанадағы Л. Гумилев университеті бекіткен, Алматыдағы «Философия, политология, дін ғылыми зерттеу институты» ұсынған

профессор Ж. Нұрманбетованың «Ғылым тарихы мен философиясы» оқулығы көлемді болып, екі (орыс және қазақ) тілде жарық көрді. Бұл яғни құптарлық іс, оқушы қауымға үлкен жәрдем. Бірақ, кітаптың құрылымы, қозғаған проблемалары тура Мәскеуліктер салған жолмен, айны-қатесіз жазылған. Әрине мәселе ұқсастықта емес. Оқулық екі саладан тұрады. Бірі – ғылымның антик дәуірінен бастап, әр заманда даму жолдары қарастырылған. Бұл ғылым тарихы. Жалпы мұны білу қажет, бірақ философиялық пәнге керегі осы ма еді, деген ой мазалайды. Әрине, оқулықтың мәні зор. Ол білім береді, ғылымға баулиды, тәрбиелейді, идеологиялық қызмет атқарады. Ол жастарды өз Отанына берілген, оны мақтан ететін, патриот етуі тиіс. Олай болса, оқулыққа жәй білім кітабы деп қарауға болмайды. Ол ең құдіретті рухани дүние.

Сол сияқты «Ғылым философиясы» деген мәселеге келетін болсақ, ол жағынан ойланатын проблемалар бар. Ж. Нұрманбетова және басқа да авторлар жазғанына қарайтын болсақ, онда бұл бөлім ғылымның салалары мен бөлшектерін теріп, тізіп қарау көрінеді. Біз бұл пікірге қосылғымыз келмейді. Әрине, ғылымның бөлшектерін білу сол ғылым өкіліне қажет. Ал философия маманы үшін керегі солар ма? Әлде ғылым философиясы деген сол ма? Әрине, ол да олай емес. Айталық жеңіл машинаны алайық. Ол неден тұрады? Алдымен кузовтан (коробкадан), одан соң дөңгелектерден, тартатын матордан. Ал нақтылап талдасақ онда ол қанша, ірі-майда бөлшектерден тұрады. Машинаны жүргізуші бұларды білуі керек пе? Әрине керек. Ал машина философиясын зерттеушіге керегі тек оның адамға тигізер пайдасы, ықшамдылығы және икемділігі сонымен қатар қиындығы мен қажеттілігі. Осылардың қайсысы басым? Қайткенде машина адамға көбірек қолғабыс келтіреді. Оның қоғам дамуына әсері қандай. Сондай-ақ, ғылым да проблемадан, теориядан,

қолданылатын объектілерден тұрады (лаборатория, институт, зауыт (өндіріс) бүкіл әлем). Оған кіретін сандаған салалар, бөлімдер бар. Олар – детальдар. Бірақ, ғылым философиясына керегі бұлар емес. Өлгі кітапта, сол сияқты басқа да оқулықтарда да мәселе бұл тұрғыда нақты қаралмаған. Оның орнына ғылымды, бөлшектеп көрсетеді. Философиялық еңбектің құндылығы проблеманы әлеуметтік, қоғамдық дәрежеге көтерілуінде емес пе?

Әрине біз зерттеушілерді үйрету үшін, қайсысы дұрыс, ал қайсысы басқа деп, соны айтайын деп отырған жоқпыз. Мақсатымыз – ой салу, қайткенде ғылым философиясы өз орнын табады. Өйткені, біз философиялық ғылым өкіліміз. Біздің талабымыз – жаратылыстық, басқа ғылым өкілдері айтқан пікірлерді қайталап, баяндау деп түсінбеуіміз керек. Философия методологиялық, дүниетанымдық ғылым болғандықтан оны солардың алдында тұрып, дұрысын қолдап, кемістігінен құтылуына жәрдем беріп, жол көрсету деп түсіну.

«Ғылым тарихы мен философиясы» дегенімізде сол философия пәнінің жаңа қыры. Сондықтан бұл пән алдында тұрған мәселе тек жеткен табыстарды жәй баяндау ғана емес, жас талапкер мамандарға, бұл ерекше, міндеттің әрі жауапты екендігін ұқтыру. Философия тұғырын төмендетуге жол бермей, жоғары ұстау.

Алдымен «Ғылым тарихы мен философиясы» қандай ілім, мақсаты не? Одан соң, сол ғылымды дұрыс жолға салып, қоғамға қызмет ету.

«Ғылым тарихы мен философиясын» қоғам дамуындағы жаңа белес, мақсаты биік зор деп түсінгеніміз абзал. Тілегіміз: профессорлар, оқулық авторлары осыларды тезірек аңғарса екен.

Сонымен, ғылым тарихы дегеніміз сол ғылымның өсу жолын, табиғатты зерттеудің әр кезеңде қол жеткен табыстарын, жаңалықтарын тізбектеп баяндау емес. Оны

әр ғылым өкілдері өздері біледі, зерттейді. Ғылым тарихын зерттейтін философ, сол ғылымның зерттеудегі қиындықтарын, ғалым болудың оңай емес, ауыр және ізденістің қызық екенін, оның жолына түскен ғалым, өз зерттеуінің қайраткері болуы қажет ететінін түсіндіру. Ғылымда нағыз ғалым қажымас қайрат, адал еңбек ету арқылы ғана өз орнын табады. «Ауырдың үстімен жеңілдің астымен» жүремін дегендер нағыз ғалым бола алмайды. Ғылым «тиіп, қашып» жүргендерге ешқашан сырын ашқан емес. Ғылым мен ғалымның беделін түсіретін сондайлар.

Бұл бір, екіншіден, ғылым философиясы ол бір ғылымды алып, оның құрамын тізбектеп, әрқайсысының атқарар рөлін, даму жолын, теориясын қайталап баяндау емес. «Ғылым философиясын» зерттейтін ғалым – философ, ол алдымен сол ғылымның мақсатын, жеткен жетістіктері мен олқылықтарына зер салу, ғалымдарды дұрыс бағытта еңбек етіп, халыққа, қоғамға қызмет көрсетуін қолдау. Зерттеу жұмысына қызығып берілген ғалым, ол өз ісінің қоғамға пайда – зиянын байқамауы да мүмкін. Ал ондай ғалымдарды дер кезінде дұрыс жолға салу, ол да философтар үлесі болуы тиіс. Бәрін шығармашылық жолмен басқару-бағыттау керек. Біз «Нарық» – стихиялық дамиды дейміз. Оның қозғаушысы – сауда, ұсыныс пен қажеттілік. Бірақ, қоғам болған соң, ол да тікелей болмаса да, жанай басқаруды керек етеді. Қоғам саналы жандар қауымы.

Сонымен, адам мен қоғам – еңбек пен тәрбие нәтижесі.

Міне «Ғылым тарихы мен философиясын» осылай түсінуіміз қажет. Мақсаты: бәрін бақылап, жөнге келтіріп отыру. Ешкімді ойландырмайтын, жанын қинамайтын қозғамайтын, ізденіс жасатқызбайтын ілім – ол шығармашылық емес, жәй, кәдімгі өмір. Философиялық ілім олай емес. Ол басқа ғылымдар сияқты, өзімен өзі болып, басқа ғылымдар қатарында тұрып, тек солардың

табысын қайталайтын түсінік жасайтын болса, онда философия өзінің дүниетанымдық, методологиялық рөлін жоғалтады. Өздігінен талдау жүргізбейтін, басқа ғылымдар соңында жүретін, олардың табысы мен кемістігін айта алмайтын ілім кімге керек?

Шынын айту керек, соңғы жылдарда философия өзінің дүниетанымдық, методологиялық рөлін, жұмсатып айтсақ, төмендетіп, тіпті жоғалтып алды. Бүйте берсек, тіпті философия керек пе деген сұраудың туындауы ғажап емес. Күні кеше ғана осындай пікір беделді баспа беттерінде жарық көрген болатын. Оны естен шығара алмаймыз. «Ғылым тарихы мен философиясы» пән ретінде оның методологиялық рөлін шыңға көтеру үшін ендірілді деп білеміз. Бұл пәннің өмірге енуі де сол талаптан.

Сонымен «Ғылым тарихы мен философиясы» пәнін зерттеушілерге екі түрлі мүмкіндік ашылады. Бірі – ғылым тарихын түрлі елдерге, дәуірлерге бөліп тізбектеп жазумен қатар, ғылымның барлық қыр-сырын баяндау. Бұл әдіс – білімге білім қосады, негізі – информация. Ол үшін арнайы философтың кірісуінің қажеті жоқ. Оны кез келген ғалым орындай алады. Өйткені ғылым философиясы қарастырылмайды, аты аталғанмен заты көрінбейді.

Екінші жол, ол ғылым дамуы, қиын, әрі қызықты екенін ашып көрсету. Оны әсіресе жеке ғалымдар әрекеттері, жаңалықтары арқылы баяндаса, бұл өте тиімді болған болар еді. Сонымен қатар, әрбір ғылымның тарихтағы алар орны, оның өмірмен, өндіріспен, қоғаммен байланысы, олардың пайдасы мен олқылықтарын және ғылым болашағын қарастыру. Осының бәрі – ғылым философиясына жатады. Егер ғылым тарихы негізінен өткенге арналған десек, ол да сыңар жақ пікір. Философиялық ғылым үшін ғылым тарихы да болашаққа бағытталған болуы керек. Тек сонда ғана ғылым тарихы тәрбиелейді.

Алдымен бұл пән не үшін ендірілді? Ғылым дегеніміз не, ол қандай салалардан тұрады деген сұрауға жауап беріп, білімге тек білім қосу үшін бе, әлде жастарды ғылым жолы қиын, әрі қызықты екенін түсіндіріп, қоғамға, ғылымға саналы философиялық көзқараспен қарап, белсенді қоғам қайраткерлерін тәрбиелеу үшін бе?

Егер бізге керегі бірінші болса, онда әңгіме жоқ. Егер – екіншісі болса, онда бұл «Ғылым тарихы мен философиясын» басқаша құрып оқытқанымыз жөн. Алдымен философияның методологиялық рөлін күшейтіп, көтеруіміз керек. Ғалым философтар үшін бүгін бұл ең басты мәселе.

1.2. Диалектика – философия жүрегі

Философияны ілім ретінде бір жүйеге келтірген, оның заңдары мен категорияларын жан-жақты қарап, ғылымға ендірген неміс философы Г. Гегель (1770-1831 жж.) болатын. Ол «Рух феноменологиясы» (1807 ж.), «Логика ғылым» (1812-1816 жж.), «Философия ғылымдарының энциклопедиясы» (1818 ж.) деген ауқымды еңбектер жазып, философияның дәрежесін көтерді. Сондай-ақ, ол «Құқық философиясы», «Дін философиясы» атты еңбектер жазды, ал «Философия тарихы» мен «Тарих философиясы» оның мәні терең құнды лекциялары. Бұл лекциялар Г. Гегель дүние салған соң жарық көрген болатын. Г. Гегель еңбектерінің үлкен бір саласы, ол оның диалектикаға аса зор көңіл бөлгені, өмірді ұдайы қозғалыста, дамуда деп түсінуі. Сондай-ақ Г. Гегель философияның жалпылық үш заңын ашып, олардың әрқайсысына ғылыми анықтама берді. Олар «сан құбылыстарының ұдайы өзгерісте болуы арқылы сапаға айналуы», «қарама-қарсылықтың бірлігі мен күрес заңы», «терістеуді терістеу». Бұл заңдар

диалектиканың, негізіне жатады. Сол заңдарды байыпты қолдану арқылы К. Маркс пен Ф. Энгельс өзінің талай метафизикалық әдісті қолданған қарсыластарын уәжбен жеңіп, өз ойын іске асырды. Сондықтан да олар диалектиканы сомдаған Г. Гегельді өздерінің ұстазы деп атады. Оларға әсіресе қатты ұнағаны Г. Гегельдің «Барлық шындық ақылға сияды. Барлық ақылға сиятын – шындық» деген жұмбақ сырын ашып, оның өмірде қандай көрініс табатынын айтқаны. Өйткені, бұл пікір бойынша, дүниеде бардың бәрі ақылға сия бермейді. Олардың ішінде ақылға сыйатындары да, сыймайтындары да бар екендігі. Сонда ақылға сиятыны не демек болсақ, онда ол солардың ұдайы өзгерісте, дамуда болатыны. Ал, егер өмірде бар бола тұрып, бірақ қозғалмайтын, дамымайтын болса, онда оны ақылға жатқызуға болмайтыны. Әрине, ондай құбылыс өмірде бар болса да шындық емес, оған жат екендігі. Олай болса диалектика – философия тірегі, мұқалмас, оңды-солды қолдануға бірдей жарайтын қару екендігі.

Диалектика ұғымы философияның ең күшті, жанды бөлігі. Ол дүниенің мәні үздіксіз қозғалыста, дамуда деп түсінуі. Ол дүние өзгермейді, қозғалмайды деген ұғымды жоққа шығарады. Диалектика – әрі әдіс, әрі ілім. Әдіс дейтініміз ұдайы құбылмалы дүниені зерттеу үшін икемділік керек дегені. Диалектикада ол бар. Ілім дейтініміз өмірді қайшылық күйінде бейнелеуі. Диалектика ұғымы және ол туралы термин ең алғаш антик дәуірінде дүниеге келді. Диалектика – алғаш диалог, былайша айтқанда әңгімелесу дегеннен туындаған ұғым. Екі адам арасындағы пікір алысу, сөйлесу диалогқа жатады. Осыдан туындаған. Әркім өз сөзінің өтімді болуы үшін, оны біржақты емес, жан-жақты дәлелді етуге тырысқан. Кейін оны алғаш философияға ендірген антик философы Гераклит болды. Ерте замандардан қазақтар сөз дәлелдігін «уәж» деп атаған. Сол уәждің ғылыми дамыған түрі – логика әдісі, дәрежесі – диалектика

болып қалыптасты. Диалектика екіжақты өткір қару. Оны дұрыс қолданбасаң, өткір пышақ сияқты қолыңды кеседі. Егер буржуазиялық революция арқылы феодализмді құлатқан капиталистік қоғам уәкілдері кезінде оны кең пайдаланған болса, кейін үкіметке келген соң, олар диалектикалық философиядан іргесін аулақ ұстауға тырысты. Бұл негізсіз әрекет емес. Өйткені, үкіметке келген жаңа үстем тап өкілдері қоғамның одан әрі дамып өзгергенін қаламады. Ол түсінікті де 1917 жылғы Қазан революциясы арқылы құрылған жаңа қоғамда да диалектика шын мәнінде кеңінен қолданылды дей алмаймыз. Бір кезде өз қарсыластары, метафизиктермен идеялық тартыста барынша кеңінен қолданылған, жеңіске жеткізілген диалектикалық әдіс біртіндеп басылып, оның орнына догматизм кеңінен тарап кетті. Әрине, Кеңес жылдарында философияға, оның өткір бөлігі диалектикаға ешқандай кедергі болған жоқ. Оқу орындары диалектикаға, маркстік философияға кең жол ашылды. Сөйтсек те іс жүзінде диалектика оқу жүйесінде, ғылымда ғана орын тапты. Бір ғана мысал келтірейік. Басқаны былай қойғанда, сол кездегі елімізде екінші басшы болып, бүкіл идеология жұмысын қолында ұстаған М.А.Суслов нағыз теоретик, диалектик бола алды ма? Әрине, олай дей алмаймыз. Сол кезде пайда болған: «Социализмді орнатудың жалпы заңдылығымен оның әр елдің жағдайына байланысты ерекшеліктері» туралы туындаған теориялық талас басталды. Оған түрткі болған, Қытай Компартиясының идеологтары ұсынған өз елінде социализмді «Қытай ерекшеліктерімен орнатамыз» – деген теориясы еді. Бұған КОКП наразы болды. Өйткені олар социализмді орнатудың жалпы заңдылықтары бар екендігі, ал қытайлықтар оны ескермейді деп сынағаны. Мәселені айтыс арқылы шешпек болып, екі кездесуді өткізу келісілді. Бірі – Хабаровск қаласында (КСРО), екіншісі – Харбинде (Қытай Республикасы).

Бұл кездесуге КОКП атынан М.А.Суслов, Қытай КП атынан Дян Сяо Пин ұсынылды. Бұл 1959 жыл болатын. Пікірталас тек Хабаровскіде ғана өткізілді. Себебі – Хабаровскідегі кездесу Қытай Компартиясы пайдасына шешілді. М.А. Суслов өз ойын ашық айта алмады. М.А. Сусловтың диалектика тұрғысынан КОКП пікірін жан-жақты дәлелдеп жүргізе алмағаны өкінішті еді. Міне бұл догматизмнің нағыз айқын көрінісі болатын. Сол жылдары догматизм өмірдің барлық салаларын шырмап алған еді. Мәселен, догматизм ғылым дамуына да кедергі болып, зиян келтірді. XX ғ. 30-40 жылдарында басталған ғылым жаңалықтары, Екінші Дүниежүзілік соғыс аяқталғаннан кейін шарықтап дами бастады.

Ең алғаш көріне бастаған ғылым кибернетика болатын. Грекше «Kybernetike» – басқару, өнері деген мағынаны білдіреді. Қазір ол басқару байланыс және информацияны өзгерту туралы ғылым. Бұл ғылымның аты шығуына себепкер америкалық ғалымы Норберт Винер (1894-1964 жж.) болды. Ол идеясын 1948 жылы жарық көрген «Кибернетика, немесе жануар мен машинадағы басқару мен байланыс» деп аталған монографиясында баяндады. Бұл жаңа ғылымның мәнімен алға қойған талабы догматикалық пікірде қалыптасқан ғалымдардың арада 4-5 жыл өткенде, бұл не нәрсе?, деп, оған наразылық көрініс берді. 1952–1953 жылдары баспа беттерінде кибернетикаға қарсы мақалалар шыға бастады. Әсіресе, 1953 жылғы «Вопросы философии» журналының №5 санында басылып шыққан «Материалист» деп қол қойған «Кибернетика – кімге қызмет етеді?» – деген мақалада, оны ғылымға қарсы, «антиғылыми» бастама¹ деп бағалады. Мақалада бұл ғылыми есеп жүргізуде шексіз, ұшы-қиыры жоқ мол дүниені өте тез, шапшаң мерзімде есептеп

¹ Вопросы философии. 1953, №5, 212 б.

шығаратын машинаны АҚШ соғыс мақсатына пайдаланатынын айтып, сондай-ақ ол машина адам миының барлық мүмкіндігін жасай алады деген Н.Винер пікірін сынға алады. Оның үстіне Норберт Винерді мадақтап, «Доктор Винер адам миын танытуда, әлемді танудағы Эйнштейннің жаңалығымен тең» дегеніне наразылық пікір білдіріп, өз атын жасырып жазған мақала авторы кибернетиканы жоққа шығармақ болды¹.

Сол жылдары химияда пайда болған жаңа «резонанс» теориясына да қарсы қозғалыс басталды. Бұл теория мәнісі былай. Мәселен, химияда реакция кезінде молекулалардың кейбір бөлшектерінің кванттық механикаға ұқсас қасиеттері байқалғаны. 1949 жылы «Вопросы философии» журналының №3 санында «Химиядағы бір махистік теория және оны насихаттаушылар туралы» деп аталған мақала жарық көрді. Резонанс – деген сөз бір заттың, екінші бір затқа әсері арқылы болатын қозғалыс, діріл, дыбыс. Химияда резонанс теориясын ашқан американдық ғалым, физик-химик Л. Паулинг (1901–1994 жж.) болатын. Ол өзінің тәжірибе жұмыстарын 1928-1931 жылдары жүргізіп, химияда да кванттық физикадағы атом өзегін сәуле жылдамдығымен зымырап айналатын электрон сияқты молекуладан бөлек, оның бұлты, қабыршағы сияқты құбылыс бар деп, оған резонанс атағын берді. Электрон белгілі еді, ол – энергия, ал – резонанс не? Бұл қиял ма, әлде өмірде бар нәрсе ме? Кейбір ғалымдар, мәселен Б. М. Татовский мен М.Н. Шахпаронов оны Э. Мах теориясымен байланыстырып, молекулаға қатысы жоқ, тек қиял деп тапты². Дегенмен кеңес химиктері Я.К. Сыркин мен М.Е. Дяткина өздерінің 1946 жылы жарық көрген «Химиялық байланыс және молекула құрылымы» деген кітабында «резонанс» валенттік

¹ Бұл да сонда.

² Вопросы философии. 1949, №3, с. 177.

құрылым. Бұл «ав ыос» ойдан жасалған гипотеза емес, керісінше электрондық толқынды құбылыстың қажетті нәтижесі¹ деп жазды. Шыны солай еді. Бірақ, Б.М. Татовский мен М.Н. Шахпаронов бұл теорияны ғылымға жат, махистық теория² деп айыптады. Кейін сол сияқты материалдар қаптап кетті. Ақырында «резонанс» теориясы идеалистік, деп қате танылды.

Сол сияқты даурықпа теріс пікірлер ірі физиктер қабылданған «кванттық механика» теориясына да айтылады. Мәселен, 1948 жылы сәуір айында «Литературная газета» да жарық көрген «Бір философиялық кентавр туралы» мақала шықты. Кейін «Вопросы философии» журналы беттерінде «кванттық механика» теориясы алпысыншы жылдарға дейін үлкен пікірталасқа айналды. Мәнісі «кванттық механика» теориясын жақтаушылар философия тұрғысынан «Кентавр» деп сыналды.

Сол жылдары теріс пікірлер Альберт Эйнштейннің қатыстық теориясына қарсы айтыла бастады. Мәселен, 1953 ж. «Вопросы философии» журналының №1 санында «Қазіргі физикадағы материализм үшін күрес» деп аталатын А.А. Максимовтың мақаласы жарық көрді. Мақалада А. Эйнштейннің «қатыстық теориясы» ғылымға жат, реакциялық деп айыпталды. Академик В.А. Фоктың пікірінше А.А. Максимов объективтік пен абсолюттікі ажырата алмай, тек абсолютті мойындап, объективтікті жоққа шығарған. Нәтижесінде, А.А. Максимов А. Эйнштейннің қатыстық теориясы абсолютті мойындамайды деп сынға алады. Сондықтан да А.А. Максимов: «Эйнштейннің қатыстық теориясы қазіргі физикадағы тығырық»³ – деп бағалады. Бұл А.А. Максимовтың қалыптасқан ескі

¹ Сыркин Я.К. Дяткина М.Е. Химическая связь и строение молекул. М. 1946, с. 105.

² Вопросы философии. 1949, №3, с. 178.

³ Вопросы философии. 1953 №1, 172 б.

көзқарасты бұзған ғылыми жаңалықты түсінбей, догматикалық тұрғыда қалғанын көрсетеді. Осы сияқты кертартпа бағыттар қоғамдық ғылымдарда да көрініс берді. Әсіресе тарих, әдебиет салаларында әлгі жағдайлар 60–70 жылдарға дейін созылып, соңында шындық жеңіп, ғылым тұрақтанды.

Енді осы ғылымдағы ауыр жағдайдың себебі, не десек, ол әрине өмірді догматикалық тұрғыда түсіну болатын. Ол диалектиканы жаттанды түсініп, шығармашылық тұрғыда қолдана алмау еді. Бұл – бір. Екіншіден, осының бәріне себепкер жаңалықты түсінбеушілік. Айналып келгенде диалектикалық философияның оқу да бар, істе жоқ болып өмірден алшақтағаны. Сондықтан да бүгінгі «Ғылым философиясы» өмір талабы демекпіз. Догматизм тек белгілі қағиданы қайталай беретін, жаңалықты ұнатпайтын, өмір тынысын тұншықтырып, сөндіретін, диалектикаға қарама-қарсы бағыт.

Қоғамда да ескі мен жаңа бар, прогрессивтік және кертартпалық дағдылықтар бар. Сондай-ақ тазалық, тәртіпті жақтайтындармен, түрлі себеппен тәртіпті бұзатындар, сыбайластық жемқорлық пен оған наразылық бар. Міне қоғамда осыларды бетімен жіберуге бола ма? Әрине, болмайды. Ол үшін қоғамда тәрбие жұмысы үздіксіз жүргізілуі қажет. Тәрбие – процесс, мәні прогресс. Адам, қоғам бар жерде тәрбие бар. Тәрбие – деген не? Ол жақсылық, өнеге, үлгі, одан қабылданатын тәлім. Ол үшін жақсы бол деп үнемі айта беру емес. Өмірде жақсының түрі көп. Ол нәтижелі еңбек, табиғатты қорғай білу. Жақсылықты көре-біліп, басқаларға өнеге ету тәрбие. Тәрбие өзінен өзі қалыптасады деу, қате пікір. Сонымен, тәрбие жұмысы өте маңызды. Оны кім жүргізеді? Әрине оқу орындарында оны жүргізетін мұғалімдер. Ал қоғамдық ұжымдарда (коллективтерде), жалпы қоғамда ше? Ол жағы әзірше өздігінен өзі жүріп жатыр. Кеңес жылдарында бұл

жұмыс бастауыш партия ұйымдарынан бастап, барлық партия аппараттарының міндеті және бұл салада жетістіктер жеткілікті болатын. Біз осы тәртіптен қол үзіп қалғандаймыз. Биік орында отырғандарда «қазаншының еркі бар...» – деген сияктанып барады. Бұрын партия ұйымының талабы бәріне бірдей болатын. Қазір партиялар бар да, олардың бұл саладағы атқарып жүрген жұмысы көрінбейді. Сонда сол партиялар өндіріс, ауыл шаруашылығы, білім, ғылым, мәдениет жұмысына араласпайтын болса, онда олардың міндеті не деген сұрақ туындайды. Әрине, ол жұмыстар әкімшілік орындардың қолында. Ал тәрбие жұмысы кімнің қолында? Міне осы мәселелер идеологиялық жұмысқа жатады. Ал идеология негізі – философия, оның ішінде – диалектика.

Ең үлкен парадокс мынада: Кеңес жылдарында бірде-бір философ сол рухани құралды пайдаланды деп айта алмаймыз. Тіпті олар өздерін теоретик деген атаудан аулақ ұстап, оны тек логикада қолданатын әдіс деп қарады. Сондай-ақ Г. Гегель философиясында оның әдісі мен жүйесі арасында қайшылық болды: әдісі – диалектикалық, қорытынды жүйесі – антидиалектикалық, метафизикалық еді. Сірә, өзі ұсынған әдістен өзі қорыққан болса керек. Бұған себеп болған сол кездегі Пруссияның монархиялық жүйесімен қатар Г. Гегельдің сол жүйеге қызмет атқарғандығы. Соның бір көрінісі, оның ой, логика ұдайы өзгерісте, ал табиғат, қоғам өзгермейді дегені. Бұл нені көрсетеді? Диалектика қайтпас өткір қару екендігі, ал оны кертартпа күш ұнатпайтыны. Одан соң, оны тек қиналғанда болмаса, кез келген жерде қолдана беруге болмайтындығын көрсетеді. Бірақ, бұдан келіп диалектикадан мүлде бас тарту керек деген ой туындамаса керек. Ол онда тіпті ғылымға жат әрекет болар еді.

Диалектика – бұл философиялық ілім дедік. Ол бүкіл дүниені, әлемді табиғатты, қоғамды, адам санасын ұдайы

қозғалыста деп түсінеді. Ал қозғалыс, өзгеріс болған жерде қарсылық болады. Даму дегеніміз – сол қарсылықты жеңу арқылы іске асады. Сол процесті бейнелейтін заңды Г. Гегель «Қарама-қарсылықтың бірлік және күрес заңы» деп атады. Бұл қарсы жақтар қашанда бірлікте, бірінсіз-бірі жоқ, әйтпесе объектінің мәні жоғалады. Мәселен, «ақ» пен «қара», «ұзын-қысқа», «жақсылық-жамандық» т.т. Бұлардың бірі болмаса, екіншісінің мәні болмайды. Бірақ олар тек бірлікте ғана емес, ұдайы күресте болады. Өмір осындай болып қалыптасады. Бұл – диалектика. Олай болса одан қалайша бас тартуға болады? Өмірді дұрыс түсіну, ол оны сол күйінде қабылдап, қажырлы әрекеттену, тіршілік ету, қиындықты табандылықпен жеңу.

Тағы бір айтатын мәселе. Диалектикада кездесетін екі ұғым бар: революция және эволюция. Гегельдің қорқатыны біріншісі. Революция – халықтың ызасы. Бұл табиғатта қыздырған судың қайнап, өзінің сұйық зат қасиетін жоғалтып, буға айналғаны сияқты, қоғамда да заттың сандық, сапалық өзгеріс заңы бойынша бір қасиетін жоғалтып, екінші қасиетке айналғанына жатады. Бірақ, революциядан басқа қоғамда жай, жұмсақ, бірте-бірте өзгерісте болатыны да бар. Бұл да әлгі заңнан туындайтын жол. Бұл – эволюция. Қоғамды тығырыққа тіремеу үшін халықтың зығырына тиіп, қинамау. Революция – амалсыздық, жойқын әрекет. Революция мен эволюция медальдің екі жағы, аты – диалектика. Айналып келгенде, өмірдің дәлме-дәл бейнесі. Неше түрлі құбылмалық – диалектика ол, процесс, өмірдің өзі.

Таным көзбен көру, құлақпен естуден басталады. Бірақ, ол жүйеленген сезім емес. Оны жүйеге келтіретін теория.

Теория – оймен құрылған өрнек. Ол байқау, пайымдау арқылы түрлі құбылыстар бірімен-бірі байланыста, бірінен бірі туындайтынын, сондай-ақ кейбір құбылыстар қайталанып отыратынын аңғару, ол қайталау тұрақты ма, әлде кездейсоқтық па, неге байланысты және нәтижесі

кандай, осы жағдайларды талдау арқылы, белгілі ой түйіні жасалады. Бірақ, бұл әлі сынау, тексеруді керек етеді. Оны анықтайтын практика. Практикада дәлелденбеген ой-түйіні – теория болса да ғылым емес. Егер дәлелденсе, сонда ғана ол ғылым, негізі заңға айналады. Дамуда қайталу болады. Бірақ, бұл механикалық емес, диалектикалық, жаңаша қайталау. Ол терістеуді – терістеу заңы арқылы жүреді.

Олай болса ғылым – заңға сүйенген теория. Бірақ, теорияда түрліше болады, шын, жалған, прогрессивті, реакциялық, пайдалы, зиянды. Қашанда ғылым теориядан тұрады. Бірақ, ғылымға факті (айғақ) де керек. Демек, кез келген айғақ ғылымға негіз бола алмайды. Тек, сол жағдайға негіз болатын факт ғана ғылымға тірек. Ол үшін мәселе айғақтың көп, не аздығында емес, нақтылығында. Нақты факті – ой жүйесін нығыздайды. Алдымен өмірге жүйелі (логикалық) сөйлеу, ой айту келді. Кейін теория жасалды. Кез келген ғылымның өзіндік теориясы, заңдары бар. Теория ойдың жинақталған, артық-кемі алып тасталған, әрі қысқа, нұсқа түрі. Бірақ теория да мәңгі емес. Өмірге, танымға байланысты ол да өзгеріп, дамиды. Мұны білмеу, белгілі бір заманда дүниеге келген теорияны «бас-көзсіз» қайталай беру – әлгі догматизм. Өмірмен тығыз байланысы жоқ теория – схоластика. Теорияны орынсыз, кез келген жерге қолдана беру – софистика. Ғылым осының бәрін көтермейді. Бұл да ғылым тазалығына жататын талап. Философияда теорияны құрастыру деген ұғым бар. Бұл дұрыс пікір. Теория өмірдегі құбылыстарды топтап, жүйелегеннен туындайды. Көшпелілер ой өрнегін де, кілем тоқу өрнегін де жасай білген.

Қазақ халқының қоғамдық санасында «диалектика», «философия» деген ұғымдар болмаған дедік. Бірақ, болмаса да қазақ философ – халық. Қазақ сөзге мән беріп, уәжге (логикаға) тоқтаған. Оның философиясы – мақал-мәтелдерімен, нақыл сөздерінде. Біздің заманымызға дейінгі VII-VI

ғасырларда, Анахарсис – көшпелілер өкілі Афинаға барып, гректерді жүйелі сөйлеуге үйреткен екен. Содан ол әлемдегі жеті данышпанның бірі атағына ие болған. Сондай данышпан атанған Фалестен қалған сөз бар. «Дүниеде не жүйрік?» – деген сұрауға «Ой жүйрік», сондай-ақ: «Не қиын, не жеңіл?» – деген сұрауға, «Біреуге ақыл айту оңай, ал өзіңе сын айту қиын» – деген екен. Бұл оның Анахарсистен үйренген ойлары демекпіз. Өйткені, қазақтарда бұл мақал әлі күнге дейін бар. Гректерде ол жоқ. Міне, мәселенің түбірі қайда жатыр?

Қазақтар «мылжың» (болтун) деп кімді айтқан. Көп сөйлегенді ме, әлде аз сөйлегенді ме? Барлық халық көп сөйлегенді ұнатпаған. Қазақтар аз сөйлеген адамды да кейде мылжың деп атаған. Мәнісі сол, сөздің мәні мен, түйінінде. Түйіні жоқ болса, онда айтқандарының бәрі мәнсіз, бос сөз. Міне, мылжың деген осы. Бұл барып тұрған философия. Философия, математика, геометрия сияқты сөздің тоқ етерін күткен. Не үшін сөйлеу керек? Сөз түйіні болмаса – бәрі бекер. Ғылым негізі өмір заңдылығы. Бұл – логика. Сондықтан бұл мәселені арнайы айтып отырмыз. Қазіргі талап, әрбір ғалым алдымен философ болуы тиіс. Философия тірегі, өзегі диалектика дедік. Сондықтан, бұл талапты естен шығармау керек. Өмір сан қилы, онда жақсы да, жағымсыздық та бар. Қоғамда оның бәрі адамға байланысты. Бір адам бойында ол да, басқа да болуы мүмкін, бірақ біреулерде жақсысы басым, енді біреулерде керісінше. Жақсы адам болу оның ішкі күресі арқылы жетілдіріледі. Бұл да диалектика. Қоғамда жақсылар көп. Прогресс соларға байланысты. Әрине, қоғам синергетика заңы бойынша өзін-өзі тәрбиелейді. Ол да әрине күрес. Бірақ ол – ұзақ жол. Дұрысы қоғамға екпінді, пайдалы әсер ету. Диалектиканы өмірдің бір саласындай байыпты қолдана білу.

Сонымен, догматикалық көзқарас философтарды техникалық ғылымдардағы жаңалықтарды бұрынғымен байланыстыра алмай, оған кедергі көрсетуге, тек дағдылықты қолдануға әкелсе, ғылыми биология саласында халықтың ғасырлап қолданған дағдылы әдістерін жаңалықпен байланыстырып, тұқым қуалайтын, «генетика» және оны қорғайтын «хромосом»-ды шығармашылықпен ойлайтын ғалымдар дүниеге әкелсе, кейбір ғалымдар ешқандай тұқым қуалаушылық әлемде жоқ, бәрі өзгереді, ол тек сыртқы жағдайға байланысты деп, үстемдік талаптың ыңғайына жығылып, биология ғылымдарының тығырыққа тірелуіне себепкер болды. Ол туралы пікір арнаулы тарауда айтылады яғни, мұның бәрі кейбір ғылымдардың философияны өмірмен шығармашылық байланыстыра алмай, дұрыс ой айта алмағанын көрсетеді. Қасаң ой ешқашан шындықты объективті бейнелей алмайды. Диалектика теориялық ойлау үшін қажет екендігін жеткізе дәлелдеген Иммануил Кант болатын.

1.3. Логикалық позитивизм – диалектикаға кереғар

Мұның бастауы позитивизм (positives – лат. оңды, дұрыс деген мағына). Ол ХІХ ғ. 30 жылдарында Францияда дүниеге келді. Бірақ, тұрақты орнықты білім бола алмады. Ұдайы тұрақсыз өзгеріске душар болды. Позитивистер пікірінше «Ғылым өзіне өзі философия». Өйткені философия объективтік дүниенің мәнін (сущность) емес, құбылысын (феноменін) зерттейді. Ол – бір. Екіншіден – позитивизм негізін салған Огюст Конт (1798–1857 жж.) ғылым мен білім бір деп есептеп, арасын талдап ажыратпады. Оның пікірінше барлық өмірден түйген, көрген, естігеннің бәрі білім, ал

дәлелденген білім – ғылым.¹ Бірақ, бұл қате пікір болатын. Өйткені білімнің ғылым болуы үшін құбылыстардың ішкі заңдылығын ашу қажет. Тек соған сүйеніп өмір қозғалысын байқап, болашағын айтуға болады. Огюст Конт пайымдауынша барлық қабылданған білім дұрыс, сондықтан ол позитивизм ұғымын ұсынды. Қазіргі Логикалық позитивизм О. Конттың пікірінің жалғасы. Бірақ, идеалист философ Э. Гуссерель О. Контты сынап: «Позитивизм, так сказать, обезглавливает философию»² (Позитивизм философияны, былайша айтса бассыз қалдырады) деп орынды айтқан болатын. Феодализмге қарсы күресте жаңа қоғам өкілдеріне жататын – буржуазия кезінде ғылымға, философияға сүйеніп, жеңіске жеткен болса, үкіметке келген соң, дүниенің, қоғамның ілгері дамуын керек етпей, капитализмді мәңгі қоғам деп есептеп, әлем ұдайы қозғалыста, дамуда болады деген дүниетанымдық ілім – философиядан бас тартып, ол еш пайдасы жоқ ілім, оның орнына әрбір жаратылыстану ғылымдарын ғана зерттеу жеткілікті. Олардың өздерінің философиясы бар, соны білсек болғаны деп, тұтас дүниетанымдық тарихтың әр дәуірінде өмір сүрген данышпандар жасаған ілімді ыдыратып, ұсақтатпақ үшін әрекеттенгенді. Одан соң олар философияны ғылымның тек бір бөлігі деп түсінді. Оның методологиялық рөлін мойындамады. Бірақ, объективтік дүние олардың мақсатына сай келе бере ме? Өмір бұл пікірлердің ғылымға қайшы екенін көрсетті. Буржуазия өкілдері, әрине бұрынғы философия орнын басқа идея, теориямен толтырмақ болып, әрекеттенді, бірақ толтыра алмады. Қаулап дүниеге келген жаңа ғылымдар өздеріне

¹ Конт О. Курс положительной философии. Т.1, СПб.1999. бб.

² Гуссерель Э. Кризис европейских наук и трансцендентальная феноменология. Введение в феноменологическую философию. СПб 2004, 24 б.

философиялық нақты көмек беруді күткен еді. Оған жауап беруге позитивизмнің шамасы жетпеді. Позитивизм мысын материалистік диалектика басты. Оған себеп, К. Маркс пен Ф. Энгельстің философиялық еңбектері еді. Содан олар жаңа жол іздеуге мәжбүрленді. Бұл олардың бірінші – эволюциясы еді.

Бұдан кейінгі позитивизм эволюциясы – неопозитивизм. Теориялық байламы эмпириокритицизм болды. Бұл гр. сөзінен алынған. *Impeiria* – тәжірибе, ал критицизм – сын. Бұл субъективтік идеализм. Өйткені бұлардың тәжірибе деп отырғаны объективтік дүние, жүргізілген әрекет емес, тек ой, қиял, неше түрлі фантазия. Ойға келген жын, шайтан ол да соған кіреді. Бұл теория негізін салған Эрнст Мах (1838–1916 жж.), қолдаған Рихард Авенариус (1843–1896 жж.) еді. Эмпириокритицизм мәні шын болмысты, өмірді сынау емес тәжірибе етіп қарайтыны, тек неше түрлі ойға келіп, қиялмен құрастырылып жасалған рухани құбылыстар. Мақсаты – адам санасын өмірден аластатып, назарын басқа жаққа бұру. Тәжірибе дегені де объективтік өмірге жасалған әрекет емес, қиял. Болмысы субъективтік идеализм болғандықтан оның неопозитивистерге ұнағаны сондықтан еді. Бұл бағытты В.И. Ленин «Материализм және эмпириокритицизм» деген еңбегінде сынаған болатын. Содан өздерін неопозитивистер деп атаған бұрынғы позитивистер эмпириокритицизмнен де бастарын алып қашты. Сөйтіп, олар тағы да теориясыз қалды.

Сондықтан, позитивизм бағытында болған философтар жаңа әрекет, іздеуге кірісті. Ақырында бұл талап 1922 жылы Вена Университеті философия кафедрасы негізінде «Вена үйірмесі» – деген атпен орындалып дүниеге келді. Оны ұйымдастырған Морис Шлик, жалғастырған Рудольф Карнап, Отто Нейрат, Джордж Мур т.б. философтар еді. Үйірмеге философтардан басқа жаратылыстаным ғалым өкілдері де қатысты. Бұл үйірменің дүниеге келуіне

себепкер болған XIX ғасырдың аяғы XX ғасырдың бас кезіндегі ғылымдардың көбейіп, тез, қарқындап дамуы дедік. Соған сәйкес түрлі ғылымдар өкілі әркім өзінше пікірлер айтып, рухани бір-біріне қайшы ой таратып, бұрынғы қалыптасқан дүниетанымдық жүйеден айырылып, жаңа жол таба алмай дағдарысқа ұшырады.

Ең алдымен «Вена үйірмесі» өкілдері жасаған қорытынды бұрынғы философияны «метафизика», өмірден алшақ ілім деп, оның мәнісін төмендетіп, оны жоймақ болғаны. Метафизиканың не екенін ғалымдар қауымы білетін. Метафизиканы Гегель философияның жауы деп есептеді. Метафизиканың сыңар жақты, қасаң ғылымға қарсы әдіс екенін, диалектикалық әдіс жан-жақты дәлелденген болатын. Енді солай дәлелдеген диалектикалық философияның өзін «Вена үйірмесі» өкілдері метафизика деп жала жауып, оның беделін түсірмек болды. Бұл білмегендік емес, философияны әдейі метафизикамен араластырып, елдің түсінігін шатастыру еді. Философиядан хабары жоқ ғалымдар бұған сенді де. Бұл нағыз шындыққа жат фальсификация болатын. Өйткені, антидиалектикалық метафизикалық әдіс диалектикалық әдіске тікелей қарама-қарсы. Ал «Вена үйірмесі» өкілдері барлық дүниедегі өмірге айналған жаңалықтар тек жеке жаратылыс ғылымдар табысы, олардың зерттеу нәтижесі, ал философия бірде бір табиғат заңын ашқан емес деп бұрынғы позитивизм өкілдері пікірін қайталап, соны өздеріне ұстам етіп жариялады. Олай болса, философияның зерттейтін проблемасы не? деп сұрау қоя отырып, оған өздері былай деп жауап қайтарды. Философияның зерттейтін проблемасы – тек ғылымдағы сөз, түрлі сөйлемдер, ол әлем туралы ілім емес, тек қана пікір деді. Бұл әдейі бұрмалап айтылған пікір.

Өйткені, философия – рухани, данышпандық ілім. Оның зерттейтіні ғылымдағы сөздер емес, бүкіл объективтік дүние, оның жалпылық заңдары. Ол әлемді оймен бағдарлап, талдайды, қорытады.

II интернационал теоретигі – Карл Каутский (1854–1938 жж.) айтқан болатын: «философия аристократтық ғылым» деп. Себебі, ол айғақ жинамайды, тәжірибе жүргізбейді. Оның айналысатыны – дүниені ақылға салып, оймен бағдарлау, өткенді талдау, келешекті болжау деді. Оны дамытқан ойшыл адамдар. Антик дәуірінде Сократ, Платон, Аристотель, Демокрит, жаңа дәуірде И. Кант, Г. Гегель, т.б. Философия деген сөзде данышпандықты сүю – деген мағына білдіреді. Бұл – даналық ілім.

Философия бір жағынан дүниеге көзқарастық ілім. Мақсаты – дүниетаным. Сондықтан оны көзқарастық ғылым дейді.

Екінші жағынан, ол басқа ғалымдарды бағдарлайды, олқылықтарын көрсетеді, табыстарын қолдайды. Басқа ғалымдарға жетекшілік рөл атқарады. Яғни, оны методологиялық ғылым дейді. Позитивистердің ұнатпай, бұрмалайтыны философияның осы ұстамдық қасиеттері.

«Вена үйірмесі» философтары өздерін бұрынғы позитивизмнен өзге, жаңа бағыттағы позитивистерміз деп атады. Сондай-ақ олар, біз жалпы философияға қарсы емеспіз, біз де философия өкілдеріміз, тек метафизикалық философияға қарсымыз, өйткені сол диалектикалық философияны олар дүниеге тұтас көзқарас жасайтын ілім деп пікір таратады, бірақ бұл мүмкін емес, қате, деп айыптады. Оларша дүниеге тұтас көзқарас жасау мүмкін емес. Өйткені олар философияның дүниетанымдық, методологиялық ілім екендігінен қауіптенді. Егер философиядан оның дүниетанымдық қасиетін алып тастадық делік, сонда философиядан не қалады? Оның үстіне позитивистер философияға еш жаңалық қоса алмай тұрып, философиядан оның диалектикасын, жалпылық заңдарын жоққа шығарады. Олай болса «Вена үйірмесі» мүшелері философияны жоққа шығармақ болды. Бұл шын ғылыми күрес емес, жалған ой таратып, философияны ғылым емес деп жариялау. Олардың пікірінше барлық

жаңалықтар эмпирикалық жаратылыстық ғылымдар табысы. Философия ғылымға ешнәрсе қосқан емес, өйткені ол табиғат заңдарымен айналыспаған. Олай болса, философияның зерттейтін проблемасы не деген сұрауға, сол, бұрынғы айтқандарын қайталап, оның зерттейтіні объективтік дүние емес, оның тек бейнесіне жататын сөз құрылымы, сөйлемдер деп жауап қайтарды. Сөйтіп, бірте-бірте олар позитивизмнен неопозитивизмге көшкен болса, енді ол бағытта ұнамаған соң жаңа негіз іздей келіп, соңында тапқаны логикалық позитивизм болды.

Бұл бағыттың оларға ұнаған себебі – «логика» деп аталғаны. Ақыры ешқандай заңдылыққа сүйене алмаған оларға, логика ұғымы тілегіне дәл келді. Бірақ сол логикада алдымен белгілі заңдылыққа сүйенетінін байқамай қалды. Әрине, логика – ой жүйесі, ол қатаң заңдылыққа негізделген, онсыз уәж (логика) ешкімді ымырасыз көндіре алмайды. Логиканың күші де сонда.

«Вена үйірмесіне» қатысқандардың ішінде жаратылыс таным ғылымдары мен өкілдері де болды дедік. Соның бірі – Людвиг Витгенштейн (1889-1951 жж.) Австрияда дүниеге келген, «мамандығы инженер» самолет моторларымен айналысқан. Кейін математикамен шұғылданып, одан соң философияға бет бұрған. 1912-1913 жылдары Бертран Расселмен бірге жұмыс істейді. Бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде армияға алынып, Австрия солдаты болады. Соғыста тұтқынға түскен ол сол тұтқында жүріп өзінің «Логикалық философия трактаты» деген еңбегін жазуға кіріседі. Оны 1921 жылы Германияда жарыққа шығарды. Россияда ол еңбек 1958 жылы орыс тілінде басылып шықты. 1929 жылы Л. Витгенштейн Кембридж университетіне жұмысқа орналасады. 1939 жылы Джордж Мур орнына профессор болып тағайындалды. 1947 жылы отставкаға шығып, 1951 жылы дүниеден өтеді. Оның «Логикалық философия трактаты». Логикалық позитивизмнің дүниеге келуіне әсер

етті. Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде Л. Витгенштейн Лондонда жұмыс атқарады. Оның әлгі еңбегі афоризм түрінде жазылған. Еңбектің тілі – ауыр, көпшілікке түсініксіз болған. Ең алдымен оның ұсынғаны: әлем монистік құрылым емес, Джон Дьюи (1859-1952 жж.) ойын қолдап, әлем плюралистік жиынтық дейді. Л. Витгенштейн дүние атомдық құрылым, фактілерден тұрады. «Болып жатқанның бәрі – әлем»¹ дейді. «Әлем – фактілер жиынтығы, заттардың емес»², олай болса дүние әу баста заттардан емес, тек сол объект туралы ұғымдардан тұратын көрінеді. «Әлем фактілерге бөлінген»³ Л. Витгенштейнше факт деген не? Өмір сүретіндердің бәрі факт, оған қиял да, көңілге келгеннің бәрі жатады: «Әлемде орны бар нәрсе» – факт. Күн – факт, ауырған тіс, егер тісін шынымен ауырса – факт. Бірақ, факт солардың өзі емес, сол туралы біздің ұғымымыз. Одан әрі ол былай дейді: дүниеде орнын таппаған нәрсе факт емес. Сонда қалай? Дүниеде бар болып, бірақ орнын таппаған болса, өмір сүргендерге жатпай ма? Оларша солай, өйткені факт – объективті зат емес, тек оның санадағы бейнесі ғана екен. Жалпы алғанда логикалық позитивизмде нығыздалған, дәлелденген тұжырым кездеспейді. Осы жерде Э. Махтың мына сөзі ойға келеді: «Дүние сезімдер комплексі» деген. Оның пікірінше «сезім бар болса, дүние бар, сезім болмаса дүние жоқ». Олай болса, логикалық позитивистерде не болса соны қаужайды. Кейін оны байқайтын боламыз. Мәселен, позитивизмде не арқандай есілген, сомдалған теория, не дәлелденген факті жоқ. Келтірген мысалдарда тек кездейсоқ, ешбір көңілге қонбайтыны да содан. Мәселе фактіде ғана емес, теорияда да.

¹ Витгенштейн Л. *Философские работы*. Ч.1. М.1994, 56 б.

² Бұл да сонда.

³ Бұл да сонда.

Рудольф Карнап (1891–1970 жж.) логикалық позитивизмнің көрнекті өкілдерінің бірі. Алғашқыда «Вена үйірмесінде» болған кезінде ол философияның дүниетанымдық рөлін мойындамай, оны жоққа шығармақ болды. Одан кейінгі кездерде ғылым логикасын талдай келіп, философия табиғатты емес, тек сөйлемдерді, оның синтаксисімен, сондай-ақ әрбір философияда қолданылатын сөздердің семантикасын білуге ұмтылды. Ақыр соңында көзге көрінбейтін, байқалмайтын материалдық объектілер логикалық жүйені құрастыруға негіз болады деген ойға келді. Бірақ, ол ойын Р. Карнап дамыта алмады. Өйткені диалектиканы мойындамағаны оның ойлау жүйесіне кедергі келтірді.

Рудольф Карнап ғасырлап қалыптасқан философия орнына жаңа дәйек іздеп бақты. Бірақ соған сай теория таба алмады.

«Тілдің синтаксистік жүйесі» (1934 ж.) деген еңбегінде Р. Карнап былай деп жазды: «Метафизика бұдан былай ғылым болуға тырыса алмайды». Философияның ғылымға жақын келетін бөлігі, ол оның логикалық талдауы (анализ) демек болды. Ал «Тілдің синтаксистік жүйесін» жасау, бұл сол арқылы философиядағы сөйлемдер мәнін ашып логикалық талдау қорытындысын жасай алады деді. Олай болса, философия ғылым логикасымен алмастырылуы қажет, әйтпесе логикалық синтаксистік жүйе ретінде ғылым тілі бола алмайды» деп жазды Р. Карнап.¹ Л. Витгенштейн бұл пікірді қолдамады. Өйткені Л. Витгенштейн тілдің математикадағы сияқты логикасын, яғни оның логикалық атомын іздеді.

Бірақ ол да субъективтік идеализм. Л. Витгенштейн жазады: «границы моего языка означает границы моего мира»² (менің тілімнің шегі дегенім – менің дүнием шегі)

¹ (Cornap R Philosophy and Logical Syntax of Language L. 1954, p. XII).

² Витгенштейн Л. Философские работы ч.1. М1994, 56 б.

деп. Одан ары «Мир и жизнь суть одно. Я есть мой мир (микрокосм)»¹ (әлем және өмір мәні бір. Мен – менің дүнием (микрокосм) деп жазды.

Осы жерде бір нәрсені еске алған жөн демекпіз. Ол мынау: Р. Карнап позитивистердің теориялық әлсіздігін байқап, оны күшейту үшін ғылым логикасын философиямен араластырып, позитивизм негізінде жаңа ілім-ғылым логикасы мен методологиясын зерттемек болды. Бірақ оның бұл әрекеті кезінде кездейсоқ ғылым философиясы пайда болуына себепкер болғанын өзі де байқамай қалған болса керек. Кейін ғылым философиясы оны қайда апаратынын сезген, Р. Карнап ғылым философиясынан бас тартты. Өйткені, ғылым философиясы себеп пен салдарды ашады.

Мәселенің мәні былай. Олар бұрынғы тарихи қалыптасқан философияны метафизика деп теріс атап, оның дүниетанымдық, методологиялық рөлін жоққа шығарғанмен, кейін сол методологиясыз қалған өздерінің теориялық жағынан әлсіз екенін сезіп, мәселен, Рудольф Карнап өз іліміне методология қажет екенін мойындады. Бірақ, сол бағытта ізденіс нәтижесінде ол ғылым философиясы идеясымен кезікті дедік. Ал ғылым философиясы ғылымдардың даму бағытын зерттеп жатқан проблемасын, оның қоғамға келтіретін нақты пайдасын, жіберген олқылықтарын, кемістіктерін талдайтын ғылым. Бірақ ғылымдарды бағалау, табиғатты зерттеу логикалық позитивизм мақсатына жатпайды. Оларға керегі объекті емес, тек сөз, лингвистика. Сондықтан Р. Карнап, проблеманы әрі қарай тереңдетіп зерттеуден өзін аулақ ұстап, ізденісін бұл мәселеде шектеген дедік. Бірақ, оның бұл жаңылысы тарихи философияға көмектесті. Сөйтіп, дүниеге жаңа ілім – «Ғылым философиясы» келді. Ал позитивистер өздеріне теориялық негіз болар деген мақсатпен өздерін логикалық

¹ Бұл да сонда.

позитивизм өкілдері деп атады. Бұл позитивизмнің үшінші эволюциясы еді.

Р. Карнаптың пікірінше философияның эмпирикалық ғылымдардан айырмашылығы оның айналысатыны табиғат, объект емес, тек қана сол ғылыми объектінің сөзбен берілген бейнесі.

«Ғылым логикасы дегеніміз – ғылым тілінің синтаксисі»¹ деп жазды Р.Карнап. Сонда синтаксистік жүйе дегеннің өзі тіл жөнінде айтылатын түрлі пікірлер болады.

Р. Карнап айтады – эмпирикалық ғылымдар объектіні табиғатты зерттейтін болса, философия тек сол объект туралы тұжырымдарды ғана зерттейді. Олай болса, логикалық позитивизм диалектика орнына ғылым логикасын, оның тілін алға тартады. Р. Карнаптың да, басқа да оның пікірін бөлісетіндерге логикалық әдіс бұрынғылардан жоғары, әрі қолайлы ұстам болып саналады. Бірақ, сол логиканың өзі теориядан, диалектикадан туындайтынын байқамайтын, немесе байқағысы келмейтін болса керек. Логикалық позитивизмге керегі логиканың өзі емес, тек оның сыртқы көрінісі болса керек.

Логикалық позитивизм пікірінше философия объективтік шындықты, табиғатты зерттемейді, тек сол туралы ғалымдардың айтқанын зерттейді. Олай болса, философияның зерттейтіні олардың пікірінше ол объективтік шындық емес, тек, сөз деп тұжырымдайды. Тіпті кезінде Платон да айтқан – философияның зерттейтіні пікір емес объективтік болмыс деп, өзінің «Мемлекет» деп аталатын кітабында. Егер Платон объективтік идеалист болса да.

Ал, сөз, сөйлем түсінігі семантикаға, құрылымы синтаксиске жатады. Олай болса метафизикаға керегі өмір заңдылығы емес, тек сөз, сөйлем құрылымы. Бұл салада шындыққа жету үшін олардың пікірінше біз қолданатын

¹ (Cornap R Philosophy and Logical Syntax of Language L. 1954, p. XII).

тәжірибенің керегі жоқ. Мәселен, жаратылыстық, техникалық, қоғамдық ғылымдарда айтылған тұжырым, теориялық ой шындық па, әлде жалған, жаңылыс па, оны анықтайтын практика, өмір десек, логикалық позитивистерге керегі уәж көрінеді. Оған болған істің анығына жету үшін керегі факт емес, тек сөз, сөйлем қайшылығы болмауы, болса оны ашу. Олардың зерттейтін объектісі – тек сөз, сөйлем, терминдер. Сондықтан логикалық позитивистер шындықты білу үшін екі түрлі әдіс ұсынады. Бірі, верификация (лат. *verus* – шындық, *fagio* – жасаймын), екіншісі – фальсификация (лат. *Falsi Ficatio* – өзгертемін, құбылтамын). Бірақ осы жерде логикалық позитивистер ескермеген бір нәрсеге көңіл аудару. Ол мынау: кез келген сөзді де, уәжді де анықтайтын, сайып келгенде өмір, практика екені. Сол практиканы мойындамаған соң сөзді немен, дәлелдеу керек? Әрине, оларша сөзді сөзбен. Бұл әдіс ешқашан ешкімді шындыққа жеткізген емес, жеткізбейді де. Солай болса да логикалық позитивистер амалсыз осы әдісті ұстануда.

Шындыққа жету үшін практика керек болмаған соң не істеу керек? Осы жерде логикалық позитивистерге ой салған Рудольф Карнап екенін айтқан жөн. Верификация – бір нәрсенің анығы – оны көзбен көру. Мәселен, менің қолымда карандаш. Мен оны көрсеттім. Басқалар да оны көрді. Енді олар оны көзілдірікпен, не басқа да затпен шатастырмайды. Олай болса көзбен көріп, құлақпен естіген, қолмен ұстағанның бәрі шындық дейді. Гераклит (б.з.д. 530-470) көзбен көру, құлақпен естігеннен нақтырақ деген болатын. Бірақ, бұл басқа мәселе. Ал иллюзионисте де солай етпей ме? Ол да бір затты көзіне көрсетіп тұрып, алдайды. Екінші әдіс – фальсификация. Бұл әдіс бойынша айтылған ойдың не шындық, не жалған екенін ажырататын сөз, сөйлем қайшылығы, не қайшылықсыздығы көрінеді. Мәселен, «Қар-ақ, өйткені ол аппақ, таза». Бұл – шындық. Өйткені қар-ақ деген ұғымды анықтау үшін сыртқа шығып көру керек. Егер қар аппақ болса, онда айтылған пікір объективтік шындық. Бірақ, бұл мысалда

көзбен көру арқылы анықталып, дәлелденеді екен, яғни бұл да верификация әдісіне» жатады. Сонда екеуі де бір емес пе, егер фальсификацияда шындық тек көру арқылы дәлелденетін болса. Бұл фальсификалық әдіс шынында әлсіз екенін көрсетеді.

Ал, егер, мен қар ақ десем, бірақ сол қар лас болса, онда менің айтқаным шын емес, жалған болып шығады. Айналып келгенде бұл екеуі де дәйексіз.

Рудольф Карнап мынадай мысал келтіреді. Біреу, мәселен, айтса жалғыз мүйізді кентавр болған деп. Оны кім көрді? Ешкім де. Олай болса, бұл сөйлемнің шын, не жалғандығын қалай анықтауға болады? Тек, түрлі пікірлерді салыстыру арқылы дейді автор. Сол арқылы фальсификация анықталатын көрінеді. Міне, екінші әдіс мәні осы, яғни фальсификацияға (өтірікке) шығару әдісі дегені. Шынында мұндай әдіс өмірде болған. Қазақтар қай заманнан бері уәжге тоқтаған. Бұл – логика. Бірақ бұл әдіс қазақ елінде әлдеқайда негізді, күрделі болған. Өйткені ол болмыстан алшақ емес өмірмен дәлелденген. Логикалық позитивистердікіндей, жеңіл-желпі емес. Сондықтан күмән тудырмаған. Логикалық позитивистерде сомдалған теория жоқ, логикасы нашар, үзік дедік. Сондықтан олардың келтірген фактілері жұмыс істемейді. Анықтайтын бір нәрсе, ол сөзі де, уәжді де айқындап, дәлелдейтін қашанда өмір, практика екендігі.

Логикалық позитивистер үшін шындықты айқындайтын осы екі әдіс жаңалық ұстамына тірек болды. Әрине, оларға дейінгі позитивистерде де неопозитивистерде де мұндай әдістер болмады. Сондықтан логикалық позитивистер осы екі әдісті көрсетіп, ойларын дәлелдемек болды. Неліктен бұларға осы әдістер ұнады? Біріншіден, олар субъективтік идеалистер. Оларға практикаға өмірге сүйенетін әдіс мүлде керексіз қауіпті болған. Ал әлгі екі әдіс олардың дәл ойынан шықты, өйткені бұл әдістер өмірден аулақ, тек ойлауға арналған, практикаға, өмірге жүгінудің қажеті жоқ. Екіншіден, бұл

әдістер сырт көрінісі жағынан ақылға сиятын, ғылыми әдіске ұқсас көрінетіні. Ал шын негізінде логикалық позитивистерге керегі өмір айқындығына жету емес, тек өздерінің субъективтік идеалистік ұстамын жақтау болса, онда, бұл жөнінде олар өздеріне керегін тапты.

Біз әрине көзбен көргенді, сезімдік танымды ешкім жоққа шығармады. Мәселен, XVII ғ. өмір сүрген ағылшын философы Фрэнсис Бэкон (1561–1626 жж.) айтқан болатын: «Адам сезімі – барлық заттардың өлшемі» деп («Жаңа Органон»). Өйткені Ф. Бэкон өте сезімшіл және тәжірибеге сүйеніп, соны қолдайтын.

Ал француз философы Рене Декарт (1596–1650 жж.) керісінше рационалист болды. Оның пікірінше «Біздің барлық анық, нақты, көзге елестете алатындарымыз шындыққа жатады» («Әдіс туралы ой-толғам»). Бірақ бұл айтылғандар түрлі ғылыми таным әдістері болатын. Оның үстіне бұл екі ірі философтар белгілі ғылым қайраткерлері еді. Субъективтік идеалистердің мақсаты да, қолданған әдістері де шындықты айқындау үшін емес, тек айтқандарын ақтау үшін қажет болды. Осыны ажыратып қарағанымыз жөн.

«Вена үйірмесі» негізінде Логикалық позитивизм дүниеге келді дедік. Ол бұрынғы позитивизмнің эволюциялық кейінгі көрінісі болатын. Әрине айтылған пікірді, келтірілген мысалдағы сияқты, өтірікке (фальсификацияға) шығару оп-оңай емес. Әйтпесе, қоғамда неше түрлі өтірікші, алдамшылар өмір сүрмеген болар еді. Көбіне оларды әшкерлейтін өмір, практика, айтылған сөз емес. Логикалық позитивизмнің дүниеге келуі де себепсіз емес. Ол жөнінде айтқанбыз. Бірақ кейбір авторлар оған тағы екі жағдай түрткі болды дейді. Біріншіден, математика ғылымындағы жағдай. Математиктердің белгілі қағидасы бойынша қисық сызықтың кез келген жерінен қиғаш сызық жүргізуге болады дегені. Бұған математик Винер Штрасс қарсылық білдірді. Оның жасаған теңеуі бойынша

ондай қиғаш сызық жүргізуге болмайды. Міне бұл және осы сияқты ғылыми таласты анықтайтын практикалық тәжірибе жоқ. Бұған логикалық позитивизм әдісі де жауап бере алмайтын еді. Екіншіден, сол математика ғылымының тездеп дамығаны сонша тіпті соның өкілдерінің өзі соларды талдап, игере алмай отыр. Басқа ғылымдар саласынан да мысалдар келтіруге болады. Ол мәселен археология ғылымы. Ол жөнінде кейін айтатын боламыз. Логикалық позитивизм өкілдері ішінде Людвиг Витгенштейн, Р. Карнапты былай қойғанда Джордж Мур, Бертран Рассел, Карл Поппер т.б. айтуға болады. Мәселен Джордж Мур (1873–1959 жж.) тіл, сөйлем мәселелеріне мән беріп, оларды философиялық басты мәселелер деп атаған. Дж. Мур философтардың абстракты пікірлері мен терминдерін жәй түрге келтіріп көпшілікке, түсінікті етіп, айтуға тырысқан. Әрбір философиялық ұғымдарды күнделікті өмірге жақындатпақ болды. Оның бұл әрекеті онды, бірақ философияны қарапайым сөзге айналдыруға бола бермейтінін де айтқан жөн.

Логикалық позитивистер субъективтік идеалист екені белгілі. Мәселен, Джордж Мур былай дейді: біз объективтік уақытпен емес, субъективтік сезіммен өмір сүреміз. Мәселен, ертеңгі асты ішіп болып, 8^{00} -де сапарға шықтық делік. Төрт сағаттан кейін біз барар жерімізге жеттік. Сөйтсек, ол жерде уақыт әлі ертеңгі кез 8^{00} екен. Сонда біз тағы да ертеңгі асты ішеміз бе, әлде түскі асты ма, деп сұрақ қойып, былай жауап қайтарады, «әрине, түскі асты, өйткені бізде биологиялық ритм бар». Бұл даусыз: «мынау менің бір қолым, мынау екінші қолым» – деген сияқты дейді. Дәл осындай мысал Н.Г. Чернышевскийдің «Характер человеческого знания» – деген еңбегінде кездеседі. Ол мысалды Н.Г. Чернышевский субъективтік идеалистерді сынау үшін келтірген болатын. Олай болса Дж. Мур осы айтылғанды не үшін қайталап отыр? Өзінің сезімін жақтау үшін. Сонда ол А. Эйнштейннің қатыстық теориясын білмегендігі ме? Жоқ!

Олай емес. Біледі. Сөйтсе де, негізсіз субъективтік өз позициясын жақтап қолданған амалы. Бірақ, келтірген мысалы тұрлаусыз. Бұдан келіп, Дж Мур шындықты мойындамайды деуге болмайды. Мойындайды. Бірақ, мәселе сол шындықты оның қалай түсінуінде. Одан әрі Дж. Мур ойын былайша өрбітеді. Егер шындық біздің мақсатымызға бейімделетін болса, онда біз столдар мен стөлдер адамдарға басқалардан гөрі ұқсас деген болар едік. Бірақ, мәселе олай емес, деп Дж. Мур ойын түйіндейді. Н.Г. Чернышевский әлгі еңбегінде келтірілген мысалды өзінен басқа дүниені мойындамайтын субъективтік идеалистерге қарсы қолданған болатын. Оларды Н.Г. Чернышевский иллюзионист (көз бояушы) деп өте ұтымды бағалаған еді. Ал енді Дж. Мур бұл ойды кімдерге қарсы бағыттаған? Алдымен айтарымыз, Дж. Мурдың бірінші келтірген мысалы уақыттың объективті екендігін біле тұра мойындамағаны. Соңғы келтіргені оған қарама-қарсы. Егер кеңістік уақыт тұрақты, еш өзгермейді деп түсінсе, онда ол А. Эйнштейннің «Қатыстық теориясына» қарсы пікір, өйткені уақыт та өзгереді. Ол жылдамдыққа байланысты. Ал егер біз объективтік уақытпен емес, субъективтік сезіммен тұрамыз десек, онда бұл шындыққа қарсы. Сонымен, Дж. Мур бұл мысалдарды материалистік диалектикалық философияға қарсы қолданған болса, онда оның бұл мысалы ғылымға қайшы. Ал егер оның екінші мысалы объективті жақтап, субъективті идеализмге қарсы айтылған болса, онда бұл да дәрменсіз мысал. Ал Дж. Мурдың бірінші келтірілген мысалы да оның өзіне қарсы. Сонда Дж. Мур кіммен айтысып отыр? Өзімен өзі. Неліктен бұлай? Оның теориялық тұғыры, логикалық шамасының әлсіз екендігі. Сондықтан да Людвиг Витгенштейн өзінің Дж. Мур пікірімен келіспейтінін білдіргені содан болса керек дедік.

Ақыр соңында айтарымыз Дж. Мур өзі бастаған философиялық сөздерді, түсінікті етемін деген ойынан ауытқып кеткені.

Ал енді уақыттың жылдамдыққа байланыстылығына келетін болсақ, онда біз мынаны еске алуымызға болады. Ол сәуле жылдамдығы – секундтың 300 мың километр екендігі. Бірақ ғылым жылдамдық одан да тез болуы мүмкін дейді. Ол – бір. Екіншіден, егер сондай жылдамдықпен астронавт әлем кеңістігіне сапарға шығатын болса, онда уақыттың өзгергені мынадай болмақ. Егерде ол сапарға шығарда оның жасы 24 болса, үйінде бір жасар ұлы қалған еді десек, ал астронавт сол сапардан бір жылдан кейін жерге қайтып оралған делік, онда оның жасы тек жиырма бес болады екен. Ал сол уақыт аралығында оның үйінде қалған ұлының жасы 80-90-ға толады екен. Сонда астронавт өз баласына немере, ал оның баласы оған ата болады. Бұл ғажап дүние, теория жағынан шындық. Бұл да А. Эйнштейн теориясының бір көрінісі. Дж. Мур бұл теорияны білмеді, одан хабарсыз еді деуден аулақпыз. Әрине, білді. Шынында әлем көп өлшемді. Уақыт машинасы осыны көрсетеді. Әр адамда, тірі жанда биоритм, биоуақыт, сезім бар. Ол жаңа жерге бейімделгенге (адаптация) дейін бұрынғы дағдымен өмір сүреді. Ал объективтік уақыт жылдамдыққа сай тез өзгереді. Дж. Мур осы айырмашылықты елегісі келмейді. Уақыт объективтікте, абсолюттікте болады.

Логикалық позитивистер өздерін философия өкілдері деп есептейді дедік. Олай болса, олар философиядан бас тартпайды. Бірақ, олардың, қарсы болатыны белгілі дүниетанымдық, диалектикалық философия дедік. Себебі ол дүние біздің санамыздан тыс объективті өмір сүреді. Біз оны санамызда бейнелейміз. Заңдылықтарын біліп, өмірде пайдаланамыз. Логикалық позитивистер айтады: философия ешқашан объективтік дүниені зерттеген емес, ешқашан табиғат заңдарын ашпаған. Олай болса, философия ғылым болып санала алмайды. Бірақ, соған қарамастан философия өз тұжырымдарын табиғатқа,

әлемге міндеттеп, солардың қабылдауын талап етеді деп айыптайды. Осыған орай мынадай мысал келтіреді. Мәселен ақындар, композиторлар өз сезімдерін, ішкі психологиялық құбылыстарын, тебіреністерін өлең шумақтары, ән мәтіндері ретінде сыртқа шығарады, бірақ олар өз шығармаларын қабылда деп ешкімге тыққыштамайды, адам керек дегенін өзі қабылдайды дей келіп, философтар зорлықшыл деп сынға алады. Ақын, композиторлар сияқты болмады, философтар ойын жұртқа міндеттейді деп айыптайды. Бірақ, біз олардың бұл салыстырма пікіріне қосыла алмаймыз. Әрине өлең мен ән сезім, шығармашылық нәтижесі философиялық тұжырымдар сияқты. Бірақ, философия дүниеге көзқарас, ғылым, ал өлең шумақтары мен ән мәтіндері жүрек сезімдері. Бұлардың арақатысы екі басқа, бірдей емес.

Сонымен, логикалық позитивистер пікірінше философия табиғатпен, объективтік дүниемен айналыспайтын болса, онда ол нені зерттеу керек? Олардың пікірінше тек сол объективтік дүниенің санадағы бейнесімен, ойлау түрінде ғана айналысуы. Бірақ, ол бейне, бейнелеу түрліше болады: дұрыс, бұрыс, елес, қиял т.б. Олардың шын, ақиқат, не жалған екенін қалай ажыратуға болады? Ғылым оны тәжірибе, практика арқылы дейді. Ол белгілі жол. Логикалық позитивистер сөзді сөзбен, ойды оймен талдау керек дейді. Бұл кәдімгі XX ғасырдың басында дүниеге келген эмпириокритиктерді еске салады. Олар субъективтік идеалистер еді. Логикалық позитивизм солардың тікелей жалғасы болғандықтан бұлардың методологиялық негізі айны қатесі жоқ солардай. Ал олардың ақиқатты білуге болады деген тұрлаусыз екі әдісі туралы біз айтқан болатынбыз.

Енді логикалық позитивизмді дүниеге алып келгендер қандай пікір айтты?

Логикалық позитивизм басталуы – позитивизм дедік. Себебін айтқан болатынбыз. Содан бері екі ғасырға жуық

уақыт өтсе де, бұл тұрақтала алмай, негізгі тұтқасын таба алмай келе жатқан ілім. Оның түрлі құбылуы эволюциясы да соған байланысты.

Белгілі позитивизм өкілдерінің бірі – Бертран Рассел (1872–1970 жж.) ағылшын философы. Ол техника логикасы ілімін ұсынды. Философияны логикалық анализге айналдыру Б. Расселден бастау алған болатын.

Бертран Рассел былай дейді: не және не туралы айта аламыз, ал не туралы айта алмаймыз. Сондықтан, оның пікірі бойынша, шын, не жалған сөйлемдермен қатар, айтуға болмайтын, мағынасыз сөйлемдер де бар. Олай болса, философия алдында болмыстан алшақ, тек тілге байланысты проблемалар туындауда деп жазды. Сөйтіп ол философтардың объективтік шындықты зерттеудің, орнына тілді зерттеуіне жол сілтеді.

Бұдан шығатын қорытынды мынау. Ол логикалық позитивизмнің ғылыми теориясының әлсіздігі. Логикалық позитивистер өз тұжырымдарын ашық, ғылыми, объективтік дүние заңдарына, логикаға сүйеніп айтудың орнына, ойларын түсініксіз айтады.

Бұл айтылғандар Бертран Расселдің ғалым ретінде әлсіздігі емес, ұстаған тұғырының ештеңеге тұрмайтын, қопа екендігі.

Әрине, синтаксис – тіл ғылымы. Бірақ логикалық позитивистер айтып отырғаны сол тіл ғылымы емес, тек философияда кездесетін тіл, сөз, терминдер дейді. Сөйтіп, олар философияны өмірден алшақтатып, оны ғылым болудан қалдырады.

Логикалық позитивизмде түбегейлі, теория жоқ. Онда тұтас, бәрін біріктіретін ой түйіні жасалмаған. Сондықтан логикалық позитивизм өкілдері әрқайсысы әр жаққа тартады. Олар мұны ғылым таласы дейді. Бірақ, бұл ғылым таласына жатпайды, тек басын біріктіретін тұжырым жоқтығы. Былайша айтқанда методологиялық негіз жасалмаған. Бұлардың таласы – ғылым, теория таласы

емес, тек әркім өзінше жол іздеу. Мәселен, Рудольф Карнап «Тіл – философияның нағыз зерттейтін мәселесі» десе, Людвиг Витгенштейн ол пікірмен келіспейді, басқа бағыт, пікір ұстайды. Логикалық математика сияқты, тілдің де логикасы бар, ол логикалық атом, соны зерттеу керек дейді дедік. Имре Лакотос Карл Поппердің тұрақты пікірі жоқ. Әрбір сөзге, тілге байланысты Джордж Мур мен Бертран Рассел пікірлері де бір-бірінен, алшақ екенін байқатады. Джордж Мур философияда түсініксіз терминдер көп, соларды түсінікті ету керек десе, Бертран Рассел сөйлемдер түрліше шын, жалған тіпті айтуға болатын, не болмайтындары да бар т.б. Соларды логикаға келтіру керек дейді.

Бертран Рассел: әлем бүтін субстанция, оның бөлшектері өз алдына жеке тұра алмайды (Рассел Б. История западной философии, М. 1959, с. 596) десе, Людвиг Витгенштейн кейбір авторлар дүниеде әрбір бөлшек жеке өмір сүре алады деген пікірді қолдайды дей келіп, өзі бұлардан басқа үшінші пікірді ұсынады. Л. Витгенштейн әлем заттар емес, фактілерден тұрады (Витгенштейн Л. Логико-философский трактат, М.1958, с.31) дейді. Бұл тегін айтылған пікір емес. Факт – деген ол тек зат емес, оған жататын неше түрлі ой, қиял. Олай болса бұл да позитивистер ойлары бір-бірінен алшақ, ғылымға қайшы екенін көрсетеді.

Айналып келгенде логикалық позитивизм антик дәуірінен бері дамып келе жатқан, әбден тұрақталған философияға қарағанда тарихы қысқа, қалыптасып әлі бітпеген ілім. Сондықтан, философияны бұрмалап, оның орнын баспақ болса да, сол дәрежеге көтеріле алмаған, теориясы әлсіз, ойлары мен келтірген фактілері шашыраңқы екенін айтқан жөн демекпіз. Логиканы зерттемек болғаны дұрыс. Мәселен, Бертран Рассел техника логикасын зерттеп жүріп, тілге көшті, логикалық позитивизм бастаушыларының бірі болды дедік. Бірақ, ол да, басқалары

да ежелгі бір ауыз сөзбен уәж келтіріп, дүйім елдің мәселесін шешетін дәрежеге көтеріле алмағаны. Олай болса ежелгі қазақ елінде логика терең дамыған. Сондықтан келтірген фактілері өз орнын таппай, ойларын шашыратып жүр. Қандай да іс басталмасын, оның мақсатымен қолданып отырған саясатында негіз болу керек. Ғылым да теорияға негізделеуі тиіс. Сол арқылы ол дамиды. Теорияға сүйенбеген іс, әрекет, бастау көзді жұмып, басқадан байқап, соны салыстырмай, ешнәрсе ойламай, не талдамай механикалық қолданылған іске ұқсайды. Бұл стихиялық, соқырлық әрекетке жатады. Қоғамды қашанда теоретиктер бастауы қажет екені осында. Қоғам – процесс. Қашанда қозғалыста, өзгерісте, дамуда. Қоғам табиғаттың бір бөлігі. Қоғам, табиғат, бүкіл әлемде белгілі қалыптасқан, үйлескен тәртіп бар. Ол – заңдылық. Объективтік дүниені түсініп білу үшін, оның заңдылығын ашып, сол заңдылыққа сай әрекет жасау керек дегенбіз. Адамзат неліктен ғылымды ойлап тапты, соған сүйенеді? Әрине, әлем өздігінен, өз заңдылығымен жүріп жатады. Бірақ, сол заңдылықты біліп, соған сай іске кірісу қашанда нәтижелі болмақ.

Логикалық позитивистер өздерін логикпіз деп жариялады. Бірақ олардың ілімінен ешқандай логика ізін байқамаймыз. Айталық, логика – деген не? Ол айтылған сөздің уәжділігі. Былайша айтқанда бір сөйлемнен бір сөйлем, бір оймен бір ой байланысты, бірінен бірі туындайтын, қорытындысы, дәлелденген болуы. Сонда айтылған пікір күмән тудырмайды, жалған болса да уәжбен уақытша болса да сендіреді, көндіреді. Бірақ, оның кім екенін, айтқандарының дұрыс, не бұрыстығын кейін өмір көрсетеді. Логикалық позитивистер ілімінде, келтірген мысалдарында ондай, яғни темірдей логика жоқ. Тыңдаушысын бүтіндей баурап ала алмайды. Сондықтан басқаны былай қойғанда өздері арасында логикалық бірлік, ортақ тұжырым болмағандықтан бастаушы қайраткерлері арасында алшақ ойлар, тартыс пікірлер бар.

Логикалық позитивистер дүниеге көзқарасы жағынан бір-біріне батыл сынайды дедік. Бірақ мәселе мұнда емес. Логикалық позитивизмде сол ғылыми логиканың жоқтығын, немесе ұқсас екендігін байқатады.

Айталық, олар философияны лингвистикаға айналдырмақ болады. Бірақ, бұл лингвистика да емес, тек бос әуре. Мәселен, Алматыда 2008 жылы жарық көрген «Қазақ» тілінің түсіндірме сөздігіндегі 725 бетте синтаксис туралы былай делінген: «Сөз тіркестігі мен сөйлем құрылысын зерттейтін грамматиканың бір саласы». Дәл осындай анықтама синтаксис туралы С.И. Ожеговтың Москвада 1984 ж. жарық көрген «Словарь русского языка» кітабының 68 бетінде айтылған. Бірақ, логикалық позитивизм өкілдері зерттейтіні лингвистика емес, тек терминдер философияда кездесетін кейбір лингвистикаға жататын сөздер. Олай болса логикалық позитивистер әдісі «Суға кеткен тал қармайды» дегендей өз әлсіздігін сезініп, лингвистикаға жармасқандығы, бірақ олардың айтқандары лингвистикаға, сондай-ақ логикаға да еш қатысы жоқ, бос екенін байқау қиын емес. Сондықтан да оларда бір байламға тұтас қалыптасқан пікір жоқ, өкілдері жан-жаққа тартады дедік. Венгер ғылымы Имре Лакотос Англияға барып Карл Поппермен кездесіп, оған шәкірт болады. Бірақ К. Поппер шығармашылығымен әбден танысқаннан кейін, оның ғылымға кедергі келтіретін қателіктерін, пікірі ғылыми тұрақты еместігін көріп, оны әшкерлеп, сынға алды. Мәселен Поппер бір жерде Май – Кельсон-Морли тәжірибесі классиктік эфир теориясын батыл сынап – жоққа шығарады деп жазса, екінші жерде, дәл осы тәжірибені ол аса жоғары бағалап, А. Эйнштейннің қатыстық теориясы дүниеге келуіне себепкер болды деген. Шынында да сол үшін бәрін қарапайымға айналдыратын фальсифицист көзілдірігін Поппермен бірге кию керек еді дейді И. Лакотос. Немесе, ол флогистонды жоққа шығарған А. Лавуазье теориясының ғылыми мәнін жоғалтуға тырысқан, бірақ

К. Поппер қолдаған Бор-Краммерс Сазтер теориясының күлін көкке ұшырған Комптонның тәжірибесінің тек лебі еді»¹, – деп жазды.

Сонымен қатар, К. Поппер: «Догматизм ғылымынан қуылсын», «Сын – ғылыми прогрестің қозғаушы күші» деп, өзі ұсынған ұранға, оның атқарған жұмысы сай емес екенін, Имре Лакотас атап көрсетті. Ауызбен К. Поппер өзін ғылым үшін күрескер етіп көрсетпек болды, ал іс жүзінде ол оған сай емес деп сынады.

Сөйтіп, И. Лакотос логикалық позитивист Карл Попперді қуыс кеуде ғалым деп бағалады. Әрине, шындығы солай. Мәселен, К. Поппер «Ашық қоғам» идеясын ұсынды. Бәлкім мақсаты дұрыс та шығар. Бірақ, теория және практика жағынан дәлелденбеген. Әрбір жеке мемлекетте нені ашуға болады, ал не ашуға жатпайды, бұл жағы анықталмаған. Мұнсыз мемлекет тәуелсіз бола алмайды. Міне бұл теориялық, идеологиялық мәселе. К. Поппер мәселенің бұл жағын да ашпаған. Бұл теориялық сын, әрине қалған неопозитивистерге де жатады.

Логикалық позитивизмді қорыта келгенде айтарымыз мынадай.

Неопозитивистер өз ұстанымын «Логикалық позитивизм» деп барлық жарыққа шығарғандарында жариялады. Бірақ бұлардың еңбектерінен ешқандай логиканың ізін көрген емеспіз. Келтірілген мысалдары да әрқалай. Өйткені фактілер жұмыс істеуі үшін мықты теория керек. Онсыз қорытынды шықпайды. Ешкімді теориясыз келтірген факт сендіре алмайды. Неопозитивистерге логика тек өздерінің теріс ұстанымын сақтау үшін қолданылатын айла.

Бұлар да сонау позитивизмнен бастап логикалық позитивизмге дейінгі эволюциясын кесіп өтетін екі мәселе

¹ Лакотос И. История науки и ее рациональные реконструкции. Қараңыз: «Структура и развитие науки». М. 1978, 247 б).

бар екенін айтқан жөн. Ол, біріншіден – субъективтік идеализм екендігі. Э. Мах мәселен, атом теориясын жоққа шығарған болатын. Өмір не көрсетті? Ал, неопозитивистер бір кезде Э. Мах теориясына жүгінді. Екіншіден, философияның ғылыми маңызын төмендетіп, оның дүние танымдық, методологиялық ғылым екенін мойындамағаны. Енді олар логикаға жүгінуде.

Бірақ, логикада – логикалық позитивизмге тірек бола алмайды. Өйткені ол да белгілі заңдылыққа сүйенуі керек. Ақырында барлық атқарылған әрекетпен айтылған сөз практикамен дәлелденуі керек. Объективтік дүние заңдылығынан туындамаған ой жүйелі, қорытынды емес, софистика.

Біз логикалық позитивизм өкілдері – ғылым жетістіктерінен хабарсыз деуден аулақпыз. Олар түрлі ізденіс үстінде. Бірақ, тұрақты бір проблеманы жан-жақты тереңдету олар да жоқ. Сондықтан олар түрлі эволюция жасауға мәжбүр. Бірінші кезеңде олар әрбір ғылым өзінше философия, ал бізге жалпы дүние танымдық, методологиялық философия керек емес. Біз позитивизмді ұстанамыз деді. Бірақ XIX ғасырдың ортасынан бастап К. Маркс пен Ф. Энгельс философияны жоғары көтергенде, олар өздерінің ұстанымын дәйексіздігін сезді. Содан позитивистердің екінші эволюциясы басталды. Бұл Э. Мах пен Р. Авенарнус субъективтік идеализмі – эмпириокритизм еді. Бірақ олардың эмпирио (тәжірибе) дегені объективтік санадан тыс дүние емес, тек идея, ой, қиял болып шықты. Енді бұл бағытты В. И. Ленин өзінің «Материализм және эмпириокритицизм» деген еңбектерінде сынаған болатын дедік. Сондықтан позитивистер үшінші жол іздеді. Онысы логикалық позитивизм болып шықты. Сөйтіп олар логика өздеріне тірек болар деп ойлады. Біршама ізденістер жүргізуде. Бірақ та, оларда негізгі теориялық дінгек жоқ болғандықтан, олардың әрқайсысы әр жаққа тарады. Әрине, ғылымда пікірталас болады. Бірақ, ол басты мәселе бір болса, онда талас тиімді болмақ. Ал, ол жоқ жерде тек жан-жаққа

тарту туындап, нәтиже төмендейді. Мәселен, Р. Карнап логикалық позитивизм тіл синтаксисін зерттейді десе, Х. Витгенштейн тіл логикасын зерттемек болып, логикалық атомизм доктринасын ұсынды. Б. Рассел техника логикасына көңіл бөлді, ал Дж. Мур объективтік уақытқа субъективтік уақытты қарсы қойды.

Бірақ, бәрін біріктіретін теория таба алмай, жан-жаққа тартып И.А. Крыловтың (1769–1844 жж.) мысалына ұқсап барады демекпіз.

Ал енді Ж.Н. Нұрманбетоваға келетін болсақ, ол позитивизм бағытын қолдайтын сияқты. Оған дәлел автордың диалектикалық философияны қолдамайтыны. «Егер, – деп жазады автор, – айталық, ғалымның позитивистік (оның барлық нұсқаларындағы) философияға бүйрегі бұратын болса, онда ол ешқашан диалектикалық философияның әдіснамасын қолданбайды. Және керісінше, егер ғалым диалектикалық философияның жақтаушысы болса, ол позитивизмнің ғылымға ұсынған әдіснамасына жек көрушілік қатынаста болады»¹. Біздің байқауымызша Ж.Н. Нұрманбетова диалектикалық философиядан бүтіндей қол үзуді қолдайды. Автор былай деп жазады: «Бұл тұрғыдан алғанда, кеңестік ғылымның, әсіресе онда кейін ғалымдардың жеке қондырғыларына айналған белгілі бір дүниетанымдық-әдіснамалық және идеологиялық қондырғылар үстем болған оның әлеуметтік-гуманитарлық салаларының тарихы кейінгілерге ащы сабақ болары сөзсіз»². Сонымен қатар жаратылыстану ғылымы, «материалистік сипатта»³ – деген пікірді де айтады. Бұл қалай деген ойға қаласыз? Яғни табиғат материалистік философиямен, ал қоғам позитивистік философиямен таныла ма? Әрине, бұлай деу логикалық позитивизмді жақтау деген сөз. Анығы осы.

¹ Нұрманбетова Ж. Ғылым тарихы мен философиясы. –Астана, 2012. 245-246 бб.

² Бұл да сонда. 246 б.

³ Бұл да сонда 245 б.

Логикалық позитивизмге керегі өмір заңы емес, тек сыртқы көрінісі. Сондықтан емес пе, ғылым философиясымен кездейсоқ кездескен Рудольф Карнап одан басын алып қашқаны. Бірақ бір қызығы Ж.Н. Нұрманбетованың сол жазылған «Ғылым тарихы мен философиясы» (Астана, 2012) кітабы Р. Карнапқа ұнаған болар еді. Өйткені, бұл кітап аты солай болғанымен онда ғылым философиясы Р. Карнап қауіптенгендей емес. Біз Ж. Н. Нұрманбетоваға неге бұлай жасадыңыз дей алмаймыз. Бұл автордың өз бағыты. Біздің ұстанымыз басқа. Ол айтылды. Мақсатымыз – «Ғылым тарихы мен философиясын» нағыз биік дәрежесіне көтеру.

Әрине, философия барлық басқа ғылымдар сияқты айғақ жинамайды, тәжірибе жүргізбейді дедік. Әйтсе де ол – ғылым. Философияны ғылым ететін – оның үш қаруы бар. Бірі, диалектика. Бүкіл әлемді ұдайы қозғалыста, өзгерісте деп түсінуі. Әсіресе оның жалпылық үш және басқа да заңдарының болуы. Заңға сүйенген ілім қашанда ғылымға жатады. Екінші, дүниетанымдығы. Барлық ғылымдар сол дүниетанымдық қасиеті арқылы ғана ғылым. Философияның дүниетанымдығы сыңар жақты емес, жан-жақты. Үшінші, методология. Философия басқа барлық ғылымдарға жетекшілік рөл атқарады. Ол басқа ғылымдардың өсу жолын бағдарлап қана қоймайды, бағыттайды. Бұл қасиет оның жалпылық заңдарға сүйенгендігінің нәтижесі. Философия басқа ғылымдардың дүниеге көзқарасын кеңейтіп, таным шеңберін ұлғайтады, өмірмен, басқа ғылымдармен, өндіріспен байланысын арттырады. Сондықтан емес пе, логикалық позитивистер философиямен теке-тіреске түскенде, оның осы үш қаруын жоққа шығармақ болатыны. Өйткені оларсыз философия өз мәнін жоғалтады. Сол себепті позитивистер философияны әлгі қаруларынан айыру арқылы, оның ғылым екенін жоққа шығармақ болады. Олардың пікірінше, философия ғылым емес, тек әрекет көрінеді. Дәл

осы пікірді Л. Витгенштейн айтқан болатын.¹ Оның пікірінше философия түрлі түсініксіз, шашыраңқы ойларды жинақтап, мәнін ашып, көпшілікке тек жеткізетін әдіс. Бірақ философия ғылымдардың бірі емес,² деп жазды Л. Витгенштейн.

Осыған ұқсас пікірді Рудольф Карнап, басқа да позитивистер айтқан болатын. Логикалық позитивистер өздерін философ деп жарияламақ болады, бірақ сүйенетіні логика. Дегенмен логика да олар үшін ғылым емес, тек әлем бейнесі³. Логика – оларша «трансценденталдық» (түсіндіруге болмайтын ДК,ТК) құбылыс. Мәселен, математика олар үшін «логикалық әдіс». Л. Витгенштейн пікірінше «математика белгілі бір ойды бейнелемейді»⁴. Сонда логика деген не? Ол жәй схема, ой-өрнек. Сөйтіп, логикалық позитивистер философияны да, логиканы да ғылым деп есептемейді. Олар үшін философия да, логика да мәнсіз, мағынасыз құбылыс. Олай болса, олар неге өздерін философпыз деп, логикаға сүйенеді? Ол жағын позитивистер ашпайды.

Шынында философия қашаннан өмірді танып, білуден туындаған ілім. Логика дұрыс ойлау жүйесі. Формалдық логиканың да Аристотель ашқан заңдары бар. Кейін оған Г. Лейбниц (1646–1716 жж.) тағы бір заң қосып, санын төртке жеткізген, техникаға қолданатын ғылым етті. Олай болса философия да, логика да ғылым. Сөз соңында айтарым мынау.

Екі түрлі логика бар. Формалдық – логика, яғни дұрыс ойлау жүйесі. Оның өзіндік заңдары бар. Адам қандай өмір саласында қызмет атқармасын (мейлі теоретик, не практик), ол алдымен дұрыс жүйені ойлауы тиіс. Сонда оның айтқанын ел ұғады, шын-өтірігін ажыратады. Екіншісі – диалектикалық

¹ Витгенштейн Л. «Философские работы» ч.І. М. –«Гнозис».1994, 24 б.

² Витгенштейн Л. Бұл да сонда.

³ Бұл да сонда, 64 б.

⁴ Бұл да сонда.

логика. Ол ойдың, өмір заңдылығына сай, икемді, өзгерісте, ұдайы дамуда болуы. Өйткені объективтік дүниеде (мейлі жанды, не жансыз болмасын) тек икемделген бейімделген құбылыс өмір сүреді, икемделмеген құбылыс сынады, қирайды. Диалектикалық логика осы икемділіктің санадағы бейнесі. Кейде сол диалектикалық логиканы үлкен әріппен жазылған логика деп те атайды. Бұл диалектикаға таным теориясын қосып қарау деген ұғымды білдіреді. Олай болса біздің философиямыз – диалектикалық логика десе де болады. Логикалық позитивистер логиканың осындай қырлары (қасиеттері) барын білмейді, не білсе де мойындағысы келмейді. Білім ғылыми болуы үшін, ол өмірдің өзін зерттеуі тиіс. Логикалық позитивистер өмірдің тек көлеңкесін, жаңғырығын, күңгірт көрінісін негізге алып, оны түрліше құбылтып, өмірден алшақ жалған пікір тудырады. Логикалық позитивизм мәні осы.

2. ҒЫЛЫМ ТАРИХЫ ТҮРҒЫСЫНАН

«Ғылым тарихы мен философиясы» екі саладан тұрады. Бірі, ғылым жолы, екіншісі – ғылым философиясы. Бұл екі саланы түрліше оқуға болады. Мәселен, ғылым тарихы жаңалыққа негізделу. Бұл жүйе білімге білім қосады. Айталық, ғылымның пайда болуын алғы білімнен бастап, әр елде әр заманда білім-ғылым қалай қалыптасты. Мәселен, ертедегі Қытайда, Үнді елінде де, Вавилон, Египетте, Грекияда орын алды. Одан кейін Орта ғасыр, Жаңа дәуір Европа елдерінде математика, физика, химия, сияқты бұрынғы білімдердің ғылымға айналуы. Машинаның пайда болуы – бұл техникалық революция, өндірістегі күрделі өзгеріс т.б. Әрине, бұл ғылым тарихына жатады. Бірақ, дәл осы ғылым тарихын басқаша құрастыруға да болады. Айталық, ғылымның қиын ізденіс жолын көрсету. Ғылымдағы прогресс қашанда ғалымдардың ауыр ізденістері, еңбегінің нәтижесі екенін, оған жету жеңіл болмағанын сондай-ақ бір кішкентай жаңалық көптеген ғалымдардың тарихи болжамдарының нәтижесі екенін баяндау.

Біздіңше философиялық еңбек осы тұрғыда жазылса демекпіз. Өкінішке орай әзірше Ресейде, бізде де басылып шыққан оқулықтар әлгі бірінші айтылған ізбен келеді.

Ал пәннің екінші саласына келмек болсақ, бұл жағынан да ойланатын жағдайлар бар. Айталық, Ресейде басылып шыққан оқулықтар ғылым философиясы деген атпен тек ғылымға жататын, мәселен, ізденіс объектісі, проблемасы, болжам жасау, тәжірибе жүргізу, дерек жинау, теория құрастыру сияқты мәселелерді қарастырады.

Біздіңше бұл айтылғандардың ғылым философиясына жатады дегені екіталай. Шынында ғылым философиясы ол өте күрделі, қоғамдық ауқымы кең, әрі өзекті мәселе. Ғылым философиясы дегеніміз, ол ғылымның қоғамдағы

алар орны, оның өндіріспен, саясатпен, мәдениетпен, өмірмен байланысы, ғылымның даму бағдары, зерттеп жатқан мәселелердің маңызы зерттелуі тиіс. Айналып келгенде ғылымның алдында тұрған мәселелері көп, соларды бағдарлау, бағыттау ғылымның философиялық проблемаларына жатады. Біз философиялық оқулық жасауды айтып отырмыз. Оқулық – жастарды еңбекке, қоғамға пайдалы үлес қосуға, ілгері ойлауға баулуы тиіс. Жәйбасарлық, сылбыр ойлау, өз пайдасы шеңберінен шыға алмау, біздің алдыңғы елдерді қуып жету проблемасын мақсат еткен Қазақстан сияқты елдерге жат пікір деуге болады.

Мәселен, б.з.д., үш мың жылдар шамасында Қытайда алғашқы еңбек құралдары арқылы жібек құртын пайдаланып, жібек матасын пайдалануға әкелді, парфор жасаған, жан-жақты бағдарлау үшін магнитті пайдаланған, оқ-дәріні ойлап тапқан дейміз. Б.з.д., бірінші мың жылдықта ол елде қағаз жасау дүниеге келгенін айтамыз.

Сол сияқты ертедегі Үнді елінде алғашқы астрономиялық пікірлер пайда болып, жұлдыздарға қарап күн-жыл мезгілдерін айтқан. Шумер, кейін Вавилонда күнтізбегі жасалғанын, есеп жүргізу басталғанын айтамыз. Ертедегі Египетте папирус пайда болған. Фараондарға арнап ғажап пирамидалар салынған, олар дүние салғанда, денесін сақтау үшін балзамдау тәсілі дүниеге келген. Геометрия да сол елде басталған дейміз. Антик дәуірінде ертедегі Египетте алғашқы табиғат барлаушылар дүниеге келген. Арифметиканы дүниеге әкелген Пифагор Архимед, геоцентрлік теориясын ендіріп, «Альмагеста» кітабын жазған Клавдий Птоломей (ІІ ғ.), науқасты емдеу кезінде дәрігер қандай болуы керек жөнінде айтқан Гиппократ (Б.з.д. 460-356) анты, данышпан Фалес, Анаксимен, Анаксимандр, Сократ, Платон. Демокрит, Аристотель т.б. дүниеге келуі, Геродот, Ксенофонт, Фукидид сияқты

тарихшылардың тарихи еңбектері. Поэзия, драматургия, архитектура, мүсіншінің өмірге енуі. Осының бәрі алғашқы білім, ғылым бастауы – мәдениет тарихы. Одан кейін орта ғасыр, жаңа дәуір тарихын айтамыз. Ғылым тарихы осылай басталып күрделеніп кете береді. Ол кезде Ньютон, Эйлер, Лаплас, Лавуазье. Бюффон сияқты жаратылыс таным ғалымдары дүниеге келді. Бұларды білу жалпылық білім беретін орта мектептерден басталады. Жоғары оқу орындарында ол бастау мамандықтарға сәйкес тереңдеп, жан-жақты тарамдалып қазіргі заманға дейін алып келеді. Осының бәрін бір ғалымның білуі міндетті ме және ол мүмкін бе? Әрине, ғылым тарихын әрбір мәдениетті маман жалпы тұрғыда біледі, одан хабарсыз болуы мүмкін емес. Бірақ нақты білу әрбір маманның өз мамандығына сай терең түсінуі тән. Ол – бір. Екіншіден, философ мамандары үшін қажеттілігі сол ғалымдардың пайда болу себептіліктері мен даму ерекше жолдары, ондағы ғалымдардың ойшылдығы мен тапқырлығы. Егер ғылым тарихын оқу осылай басталса, онда ол болған жағдайларды есте сақтау ғана емес, оқушылардың ойын оятқан болар еді. Ол ғалымдар ішінде философия мамандығымен айналысатындарға керегі ойлау жүйесін дамыту, әр нәрсенің себеп-салдарын аңғару, ой қорыту, тиісті қорытынды жасай білуді үйрету. Оның үстіне көрген, білгендерді есте сақтау оңай емес. Олардың көбі ұмытылып кетеді. Ал жасалған ой қорытындысы, талдау нәтижесі, соған байланысты кейбір келтірілген фактілер ұмытылмайды. Өйткені ол – логика.

Қазіргі информациялық қоғам дәуірінде, бұдан бұрынғы кездерде он-жиырма жылда берілетін акпарлар бір күнде беріледі. Берілетін жаңалық тасқыны – кезінде сол хабарларды, сандарды, есімдерді есте сақтайтын техника дамыған кезде, акпаратты талдап қорыту жағы тапшы болуда. Сондықтан да адамдардың, оның ішіндегі

маман, ғалымдардың ойлау жүйесін дамыту өзекті мәселеге айналып, әлгі айтқандардың маңызы артуда. Келешекте интеллектісі мол техника да пайда болар. Бірақ, адамның орны, рөлі басқа.

2.1. Қозғалыс – өмір негізі

Материяның бұл өмір сүру тәсілі. Қозғалыссыз өмір жоқ. Ластанған су қозғалыста болса, тазарады. Ауада қанша басқа қосынды газдар арқылы не тымырсық болып, бұзылса да, сол қозғалыс арқылы тазаланады, синергетика заңы арқылы. Адамзат қозғалыссыз өмір жоқ екенін ерте замандардан байқап, түсінген. Егіншілер қыrmанды дөңге салған, астық арасындағы шөп-шалаңды жел айдап ұшырсын деп.

Антик философы Гераклит сол қозғалыс жайлы пікірін айтқан. Ол әлемде «бәрі ағыста, бәрі өзгерісте» деп. Өмір қарама-қарсылықтан тұрады, «теңіз суы – әрі ащы, әрі тұщы. Балықтарға қолайлы, адамдарға қатерлі» деген болатын. Бірақ, қозғалыс қайдан пайда болады, оны ол айта алған жоқ. Ағылшын философы Бенедик Спиноза (1632-1677 жж.) адамды табиғаттың бір бөлігі деп қарады. Француз философы П. Гольбах (1723-1789 жж.) адамды табиғатпен байланыстырады. «Материяның бар екені – факт. Қозғалыстың барлығы ол да сондай – факт». «Материя мен қозғалыс мәңгі» дейді П. Гольбах «Табиғат жүйесі» – деген кітабында.

Француз философы Ж.О. Ламетри (1709-1751 жж.) «Адам – машина». «Адам – өсімдік» деген кітаптар жазды. Мұның бәрі адамды жансыз техникамен теңеру арқылы олардың арақатынасын байқауға жатады. Бұл қате болса да, ізденіс нәтижесі. XVII-XVIII ғасырларда өмір сүрген ағылшын, француз материалистері қозғалысты материя қасиеті десе де, оны олар тек механикалық тұрғыда түсінді.

Тіпті Дени Дидро (1713-1784 жж.) қозғалыс қимылдап тұрған заттарда да, қозғалмай тұрған заттарда да бар. Заттың қозғалмай тұрғаны, оған бір нәрсе кедергі келтіріп тұр. Егер сол кедергіні алып тастасаң, ол қозғалып кетеді деген. Өйткені қозғалыс материяның ішкі импульсі деген болатын. Десе де ол да қозғалысты механикалық тұрғыда түсінді. Механицистер қозғалыс бір дененің бір денеге сыртқы әсері нәтижесі деп түсінді. XIII ғасырда өмір сүрген діншіл философ Фома Аквинский (1225-1274 жж.) қозғалысты өмірге ендірген, жаратқан Құдай деген болатын.

Тек идеалистік философ Г. Гегель (1770-1831 жж.) қозғалыс қарама-қарсылықтың бірлік және күрес нәтижесі деген болатын. Ғылым ол пікірді қабылдады. Дәл осыған жақын пікір жаңағы айтқан Гераклитте де кездеседі дедік. Қарама-қарсылық жөнінде пікір И. Кантта да (1724-1804 жж.) бар. Мәселен оның «Практикалық ақылға сын» – деген еңбегінде. И. Фихте де (1762-1814 жж.) сол пікір кездеседі. Әрине, қозғалыс ішкі энергияға байланысты. Ал энергия (күш) шексіз емес! Термодинамика заңы бойынша ол да таусылады. Термодинамиканың бірінші заңы бойынша жабық жүйеде зат та, энергия да жойылмайды, сақталады. Ол заңды М.В. Ломоносов (1711-1765 жж.) өзінің 1747 жылы Л. Эйлерге (1707-1783 жж.) жазған хатында айтқан болатын. Бірақ, термодинамиканың екінші заңы бар. Ол заң бойынша дүниеде де барлық зат тозып, түсі оңады, үлбіреп жойылады. Энергияда бәріне күш беріп тұрған таусылады, тіршілік тоқтайды, өмір сөнеді. Бірақ, бұл тіршілік атаулының бәрі жойылады деген сөз емес. Әлемде өмір басқа жерде, басқа уақытта, басқа түрде жалғаса бермек. Қазірдің өзінде Жерден тыс әлемде тіршілік, өркениет бар деген болжам айтылады. Мақсат сол дүниемен байланыс жасау деген қорытындыға ғылым келіп отыр. Мәңгілік – дегеніміз осы. Сөйтіп, қозғалыс барлығын дін де, ғылым да мойындайды. Бірақ, оны олар

әрқайсысы өзінше түсіндіреді. Философтардың қозғалыс жөніндегі пікірі өзгеріп отырады. Р. Декарт материяда сезімталдық бар деген болса, Н. Ламетри онда сезімдік пен түйсік бар деді. Бірақ ол тек дамыған денелерге тән екенін басып айтты.

Ал енді тағы бір ой. Ол – мынау. Біз қашанда «себеп», «салдарды» ғылымға ендірген Француз философы Рене Декарт (1596-1650 жж.) дейміз. Ол солай да, әрине. Бірақ, себеп пен салдар түсінігі қазақ ауыз әдебиетінде қай заманнан келе жатыр? Бір ғана мысал. Қазақта балаларға арналған «Кім күшті» – деген әңгіме бар. Ол былай басталады. Әлемге жарық, жылу, тіршілік беретін – «Күн» екені белгілі. Әңгіме «Күн, сен неден күштісің?» – деген сөзбен басталады.

«Күн» оған: «Мен күшті болсам, бұлт бетімді жабар ма еді», дейді. «Бұлт, сен неден күшті болдың?» – дегенге, Бұлт: «Мен күшті болсам, «Жерге сіңер ме едім» дейді. «Жер сен неден күштісің?» дегенге, «Мен күшті болсам, көк шөп мені тесіп шығар ма еді?» дейді. «Көк, сен неден күштісің?» дегенге: «Мен күшті болсам, қозы мені жұлып жер ме еді» дейді. Сонда: «Қозы, сен неден күштісің?» деген сұрауға: «Мен күшті болсам, менің құлағыма құмырысқа үймелер ме еді». Ақырында: «Құмырысқа, сен неден күштісің?» деген сұрауға ол: «Мен арқама алты батпан, желкеме жеті батпан жүк артамын. Содан күштімін» деп жауап қайтарады. Шынында да құмырысқа өзінен бірнеше ауыр затты қозғап, көтереді, дейді әлгі әңгіме. Мәнісі жас балаларды әрнәрсенің себеп-салдары бар болатынын аңарту. Міне осының бәрі дүниеде жалғасып кете береді.

Ғылым қашанда осындай себеп-салдардан туындап, дамиды. Ғылым негізі себептілік екені – ол ғалымдардың ашқаны.

Сонымен, себеп пен салдар ол да қозғалысқа байланысты. Егер XVIII ғасырда өмір сүрген Ю. М. Давид (1711-1776 жж.) басқа да субъективтік идеалистер себеп пен салдар объективті өмірде жоқ, ол тек сана туындысы деген болса, ерте заманғы қазақ ойшылдары оларды объективтік шындықпен, табиғат құбылыстарымен байланыстырған. Олай болса көшпелілер табиғатқа жақын болғандығын байқатады. Сол қозғалыс арқылы олар әлемді биледі, мәдениетін таратты.

2.2. Ғылым тарихында басты мәселе

Тақырыпқа ертедегі Қытай, Үнді, Вавилон, Египет, Грекия, басқа да елдерде ғылымдардың бастауы, дамуы жатады. Бұл проблема негізінен белгілі, көптеген оқулықтарда қарастырылған. Оларды қайталамай, тек кейбір проблемаларға тоқтамақпыз.

Бұл бір жеке ғылымдар тарихын зерттеу деген сөз емес. Әрбір ғылым тарихын сол ғылым уәкілдері қарастырады, арнайы зерттеуі керек. Онсыз ғалым сол ғылымның өкілі бола алмайды. Ал философия ғылымдары уәкілдеріне оның бәрін зерттеу міндетті емес және мүмкін де емес. Философтың ғылым тарихына байланысты зерттейтіні басқа. Оның зерттейтіні ғылым өмірге қашан енді, қалай келді, не түрткі болды. Ғылым жолы қалай қалыптасты және оның даму жолында қандай қиындықтар, ішкі және сыртқы кедергілер кездесті, олар қалай шешілді? Жалпы ғылымға байланысты мәселелер. Жаратылыстық, техникалық, басқа да ғылымдардың тарихын біз XVII-XVIII ғасырлардан бастаймыз. Оған дейін физика, химия, биология т.б. ғылымдардың бастауы, зерттеушілері болмады ма, болды, ал болған болса олардың әрекеті неліктен ғылым болып есептелмейді. Ол шынында да солай. Олай болса себептері

неде? Міне, философтар ғылым тарихына байланысты осы мәселелерді аңғарып, белгілі қорытындыға келуі тиіс. Өйткені – философия танымдық ілім. Бұл мәселе алдымен әр заманда өмір сүрген даналар еңбектерінде бейнесін тапқан. Біз философия өкіліне жататын болған соң, алдымен сол философтар еңбегін зерттеп білуіміз керек. Тек солардың еңбектері арқылы философ ғылым тарихының терең ауыр жолдарын біле алады.

Біз жаратылыс тану, техникалық, медициналық ғылымдар: физика, химия, астрономия т.б. ғылымдар жаңа дәуірде дүниеге келді дейміз. Ол шынында солай. Оған не себеп болды? Батыс, Европа елдерінде, әсіресе Англияда сол кезде өндірістердің күрт дамуы, алдымен тоқыма фабрикасының дүниеге келуі. Әрине, оның да өзіндік себептері болды. Екі жүз жылдай тоқтап қалған Шығыс пен Батыс елдері арасындағы бұрынғы сауда жолы, XV ғасырда океандар арқылы қайта ашылғанда, Шығыстан алғаш келе бастаған түрлі тауарлар жұтанып отырған Европа елдерінің, бір жағынан мұқтажын орындап, керегін толтыра бастаған болса, екінші жағынан Европа елдерінің де көзін ашты. Сауда екі жақты тиімді болуы үшін Европа елдері де, базарға басқа нәрсе шығаруы қажет болды. Сол кезде алдымен ойлап тапқандары тоқыма бұйымдарын шығарып, шығыс елдерімен тең сауда қатынас жасау. Шығыстан жібек, мақта материалдары, шәй, қызыл бұрыш, алтын, күміс бұйымдары, парфор т.б. ағылып келе бастады. Европа Шығыс елдерінде оларға қажет жүннен тоқылған бұйымдар ұсынды. Ол үшін машина өндірісін қолға алу, мамандар дайындау, ғылымға сүйену керек болды. Сөйтіп, нақты талап, тұрақты нәтиже әкелді. Мәселен, химия ғылым болып XVII ғ. қалыптасты. Әрине, оған дейін химия ісімен араласқандар болды. Мәселен, ол химия өкілдері темірден алтын іздеп тәжірибе жасап, әрекеттенді, бірақ таба алмады. Физика туралы еңбектерді

Аристотель де жазды. Бірақ, ол да ғылым болып саналмады. Себебі олардың әрқайсысының ішкі заңдары бар, солар ашылмады. Ғылым заңдарын ашқан нақты өндірістік талап. Ал машина жасау үшін бір емес, бірнеше табиғат заңдарын білу қажет болды. Оларды ашып, техниканы дамыту, металдардың қасиетін біліп, техникаға қолдану, түрлі машиналар жасап, пайдалану өндірістік революция аталды. Сол арқылы білімге нақты талап қойылды. Ғалымдар енді сол талапқа жауап іздеді. Белгісіз болып келген табиғат құбылыстары ашылды. Ғылымдарды ашып, өмірге ендірген ғалымдар шықты. Сөйтіп, барлық прогрестің бастауы қашанда қажеттілік, кіріптарлық. Ол болмайынша адамдар нақты ізденіс жасамайды. Бұрынғы ізденістер көбіне жәй қызығушылық, не кілтін таба алмаған әрекет болған болса, енді олар нақты талапқа жүйелі ізденіс жасады. Нәтижесінде бір ілім бір ілімге әсер етіп, көптеген ғылымдар дүниеге келді. Өндірістік революция енді рухани революция тудырды.

Бірақ білім-ғылымның басталуы өте ерте замандардан байқалды. Оларда кезінде нақты талаптардың нәтижесі еді. Мәселен, адам өзінің табиғи, қабілеті мен мүмкіндігін ұзарту үшін таяқ, тасты қолданды. Өзеннен өту үшін көпір салды, суда жүзу үшін қайықты ойлап тапты. Малдың күшін пайдаланып, ауыр жұмысты жеңілдетті. Сүйрейтін бөренені пайдаланудың орнына, дөңгелекті ойлап тауып, арба жасады. Атқа мініп ұзақ жолға шығу үшін ер тоқым, үзеңгі, ноктаның орнына ауыздықты, жүгенді, ат дорбаны тапты, науқасты емдеп, жазықтыру айласын ашты. Ибн Сина (980-1037 жж.) айтқандай науқасты емдеу үшін үш нәрсе қажет болды. Олар – өсімдік, пышақ, сөз. Сол кезден бастап түрлі операцияларды дәрігерлер жасаған болатын. Олар өмірден туындаған әрекеттер еді. Мәселен қолдағы малдың тұқымын жақсартуды да ойлап, жолын тапты. Бірақ, биология, медицина ғылым бола алған жоқ. Өйткені

ол кезде организмнің ішкі заңын ешкім аша алмаған болатын. Антик дәрігері Гиппократ (460-377 жж.) ауруды емдегенде оның жанын ауыртпауды ұсынды. Операция жасағанда жанды ауыртпайтын ем болатынын ол қайдан білсін. Ондай ем арадан 2,5 мың жылдар өткенде мәлім болды. Рухани дүниеде жазу, сызу, есептеу де сол өмір талабынан туындады.

Қашанда «Ғылым» екі саладан тұрады. Бірі – «категория» (ұғым) екіншісі «заң». Категория танымының белгілі топтаманың діңгегі, ол пайымдалған, жинақталған ой. «Заң» ғылымның негізі. Табиғаттың заңын аша алмаған ілім – ол ғылым емес. Ол құбылыстың себебін аша алмайды, болашақты болжап, жөн сілтеу қиын.

Енді сол екі ғылым саласы қалай қалыптасты. Алдымен категорияға тоқталайық. Категория жалпылық ұғым ретінде құбылыстарды, заттарды топтау, жіктеу арқылы қалыптасады.

Ондай ұғымның туындауы танымның белгілі бір сатысы. Алғаш ол туралы ой қозғап, пікір айтқан антик философы Парменид (б.з.д. 540 жылдар) болатын. Оған ол «болмысты» жатқызды. Бірақ «болмыс» оның пікірінше объективтік орта, шындық, табиғат емес, тек ой. Солай десе де Сократ Парменидті ғажап терең ойшыл деп атады. Сократтың бұл пікірін Платон жоғары бағалады. Бірақ, сонымен қатар ол мынадай төрт категория ұсынды, «жекелік», «өзгешелік» «тұрақтылық», «өзгерістік». Аристотель «болмысты» ой емес, «мән» деп түсініп, соған байланысты «мәнді» қоса оған он категория ұсынды. Олар мыналар: «мән», «сапа», «сан», «қатыстық», «орын», «уақыт», «әрекет», «абыржу», «жағдай», «иемендеу». Аристотельдің пікірінше осылардың бәрі «болмысқа» мән арқылы жататын көрінеді. Бірақ, «мән» Аристотельше сезім арқылы қабылданбайды. «Мән» оның пікірінше «зат дегеніміз не»? – деген сұрауға жауап бере алмайды, нақтылы зат бола тұрса да. Мән нақты білінбейді,

көрінбейді. Қабылданатын заттың мәні емес. Оны бейнелейтін қасиет. Олай болса, Аристотель категория жөнінде Парменид пен Платонға қарағанда ілгері қадам жасады. Г. Гегель айтқандай, сапа – дегеніміз, затты нақты етіп сипаттайтын белгі, сапасын жоғалтқан құбылыс зат болудан айырылды. «Таза ақылға сын» деген еңбегінде И. Кант он екі категория ұсынды. Кітаптың «Трансценденттік аналитика» тарауын төрт параграфқа бөледі. Олар мыналар: «сан», «сапа», «қатынастық», «модальдық». Бұл параграфтардың әрқайсысына үш категориядан бөледі. Мәселен, «сан» параграфына «бірлік», «көптік», «бүтіндік» категорияларын жатқызады. «Сапа» параграфына «шындық», «терістеу», «шектеу» категорияларын ендіреді. «Қатынастық» параграфына «тиістілік», «еркіндік», «себебтілік», «модальдық» параграфына, «мүмкіндік», «тіршілік», «қажеттілік» категорияларын ендіреді. Бұл категориялар И. Канттың пікірінше, объективтік шындықтың бейнесі емес, яғни өмірдегі заттар анықтамасы емес, ақыл құралы, тек сол құралдар арқылы адам объективтік өмірді танып, біледі. Сөйтіп, категориялар дүниені тану арқылы пайда болып, дамыды. Қазір ондай категориялар сансыз көп, есептеу мүмкін емес. Бұл ғылым тарихының дамудағы бір көрінісі, қалыптасу кезеңдері.

Ғылымның категориямен қатар оның құрамды бөлігіне жататын заң дедік. Заңды білмейінше қоғамға, табиғатқа ұтымды, пайдалы қатынас жасау мүмкін емес. Ғылымды үлкен қару ететін оның ішкі құрылымы. Ол объективтік шындықтың заңын білетіндігі. Тарихта алхимия, флогистон, ятрохимияның бір кезде пайда болғаны объективтік шындықтың заңын білмегендік. Бірақ ізденіс нәтижесі болатын. Объективті өмірдің заңын білмейінше барлық ізденіс, ғылым емес, әлгі келтірілген мысалдар, соның айғағы. Біз жеке, техникалық ғылымдар XVII ғасырдан басталды дейміз. Шынында да ол солай. Оған

себеп болған өндірістік үздіксіз даму. Сонда, заң – дегеніміз не? Ол – байланыс. Бірақ байланыстың түрі көп. Ол кездейсоқта, уақытша да, қажетсіз де болуы мүмкін. Бірақ мұндай байланыс заң бола алмайды. Заң болу үшін байланыс тұрақты, қайталамалы, қажетті болуы тиіс. Ондай байланысты байқаған адам эрнәрсенің нәтижесін біледі, болашақты айта алады. Нәтижесі пайдасыз, зиянды болса, онда ол ондай байланыстан өзін бөлек ұстайды. Міне, заң – дегеніміз осындай байланыс. Ғылым сол заңды білу арқылы бұрынғыны талдап, қазіргіні пайдаланады. Категория өмірді топтау арқылы пайда болса, заң оның ішкі қозғалысын, байланысын ашу арқылы белгілі болды.

XVII ғасырда өмір сүрген ағылшын философы Фрэнсис Бэкон (1561-1626 жж.) танымдағы индуктивтік, эксперименттік әдістің негізін салды. Англияда Корольдан кейін екінші адам – мемлекеттік канцлер дәрежесіне жеткен ол үлкен еңбек «Ғылымды кемел қалпына келтіру» жоспарын бастамақ болды. Оның жоспарынша ол еңбек алты саладан тұрмақ болатын, бірақ табиғат берген аз өмірінде Ф. Бэкон тек екі-ақ еңбек жазып үлгерді. Бірі – «Ғылым жетістігі мен ұлғайту туралы», екіншісі – «Жаңа Органон». Бұл еңбектердің соңғысын философиядан кандидаттық емтихан тапсырғандар біледі, ал алдыңғысы көпшілікке беймәлім. Сол еңбекте Ф. Бэкон ең алғаш болашақ ғылым орталығы, яғни «Ғылым Академиясы» туралы әңгіме қозғайды. Ол жерде ғалымдар ғылыми жұмыспен айналысатын болады. Сондай-ақ, сол еңбегінде ол ғылымды саралап, жіктейді. Одан соң ғалымдарды зерттеушілер және комментаторлар деп – екіге бөледі. Соңғыларда – ғалымдар, олар алдыңғылардың атқарған, ашқандарын насихаттайды деп жазды. Ф. Бэкон пікірінше ғылыми ашылған жаңалықтарды санада ұзаққа сақтау үшін ғылыми кітаптар жазу керек екені және ол кітаптар ғылыми кітапханаларда сақталуы айтылады.

Сонымен қатар, Ф. Бэкон ғылыми жалғастық болуы үшін, ғылымдардың бастамасы үзіліп, қалмас жағын ойластыра келіп, әрбір ғалымның, оның жұмысын жалғастыратын шәкірттері, яғни аспиранттары болуын атап көрсетеді. Ақырында, әрбір университетте жүргізіліп жатқан ғылыми жұмыстар, бірінен-бірі бөлек жүргізілмей бір салада, бір бағытта ұдайы жалғастықта болуы үшін, университеттер арасында тығыз байланыс, одақ болуын алға тартады. Әйтпейінше, ғылыми жұмысты ілгері дамытып, тереңдетудің орнына, бірінің ашқанын бірі білмей, бірін-бірі қайталап, ілгерілеу тоқтап қалатынын ескертеді. Сөйтіп, Фрэнсис Бэкон болашақ ғылым даму жолын алғаш ашып, оларды прогреске үндейді.

Ғалымның тарих алдында ары таза болуы керек. Ол ең алдымен зерттелген еңбекте пайдаланылған әдебиетке сілтеме жасап, көрсету. Ол не береді? Кейінгі зерттеушінің жолын ашады. Іздегенін тез тауып, ілгері жылжиды. Бұл негізгі ғалым әдісі, іс әрекеті. Тағы бір мәселе, ол интернеттен көшіріп алып, кітап шығаратындар пайда болды. Бұл – плагиат (рухани ұрлық). Ғылым жолын кесетін кесел, жұқпалы ауру. Егер біреудің еңбегін ең керегін сілтемелеп алып, соған өз пікірін айтса, бірсәрі. Бірақ олай емес.

XVIII ғасырда өмір сүрген Француз философы Дени Дидро «Табиғатты талқылау туралы ойлар» деген еңбегінде ғалымдардың бетін табиғатты зерттеуге бұру үшін, табиғатты әйелмен салыстырады. Табиғат та әйелдер сияқты өзінің ішкі сырын, қойнауын тек табанды шыдамдылықпен үздіксіз білуге тырысқандарға ғана ашатындығын айтады.

Олай болса, «Ғылым тарихы мен философиясын» зерттеуге тырысқан ғалымдар мәселенің осы жақтарына көңіл аударғаны жөн. Бұл ғылым жолы оңай емес. Тек еңбек еткен ғалым ғана – өз орнын тауып, ғылымға үлес

қоса алады. Біз ғылымның ауыр даму жолын ірі философтар еңбектерімен танысып, білу арқылы ұғынамыз. Бұл ғылым тарихын жәй баяндау нәтижесі емес, талдау, сараптау, ой қорыту арқылы қалыптасады.

Олай болса ғылым жолына түскен жас талапкерлерге үлкен ғалым, философтар еңбегі бірден-бір табылмас жәрдем, оларды ғылыми жолға салатын, көзқарасын қалыптастыратын күрделі құрал. Ғылым жолы – даңғыл емес. Соған шын берілген, ғалым ғана – нәтижеге жетеді.

Сонымен ғылым тарихы – ол ғылымның пайда болып, өсу жолы. Оны білу жастарды ғылым жолының қандай екенін ойландырады, ілгері ұмтылуға талпындырып, білімін тереңдетеді. Бұл өмірде әлі сыры ашылмаған мәселелер шексіз көп екенін көрсетеді. Философ үшін мақсат – әрбір жеке ғылымның тарихын зерттеу емес. Өйткені бұл тығырыққа әкелетін жол. Онда философия жол сілтейтін, бағыт беретін міндеттерінен айырылып қалады. Сондықтан, философтың бұл саладағы міндеті жалпы ғылым тарихын зерттеп оның категориясын, заңдарын білу, өсу жолын бағдарлау.

«Ғылым тарихы мен философиясына» байланысты арнайы айтылатын пікір магистранттармен сабақ жүргізудің жаңа методикалық әдісі ол лекцияларда тарихта өткен ірі философтардың еңбектерін кеңінен пайдалану арқылы жас болашақ ғалымдардың көзқарасын қалыптастыру. Оған жататындар, Платонның «Мемлекет», Аристотельдің «Саясат», Ф. Бэконның «Жаңа Органон», Р. Декарттың «Әдіс туралы ой толғам», Д. Дидронның «Табиғатты түсіндіру туралы ойлар», Т. Гоббстың «Левиафан», И. Канттың «Таза ақылға сын», Г. Гегельдің «Логика ғылым», «Философия ғылымдары энциклопедиясы» т.б. еңбектерінен бастап, бүгінгі күнге дейін маңызды ғылыми басылымдарды зерттеп, білу. Сонымен қатар, егер бұрын студенттер мен магистранттар жалпы философияны,

оның даму тарихының белестерін, категориялары мен заңдарын оқып, үйренетін болса, бүгін магистранттар мен докторанттар әрбір жеке ғылымдардың философиясын семинар сабағында талқылайтын болды. Осыған орай, арнайы «Математиканың философиясы», «Физиканың философиясы», «Химияның философиясы», «Геологияның философиясы», «Информатиканың философиясы», «Техниканың философиясы», «Экология философиясы» т.б. тақырыптарда семинар сабағы өткізілетін болды.

Бұл Қ.И. Сәтбаев атындағы техникалық университетте өткізіліп жатқан сабақ жоспары. Бұрын мұндай болмаған. Магистранттар пікірінше сабақ бағдарламасының осылай құрылуы оларды қызықтыратын, ойын қозғап, білімін, жаңаша толықтыратын, пайдалы, сияқты. Біз ғылымға берілген ғалымның ізденгіш болуын айттық. Ұшып-қонып жүретін адамнан ғылыми нәтиже күту қиын. Бірнеше жұмыстың басын ұстаған адам ғылымға беріліп, тапжылмай жұмыс істей алмайды. Сондықтан, ғылымға бүтіндей берілмей, ғылым игерілмейді. Бұл ғалым болудың басты қасиеті. Екінші талап, ол ғалымның ой-пікірінің тұрақты, негізделген, дәлелденген болуы нақты мәселеге сай, өз пікірі жоқ адам ізденгіш ғалым бола алмайды.

«Әдіс туралы ой толғам» деген еңбегінде Рене Декарт (1596-1650 жж.) екі түрлі ғалым кездесетінін айтады. Бірі – өзін бәрінен жоғары ұстап, тек өз ойын дұрыс деп, басқа пікірмен санаспайтын пенде, ондай адам бір рет қателессе, қайтадан дұрыс жолға түспейтінін, адаса беретінін айтады. Екіншісі – өз ойы жоқ, әркімнің пікірін қоштайтын адам дейді. Осы екеуін айта келіп, өзінің бұл екеуіне де қосылмайтынын білдіреді. Шынында ғалым өз ойын дәлелдеп те, айта да, қорғай да білуі керек. Ол үшін терең зерттеуде, басқалардың пікірімен есептесу де керек. Ғалым менменшіл де, жалтақ та болмауы керек. Мысалдар көп. В.И. Вернадский, мәселен үлкен биогеохимик. Ол

И. Гетенің (1743-1832 жж.) мәңгілік еңбегі. «Фаусты» терең танысқаннан кейін, мынадай қорытынды жасады. «Бұл көркем-философиялық еңбекте адамның ішкі құрылымын зерттеуде оның жаңалығы биология, анатомия, морфология, генетикамен пара-пар, тең»¹ деген пікір айтты. Міне, бұл еркіндік және біліп айтылған нақты ой. Әрбір ғалымда осындай еркіндік, батылдық шешім болу керек. Ондай ой айту үшін академик болу керек деу қате пікір. Ондай пиғылмен жүрген зерттеуші ешқашан нағыз ғалым бола алмайды. Ғалым өз ой қорытындысын айтарында басқалар не дейді деп алаңдаса, онда ол ешқашан ой иесі, ғалым бола алмайды. Әрине, ғалымның қателеспегені жөн. Бірақ қате жібермеуді ұстам еткен ізденуші де ғалым бола алмайды. Нағыз ғалым – сұрлеу жол іздейді, бұл мақсатта қателесуі де мүмкін, бірақ оның қатесі басқаның оны байқап, жөндеуге, ғылымды дамытуға себеп тигізеді.

Атақты физик, Нобель сыйлығының иегері Э. Резерфорд (1871-1937 жж.) кезінде атом ішіндегі құбылыс күн жүйесіне ұқсас деп, атомның өзегі бар – ол протон, оны айналып, сәуле жылдамдығындай жүретін электрон. Электрон минус зарядты болса, протон плюс деп қорытты. Күнді планеталар қалай айналып жүрсе, әлгі атом ішіндегі кәдімгі бөлшектер де солай құрылысқан деген пікір айтты (1911 ж.). Бірақ соны айтқан Э. Резерфорд атом ішіндегі бөлшек электрон да корпускулды-толқынды дуализм түрінде болады деген пікірге әрең келіскен болатын. Келіспесе бұл орасан ғылымға жат, қате болған болар еді. Олай болса, ғылымда қате жібермеуге ұмтылу – ол дұрыс. Бірақ, ол да ізденіске сай бола бермейтін жағдай. И. Кант айтқан болатын, «Ғалым ғылымда қате жіберсем, басқалар

¹ Қараңыз. Гете Иоганн Вольфганг. Собрание сочинений. В десяти томах. Том первый. М. «Художественная литература». 1975, С. 35.

сол үшін мені сынға алады деп қорықпау керек, қорқатын ғалым ойын басқалардың түсінбеуі» деп. Бұл пікір – ғалым қателеспейді деген сөз емес. Ғалым ізденіс үстінде қателесуі де мүмкін. Ғылым жолы белгісіз, ізденіс. Сондай ізденістер арқылы ғылым дамиды. Әрине, сол ізденіс жолында ғалым пікірі көпшілікке түсінбестік көрсетіп, қабылданбауы да мүмкін. Мәселен Н.И. Лобачевский өзінің «Неевклидтік геометрия» деген еңбегінде көтерген әлемдік жаңалық теориясын көзі тірі кезінде көре алмай өкініп өтті. Оның ашқан жаңалығы Н. Лобачевский дүние салғаннан кейін ғана белгілі болды. Бұл ғалымға өте ауыр соққы, оның денсаулығын бұзады, өмірін қысқартады. И. Канттың айтқаны да дәл осындай жағдай болатын.

Сондай-ақ ғылымның даму жолы да қиын. Композиторлар айтады екен: адамның ішкі жіңішке сезімдерін қозғауда тіл жетпейтін кезден әрі қарай музыка басталады деп. Антик философы Демокрит айтқандай танымның екі түрі бар – біріншісі шын, екіншісі күңгірт деп, Күңгіртке жататындар – оның пікірінше көру, есту, иіс, дәм, сезім. Екіншіге – ол ойлауды жатқызған. Оның пікірінше күңгірт (таным түрі) ең кішкентай бөлшекті көре алмайтын, ести алмайтын, дәмін қабылдай алмайтын, сезе білмейтін болғанда, ал зерттеу (тереңдеу) керек жағдайда нәзікті (сезімдік қабылдауға келмейтін) болса, онда сахнаға шын (таным) шығады. Ол ойлауға байланысты, өйткені ол өте жұқа таным мүшесі¹ деген болатын. Арада 2,5 мың жыл өткенде әлгі Демокрит айтқан, бөлінбейтін «атом» бөлшектенді дедік. 1897 жылы Дж. Томсон атомнан 2 мың есе кіші электронды ашты. Сол электронды көз алдыға келтіруге бола ма, егер атомның өзі көрінбейтін, сезілмейтін болған соң? Кейін, протон, нейтрон ашылды. Бұлар атом өзегіне жатады. Протон

¹ Қараңыз. Материалисты Древней Греции. Политиздат. М. 1955, С. 52.

ондаған мың есе атомнан кіші.¹ Бұл не сонда? Фантастика (аңыз ба)? Жоқ, шындық! Бұл танымның бір сатысы. Алда қандай жаңалықтар күтіп тұр? Келешек жаңалықтарын кезінде дұрыс қабылдай аламыз ба? Біз соған дайынбыз ба?

Нобель сыйлығының иегері академик И. Е. Тамм (1845-1971 жж.) айтқан болатын: «Егер сіз жоғары маман қолөнершісі болмай, нағыз қазіргі физик болғыңыз келсе, Сіз материалдық шындықтан басқа шындықтың мүмкіндігін жоққа шығармауыңыз керек»² деп.

Бұл айтылған пікір Г. Лейбництің (1646-1716 жж.) «Монада» деген идеясына ұқсас пікірге жатады. Кезінде «Монада» (идея, жан) атомға (материяға) пара-пар қарама-қарсы айтылған пікір еді. Бірақ, ол пікір қабылданбай қалған. Енді И. Е. Тамм сол пікірді жаңғыртқан сияқты.

Немесе көрнекті Физик Нильс Бор (1885-1962 жж.) айтқан: «Болашақ физика сананы өзіне қосуы тиіс»³ деп. Бұл айтылғандарға сыңаржақты қосылуға да, қосылмауға да болады. Бірақ, бұл пікірлер тегіннен-тегін туындап отырған жоқ. Себепсіз емес. Танымның шегі жоқ екенін мойындасақ күмәнданбайсыз. Бәрі мүмкін.

Күні кеше материя мен идея, ғылым мен дін, шындық пен аңыз арасы айқын, ақ пен қара сияқты болатын. Бүгін ғалым сыңаржақты ойлай алмайды. Ол философ, диалектик болуы тиіс. Дүние бір түсті емес, көп түсті болғандықтан жанға да жайлы. Бүгін діннің де ғылымға көзқарасы өзгеруде. Ғылым – дін ара-жігі орта ғасырдағыдай ауыр жанкешті емес, жұмсарып, түсіністікпен қарайтын болды.

Мәселен, біз білетін дүние бар. Ал, ғалымдар бұл дүниеге қарама-қарсы антидүние (антимир) бар дейді. Мәселен, ең жеңіл элемент водород (сутегі) бір атомнан тұрады. Ол атом ішінде бір ғана плюс заряды бар протон

¹ Глинка К.А. Общая химия. Ленинград. «Химия». 1984, С.704.

² Қараңыз. Совершенно секретно. 1999, №7 (122), С.12.

³ Бұл да сонда.

мен теріс зарядты электрон бар. Ал антидүниеде бәрі керісінше болмақ. Олар антиводород (антисутегі) антипротон, антиэлектрон болуы керек¹. Бірақ, ондай элемент те, антидүние де ашылған жоқ. Бірақ, теориялық ойласаң ол мүмкін. Егер ол ашылса әлем қандай болмақ? Ғалымдар бізге параллель тіршілік бар дегенді де айтады.

Ғалым алдында осындай мәселелер шексіз туындай бермек. Ашылғандары бүгін жаңалық, ертең ғылым тарихы. Ашылмағаны болашақ сыбағасы. Қазір біз материяны айтамыз. Біздің өмірімізде алма ағаш сабынан құлап жерге түседі. Оған себеп әлемдік тарту күші. Ал антидүниеде бұл қалай болмақ екен? Протонның антипротонға айналуы лабораторияда секундқа жетпес болса, сол процесті баяулатып минутқа, сағатқа, аптаға созуға бола ма? Әлде процесс басқаша шешіле ме?

Міне мұның бәрі ғылымның таным арқылы күрделенуі шексіз екендігі. Бұларды тудыратын адам ойы, ақылы ғана емес, ғылымның ішкі даму логикасы, бір жаңалық бір жаңалықты тудыратыны. Адам ақылы – соларды байқап, тізгіндеп отыруы тиіс. Бұл ғылым философиясына жататын проблема.

Ғылым мен танымда тоқтау жоқ. Бір ойды бір ой қозғайды. Мәселен XIX ғасырда тіршілік бастауы клетка дейтін. Клеткаға дейін тіршілік барын ешкім білмейтін. XX ғасырдың 30-50 жылдары клеткаға дейін тіршілік бастауы ДНК (дезекко сирибо нуклейн), РНК (рибо нуклейн) қышқылдары ашылып, тіршілік аумағы кеңейіп, тереңдеді. Оған дейін тұқым қуалайтын генетика теориясы ғылымға еніп, гендік инерция пайда болды. Клондау теория ғылымға еніп, соған байланысты бала тумай жүрген, бедеу әйелдердің бақыты ашылып, өмірге ұрпақ әкелетін болды.

¹ Қараңыз. Казахстанская правда, 1995, 11 қаңтар. «Открыли окно в антимир».

Бірақ бұл да даму шегі емес, ғылыми техниканың қазіргі бір кезеңі.

Бұл биология ғылымындағы бүгінгі бір белес. Сондай-ақ физика саласында, әлемнің ең кіші бөлшегі атом деп екі мың жылдай, солай түсініп келсек, 1897 жылы бөлінбейді деген атом бөлшектеніп, өздігінше мол энергия (қуат) шығаратын электрон¹ ашылды. Ол атомнан әлдеқайда кіші бөлшегі дедік. Барлық кейінгі физикадағы ірі жаңалықтар, сол электрон энергиясына байланысты екен. Егер атом көзге көрінбейтін әлемнің ең кішкентай бөлшегі десек, электрон одан әлдеқайда кіші. Кейін электрон теріс заряды бар атомды сәуледей жылдамдықпен айналып жүретін оның қабыршағы десек, атомның дұрыс зарядтағы өзегі протон мен нейтрон ашылды, атом құрылымы белгілі болды. Электрон, позитрон сияқты бөлшектерді жібермей ұстап тұратын қандай күш? Ол электроннан бірнеше есе кіші атом өзегі – протон мен нейтрон екен. Оны тек есеппен ғана бейнелеуге болатын, бірақ қиял емес, шын болмыс екендігі, практикада айқындады. Бір кезде ең кішкентай бөлшекке жататын «атом» болса, кейін оған жататын атом емес электрон, позитрон, протон, нейтрондар белгілі болып, енді бұлардан да кіші мезон кварц сияқты ондаған, жүздеген бөлшектер ашылуда. Бұл не сонда? Шындық па, әлде таза қиял ма? Әрине, шындық. Олай болса, материалдық пен идеалдың арақатынасы ғажап, тереңдеп жаңа ой туындады. Одан да басқа халықтардың көзден, тілден қорқуына белгілі негіз бар ма, әлде бұл жәй үрей ме? Бір кезде ойды кейбір адамдар дыбыссыз, сымсыз жеткізуді армандап, ертеректерде

¹ Электрон. Гр. Янтарь деген сөз. Өйткені электронда янтарь сияқты айналасындағы майда бөлшектерді жинап, тартатын күш болған. Содан оған ол атақты қойған ағылшын физигі Дж.Томсон (1856-1940) болатын.

айтқан болса, енді ол арман, «ұялы телефон», оған дейінгі радио арқылы шындыққа айналып, ғылымға информатика теориясы келіп қосылды. Мұның бәрі ғажап дүниелер. Осыған орай, логикалық позитивизмнің философияның зерттейтіні – объективтік дүние емес, тек ой, тіл (лингвистика) дегені еске түседі. Сондай-ақ бұдан келіп, олардың қалыптасқан диалектикалық философияны, метафизика дегені ойға оралады. Бірақ, ғылым бар, фантастика бар, шындық бар, жалған да бар. Бұларды шатастыруға болмайды. Материалдық дүние бар. Ол – шындық. Энергия (қуат) материя, ал тіл «Айтылған сөз, атылған оқ» деген мақал да, тегін емес.

Бірақ бұл санаға байланысты. Санасыз, есі ауысқан адамға сөз ондай әсер етпейді. Химияда да өмірде болмаған заттар молекулаларды қосу-алу арқылы жасайтын болды.

Геолог ғалымдар біздің планетамыз тарихы шамамен 4-4,5 миллиард жыл деп есептейді. Ең алғаш тіршілік қышқылдар құбылысы арқылы шамасы бір-бір жарым млрд жылдар бұрын пайда болды. Диназаворлар бұдан 60-70 млн жылдар бұрын ойлай алатын адам сол бір миллион жылдарда пайда болды, ал адам секілді екі аяқпен жүретін хайуандар 7-9 миллион жылдар бұрын өмір сүрген. Қалған өркениет кейін бірте-бірте дүниеге келген дейді. Мәселен, көне дәуір белгісі кейбір құрылыс тастары 6-дан 15 тоннаға дейін салмақты. Оларды қалай, немен әкеп кесіп, жонған, қалай қалаған. Ол жұмыс техникаға сүйенген, қазірде де оңай емес. Кейбір тастарға салған космонавт секілді бейне, космос кемесі сияқты суреттерге бірнеше миллиондаған жылдар болды дейді зерттеуші ғалымдар, түрлі приборларға сүйеніп. Сонда бұларды қалай түсіндіруге болады? Қазіргі адамзатты таң қалдыратын – Майя өркениеті. Ал әлгі айтылғандар қай замандарды еске түсіреді? Ойланатын жағдайлар еселеп көбеюде. Сонда

калай? Үндемей отыра беру керек пе? Әлде зерттеуді жүргізе беру керек пе? Міне, мәселе қайда? Ғылым дамуына, өмір қозғалысына осы айтылғандардың бәрі жатады. Үңгір жолдар ше? Миллиондаған жылдар бұрын жасалған. Бұл ғылым тұрғысынан алсақ, олардың тарихын жәй қайта баяндау емес, ой салу.

2.3. Білім және ғылым

Көп жағдайда білім мен ғылымды ажыратпаймыз, бұл екеуін бір деп қараймыз. Әрине бұл екеуі бір-біріне өте жақын, дүниетаным нәтижесі. Бірақ, бір емес. Біріншіден, ғылым білімнен кейін дүниеге келді. Оның бастауы адам баласы тарихымен байланысты. Және әр елде, әр этноста түрлі жағдайларға байланысты қалыптасып, дамыған. Ғылым тек ХҮІІ ғасырда дүниеге келді, себебі де өзгеше. Егер білім жәй бір нәрсені көріп қалудан, естуден басталатын болса, ғылым олай емес. Әлемді пассивті қабылдау арқылы емес, объектіні активті байқаудан, пайымдап зерттеуден басталады. Ғылым негізінде қызығу, ішкі байланыстарын, олардың себеп-салдарын ашу жатыр. Бірақ, бұл оңай процесс емес, өмір бойы білім әр нәрсенің сыртқы көрінісі, себеп-салдарына байланысты болып, соны байқауымен шектелетін болса, ғылым олай емес, әр нәрсенің ішкі механизмін ашу арқылы жүргізіледі. Ол үшін оны тудыратын себеп те басқа болуы тиіс. Ежелгі көшпелі қазақ елінде білім шарықтап дамыды. Ел сөзден неше түрлі ой өрнектерін құрды, даналық ойлар айтты, табанда өлең тудыратын «айтыс» өнерін дүниеге әкелді. Бірақ, ғылым болмады. Оны қажет ететін жағдай туындамады.

Самауыр, қазан Ресейден, мата, жібек Оңтүстік елдерден келді. Қазақ өз тұрмысын, көшпелі өмірін - қанағат етті. Одан басқаны іздеу – өмір талабы. Батыс

елдеріндегідей күн тәртібіне өткір қойылмады. Мыңдаған жылдар қалыптасқан дәстүр, үйреншікті әдет өмір салтына айналды. Сонымен, бір замандарда әлемге зор билігін жүргізген, мәдениетін таратқан көшпелі бабалар, ұрпағы қазақтар көп жағынан артта қала бастады. Қазаққа ілгері көтерілуі үшін ғылым керек болды. Н.Г. Чернышевский айтқандай якуттарды оқытсақ, оларда ағылшындардан кем болмайды деген жағдай қазақтарға да тән еді.

Бұл көру, есту, байқау арқылы, сондай-ақ үйрету, түсіндіру, оқыту тәсілімен қалыптасады. Ол үшін ынта, қызығу, ыждағаттық, ес қажет. Білімнің түрі – көп. Білім алуда оңай емес. Халық білім алуды «инемемен құдық қазу» дейді. Ғылым білім алудан күрделі. Ол ізденіс, үйреншікті жол емес. Ізденіс барлық жағдайда сәтті бола бермейді. Әйтпесе, кез келген адам ғылым жолына түссе де ғалым бола бермейді. Кейде ізденіске түскен ғалым тәжірибесінен керек қорытынды жасай алмай сергелдеңге де түседі. Кейде нәтижеге жете алмай өмірден өтуі де мүмкін. Бірақ, ондай еңбек адамын ғалым емес деп те ешкім айта алмайды. Өйткені, ол еңбектенді. Бәлкім ұстаған әдісі дұрыс болмаған, не жіберген қатесі болуы мүмкін. Бірақ, оның сәтсіз тәжірибесі басқаға сабақ болуы сөзсіз.

Бұл да ғылым сабақтастығына жатады. Сабақтастық ғылымның даму жолы. Ғалымдар бірінің ойын, бастаған ісін бірі дамытқан. Бұл – шығармашылық. Бірақ, сабақтастық бірінің ойын, ісін пайдалану емес. Ғалым, ісіне адал, ойы таза адам.

Білім алудың екі түрі бар. Бірі, өздігінен, күнделікті өмірден көріп, білу арқылы қалыптасады. Екіншісі, оқып, үйрену арқылы, еңбектену нәтижесінде игеріледі. Бұл мамандық кәсіптік, өнер сияқты білімдер. Бұған жататындар – емшілік, сынықшылық, жұлдызшы болу, түрлі кәсіпкерлік, қолөнерін игеруші ұсталар (темірден, мыстан, ағаштан) бұйым

жасайтындар, (түрлі құрал-саймандар, кебеже, кереге, шаңырақ, уық, есік, ер-тоқым, үзенгі, ауыздық, таға, кілем тоқып, киіз басатындар, келі-келсап, домбыра, қобыз жасайтындар). Бұл мамандықтар жәй көру арқылы емес, алға мақсат қойып, үйрену арқылы игеріледі. Солардың ішінде ең күрделісі оқып, білім алу. Бұл үлкен ыждақаттылықты, ынта қоюды қажет етеді. Өнердің түрі көп, бәрінде ынта қойғандар игерген. «Дүние азабын көрмесін десең, балаңды білімге, кәсіпке баулы» – дейді Жүсіп Баласағұн (1015-1086 жж.).

Француз философы Огюст Конт (1798-1857 жж.) барлық дәлелденген білімді – ғылым деп есептеген дедік. Сөйтіп ол білім мен ғылым арасын ажыратпады. Барлық өмірде дәлелденген білім қашанда оңды (позитивті) олай болса, ол ғылым деп дәлелдеді. «Позитивизм» деген алты томдық еңбек жазды. Бірақ, тарих бұл пікірдің қате екенін көрсетті. Әрине, **ғылымның бәрі білім. Бірақ, білімнің бәрі ғылым емес.** Білімнің ғылым болуы үшін объектінің сыртқы байланысын байқау жеткіліксіз, оның ішкі заңдылығын ашу керек. Заңдылығы ашылмаған тек себеп-салдарға негізделген білім ғылым емес. Ол өткенді талдап, болашақты айқындап айта алмайды. Әрине, бір нәрседен ...бір нәрсе болатынын байқау қиын емес, ол – білім. Бірақ ол әлі ғылым емес. Бәлкім содан болса керек Ю.М. Давид себеп-салдар дүниеде жоқ, ол тек санада қалыптасқан дегені. Бірақ, мәселе олай емес. Себеп-салдар әлемде бар құбылыс. Тек оның заңдылығын ашу қажет. Ол ғылымға тән. Білім оны тек сезеді, бірақ ашпайды.

Білім таным арқылы ғылымға ұласады. Ғылым табиғатқа екпінді араласады, оның даму барысында әсер етеді, объектіні өзгертеді, жаңалық ендіреді. Ғылым – шығармашылық. **Білім танымнан басталады, таныммен шектелетін болса, ғылым танымнан басталып объектінің ішкі құрылымын ұдайы қарастырып, жаңалық ашады.** Бұл мәңгі процесс, ілгеріге ұмтылыс.

Сонымен білім үйренуге, есте сақтауға негізделген болса, ғылым байқаудан, таңданудан басталып, тәжірибе жасауға шығармашылыққа негізделген.

2.4. Білімдік таным дәрежелері

а) Білімдік танымның эмпирикалық әдістері

Әдіс – ол әрекет, айла, құрал, сайман. Басталған іс сәтті болуы үшін объектіге қолданылған әдіс сол объектінің ішкі құрылымына сай, қайшы келмейтін болуы тиіс.

Философияда танымның екі түрлі әдістері келтіріледі. Бірі – эмпирикалық әдіс, екіншісі – теориялық әдіс. Оқулықтарда бұл екеуін ғылым-зерттеу әдістері дейді. Ғылымда бұл әдістер қолданылады. Бірақ, бұл әдістер ғылымға дейін де, білім дәрежесінде де қолданылған. Сол әдістерге жататын: **байқау, бағдарлау, салыстыру, өлшем, тәжірибе**. Осылардың ішінде тек тәжірибе жасау ғана ғылымға жатады. Қалғандары ғылымға дейін болған. Тәжірибе әдісі бір нәрсенің нәтижесін байқау үшін объекті арнайы жасалған қалыпқа салынып, соны шындыққа жақындатып, сынға келтіру, шыққан нәтижесінен қорытынды жасап, пікір айту. Ол әдісті ғылымда қолданады. Білім дәрежесінде де осыған ұқсас әдіс бар. Ол бүкіл – өмір, практика.

Ал, эмпирикалық әдістер білім дәрежесінде кеңінен қолданылады. Мәселен, **байқау** әдісі. Адам айналасындағы болып жатқан құбылыстарды байқайды. Көз бен жарық, қараңғыны ажыратады. Жарыққа байланысты түрлі: ақ-қара, қызыл-жасыл сияқты түстерді, құлақпен қатты-жұмсақ дыбыстарды, денемен ыстық-суықты, құрғақ-ылғалды ажыратады. Бұларды тіршілік иелері де сезеді, бірақ әрқайсысы әртүрлі қабылдайды. Соған сәйкес адам

әрекеттенеді, ойланады, ал тіршілік иелері де өзінше реакция жасайды, ыңғайланады, бейімделеді. Бірақ, олар да сана жоқ. Адамда сана бар. Сондықтан адам ондай түстік, дыбыстық, климаттық құбылыстарды тек еріксіз сезіп, қабылдап қана қоймайды, әрекеттенеді неге байланысты болатынын пайымдайды. Дыбыс қимылдарға еліктеп адам өзі де соны қайталайды. Содан сапалы дыбыс (дауыс, кейін жеке сөз) әр нәрсеге ат қою пайда болды. Одан кейінгі эмпирикалық әдіс – **салыстыру**. Сол арқылы алыс пен жақынды, ауыр мен жеңілді, түстің ашық не күнгүрт, бұлыңғыр, айқын емесін ажыратады. Бұл да сананың пайда болуына себепкер. Жүретін жолдың алыс-жақындығын атпен жүру арқылы белгілеген. Түстік жол, бір күндік, бір айлық жол деген сияқты. Қазақ ең жақын жерді иегінің астымен: «Мынау тұрған жер ғой» деген. Осыған орай күлкі әңгіме болған: «қазақтың мынау тұрған жер дегенін, жаяу жүретін жолаушы бір күн жүріпті» – деген. Өйткені бұл 15-20 шақырымдық жер.

Салыстыру арқылы адам өзіне «пайда – зиянды», жер қашықтығын, туыстық байланыстығын, алыс-жақындығын ажыратқан: «әке-бала, апа-іні, ата-әже, немере, туыс-жақын, «жекжат»» деп бөлген. Сол салыстыру арқылы сұлу, көрікті, көрікті еместі, лайықты, лайықсыз деп ажыратты. Салыстырудың мәні – адам санасын оятуда, ілгерілеу, дамуда маңызы зор. Саналы адамның ең басты қасиеттерінің бірі, оның салыстыру арқылы әр нәрсенің сапасын білуі. Салыстыру прогресс негізі. Мал еш нәрсені салыстыра алмайды, жақсыны үйрену де жоқ. Салыстырудың кейінгі бір түрі, ол сауда-саттық. Салыстыру бұрын көзбен, шамамен, жасалса, бірте-бірте таразы пайда болды. Американдық ғалым Л. Паулинг химиядағы молекуладан бөлінген бөлшектерді атомды айналып жүрген электронмен салыстырып резонанс теориясын ашты.

Салыстырудан кейінгі әдіс – **өлшем**. Ол салыстыруға қарағанда әлдеқайда күрделі. Өлшем – ол нақтылық, есеп. Салыстыру, ұқсату, шамаға сүйенетін болса, өлшем – ол сандық есеп. Өлшем арқылы аз-көп, ауыр-жеңіл, ұзын-қысқа, бай-кедей айқындалады. Дүниеде бәрі өлшемді, әдеміліктің өзі өлшем. Дүниеде тірі, не жансыз заттардың бәрі өлшемге негізделген. Өлшемі бұзылған зат ұзақ тұрмайды, қирайды. Салмақтың ең кіші өлшемі – мысқал (грамм), одан кейінгі қадақ (400 грамм), бұт (16 кг.), батпен (шамамен тонна, одан әрі салмақ бәрі батпан). Уақыт өлшемі. Ең тез, жылдам уақыт, кірпік қаққанша, секундтан да тез. Содан кейін «Сүт пісірім уақыт» (15 мин.), «ет асым уақыт» (2,5-3 сағат), «таң атты», «кешқұрым», «күн шықты», «күн батты», «тал түс», «түн ортасы», т.с.с. «Молшылық», «Таршылық», «зәулім биік», «тұңғыық-терең». Әрбір іс сәтті болуы үшін, өлшемі болуы керек. «Ерліктің де», «шыдамдылықтың да», «сыпайылылықтың да», «еркіндіктің де» өлшемі бар. «Қалың топ ішінде сөз бастау қиын ба?», «Таршылықта ел бастау қиын ба?» деген сөздерде әр нәрсенің шамасын айтып отыр. Қазақта «Сауда да достық жоқ» – деген мақал бар. Бұл өлшем, есеп. Достықтың негізі «ешкімнің есесін жемеу», таразыға салғандай таза адал болу. «Судың да сұрауы бар» – деген мақалда сол есеп жатыр.

«Мата даңқымен бөз өтеді, Ата даңқымен қыз өтеді» – деген мақалда тағы да сол өлшем жатыр. Егер қыздың ата-анасы, өскен ортасы жақсы болса, онда ол қыз да әдепті, тәрбиелі деген сөз. Сонда ата-ана сол өлшем. Жақсыға да, жаманға да өлшем қолданылады. Ғылымда «аксиома», «модель» деген ұғымдар бар. Олардың да негізі сол өлшем.

Тыйымдар. «Үйге қарай жүгірме», «Таяққа сүйенбе!», «Жерді сабама», «Малды маңдайынан ұрма», «Табалдырықты баспа», «Дастарханды аттама» т.с.с. **Ырымдар:** «Мініп келе жатқан аттың ішін тартса, жолың болмайды». «Тауықтың

кеш батқанда шақырғанын, иттің ұлығанын жамандыққа жорыған. т.сс. Бұлардың бәрі өмірді байқаудан туындаған кәделер. Бір нәрседен кейін бір нәрсе туындайтынын пайда болған ойлар, ғылыми емес. Бұлар эмпирикалық әдістерге жатады, өмірді бақылап байқаудан туындаған.

б) Білімдік танымның теориялық әдістері

Эмпирикалық танымнан кейін, одан жоғары тұрған объективтік дүниетаным – теориялық таным. Ол объектіні оймен топтап, жұмдастыру арқылы пайда болады. Теория – қашанда ғылым негізі. Бірақ, теория ғылымда ғана емес, білімде де, дінде де болады. Теория объективтік процестерді жинақтап, байланыстарын, қасиеттерін байқау арқылы жасалады. Ол үлкен, күрделі, түсінуге қиын процестің ең қысқа, айқын жаттауға жеңіл жинақталған түйіні. Сондықтан бір күрделі процесті түсіндіру үшін бәрін жайып салып, айтудың орнына бір ауыз сөзбен түсіндіру әдісі. Ондай ой қорытындысын, түйінін теория дейді. Теория бірден пайда болмайды. Ол көп көргеннен, білгеннен ой орамы болып келеді, құрастырылады. Сонымен, әр нәрсенің ой түріндегі түсінік, түйіні теория. Теория айтуға, ойда сақтауға оңай, әрі қысқа, әрі нұсқа, ұйқас болуы тиіс. Оны ғылымда да, жәй ой таластарда да, уәж ретінде қолданады. Қазақ ауыз әдебиетінде ондай рөлді халық мақал-мәтелдері атқарған. Ол да мыңдаған жылдар әбден сыналған ой тұжырымы. Теория мақал-мәтелден бастау алған десе де болады.

Қазақ ауыз әдебиеті мақал-мәтелдерге өте бай және жиі қолданылған. Ол ешқашан тікелей мәселені шешкен емес, бірақ оны тез түсінуге, белгілі қорытындыға келуге себепкер болған. Шешен билер қашанда әңгімесін мақалмен астарлап дәлелдеген. Көшпелі – мал баққан елде ғылым болмаған, бірақ соның рөлін атқарған өмірден

туындаған білім, сондай-ақ мақал-мәтел дедік. Мәселен, «Бөтен елде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол!», «Атаның баласы болма, адамның баласы бол!» – деген сияқты мақалдар. Олардың тәрбиелік, патриоттық мәні өте жоғары. Мақал, мәтел өмірден туындайды. Қай заманда дүниеге келсе де еш уақытта ұмытылмай халық санасында сақтала берген. Олардың ішінде рухани артефакт рөлін атқаратындарда бар. Сондықтан, мақал-мәтелдері мол елдің тарихы ұзақ екенін байқатады. Одан соң, мақал, мәтел әр халықтың тарихын айтып тұр. Мәселен, «Ата көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер» – деген мақал қай заманды бейнелейді? Садақты қару етіп, оның оғын ағаштан жонып, ұшқырлап, аң аулап, мал терісін пішіп, киім еткен дәуірді. Олай болса, мақал-мәтелдер халықтың қоғамдық сана дәрежесін бейнелейтін болса, сондай-ақ оның қай заманда туындағанын, тұрмыс-тіршілігін көрсетеді. Мақал-мәтел, сонымен қатар тілдің де тарихы.

Формалдау әдісі. Сондай-ақ, көшпелілердің саудамен көп айналыспай мал бағумен өмір сүрген этнос екенін білеміз. Олар сандық есепті белгілі мөлшерде ғана қолданған. Одан әрі санды керек етпей топтап айтуды ұнатқан. Оны ғылымда формалдау әдісі деген. Қазақ елінде ол өте көп тараған. Мәселен, қазақтар аз-көпті топтап есептеген. Мәселен, ұсақ малды (қой, ешкі) қораға бөліп ұстаған. Айталық бір қорада бес жүз, не мың, уақ мал болған. Жылқыны «үйірге» бөлген. Әр үйірде 10-12 жылқы болған. Мәселен, он қора уақ малы, 15-20 үйір жылқысы бар деген формалдау ұғымдары. Абайдың: «Атадан алтау, анадан төртеу, жалғыздық көрер жөнім жоқ» дегені, немесе «Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді» деген мақал. Бұл да формалдауға жатады. Қазақ сөзін қашанда осылай топтап айтқан. Төбеден түскендей етіп айтқан сөзді ел ұнатпаған. Қазақ әңгімелерінде сандық мөлшерден гөрі формалдап айту

басым болған. Қазақ балаларының санын да топтап айтқан. Жалпы санақты ұнатпаған, қауіптенген. Ақан серінің «Шырмауық» деген өлеңі сол айтылғанның дәлелі. Ол: «қазақ жерін өлшеп, малын, жанын санап, шырмауықтай шырмап алды» деген болатын.

Абстракциялау әдісі. Қазақ арасында әр нәрсені топтап қана емес, жұмбақтап айтуға кең тараған. Ол үшін әр нәрсенің дәл атын атамай, тек кейбір сыртқы қасиеттерін, қимылдарын бейнелеу арқылы айту. Қазақ жұмбақтары сол абстракциялық бейнелеуге негізделген. Мәселен, «Айдалада ақ отау, аузы, мұрны жоқ отау». Бұл жұмбақтың шешімі – жұмыртқа. Оның кейбір қасиеттерін бейнелеу арқылы жасалған. Немесе, «Қара сиырым қарап тұр, қызыл сиырым жалап тұр?». Бұл не? Бұл ошақта тұрған қара қазан, астында оны орап тұрған жанған жалынды от. Кейбір тіпті дамыған этностарда мұндай абстракция белгісіз болған. Сондықтан, XIX ғ. өмір сүрген неміс философы Г. Гегель (1770-1831 жж.) түсіндірмек болып, «Кім абстракты ойлай алады», деп аталған арнайы мақала жазған болатын. Қазақтарға ондай мақала жазып түсіндірудің қажеті болған жоқ. Ол ерте замандардан-ақ белгілі әдіс. Мәселен, балаларға арналған жұмбақ: «Сарқыраманың ар жағында, көк жиектің бер жағында маңыраманы ұлама жеп жатыр» деген жұмбақ. Маңырамасы – қой, ұламасы – қасқыр. Немесе, «Ұзын-ұзын із келеді, ұзын бойлы қыз келеді». Бұл жұмбақтың шешімі – «жылан».

Абстракция үшін әрбір объектінің барлық қасиетін, сипатын айту емес, тек бір ғана, бірақ ерекше қасиетін бейнелеу арқылы объектіні түсіндіру, сипаттау. Бұл ой байлығына жатады.

Идеалдау. Бұл өмірде болмайтын, бірақ қиял керек ететін ой құбылысы. Ғылымда «идеалды газ», «абсолютті қара түс» деген ұғымдар кездеседі. Өмірде ол жоқ, бірақ,

болғанын керек ету, Қиял, ауыз әдебиетінде әртүрлі жағдайда батырды ешқандай жаудан қорықпайтын, оның астына мінген тұлпарын желден жүйрік, әрі адамша сөйлей алатын, ғашығын дана ғажап сұлу, дана етіп көрсету дәстүрі болған. Оны халық санасы керек еткен, ұнатқан. Ақын, жырау, жыршы сол биік тілекті орындаған. Мәселен, «Қобыланды батыр» жырындағы, батыр мінген «Тайбұрыл» шауып келе жатқанда «көлденең жатқан көк тасты», оның тұяғы, «саз балшықтай илейді». Бұл мүмкін бе? Әрине, мүмкін емес, бірақ ел әсірелеуді керек еткен. Қиссаларда қалың жауға батырлар жалғыз шауып, жауын қиратқан. Бұл да әсірелеу. Мәселен, жырда, жауға шауып бара жатқан Қобыланды батыр айтады: «Мен жауыма барғанша қар жаумасын, нан жаусын. Мен жауыма барғанда қар жаумасын, қан жаусын» деп. «Алпамыс батыр» эпосында Алпамыс батырды «отқа салса жанбайтын», «суға салса батпайтын етіп суреттейді. Бұл да идеалдау. Идеалдау жырда айту керек болған. Ол жастарды батырлыққа баулу үшін. Ал өмірде өтірік айтқанды ел сынаған. Ал Қиссадағы идеалдау, басқа өмірдегі шындықтан артық болса да тәрбиелік мәні алда тұрған.

Әзірбайжан, Түркімен, қазақ халықтарына тән ортақ «Көр Оғлы» деген эпос бар. Сюжеті: екіқабат әйел дүние салады. Ол әйелден бала көрде дүниеге келеді. Ол тек ананың емшегін еміп, өседі, кейін көрден шығып жүрген баланы көріп қалған ағайындары баланы аңдып, ұстап алып, өсіреді. Кейін ол мықты батыр болады. Сол сюжетке, Әзірбайжан композиторы Узеир Гаджибеков (1885-1948 жж.) «Көр Оғлы» операсын жазды. И. Сталин сол ғажап операны ұнатып, Кремль театрында талай тыңдаған. Қазақ күйшісі, композитор Даулеткерей (1820-1886 жж.) керемет «Көрұғлы» күйін дүниеге әкелді.

Үлкен орыс ғалымы В.И. Даль (1801-1872 жж.) Орынборда әскери дәрігерлік қызмет атқарып жүріп, қазақ

ауылдарын жиі аралаған. Оның қазақ көшін суреттеп жазғаны – ғажап. Көш алдында атқа мінген ел ағасы келе жатады. Одан соң тізбектелген түйелер де қоршауға орналасқан кемпір-шал, әйел, бала-шағалар. Көштің екі жағында атқа мініп, қызыл-жасылды киінген жас қыз-жігіттер. Көш артында мал, оның екі жағын ауыл итері көшті қорғап келе жатады. Бұл бір салтанатты көрініс, қозғалып келе жатқан ерекше қала сияқты көрінеді деп жазған болатын. Қазақ көші туралы Мұхтар Әуезов те жазған. Бірақ, М. Әуезов көштің мазмұны жағына мән берген болса, В.И. Даль оның сыртқы әдемі көрінісіне мән берген болатын.

Айналып келгенде бұл да идеалдау, әсірелеуге жатады. Идеалдау жақсыға, ойдан құрастырылған құбылыс өнеге. Бұлардан басқа анализ, синтез, индуктивтік, дедуктивтік әдістер бар. Бұлар ғылыми танымның эмпирикалық дәрежесіне жатады. Жіктеу (анализ), тонтау (синтез) әдістері өмірде қолданылған, ал индуктивтік (саралау), дедуктивтік (жұмдалған) әдіс қолданылады. Білім дәрежесінде де соңғы әдістер қолданылғанмен, онша көп айтыла бермеген. Тек ғылыми зерттеу дәрежесінде кеңінен қолданылған.

Қазақ стихиялық болса да философ халық. Философияның негізгі категориялары оларды қазақ қолданған. Бұл онтология, гносеология, логика, аксиология.

Мәселен, **Онтология** дүние негізінде не жатыр? Әрине материалдық жағдай. Қазақ айтады: «Әуелгі байлық-денсаулық; екінші байлық – ақ жаулық; үшінші байлық – он саулық» деп. Бұл тірлік негізі не екенін айтқаны.

Гносеология – таным ілімі. Қазақ айтады: «Көре, көре көсем болады, сөйлей, сөйлей – шешен болады». Бұл таным.

Логика – ой уәждігі. Қазақ айтады: «Әр нәрсенің сәті бар» деп, яғни бастаған іс қалай болса, солай емес, ретіне, ыңғайына қарап іске кірісу. Немесе: «Адам болар баланың адамменен ісі бар. Адам болмас баланың адаммен несі

бар». Міне бұл – логика, «Уәжді сөз орнын табады, уәжсіз сөз егесін табады» – деген.

Аксиология – құндылық. «Алтынның қолда бар да қадірі жоқ». «Бәрінен де бар жақсы». Алақаныңды жұмып ұстасаң, қолыңа ешнәрсе түспейді. Алақаныңды ашып ұстасаң, қолыңда ешнәрсе қалмайды. Алақаныңды орташа жұмып ұста». «Мал баққанға бітеді», «Байлық қолдың кірі, жусаң кетеді», деген сияқты. Немесе «Алаған қолым, береген». «Туысың бар болсаң көре алмайды, жоқ болсаң – бере алмайды» деген. Бірақ «Бәрінен де жоқ жаман».

Диалектика. «Қысың – тұманды, ауруың – тұмау болсын!». Бұл бір тілек. Бұған қарсы да тілек бар. «Тұманның арты жұт болар. Тұманның арты – құрт болар» И. Кант айтқандай бұл антиномия. Жалпы қазақ мақалдары антиномияға құралған.

Тарихта осындай ойларды ойшыл-даналар дамытты. Олай болса ертедегі қазақ елінде философиялық ойлар өздігінен кеңінен дамыған. Бұл келтірілгендер тек білім әдістері мен түрлері ғана емес, ол халықтың тарихы деуге де болады.

2.5. Ғылымға ұмтылыс

Огюст Конт «дұрыс» пікірді бес тұрғыдан қарап, ойын дәлелдемек болады. Ол мына ойлар: 1) білім шын болуы тиіс, химерлік, яғни қияли, фантастикалық емес. 2) Білім пайдалы болуы тиіс, пайдасыз емес. 3) Ол айқын болуы тиіс, күдікті емес. 4) Білім нақты болуы тиіс тұрлаусыз емес. Ақырында, 5) білім дұрыс болуы тиіс, керісінше емес¹. Міне осы бес принципке негізделген білім – ол ғылым деп қорытынды жасайды. Сондықтан, дейді Огюст

¹ Конт Огюст. Дух позитивистской философии. Росл «Феникс». 2003, 7 бет.

Конт, білімде қате кетсе, онда оны тез жөндеу керек, әйтпесе соңы ауыртпалыққа әкеледі¹ деп жазды. Әрине, Огюст Конттың бұл айтқандары шындыққа жатады. Білімде нақты, айқын, шын, жалған не күмәнді емес болуы тиіс. Білім де адамға сол үшін керек. Бірақ, білім ғылымға айналуы үшін бұл келтірілген дәлелдер жеткіліксіз. Өйткені, білім табиғаттың ішкі заңдылықтарын ашқанда ғана ғылымға айналады, өткенді талдап, қорытып, болашақты болжап айта алады. Бұл – бір. Екіншіден, Огюст Конт «ғылым өзіне өзі философия»², олай болса ғылымнан бөтен философия болуы қажет емес дейді. Бұл оның екінші қатесі. Өйткені, оның ғылым деп отырғаны тек білім, ғылым емес. Одан соң ғылым мен философия бір емес. Ғылым таным нәтижесі, ал философия сол ғылымға көзқарас, оның даму жолын айқындау. Г. Гегель айтқандай, философия ғылымды теориялық жағынан толықтырады, ал өзі ғылымнан өзіне қажетті факті алады. Бұл екеуі, сөйтіп, бір-бірін толықтырады. Мәселен көшпелі қоғамда білім болды, ауыз әдебиеті дамыды. Осы айтылған Огюст Конттың бес принципі қазақ ауыз әдебиетіне, біліміне тән деуге болды. Бірақ, ғылым болмады. Қазақ ағартушылары сол ғылымды армандады.

«Қырғыздарда шамандықтың іздері» деген еңбегінде Шоқан Уәлиханов аңқау елді сынаппен «емдеп», ден-бойын уландырып жүрген емші сымақтардан. «Дала мұсылмандығы» деген еңбегінде ол халық санасын тұмандатып жүрген надан, дүмше молдасымақтардан арылуды алға қойып, «Сот реформасы жайлы жазбаларында» ел тіршілігіне жат орыс заңдары емес, жергілікті халыққа түсінікті заңдар қабылдануын армандады. Атбасар уезіне Аға-сұлтан болып сайланбақ ниеті жарысқа түскенде Шоқан сол ойын өмірге

¹ Конт Огюст. Бұл да сонда, 29 бет.

² Бұл да сонда, 7 бет.

ендірмек болып мақсат қойды. Бірақ өз халқын прогреске тартпақ оны реакциялық жүйе басып тастады.

Қазақ еліне ауадай қажет өнер мен ғылым күдіретін айта келіп, Ыбырай Алтынсарин:

«Өнер – білім бар жұртта
Тастан сарай салғызды.
Айшылық алыс жерлерден
Көзіңді ашып жұмғанша
Жылдам хабар алғызды.
Аты жоқ құр арбаны
(Қазақ оны от арба деген – д.к.т.к.)
Мың шақырым жерлерге
Күн жарымда барғызды».
Адамды құстай ұшырды¹, деп жазды.

«Кел, балалар, оқылық» деген өлеңінде ол:

«Сиса көйлек үстінде
Токуменен табылған
Сауысқанның тамағы
Шокуменен табылған
Өнер, білім – бәрі де

Окуменен табылған»² десе, Абай бұл ойды тереңдетті. Ғылым мәселесіне байланысты Абай Құнанбаев былай деп жазды: «Орысша оқу керек, хикметте, мал да, өнер де, ғылым да орыста тұр. Зарарынан қашық болуға, пайдасына ортақ болуға, тілін, оқуын, ғылымын білу керек. Оның үшін олар дүниенің тілін білді, мұндай болды. Сен оның тілін білсең көкірек-көзің ашылады»³. Абай ойын қорыта келіп: «Орыстың ғылымы, өнері – дүниенің кілті, оны

¹ Алтынсарин Ыбырай. Өнер, білім бар жұртта. – Алматы: «Жалын», 1991, 14 б.

² Бұл да сонда. 12-13 бб.

³ Құнанбаев Абай. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Екінші том: – Алматы: «Ғылым», 1971, 161 -162 бб.

білгенге арзанырақ түседі»¹ деп жазды. Бірақ, Абай орыс тілін жәй ғана біліп қойған жоқ. Ол оның мәнін терең түсініп, ғылыми дәрежеге көтерілді. Дәлел болатын Абайдың «Қырық үшінші» қара сөзіндегі мына терминдер: «подвижной элемент», немесе «сила притягательная однородного»². Сондай-ақ Абай қолданған «впечатлительность сердца»³ деген сөздер. Мәселе, Абайдың сол сөздерді қолданғанында. Орысшаны жастайынан оқыған Шоқан Ыбырайға карағанда. Абай орыс тілін ересек болғанда өздігінен мектепке барып, жас балалармен қатар партада отырып, орыс тілін үйреніп қана қойған жоқ, оның мәнін терең ұғынуға тырысты. Сондықтан ол, орыс тілін барынша меңгерейік деп ұран тастады.

2.6. Ғылым

Егер біз жансыз дүние даму шыңы бүкіл әлемнің бір тәртіпке келуі, объективті заңдылыққа бағынуы, бірінен бірі туындайтын өзара тығыз байланысы десек, жанды дүниеде – тіршіліктің пайда болуы, жан-жануарлар, саналы адам қалыптасуы, дамуы дейміз, Сондай даму шыңына жататын рухани дүниеде ғылымның пайда болуы. Тарихта адам санасы да бірте-бірте пайда болып, дамыды. Ақыл-ой, ертек-жұмбақ, поэзия, дін, өнер дүниеге келді. Таным нәтижесінде алғашқы білім түрлері (медицина, есеп, ой, жыл мезгілдерін – байқап айыру, философия т.б.) пайда болды. Құқықтық заңдар жасалып, саясат пайда болды.

Біздің заманымыздың XVII ғасырында қоғамдық санан шыңы – ғылым дүниеге келді. Ғылым ол тек себеп пен салдарды байқау емес. Ол алдымен әрбір объектінің

¹ Бұл да сонда, 221 б

² Бұл да сонда.

³ Бұл да сонда.

ішкі байланысын ашу, заңдылығын көрсету, әр нәрсенің сыртқы да байланысын шешу, бір құбылыстан кейін бір құбылыстың болатынын болжау, айтып беру – ол өмірден алынған білім, бірақ ғылым емес. Ол білім дәрежесінде объектінің ішкі құрылымын білмейді. Ол жоқ жерде адам сенімі терең талдап, нақты болжам айта алмайды, тек шамалайды.

И. Канттың «Таза ақылға сын» – деген еңбегінде қарама-қарсы ойларды, пікірлерді қарастырып, ой қарсылықтардан тұратынын, сол қарсылықты жеңу арқылы шындыққа жетуге болатынын айтады. Мәселен, «дүниеде бәрі күрделі». Бұл – бірінші ой. Екінші ой «әрбір күрделі ой қарапайымнан тұрады». Бұл пікірдің мәні үлкен. Өйткені әрбір қарапайымның өзі де күрделі. Дүниеде неше түрлі түсініксіз құбылыстар болады. Бір Қарағанда оны түсініп білу мүмкін емес. Ал сол күрделі құбылысты андап қарасаң, ол толып жатқан байланыстардан тұратыны. Күрделі құбылысты түсіну үшін алдымен сол құбылысты ажырату керек. Ғылым – дегеніміз сол күрделі құбылыстың байланысын ашу. Зерттеуші соны тапса, бәрі айқын болып шыға келеді. Дана ғалым, данышпан, талантты ел басшылары неге айтқандары қарапайым, түсінікті болады? Өйткені дүниеде барлық күрделі құбылыстар жәй қарапайым құрылыстардан тұрады. Егер оны аша алмасаң, сенің басыңа айқын ой келмейді. Бәрі түсініксіз, бұралаңқы болып көрінеді. Бұралаңқы түсініксіз ой түсінбеген бастан туындайды. Олай болса, ғалымның айтқаны шын таным нәтижесі болса, ол қашанда анық. Ғалымның мақсаты – сол күрделінің ішкі механизмін ашып көрсету. Егер, ғалым сол күрделі байланысты аша алмаса, онда оның әрекеті тек ізденіс, нәтижесі белгісіз болмақ. Олай болатыны бәлкім оның іздену әдісі дұрыс емес, қате болар. Онда ол басқа әдіс қолданады. Сөйтіп көптеген ізденіс нәтижесінде ғалым бір нәтижеге жетуі

мүмкін. Егер ол байланысты ашуға бір кісінің өмірі жетпесе, басқа ғалым оның ізденісін жалғастырып, жаңалық ашады. Жаңалық ол күрделіні ашып көрсету. Бұл өте қиын. Бірақ қашанда оңай табыс жоқ. Дүниеде қандайда бір күрделі құрылым болмасын, оның негізі – қарапайым.

Міне ғылым сол үшін керек. Ғылым бар жерде өтірік жүрмейді. Платон айтады: «Бір адам әрі данышпан, әрі өтірікші болмайды» деп.

Қоғамда әділеттік нашар дамыса, заң барлығына бірдей талап қоя алмаса, сыбайластық жем қорлық, пара беру құбылыстары орын алса ғылым үстемдік құра алмай, оңай атақ алған ғалымдар мен плагиат еңбектер басып кетеді.

Ғылымды қолдау, ол үшін еңбектену, тазалық сақтау – қоғам дамуының бүгіні мен ертеңі. Ғылым туралы жан-жақты айтуға болады. Бірақ ең бастысы күрделіні талдап, бөлшектеп қарапайым құрылымын тауып, одан күрделіге көшу арқылы объектіні қоғамға қызмет еткізу. Бір кезде мұны Р. Декарт та айтқан болатын.

Ғылым түрлері көп, негізі бір. Ғылым қоғамдық сана бәйтерегі, бағыттауы, өзегі. Ғылым – тазалық, шындық, прогресс. Ең алдымен ғылым философиясы деген осы. Қазіргі заманда қоғам дамысын десек, ғылымды дәрежесіне көтеру керек. ***Ғылым табиғат құпиясын ашатын, белгілі жағдайда өндіруші күшке айналатын ой.***

Әрбір күрделі құбылыс – ол тәртіптелген, реттеліп жүйеге келтірілген қарапайым. Егер күрделі, түсініксіз шешілмейтін құрылым болса, ол шатасқан, шиеленген бұзылған құрылым, ұзақ өмір сүрмейді жойылады. Оған ғылым да жүрмейді. Ғылым үшін қандайда күрделі, бір қарағанда шым-шытырық, түсініксіз құбылыс болмасын, егер ол жұмыс істеп тұрса, онда оның кілті бар. Оны таба-тын ғылым. Ғылым үшін шешілмейтін, алынбайтын

құрылым жоқ. Барлық күрделілінің түбі қашанда қарапайым. Күрделі қарапайымнан туындайды. Оны ашатын – ғылым. Қоғамда біреу – король, біреу – император, не президент, кәсіпкер, жұмысшы, негізі бір адам. Буддизм айтады: адамдардың бірі жоғары, бірі төмен болмайды, бәрі күрделі бірдей деп. Адам әрі күрделі, әрі қарапайым. Адамды қинау – қауіпті.

Ғылым адам ойының нәтижесі. Мәселен, антик дәуірінде өмір сүрген Анаксимандр ең алғаш жердің моделі ретінде глобус жасады. Ол оны қайдан ойлап тапты? Жердің жалпақ емес, домалақ екенін қайдан білді? Ол жерде туып, жерде өмір сүрді. Жерді сырттан керетін басқа әлемнен келген жан емес. Өйткені оны ол болар, не басқа болар, жердің шар сияқты домалақ екенін, жердің Ай бетіне «тұтылған» да түскен көлеңкесінен байқап білді. Сол сияқты Айдың бейнесін күн бедерінен де, былайша да байқайды.

Сол байқау антик философтарын әлем негізіне не жатады, бастауы не деген сұрау ойландырады. Егер Фалес оны бастауы «су» десе, Анаксимен «ауа», ал Анаксимандр «апейрон», яғни әлемнің ең кішкентай бөлшегі деп, сондай көзге көрінбейтін, дыбысы естілмейтін, қимылы сезілмейтін, «атом» деген Демокриттан әлде қайда бұрын айтқан болатын. Осындай болжамдарға себеп болған ой, толғам болатын. Барлық «білімнің», одан кейін «ғылым» бастауы адамның ойлау қабілеті.

Бүгін ғылым өмірдің қозғаушы күшіне айналды. Оның араласпаған жер бетінде, қойнауында, космоста бірде бір объект жоқ. Бүкіл материалдық, рухани дүние, өндіріс, техника, мәдениет, өнер, саяси-қоғамдық өмірдің барлық салаларына негіз болып отырған ғылым. Әрине, ғылымның дүниеге келуі тұрмыстық талап. Сол талапты орындау үшін ақыл-ой қажет. Олай болса бір жағынан қажеттілік ақыл-ойды дамытса, екінші жағынан, сол орындалған

талап нәтижесінде ақыл-ой өзі де ілгері дамып, ғылым пайда болды. Неше түрлі техника, машина, аспаптар сол ойдың жемісі.

Ғылым бір жағынан қарыштап дамып, екінші жағынан тереңдеуде. Мәселен бүкіл тіршілік негізі – топырақ, су, ауа дедік. Бұларды түсінген адам баласы табиғатты ұдайы зерттеуде. Қазір, тек сол топырақты зерттейтін көптеген ғылымдар дүниеге келіп, ғылыми-зерттеу институттары пайда болды. Сол сияқты суды ауаны да талдап, терең зерттеп, көптеген адам тіршілігіне, қоғам дамуына қажетті, пайдалы заттар табылуда.

Ғылым әрбір елдің даму деңгейінің көрсеткішіне айналды. Ғалымдардың ауыр ізденіс жұмыстарын қолдауда неше түрлі ғалымдарға жасалып отырған бәйге, сыйлықтың маңызы аса зор. Бүгінгі таңда сондай дәріптеудің биік шыңы – Нобель сыйлығына иегер болу. Егер ондай ғылымға – ғалымдарға қолдау болмаса не болар еді.

Ғылым әлемді ақпаратты (информациялық) ашық қоғамға айналдырып қана қойған жоқ. Компьютер, интернет өмірдің барлық салаларына енді. Бүкіл адамзат тарихы алғашқы қауымнан бастап бір этносты бір этнос ығыстыру, бағындыру, басып алу, жаулау тарихы болған болатын. Кейін бұл жер-жердегі жеке локальды соғыстар ондаған жүздеген миллион адамдардың өмірін қиятын, тіршілік шаруасын қирататын, азапқа салатын әлемдік қырғын шайқастарға, қауіпке айналды. Әрбір үлкенді-кішілі ел бәрі бір қауіпке кенелді. Өйткені әр ел өзін жарылғыш оқ-дәрі салынған бөшкеде отырғандай сезінетін болды. Олай болса біріне бірі сіріңке жағып лақтырып, отпен ойнау апат қатерге айналды. Осыған жеткізген де ғылыми-техникалық прогресс.

Бірақ өмір болған соң бәрі мүмкін, қиындық қайшылықтар бар. Десек те оларды келісім арқылы шешу

қажеттілігі туындауда. Енді әлемдік соғыс бола қалса, бұрынғыдай бір ел жеңіп, бір ел жеңілетін заман өтті.

Қазіргі ғылым ендірген жойқын қарудан аман қалу мүмкін емес. Сондықтан бүгінгі мақсат – бір елге бір ел үстемдік ету емес, өйткені ғылымға, жоғары техникаға сүйенген кішкентай елде әлемге топалаң сала алады. Олай болса, заман императиві барлық елдер болып бірігіп планетамызды түрлі апаттан сақтау, өркениетті бола беру. Ғылымды соған қызмет еткізу. Бұл ғылым философиясына жататын мәселе.

2.7. Ғылым күрделі құрылым және ұғым

Ғылым күрделі ұғым. Оның жаратылыстық, техникалық, қоғамдық ғылымдарға бөлінетіні былай тұрсын, олардың әрқайсысы сан-сала ғылымдардан тұрады. Бұған қоса түрлі ғылымдар арасынан жаңа ғылымдар туындайтыны былай тұрсын, әрбір жеке ғылым да үздіксіз дамуда. Қазіргі ғылымды зерттеу үшін ғалымдар саны артуымен қатар ғылыми зерттеу жұмысын жүргізу үшін түрлі зертханалар, зерттеу институттары, зауыттар салынған. Ғылыми жұмыс атқару үшін түрлі күрделі аспаптар, жоғары техникалар жасалуда. Онсыз ғылыми прогресс мүмкін емес. Өйткені ғылым қоғамның даму дәрежесін көрсететін, үлкен қозғаушы күшке айналды.

Сонымен қатар ғылымның барлығына бірдей тән салалар, құрылымдар бар. Олар ғылыми таным әдістері, ғылымдағы эксперимент, ғылыми айғақ, түрлі болжамдар, теория, ғылымның өмір, өндіріс қоғаммен байланысы.

Ғылыми-техникалық процесс үздіксіз жүріп жатады. Бір себептен бір себеп туындайды. Ол неге әкеледі, өмірге не ендіреді, пайда-зияны қандай, оны өмір көрсетеді.

Ғылыми процесте ғылымға алдымен керегі оның ісінде шығармашылық еркіндік болу. Мұны қай замандарда да ғалымдар армандаған. Ол мүмкіндік қазір ашылды.

Бірақ, ғылыми зерттеу процесінде екі нәрсені естен шығармау керек. Бірі шығармашылық процесті басып тастамау, екінші, сол шығармашылық бастаманы бағдарлап, бағыттап отыру. Оның үстіне ғылыми зерттеу жұмысы көп қаражат керек етеді. Мемлекеттен бөлінген, қаражат есептеліп отыруы қажет, өйткені ғылымды жасайтын жеке адамдар заманы өтті. Ғылыми идея жеке адам басында пайда болуы мүмкін. Бірақ, оны іске асыру үшін жоғары дәрежедегі техника, қаражат, көп күш керек. Жаңа идея әлі ғылым емес, бірақ сол идеясыз ғылымда жоқ. Идея оңды болса – қымбат. Оны шашыратып алмау керек. Оған қызығатындар әр замандарда да болған.

Біріншіден ғылым бүтіндей рухани белгілі құбылыстарды жинақтап түйіндеген ой тұжырымы. Ол белгілі заңдылықпен нақты (факт) дәйектерден тұрады. Екіншіден, ғылым сараланған ой. Сондықтан, ол әрбір құбылыстың шығу, пайда болу себептерімен болар нәтижесін, салдарын кесіп айтады. Үшіншіден, ғылым жүйеленген ой тұжырымы. Ол нақты талапқа байланысты дүниеге келген. Ғылымды дүниеге келтірген сол нақты жағдай. Ғылым рухани дүние шыңы, тарихи-мәдени даму көрінісі. Сонымен ғылым – нақты жұмдалған ой. Сондай-ақ ол белгілі рухани жүйе, әрі мәдени даму дәрежесі.

Қазіргі заманда ғылымды да, өмірді де билейтін нарық болып барады. Нарық ғылымды басып тастамайды, бірақ, белгілі дәрежеде оны тізгіндейді. Ол қалай? Өйткені ғылымға қаражат бөлінгенде алдымен ойда тұратыны, пәлен қаражат бөлінді, енді оның қайтарымы қанша, ол пайдалы болуы керек. Тікелей және тез пайдасы жоқ ғылымға қаражат бөлінбейді. Егер біз ғылым жалпы теориялық және қолданбалы болып екіге бөлінеді десек,

онда нарық қаражатты сол екеуінің тек нақты пайда келтіретін қолданбалы саласына береді. Бұл нақтылық шығармашылық кеңшілікті тізгіндеп, нақты мерзімге бағындырады.

Ол былай. Мәселен, қаражат қысқа мерзімге, яғни үш жылға беріледі. Сол мерзімде берілген қаражат пайда әкелуі тиіс. Бірақ сол үш жылда ғалым не істей алады? Белгілі әдісті қолданып, пәлендей жасағанда нәтиже түгендей болады. Сонымен айналысады. Басқа жақтарын ізденіп, ойланып жататын мүмкіндік жоқ. Бұл тәртіп те теориялық ізденістің орнына практикалық талаптың басым болуы. Осыған сәйкес ғалымдар да бірте-бірте ойлаушы ғалымнан орындаушы ғалымға, теоретиктен гөрі практикке, ғалымнан гөрі білікті инженер, маман жұмысшыларға айналуға. Олай болса нарық билейтін заманда ірі ойшыл, теоретик ғалымдардың шығуы тарыла бермек.

Сөйтіп, Орта ғасырда Батыс Еуропа елдерінде Христиан діні ғылымды өзіне бағындырып тұншықтырып ұстаған болса, бүгін нарық ғылымды өзіне қаратып, оның шығармашылық дамуын қаражатпен шектеуде. Нарыққа керегі пайдасы бүгін белгісіз ойшыл үлкен ғалым емес, нақты қайтарым келтіретін білікті маман инженерлер.

Әрине, бұдан келіп, нарық билеген елдерде теориялық ғылымдар зерттелмейді деген кері ұғым тумаса керек. Мәселен, АҚШ нарық жайлаған ел. Ол елде қолданбалы білім өкілдері арасында Нобель сыйлығы игерлері көп. Бірақ, сонымен қатар теориялық (жаратылыстық, техникалық) ғылымдарда зерттелуде. Олардың ішінде белгілі ғалымдар да бар. Ол көп жағдайда әрбір елдің ішкі экономикалық жағдайына байланысты. Экономикасы ондай дәрежеде емес елдерде теориялық және практикалық ғылымдарды қатар жүргізу оңай емес. Сондықтан ондай елдерде амалсыз, нарық басымдық етеді.

Фанатик ғалымдар еш нәрсеге қарамай ізденіс жасауда. Десек те, олардың бастауына нақтылы техникалық қолдау, қаржы қажет. Ол жоқ жерде жаңалық бастау сөніп қалады, не басқа бір ел сол жаңа идеяны сезсе, тез іліп әкетуі мүмкін. Сондықтан біздің Қазақстан сияқты елдер мәселенің бұл жағында естен шығармағаны жөн.

Прогресс қашанда қайшылықтарды жеңу арқылы болатыны белгілі. Бұрын біз өндіріс тәсілінің дамуы өндіруші күштермен өндірістік қатынастар қайшылығын жеңу арқылы іске асатынын айтатынбыз. Сондай-ақ өмірде ғылым мен дін арасындағы қайшылық болғанын білеміз. Прогресс ғылымның дін үстемдігінен құтылуына байланысты болғанын өмір көрсетті.

Қазір еш жерде ғылымға қысымдық жасау жоқ. Ғылым қоғамның қозғаушы күшіне айналғанын білеміз. Бірақ, қай қоғамда болмасын ғылымға бір жағынан еркіндік керек болса, екінші жағынан сол ғылым басқаруды, бағыттауды керек етеді.

Кеңес жылдарында КСРО-да ғылым дамыды. Елде жаппай сауатсыздық жойылды. Орта білім алу заңға айналды. Мәдениет, өнер шарықтады. Бірақ, ғылымды коммунистік идеология биледі. Қоғамда таптық көзқарас үстемдік құрды. Бұл идеология мен саясатты түсінбегендерден «бүйректен сирақ шығарды»: ол заманда өтті, артта қалды.

Қазіргі күндері ғылымды нарық билейді дедік. Мұның да өзіндік плюс, минустары байқалуда. Плюс – ғылымға берілген кеңшілік. Одан соң ғылымға қажет қаражат та жеткілікті. Бірақ, сол қаражат қалай болса, солай емес, тек белгілі мақсатқа берілетіні. Ол рынок талабы. Ғылымға берілген қаражат тез пайда келтіруі тиіс. Ол нақты мақсат, қысқа мерзім көрсетілетіні. Ұзаққа созылатын, пайдасы әзірше жоқ, белгісіз ғылыми ізденіске, яғни теориялық жұмыстарға қаржы бөлінбейді. Қолданбалы ғылым

қайырымы тез, бірақ теориялық негізі таяз. Олай болса теорияны негіз етіп алатын ғылым мен нарық талабы арасында қайшылық туындауда. Ғылым болашағы үшін нарық тұсау болуда. Өйткені қаражатсыз ғылым дамымайды. Оны беретін нарық. Оған керегі тек қайтарым.

Қазір ғылыми-техникалық прогресс заманында ғылымды жеке ғалым дамыта алмайды. Көптеген қаражат, материалды-техникалық база, ғылыми қызметті қажет дедік. Былайша айтқанда спорттағы эстафета сияқты, ғылымда бірінің атқарған ісін екінші ғалым ілгері дамытып, көп болып, бір нәтижеге жету.

Бірақ бұдан келіп ғылымда жеке ғалымдар рөлі басылды, жоғалды деуге болмайды. Жеке ғалым болып жатқан түрлі құбылыстарды байқайды, салыстырады, салыстыру жасайды, ғылым дамуын бағыттап, идея ұсынып, оны іске асырудың жоспарын белгілейді яғни, зертханалар ашып, тәжірибе жүргізеді. Ғылыми идея өздігінен пайда болмайды, ізденгіш адам басына енеді. Олай болса қай заман болмасын ойшыл адам, теоретик керек.

Қашанда ғылымды дамытатын тобыр емес, көпшілік тек пайда болған идеяны іске асырады. Бірақ, сол идеяны айтатын жеке адамдар, ойшыл теоретик ғалымдар. Керек десе ғалымдар да бірдей емес, бірі – теоретик, бірі – практик, экспериментатор, не комментатор болып бөлінеді. Ол туралы кезінде Фрэнсис Бэкон, Дени Дидро айтқан болатын. Ғылымның негізін жасайтын теоретик ғалымдар. Солардың ішінен ғылымды ұйымдастыратын, ғалымдарға басшылық ететін ғалымдар шығады. Олар үлкен ғылыми коллективті басқарады, қоғам, мемлекет алдында өзіне ерекше жауапкершілік артады. Ғылыми-техникалық прогресс алдымен соларға байланысты.

Қазіргі ғылымды рынок қаражатпен билеп отырған кезде қандайда бір ғылыми-зерттеу институт болмасын, оның қызметкерлері ішінен теоретик-ғалымды күту мүмкін емес.

Өйткені қысқа мезгілге кесіп берілген қаражат ұзақ жылдар ойлауға мүмкіндік бермейді. Ал теориясыз ғылым қайырлаған кемедей, ілгері қозғалып дами алмайды, жұтанады. Сондықтан, бүгінде, ертеңде ондай теоретик-ғалымдарды біз университет қабырғасынан көруіміз керек. Университет профессорлары негізінен лекция оқиды, зертхана жұмыстарын жүргізіп, жастарды оқытып, тәрбиелеумен қатар ұдайы ой үстінде болады. Оларға қозғау салатын жас талапкер-бакалавриаттар мен магистранттар. Олардың ойын ешкім мерзіммен тежемейді, ойлау кеңістігі мол, көбінесе теоретик-ғалымдарды университет қабырғасынан, студенттер аудиторияларынан шығады деп күту. АҚШ-та және басқа дамыған елдерде теоретик ғалымдар университет профессорлары арасынан шығатыны тегін емес.

Қоғамға керегі тек ғылыми-зерттеу институтын басқаратын кез келген басшы емес, ондайлар көп, керегі ірі, терең көлемде ойлайтын ғалым, әрі көреген, зиялы адамдар. Олар үлкен ғалым болумен қатар, ғылымды ілгері бағыттай білетін, ұйымдастырушы қабілеті жоғары қайраткер болуы керек. Ондайлар сирек болсада қоғамда бар, тек оларды қоғам, прогресс тұрғысынан іздеп тауып, көтерген жөн. Бұл да ғылымның, бүгіні болашағы үшін қажет философиялық мәселелер.

Керегі ғылымды бөлшектеп, талдау емес, оны жаратып, тұлпардай етіп ұстау.

И. Ньютон механиканың классиктік теориясын жасады. Ол табиғатқа, болмысқа өзгеріс келтіретін әрекет жасап, тәжірибе жүргізген жоқ. Оның данышпандылығы өмірде болып жатқан түрлі табиғи құбылыстарды байқап, оның себептерін зерттеп, заңдылықтарын ашты. Мәселен, ағаш басындағы алманың, жерге құлап түсетіні, әрбір көлемі бар құбылыстардың (заттардың) тарту күші бар екенін, бірақ алманың жерге қарағанда тарту күшінің аздығынан, оны жердің тарту күші өзіне тартатынын ашты.

Бұл әрине ғылыми жаналық болатын. Сондай-ақ, И. Ньютон кеңістікпен уақыт бізге бағынбай, объекті өмір сүретінін, олар абсолютты екенін ашты. Айталық, кеңістік – бөлменің іші, уақыт – қабырғада ілулі тұрған сағат, ал біз сол бөлмеге белгілі уақытта кіріп, кейін шығып кететін құбылыспыз деп қарады. Олай болса, бөлме іші де, сол бөлмедегі сағатта бізге бағынышты емес екенін айтты. Бұл дұрыс, ақылға сиятын пікір болатын.

Альберт Эйнштейннің 1905 жылы ашқан, оны он жылдан кейін дамытқан қатыстық теориясы Исаак Ньютон теориясын жоққа шығармайды. Бірақ кейбір нақты жағдайда сол құбылыс үшін кеңістікпен уақыт жылдамдыққа байланысты өзгертін дәлелдеп, жаңалық ашты. Әрине, бұл теория да ақылға сияды. Өмірде бар шындық, болмыстың бір қыры. Қатыстық теориясын тудырған ғылыми-техникалық прогресс. Ғылымның тереңдеп дамуының нәтижесі. Олай болса, Ньютон теориясы мен Эйнштейн теориялары біріне бірі қарсы, бірін-бірі жоққа шығаратын ойлар емес, қайта бір-біріне байланысты, бірінен бірі туындайтын теориялар. Бірақ бұл екеуін түсінбейтіндерде болды. Әрине бұл тарих.

Жылдамдық өскен сайын көлемде өзгереді, бірақ жоғалмайды. Оның дәлелі мына формула $E = mc^2$. Сондай-ақ, И. Ньютон теориясын жоққа шығармайтынын дәлелдейтін А. Эйнштейннің мына сөзі дәйек деуге болады. Бірде кейбіреулер А. Эйнштейнге жағынып «Эйнштейн сен кереметсің, Ньютонды жойдың» деген көрінеді. Сонда ол: «Шындық мүлде олай емес. Мен оны жойған жоқпын, Ньютон Гигант. Мен оның арқасына мініп, одан сәл ілгерірек көрдім», депті. Бұл өте орынды айтылған данышпандық пікір болатын. Олай болса А. Эйнштейннің қатыстық теориясы И. Ньютон теориясына керегар емес қайта шексіз әлемнің бір көрінісі, қыры ғана деп түсінуіміз керек.

Ғылымда бір ойды бір ой жетектейді, бір ой бір ойға сүйенеді, дамытады. Джон Локк Фрэнсис Бэкон мен Томас

Гоббс пікірлеріне сүйенеді. Сондай-ақ, Джон Локк пікірі Дж. Берклиге қозғау салды. Дени Дидро Джон Локктан өзіне керек материалистік пікірді ілді. Бұл тұжырымды айтқан В. И. Ленин болатын.

Сондай-ақ, ноосфераны ғылымға ендірген В.И. Вернадский дейміз. Бірақ, оған дейін ол туралы пікір айтқан француз ғалымдары П. Тейэр де Шарлей мен Э. Леруа» болатын (Тейэр де Шарден П. «Феномен человека» – М. 1965). Ал В. И. Вернадский оны материалистік тұрғыда ғылыми толықтырып, санаға, ақылға байланысты екенін айтып, адам өмір сүретін ноосфераны биосфераның ең жоғары сатысы деп атады (Вернадский В. И. Химическое строение биосферы Земли и ее окружения. – М. 1965).

Бір кезде Батыс Европа елдері металды балқытатын от қызуын іздеп аласұрғаны белгілі. Содан олар ондай жоғары қызу беретін флогистон деп, сол материалды іздеп шарық ұрды. Сөйтсе флогистон әлемде жоқ нәрсе болып шықты. Кейін ондай қызу беретін материалды А. Лавуазье (1743-1794) тапты. Ол оттегі болатын.

Кезінде Дени Дидро (1713-1784) темірден қатты, болаттан мықты металл жасауды армандаған еді. Ол туралы «Табиғатты түсіндіру туралы ойлар» деген өзінің кітабында айтылған еді. Кейін ол ойыда іске асты.

Ұлы Отан соғысы жеңіспен аяқталып, Европа елдерінде тұрған Кеңес Армиясы елге қайтып оралғанда, кейбір тозығы жеткен танктарды сол жерде қалдырып кеткен болатын. Сол танктердің металын балқыта алмаған немістер, оларды болашақта көреміз деп, жерге көміп тастаған болатын. Бұл ғажап қосындыдан жасалған металл Дени Дидро аңсағаннан әлде қайда асып кеткенін, әрі үздіксіз дамудағы ғылым дәрежесін байқатады.

Қазіргі заманда қоғамға да, өзіне де тез пайда келтіремін деген ғалымдар рынок талабына жұмыс істеуі

тиіс. Ал **ғылымды теориялық жағынан дамытамын, күрделі ғылыми проблемамен айналысамын деген ғалымдар жоғары оқу орындарында профессор болып дәріс бергені жөн** демекпіз. Олардың ғылыми жұмыс жүргізуіне уақыт мүмкіндігі шектелмеген. **Теоретик ғалымдар солардың арасынан шықпақ. Мұны ғылымның әлемдік тарихы көрсетуде.** Теория уақыт барлығынан, ой кендігінен, мол тәжірибеден туындайды. Бастауы кез келген кездейсоқ құбылыс кейде ізденушіге сондай жәй ғана құбылыс ой салатыны болады.

2.8. Ғылымды жасайтын ғалымдар?

Ол да кәдімгі адам, басқалармен бірдей. Еш айырмашылығы, басымдылығы байқалмайды. Ғалым, данышпан болатын адамды қалыптастыратын – өмір. Әрине адамда іштен туған, генетикалық қабілеттер болуы шарт, бірақ ол әртүрлі болады. Оны дұрыс бағытқа салып, тәрбиелемесе сөніп қалады, не басқа бағытта кетуі мүмкін. Адамға білім керек. Бірақ тәрбиесіз білім әл-Фараби айтқандай – қауіпті. Біліммен тәрбие бір болуы керек. Тәрбиенің екі жағы бар. Бірі – ата-анасы, мектеп, қоршаған орта, екіншісі – өзін-өзі тәрбиелеп, дұрыс жолға түсіп, ілгері ұмтылу. Бұған дәлел белгілі адамдардың өмірі.

Абай айтқандай: «Ғылым таппай мақтанба, орын таппай баптанба, адам болам десеніз». Бұл орынды айтылған ұлағатты сөз.

Ғалым болып жаңалық ашқан адамдар қоғамда көппен бірге жүр, аралас өмір сүреді. Басқалардың көрген-білгендерін ол да байқайды. Бірақ, басқалардың мән бермеген құбылыстарына ол көңіл тоқтатады. Неге олай, себебі не деген сияқты сезімге, ойға қалады. Кейде сол жәй құбылыс басқа бір ойға, іске түрткі болады. Әрине ол неге

әкелетін білмеуі де мүмкін. Олай болса ғалым, дана болатын адамның басқалардан айырмашылығы кейбір нәрселерге көңіл бөліп, мән беретіні. Одан соң, ойға келгеннің бәрі ғылым емес. Мәселен, білім көп жағдайда көруден, үйренуден басталады. Өздігінен санаға еніп, рухани азыққа айналады.

Ғылым өздігінен пайда болмайды. Ол үшін ізденіс, көп тер төгу керек. Оны айтқан Т. А. Эдисон (1847-1937) болатын. Ол ұзақ жылдар еңбектеніп, нәтижесінде 1879 жылы алғаш электржанар шамын жасап шығарды. Бірақ бұл қуат осыған дейінгі ашылған ғылым нәтижесі еді. Бастауы басқа көп жағдайда ол ойламаған жерде, кездейсоқ, ойға келеді. Десекте, ол кез келгеннің ойына келмейді. Оны көздеген, сол бағытта еңбектенген адамның басына келеді, іске асады. Бұл ғалым болар адам бойындағы қажетті қасиет. Оны дамытпаса, ізденбесе, ой елігіне салмаса, тұтатпаса, өшіп қалады. Міне бұл өкінішті.

1905 жылы Альберт Эйнштейн (1879-1955) қатыстықтың жәй теориясын ашқанда Цюрихта бір патенттік бюрода эксперт болып қызмет атқарып жатқан жас қызметкер болатын. Бірақ, өзіне дейінгі Ньютон, Галилейлердің салыстырма туралы идеясына сүйеніп қатыстық теориясының формуласын шығарып, объективтік, абсолюттік кеңістікпен уақыттың, кейбір нақты жағдайда жылдамдыққа байланысты өзгеретінін ашты. Сол кезде ол бұл пікірдің данышпандық екенін білді ме? Әрине оны кейін сезді. Арада он жыл өткенде қатыстықтың жалпылық теориясын жасап, оған тартылыс күшін ендірді. Ол теориясына математиканың қажет екенін түсінді.

Орыс ғалымы Николай Егорович Жуковский 1910 жылдары МВТУ да «Ауада қалықтаудың теориялық негіздері» деген тақырыпта лекция оқыды. Кейін авиацияны дамытуға арналған Орталық аэродинамикалық институт (ЦАГИ) ашылып, ол оның жетекшісі болып

тағайындалды. Ұшу теориясының негізін салды. Ол осындай ғылыми дәрежеге қалай жетті?

Бастауы кездейсоқ. Бір күні нөсерлі жаңбырда көшеде келе жатып, аяғы су болмасын деп бір тастан бір тасты аттап келе жатса, мынаны байқайды. Тастың алдына бөгеліп су жиналып, тастың екінші артқы жағында шөп-шалаң іркіліп, үйіріліп жатыр екен. Ағын су тасқыны соларды ілмей тастың екі жағынан сарылдап ағып жатады. Бұл қалай? Әлгі ағын су бұларды неге іліп, өзімен бірге әкетпейді, бұларды ұстап тұрған не деген ойға қалады. Кейін құстар қанатын байқап қараса, оның да алды дөңес, құйрық жағы ойпақ жұқа екен. Сол қанат қозғалғанда құс аспанда қалықтайды да қанат қимылын тоқтатса, құс топ етіп жерге құлайды. Сонда құсты ауада ұстап тұрған қандай күш деген ойға қалып, зерттеулер жүргізеді. Сөйтсе, құсты ауада ұстап тұрған, әлгі жаңбырлы күнгі тастың ық жағында шөп-шалаңды ұстап тұрған тарту көтеру күші екенін байқап анықтайды. Формуласын жасайды. Осыдан самолеттердің ауада ұшу теориясын ойлап шығарды. Міне, ғылым қашанда осылай басталған.

Олай болса, ғалымға алдымен сезімтал, ойшыл, екпінді, табанды ізденіс керек.

Бір кезде «Мемлекет» деген кітабында Платон (427-347) философ болу үшін не керек екенін айтқан болатын. Қазіргі талап одан әлде қайда жоғары. Бүгін философ болу үшін алдымен бір ғылымның тұтқасын ұстауы тиіс. Ғылым – прогресс негізі. Оны дамытатын ғалымдар.

Гелиоцентрлік теорияны ашқан Николай Коперник (1473-1543). Польшадан келген ол, Рим қаласында университетте К. Птоломейдің (б.з.ІІғ.) «Альмагест» кітабы бойынша дәріс оқып жүріп, ойға қалады, неліктен Жер әлем орталығы болып саналады, ал басқа планеталар неге оны айналып жүреді? Жердің сонша артық кереметі не деп өзіне сұрақ қойып, оны таба алмаған. Содан геоцентрлік

теорияға күмәнданды. Нәтижесінде жер де, баска планеталар да бірдей Күнді айналып жүреді деген гелиоцентрлік теория жасады. Бұл үлкен ғылыми жаңалық болатын. Оның ашылуына себепкер болған Птоломейдің геоцентрлік теориясы еді. Сөйтіп, ғылымда бір ойдан бір ой туындап, дамып отырған.

Платон айтқан болатын: «философ қандай адам» деп. Ол сезімтал, байқағыш адам деген. Философтың іздейтіні пікір емес, шындық, мәңгілік деген болатын. Одан соң бақылауды қалай **үйрену керек** соны айтқан еді. Мәселен, түнде аспанға қарап, жұлдыздарды бақылау. Бір заманда осыған да үйрену керек болды. Айтылғанның бәрі тек ғылымның ғана емес, ғалымның қалыптасу жолдары.

Білім – көзбен көру, құлақпен есту, үйрену арқылы қалыптасады дедік. Оның бастауы жанұя, оқу орындары, күнделікті өмір. Ғылым олай емес. Ол іздену, зерттеу, қорыту арқылы, объектінің ішкі байланысын, заңын ашу арқылы пайда болады. Ғылым өздігінен, практика арқылы қалыптаспайды. Ғылым жолында қанша еңбек, қиналу, тер төгу жатыр. Бірақ, алдына мақсат қойған ғалым оған мойымайды, қайта ғылым оны өзіне тартып, қызықтырады. Табиғат тек осы қиындыққа шыдаған ғалымға өзінің ішкі сырын аштырады. Кейде сондай кішкентай жаңалық үшін ғалым бүкіл өмірін сарп етуі мүмкін. Нәтижеге жетсе бақыт, жете алмай өмірден өтетіндерде бар. Бірақ ғалым еңбегі зая кетпейді, кейде оның жіберген қатесі де басқаларға ой салады, өнеге болады. Ғылымға беріліп, адал еңбек еткен ғалым қашанда прогреске, қоғамға қызмет етеді. Ондай ғалымды еңбек ері десе де болады. Әрине, қателескен ғалымға бәйге жоқ. Бірақ, бір ғалымның жіберген қатесі, басқаға қымбат олжа, сабақ, бастама.

Ғалым – ғылыми жұмысқа берілген адам. Ғылыми жұмысты тиіп-қашып жүрген адам беріліп атқара алмайды. Ондай адамға ғылым ішкі сырын ашпайды. XVIII ғасырда

өмір сүрген француз философы Дени Дидро (1713-1784) бұл жағынан ол табиғатты әйел мен салыстырған дедік. Ғылымға ғалым берілуі үшін, ол оған қызығуы, құштар болуы қажет. Ғылымға берілген ғалым ғылымнан басқа еш нәрсеге алаңдамайды. Оған керегі сол, ешкім оның жұмысына кедергі жасамаса. Олай болса оған жасалған әрбір кедергі Әл-Фараби (870-950) айтқандай, қастандыққа жатады. Ғалымдар қай заманда өмір сүрмесін, қашанда олардың арманы ғылыми жұмыс жүргізуіне бостандық болғаны дедік. Ғалым жұмысын белгілі мақсатпен жүргізеді. Бірақ, ізденіс, зерттеу кезінде қандай ойлар пайда болатынын біле бермейді. Сол ойлар ғалымды қызықтырып жан-жаққа тартады. Сол кезде басты мәселе, шашырамай, алға қойған мақсаттан ауытқымай, қалғандарын реттеп кейінге қалдыру. Онсыз ғалым «екі қоянды қуғандай» далада қалады.

Ғалым сезімтал, байқағыш, бағдарлағыш болуы тиіс дедік. Бір нәрсені мақсат етіп, ойға алған адам әрбір құбылыстардан өзінің іздегеніне ұқсас құбылысты тез байқайды, байланысын аңдайды, себебін ашпақ болады. Түрлі ой жүгіртеді. Бірақ, бұл да оңай дүние емес. Байқау бір, ал оның сырын ашу басқа. Сол жұмыста ғалым шыдамды, еңбекқор болуы шарт. Мәселен, 1879 жылы жарық шығаратын электр шамын түрлі зерттеулер жасау нәтижесінде тапқан америкалық ғалымы Т. Эдисон (1847-1931) айтқан екен: «жаңалықты ашу, ол 99 пайыз тер төгу, бір пайыз сәттілік» деп. Дұрыс айтқан пікір. Термодинамика күшін Майер, Джоул, Г. Гельмгольцтер кәдімгі қайнатылған судың парып пайдаланып, өздігінен жүретін «паравоздың» - өмірге келуіне себепкер болды. Кім білсін оның бастауы не болғанын? Теңселіп тұрған қайнаған шәйнек, самауырдан басталдыма дейсіз. Әрине, солай болуы да мүмкін. Біз электр шамын жасаған Т. Эдисонды айттық. Ал енді сол электр қуатын дүниеге келтірген кім? Ол М. Фарадей мен Дж. Максвелл. Олар электр энергиясын

калай тапты? Жәй, кәдімгі таяқшасы терістікті көрсететін магнитке энергия өткізгіш металл сымын жақындатса, әлгі таяқша қимылдап, бағытын өзгертсе керек. Соны байқаған М. Фарадей 1821-1831 жылдар аралығында неше түрлі тәжірибе жасап, ақырында магниттен энергия шығатынын ашты. Ал Дж. Максвелл сол жаңалықты дамыта келіп, қозғалтып айналдырса магниттен тұрақты энергия шығаратын магнето аспабын жасап, оны әлемге жариялады.

Сөйтіп, кішкентай магнетодан шығарылатын электр қуаты кейін Днепр, Рейн, Енисей сияқты ірі өзендерге орнатылғаны Гидроэлектр, сондай-ақ атом станцияларына айналып, бүкіл жарық, жылу, қозғалыс беріп, өндірісте түрлі күрделі машиналарды жұмыс атқарғызатын өмір негізіне дейін көтерілді. Бүгін бүкіл дүниені қозғалтып, жұмыс істетіп тұрған сол электр қуаты екенін әлем біледі. Ғылымда бәрі солай. Қашанда жаңалықтар осындай құбылыстарды байқаудан басталатынын көптеген мысалдар дәлелдеуде. Ондай құбылыстарды кез келген адам байқауы, көруі мүмкін. Бірақ, одан белгілі қорытынды шығаратын тек сондайлардың мыңнан бірі – ізденгіш ойшыл адам. Кейбіреулер ғалым болу оңай деп ойлауы мүмкін. Бұл үлкен қате. Ғылым жолы шатқал, соқпақты, қиын тек соған төтеп беріп, оны жеңген адам ғана ғылымның гүлін тереді, жемісін көреді.

Сонымен ғалым қандай адам? Кәдімгі көптің бірі. Бірақ, ғылымға берілген адам. Оған ештеңе бермесенде, атқарып жатқан жұмысына кедергі жасамасаң болғаны. Ол соған риза. Ғалым түрлі жұмысқа алаңдамайды. Оның ойы, ынта-жігері, бүкіл уақытын сол жұмысқа жұмсайды. Жұмысқа алаңсыз берілген ғалым кезекті еңбек демалысын да ұмытады. Оның демалысы, рахаты да сол істеп жатқан жұмысында. Сондықтан да кейбір ғалымдарды администрация (әкімшілік) күштеп демалысқа шығарады. Ғалым пайда табам деп жүгірмейді, екі жерде жұмыс атқармайды. Оның бәрі ғалымның басты жұмысына зиян, кедергі келтіреді, қолын

байлайды. Нағыз ғылымға берілген адам біреудің мақтағанын қажет етпейді, өзі де мақтанбайды. Оған оның керегі жоқ. Өзіне жақтастарды да іздемейді. Ғылымды ешқашан, ешкім дауысқа салып шешкен емес. Орынды, терең, таза жасалған еңбек жақтастарын өзі-ақ табады. Ондай ғалым төңрегіне шәкірттер жиналады. Нағыз ғалымға бәйгенің де керегі аз, соны аламын деп жанталаспайды. Оның бәйгесі, қуанышы жазып бітірген еңбегін жарыққа шығару, көпшіліктен қолдау табу. Бәйге басқаларды ғылымға бетін аудару, оны дамыту үшін қажет.

Ғылым жолына түскен ғалым өз ойын, оқыған лекциялары арқылы студент, магистранттармен бөлісіп, олардың пікірі арқылы идеясын дамытады. Өйткені студенттер мен магистранттар ойы алғыр, жаңалықты тез ұғады. Сол арқылы өз ойын байқайды, тұжырымын шындайды, дәлелдерін күшейтеді. Ірі Батыс елдері ғалымдары лекция оқып жүріп ғылымға үлес қосқан. Оның ғалымына лекция кедергі болмаған, қайта күш берген.

Студент, магистранттар профессор лекцияларынан, оның қандай ғалым екенін тез аңғарады. Егер профессор ойы кітаптан әрі шықпайтын болса, онда олар оны кітаптан, компьютерден көріп, лектордың шамасын байқайды. Ондай жағдайда лекцияның мәні кетеді, аудиторияда бос сөз көбейеді. Бұл лекторға үлкен сын. Лектор әрине кітаптарға сүйенеді, бірақ оны тікелей айтып жатпайды, одан шығатын ойларға көңіл аударады, студент, магистранттар ойын оятады, қызықтырады, ойландырады. Әйтпесе, профессор рөлі неде? Біз информациялық қоғамда өмір сүрудеміз. Жалпы жастарға лекциядан керегі информация емес, оны интернеттен де, кітаптардан да алады. Оларға керегі тұжырымды ой салу, шындықтан ауытқымау. Әр нәрсеге тиянақты, дәлелді жауап айту. Қашанда ондай профессор студент жастарға жақын болады. Ондай профессор емтиханда қанша қатал болса да, студенттер оны жоғары санайды, бағалайды, өміріне үлгі

ұстайды. Арада көп жыл өтседе келтірген мысалдарын айтып жүреді.

Біз ірі ғалымдар тарихын байқап қарасақ, олардың көбі жас шамасы 30-ға жетпей ғылым докторы, қырыққа жетпей академик болған екен. Бұл кездейсоқтық емес, белгілі заңдылық. Себеп жас талапкердің ғылымға ынтасы мен талантының болуы. Егер сол жас талапкер ірі ғалымның көзіне түссе, ол оны өзіне тартып ғылымға баулитыны. Онсыз тез ірі ғалымдыққа жету екі талай.

Мәселен, американ ғалымы Самуил Коен дер кезінде ірі ғалым Э. Теллердің көзіне түсіп, ірі ғылыми жұмысқа тартылған. Сол сияқты А. Д. Сахаров Мәскеу Мемлекеттік университетінде оқып жүргенде-ақ академик И. Е. Таммның назарына түскен. Содан И. Е. Таммның басшылығымен аспирантура бітіріп, артынша ғылым докторы, академик, яғни қырыққа жетпей ірі ғалымдық дәрежеге жеткен.

Ғылымда талантқа қоса қажырлы еңбек, көреген ғылыми жетекші керек. Сонда жас талант сөніп қалмайды, оның еңбегі жанданады. Сондықтан ірі білім, ғылым ордасы қашанда осындай дана ғалымдарымен мәртебелі.

Сөйтіп ғалым болу қиын емес. Жұмысқа адал, турашыл, еңбекқор, білімі терең болуы. Өзінді де, басқаны да алдамау, өзінің көптің бірі екендігінді естен шығармау. Ғалым атқарған ісіне мақтанбайды дедік. Ғылымның жауы – мақтаншақтық, тоғышарлық, мансапқорлық, жалған атақ.

Өкініштісі рынок адамдықтың басқа сырын ашып, дәріптеуде.

2.9. Ғылымды дамытатын қажеттілік

Ғылым қашанда объективтік талапқа сай дамиды. Ол үшін қозғаушы күш – қажеттілік. Мәселен, Батыс Европада механикалық, электромагниттік, одан кейін квантты механикалық теориялардың дүниеге келуін алайық. Алдымен

келгені механикалық ілім. Жүз мыңдаған жылдар адам баласы табиғатқа сай өмір сүрді, соған бейімделді, әрекеттенді. Бір құбылыстан бір құбылыстың туындайтынын байқады. Бірақ табиғат заңдылығын білмеді. Механикалық, электромагниттік және квантты механикалық процестер ғылым дамуының сатылары. Бұлардың аржағында қанша ізденіс қиындықтармен қателіктер, ой таластары және жаңалықтар жатыр. Ғылым жолы қашанда жеңіл болмаған. Қиындықсыз табыс жоқ. Тер төкпей жеңіске жету мүмкін емес. Тек XVII ғасырда түрлі техника дамып, қоғамдық сана жаңа білімді қажет еткенде, Исаак Ньютон (1643-1727) бақылаулар жасап, табиғат заңдылықтарын аша бастады. Сондай жаңалықтардың бірі әлемдік тартылыс күші, уақыт пен кеңістік біздің санамыздан тыс объективті өмір сүретіні, қозғалысты зерттеуі, айналы телескоп жасап, астрономиялық байқау жүргізу, аспан механикасын ашуы. Ол 1687 жылы «Натур. Философияның математикалық бастауы» атты көлемді еңбек жазып, жарыққа шығарды.

Түрлі тәжірибелер арқылы сәуленің корпускулды және толқынды қасиеті бар деген ең алғаш болжам жасады. И. Ньютон бастамаларын Рене Декарт (1596-1650) ғылыми ілгері дамытты. И. Ньютон кезінде алдымен қажет болған түрлі құбылыстардың заңдылықтарын ашу, ғылыми пікір айту болатын. Бұл қажеттілікті И. Ньютон ғажап орындады. Дүниеге жаңалық ендіру үшін, алдымен оның табиғатын ашу керек болатын. Бұл қажеттілікті И. Ньютон керемет іске асырды, классиктік механика теориясын жасады.

Бұдан кейінгі ғылым дамуы М. Фарадей (1791-1857), Дж. Максвелл (1831-1879) еңбектерімен байланысты дедік. Олардың заманында техника тездеп ілгері дамыды, дүниеге машина келді. Еңбек тәсілінде бұрын жануарлар күші қолданылған болса, енді олардың орнын басатын машинаға энергия (куат) керек болды. Мәселе, сол энергияны табу еді. М. Фарадей сол энергияның өзін тапты. Ол кәдімгі табиғатта байқалатын бір нәрсені бір

нәрсемен үйкегенде қараңғыда байқалатын жарық сезім, яғни энергия еді.

Ол энергияны малдың бір нәрсеге сүйкенгенде жалт-жұлт етіп сәуле шығатынын көпшілік байқағанмен оған мән бермейтін. М. Фарадей әлгі айтқандай кейбір энергия өткізгіш металды магнитке жақындатса, магниттің тілі соған қарай қозғалатынын байқағанын білеміз. Сонымен М. Фарадей магнитті энергия өткізгішпен үйкесе немесе энергия өткізгішті магнитке үйкесе энергия шығатынын байқады. Бұл 1821 жылы болатын. Арада он жыл өткенде М. Фарадей электромагниттің теориясын ашып, әлемдік жаңалық жасады. Сөйтіп, б.з.д. үш мың жылдар бойы қытайлықтарға белгілі болған магнит арада тағы екі мыңдай мерзім өткенде үлкен энергия көзіне айналды. Дж. Максвелл бұл жаңалық теорияны әлемдік дәрежеге жеткізгенін айттық. Электроэнергия жаңа заманның ғылыми-техникалық революциясына айналды. Ірі су, басқа электростанцияларға негіз болған осы кішкентай М. Фарадей жасаған магнето еді. Қазіргі заманда электроэнергиясыз еш нәрсе жұмыс істемейді. Міне, бұл жаңалық мәні осындай болатын. Сөйтіп, жануарлар күшін қолдану арқылы жүргізілетін жұмыс процестері енді машинамен атқарылатын болды. Бірақ, сол машиналарды жұмыс атқарғызатын энергияны үлкен турбиналарды қозғап, айналдыру арқылы келтіру. Ол да оңай емес, қосымша еңбек керек ететін еді.

Ал енді, XX ғасыр басында сол энергияны өздігінен өзі шығаратын ғылыми жаңалық басталды. Оған себеп болған 1897 жылы ағылшын физигі Джозеф Томсон (1856-1946) еді. Ол бұған дейін 2,5 мың жылдай бөлінбейді деп келген атомнан бөлініп шыққан элементарлық бөлшекті ашып, оған электрон деп ат қойды. Бұл қазіргі кванттық механикаға бастау болды. Электрон өздігінен энергия шығарып, өз ұясын айналып, сәуледей жылдамдығы бар, теріс зарядты бөлшек болып табылады. Қашанда бір

нәрсеге бір нәрсе себепкер. Сірә Дж. Томсонға әсер еткен француз физиктері Мария мен Жолио Кюри байқаған радиоактивті эффект болса керек. 1911 жылы ағылшын физигі Эрнест Резерфорд (1871-1937) егер электрон теріс зарядты болып атомды айналып жүрсе, онда оны жібермей ұстап тұрған өзек бар болса керек деп, ол енді дұрыс зарядты болмақ деп, атом өзегі протонды ашты. Сөйтіп 1911 жылы Эрнест Резерфорд атомның планетарлық моделін ұсынды. Ал француз физик-теоретигі Де Бройль (1892-1987) электронның, сол сияқты басқа атом ішіндегі бөлшектердің бір жағынан корпускулды, екінші жағынан толқынды өмір сүретін дуализмін ашты.

Неміс физик-теоретигі Макс Планк (1858-1947) 1901 жылы сәуленің үздіксіз емес, үзікті толқын болып, бөлшек-бөлшек тарайтынын ашты. Бұл кванттық механика теориясы. Сәуле толқынының әр бөлшегі квант делінді.

Дәл осы теорияның ашылуына себепкер болған орыс ғалымы Петр Николаевич Лебедевтің (1866-1912) 1899 жылда ашқан сәуледе қысым (салмақ) бар екенін ашқанын айтқанбыз. Сонымен ғылым өмір талабына сай жауап ретінде бір ғалымға бір ғалым сүйеніп, ғылым жалғастығын жасаған. Ғылымның қай саласын алмайық қашанда бір жаңалық бір жаңалыққа негізделіп дамыған.

Сөйтіп қазіргі әлемге жарық, жылу, күш беріп тұрған ірі электростанциялар бастауы М. Фарадей, ал квантты механика бастауы Дж. Томсон, табиғат заңдылықтарын ашқан И. Ньютон десек те болады.

Ғылымда жаңалық бірден жарқ етіп шыға келмейді. Қашанда оның бастауы болады – ол идея. Мәселен, Готфрид Лейбниц (1646-1716) айтқандай шындықтың алдын алатын мүмкіндіктің логикалық үстемдігі бар. Дени Дидро (1713-1784) электр күші қайдан пайда болады деп сұрау қойған болатын «Табиғатты түсіндіру туралы ойлар» деген кітабында. Арада жүз жыл өткенде М. Фарадей (1791-1867) оны 1821-1831 жылдар аралығында тәжірибелер

жасап, ғажап жаңалық ендіргенін білеміз. Сондай-ақ, сол еңбегінде Дени Дидро темірден қатты, болаттан мықты металл жасауға болама деп сұрау қойған болатын, танымның шексіздігін айта келіп. Арада екі жүз өткенде Украина Ғалым Академиясы Президенті академик Б. Е. Патон (1918) металды балқытып, қатайтудың жаңа әдісін ұсынын, іске ендірді.

2.10. Көшпелі бабалар флогистонды неге іздемеген?

Орта ғасырдан кейін жаңа дәуірдің бас кезінде европалықтар Флогистонды (гр. Phlogistoa тұтанғыш жанғыш) іздеп шарқ ұрды. Европалық елдермен Таяу шығыс жерінде неге алхимия теориясы пайда болды? Бұл екі мәселе бір-біріне тығыз байланыста. Ал одан бұрын Батыс Сібір, Алтай таулары жағындағы аймақта өмір сүрген көшпелілер «алтын», «флогистонды» іздеген жоқ. Оларға алтын, флогистон керек болмаған ба деген ой туындайды. Бірақ, біздің көшпелі өмір сүріп, мал баққан бабаларымыз кезінде алтынды бағалап, одан түрлі бұйымдар жасаған. Мәселен, біздің заманымызға дейінгі VI-V ғасырларына жататын заманда таза алтыннан жасалған, архар, түйе, бұғы, жылқы түрлеріне ұқсатып жасалған, «звериный стиль» (аңдық стиль) деп аталатын бұйымдар кезінде Батыс Сібір жеріндегі қорғандардан табылып, біразы жинақталып Петербургтегі «Кунсткамера» – музейінде сақталып, «скифтер» бұйымы деп аталып, тарихқа енген.

Одан соң, соңғы кездерде Алматыға жақын жерде «Есік» мекен-жайынан табылған «Алтын адам» аталған тарихи жаңалықта б.з.д. V ғ. жатқызылған. Ол адамның әшекей-саут киімі 4 мың алтын бөлшектерінен шебер жасалған. Тағы да бір факт біздің заманымызға дейінгі IV ғ. атақты Александр Македонский көшпелілер жерін жауламақ болып Сырдария

жағасына келгенде, оның таң қалғаны көшпелі ел сарбаздарының сауыт киімі болғаны былай тұрсын, олардың мінген аттары да сауытпен қымталғандығы. Бұл жорық, Александр Македонскийге сәтсіз аяқталғаны тарихтан белгілі. Бірақ, әңгіме ол туралы емес. Мәселе, көшпелілердің руда қорытып, металл балқытып, қару-жарак, түрлі бұйымдарды металдан, оның қоспаларынан жасай білгендігі. Европалықтарға ол кезде бұл қолдан келмейтін арман болатын. Өйткені Европа ормандарға бай болса да металды балқытуға ағаш отынның қызуы жетпейтін, тез жанып, күлге айналатын. Сондықтан Европалықтар XVI ғ. шамасында отқа күшті қызу беретін флогистонды іздегені белгілі, бірақ оны таба алмады. Бұл әурені XVII ғ. кислород теориясын ашқан А. Лавуазье (1743-1794) жоққа шығарған болатын. Кислород оттың қызуын күшейтті. Сондықтан сол теорияға сүйенген Дени Дидро өзінің «Мысли к истолкованию природы» (Табиғатты түсіндіру туралы ойлар) деген программалық еңбегінде «темірден, болаттан» да мықты металл жасауға бола ма деп, ғалымдар алдына мақсат қойды. Мұндай ой А. Лавуазье жаңалығына дейін ешкімнің басына келмеген болатын. Өйткені металды балқытатын «Тас көмір» әлі ашылмаған белгісіз болатын. Ал енді, Европа елдері сөйтіп әуреге түскен кезде, біздің көшпелі мал баққан бабаларымыз металдан бұйымдар жасаса да флогистонды іздеген жоқ. Неге? Біздің жерімізде металды балқытатын сексеуіл деген өсімдік ну тоғай болып өсті. Сексеуіл жағып, металл балқытқан, түрлі қоспалар жасаған кен-ошақтары мол болды. Соның бірі – Жезқазған, атауының өзі көп жағдайлардан хабар береді. Қазақтың батырлық дастандарында, жырларында айтылғандай: «Буырқанып, бұрсанып, мұздай темір құрсанып», сауыт киінген, түрлі батырлар шайқастарда жауын ойсыратып, жеңіске жеткен. Олай болса Европа центристері бір кезде кемсітіп, жабайы, надан деген көшпелілер мәдениеттің көп жағынан жоғары болған екен.

Ол да тарихтан белгілі. «Жез» деген металл «мыс» пен «олово» қосындысы. Көшпелілер қоладан (бронза) қазан, үзеңгі, таға, қару-жарақ жасаған. Кипр жерінен «мыс» табылғанға дейін, бүкіл Европа елдерінде металдан жасалған теңгені «дез» деп атаған. Бұл да тегін ұғым емес. Көп жағдайдан хабар береді. Европалықтардың «дез» немесе «дездъ» дегені кәдімгі «жез» деген сөз. Бұл да металл балқытуды, біздің бабаларымыз европалықтардан ерте және көп қолданғанын көрсетеді.

Арғы көшпелі бабаларымыз алтын іздеп аласұрған жоқ. Бұл алтынның қадірін білмегендігі емес. Білген, түрлі теңге (тілпә) де жасаған. Қиссада мынандай шумақ кездеседі: «Алтын қалпақ, жез телпек, хандар киер басына». Алтыннан аяқ-табақ, тостаған, асық, кездік, тіпті алтынды «ат тұяғындай», «ат басындай» құйма түрінде үйінде сақтаған, алтын білезік, жүзік, алқа, шашбау, сәукелені айтпағанда, Европаны билеген (б.з.д. V ғ.) Еділ патша қонақтарына тағамды алтын табаққа салып тартатын болған. Күміс құман, күміс белбеу, күміспен безендірілген ер-тұрман жиі қолданылған. Бізден бір кезде Америка жеріне жеткен алыс бабаларымыз үндістерде алтын жинаған. Оларды XV-XVI ғасырларда миллиондап қырған испандық конкусторлар сол мол байлықты талаған. Бұл да тарихи ащы шындық, жауыздық. Жазаланбаған сұмдық. Қазақ ертегілерінде алтыннан жасалған бұйымдар көп айтылады. Өйткені қазақ жері алтынға мол болған. Антик дәуірінде өмір сүрген атақты тарихшы Геродат өзінің тоғыз томдық «Тарихының» бүтіндей IV томы скифтерге арналған. Сол томда қазіргі Батыс Сібір жеріне жататын тауларда «Алтын өте көп, оны Гриф (жыртқыш құс) күзетеді» деп жазған еді. Бұл тек әсірелеп айтылған шындық. Грифтың биік шың басында отырып, айналаны барлап қарайтыны әрине алтын емес, керегі, түрлі жемтік болатын: тышқан, қоян басқа жәндік, жануарлар. Геродот сол жерде алтынның көп болғанын айтпақ болған.

Қазіргі қазақ жеріне сырттан кезінде түрлі шабуылдардың жиі болғаны, әр елдерден саяхатшылардың көп келгені де осындай айтылған деректі жағдайлар түрткі болса керек. Сол байлықтарды «найзаның ұшы, білектің күшімен» сақтап, бізге жеткізген батыр бабаларымызға біз мәңгі риза, қарыздармыз.

Баяғы замандардан жеткен мақалдардан көп нәрсені аңғарамыз. Мәселен, «Алтын шыққан жерді белден қаз», «Алтынның қолда барда қадірі жоқ», «Алтын басты әйелден, бақа басты ер артық» өйткені, ер ел қорғаушы деп түсінген. Содан емес пе, алтынды кез келген жерге жұмсаған. Бұдан бір шама жылдар бұрын Республикалық газетте Ақтөбе облысы, Ырғыз ауданы жерінде бір кісі алтын асық тауып алғаны туралы жазылды. Бұл да шындық, болған жағдай.

Ертектерде «Алтын сарай» ұғымы жиі айтылады. Ал Хан Батый, одан кейінгі басқа хандардың орталық қаласын «Алтын Орда» деп атауы тегін бе? Қазақ жерін аралаған шетелдік саясатшылар «Алтын Орда» әрі әсем, әрі алтынмен безендірілгендігін жазып қалдырған. Жерінде алтыны мол болмаған болса, шындық бұлай болмаған болар еді. Бізге алтынды темірден іздеудің керегі болмады.

Ятрохимия. Адам денесі де түрлі химиялық элементтерден тұратынын ғалымдар қашан дәлелдеген болатын. Ауру сол химиялық элементтердің адам организмінде түрлі жағдайлар, бұрынғы қалыптасқан тәртіпті бұзып, кейбір элементтердің не көбеюі, не азаюына сәйкес, былайша айтқанда олардың алатын орнын ауыстыруына байланысты деп түсінген. Бір кезде химиктер сол химиялық бөлшектерге әсер ету арқылы науқасты емдеуге болады деп түрлі химиялық дәрілерді қолданған. Мұны ятрохимия дейді. Негізінде бұл принцип дұрыс болғанмен химиялық ғылымдардың әлі дамып жетілмегендігінен ауруды емдеудің орнына, оның кеселін күшейтіп, тіпті өміріне қауіп келтірген. Мәселен, кейбір ауруларға (іш ауруына, не жазылмайтын

жараларға) сұйық метал-сынапты (ртуть) қолданған. Осы тәсілмен сынапты қазақ ауылында тәуіптер 1940 жылға дейін қолданған. Химия ғылымы дамымағандықтан зияндық әкелді. Сондықтан, ғалымдар ятрохимия өмірде қолдануға жатпайтын қауіпті әрекет деп қарады.

Бұл химияны дәрі-дәрмек етіп қолдануға болмайды деген сөз емес. Тек сол ерте кездегі химиктер ынтасы жоғары болса да олардың білім дәрежесінің төмендігі еді. Химиялық элементтердің қасиетін, адам денесіне тигізер әсерін білмей қолдану қауіпті болғанын аңғартады. Ғылым философиясының араласпайтын жері жоқ. Әлі де химиялық дәрілерді (преператтарды) шыңдау болашақтың ісі. Сондықтан көпшілік химиялық кейбір дәрі-дәрмектерден гөрі табиғи преператтарды қолданады. Мәселен, Халел Досмұхамедовтің өзі айтқанындай, қазақтар кейбір жазылмайтын, қайта-қайта іріндей беретін жараны «жылан көз жара» дейді, соны тәуіптер айтқан сынаппен (ртуть) емес, тірі құрбақаны жара бетіне байлап жазғанын айтады. Өйткені, ол сол кезде жоғары дәрежелі білімі бар, ветеринар болатын. Бұл амалсыздықтың әрекеті еді.

2.11. Ғылымда бір ойға бір ой түрткі

Антик дәуірінде өмір сүрген Птолемейдің геоцентрлік теориясы Н. Коперниктің гелиоцентрлік теория жасауына И. Ньютонның классиктік механика теориясы А. Эйнштейннің қатыстық теория жасауына антик философы Анаксимандрдың «апейрон» туралы болжамы Левкипп пен Демокриттің атом теориясын жасауына Демокриттің адам дамуында ақылдың дамуына саусақтардың икемді болуына қажеттіліктің рөлі туралы пікірі, К. Маркстің, қоғамда адамдардың дінмен, философиямен, саясатпен айналысудан бұрын олардың ішіп-жейтіні, киім-кешегі, баспанасы болуы, ол үшін оларды

өндіру керек екендігі туралы теориясы, Г. Гегельдің философияда үш басты заңдылықтың бірі «Қарама-қарсылықтың бірлік және күрес заңын» ашуында И. Канттың «антиномия» туралы пікірі, Ж. Ламетридің «Адам – машина» деп кітап жазуына Р. Декарттың «Әдіс туралы ой толғам» кітабы, оның ішінде ғылым мен техника дамуы тіршілік өкілдерін машина сияқты қолдан жасаса, онда оны тіршілік иелерінен ажырату мүмкін болмайды, деп әсірелеп айтқаны, И. Ньютонмен Г. Галилейдің сапа туралы ойлары Дж. Локктың танымда заттың «сапа» бірінші және екінші болып бөлінетіні туралы теориясына әсер еткені ғылым тарихынан белгілі. Ондай мысалдарды көп келтіруге болады.

Мәселен, И. Фихте жазған болатын: «Барлық шын өмір сүріп тұрғандар сөзсіз қажеттілікпен өмір сүруде, қажеттілікпен тек осылай өмір сүреді, басқаша өмір сүруі немесе басқаша болуы мүмкін емес», деп. Г. Гегель осы ойды ілгері дамытып, «барлық шындық ақылға сияды, барлық ақылға сиятын – шындық» деп ой қорытты. Бірақ, Гегельше өмірде бардың бәрі шындық емес, қашанда ақылға сыйу үшін, шындық дамуда болуы керек, ал өмірде бар болып, бірақ дамымайтын болса, онда ол шындық емес. Олай болса, Г. Гегель И. Фихтені қайталап тұрған жоқ. Г. Гегель тек И. Фихте пікірінен бастау алып, ол оны дамытып, ғылыми тұрғыда жаңаша, басқаша шешті.

Сөйтіп, жоғарыда келтірілгендер ғалымдардың бірін-бірі қайталағаны емес, қайта проблеманы ілгері дамытқаны. Бұл тавтология, не плагиат, яғни біреудің ойын біреу ұрлағаны емес, ғылымның нағыз даму жолы. Күнделікті өмірде біреуден біреу көріп үйренеді, өмір дамиды. Мәселен, «ру» белгісі таңбадан кейін бірте-бірте әріп, жазу шыққан дедік. Әр халықта жазу әртүрлі болғанымен негізі бір. Өмірде бәрі солай қалыптасқан. Бірақ, ғылым сәл олай емес, оның ғылыми жолы ерекше. Кейде бір мәселені шешу күн тәртібіне ілінсе, оны әр елде

тұрған ғалымдар бір мезгілде бірдей ашатын да болған. Ол ғылымның зерттеу логикасына байланысты. Бұл әрине ғылым. Ғалым ғылым жолына түскендерді байқайды. Жазғандарын ой елегінен өткізеді. Кім шын ғалым, кім ғылыми атағы бар, бірақ бос кеуде. Мұндайларды ажыратады, біледі, білмеу мүмкін емес.

Ғылымды сөндірудің, өшірудің оңай жолы – оны бетіне қоя беру, ғылымда өтірік пен шынды араластырып, арасын ажыратпау, талантты, нағыз ғалымдарды қорғау, қуаттаудың орнына, тамыр-таныстыққа ерік беру. Табиғатта арамшөптерді тазартпаса, қаулап өседі, мәдени өсімдіктерді тұншықтырады, өнім бермейтін етеді. Сондай-ақ, ғылымды өшірудің екінші жолы – жаңаның қылтиып шыққан әлсіз бастауы, творчестволық көрінісін көрмей басып тастау. Екеуі де өмірде кездеседі, бұл қоғам дамуына зиян. Ғылымды дамыту творчество. Оны бетімен жібермей бағдарлау – ақыл, көрегендік.

1949 жылы Кеңестер елі Семей жерінде атом бомбасы жарылып, әлемді дүр сілкіндірді. Бұл тамыз айы болатын, тура Хиросима атом жарылысынан төрт жыл өткеннен кейін еді. Бұдан 1,5 жыл бұрын 1947 жылы Октябрь мерекесінде жасаған баяндамасында В. М. Молотов атом бомбасы бізге құпия емес деген болатын. Әлгі факт соның дәлелі болды. Бізде атом бомбасын жасап, оны сынаған академик И. В. Курчатов дейміз. Ол рас, бірақ әлемге оны ашқан А. Эйнштейн дейді. Әрине, бұл бірден пайда болған жоқ. Бомбаның ғылыми тарихы бір кезде Жолио (1897-1956) мен Мария (1867-1934) Кюрилер ашқан радиактивті бөлшектен бастап, 1897 жылғы өздігінен көп энергия шығаратын электронның, одан басқа бөлшектердің ашылуы, бұл энергия (қуатты) қайда, қалай жұмсауға болады деген ғалымдарды ойға қалдырып, әлгідей нәтижеге әкелді.

Атом бомбасы жасалғаннан кейін, Семей жерінде 5-6 жылдар шамасында 500 жуық түрлі ірілі-кіші бомбалар

ауада, жербетінде, жерастында сыналып, оның халыққа, табиғатқа ауыр, қауіпті салдарынанда Отан қауіпсіздігі аса жоғары деп түсіндірілген болатын. Бірақ жарылыстардың сұмдығын ел білді.

Ғылымда бір жаңалық екінші жаңалыққа себепкер болады. Өмірде әр іс қисынымен жүреді. Себеп болған теріс зарядта өзінен күшті энергия шығарып атом өзегін сәуле жылдамдығымен айналып жүрген электронның ашылғаны. Мәселе сол энергияны түрлі дәрежеге пайдалануға болатыны. Термоядролық бомбаны жасап, оны Терістік Мұз мұхиты аймағындағы «Новая земля» дан елді көшіріп 1955 жылы жарылыс жасап, әлемді дүр сілкінтізген, әлі белгісіз жас ғалым А. Д. Сахаров¹ ғылым жетістігіне сүйенді. Әрине, термоядролық бомбаның дүниеге келуіне себеп болған атом бомбасы болатын. Егер атом бомбасы ашылмаған болса, одан мың есе күшті термоядролық бомба жасалмас еді. Басқа ғылыми жаңалықтарда осылай туындалған.

Мәселен 1958 жылы американдық ғалым Самуил Коен (1921-2010) Э. Теллердің (1908-2003) басшылығымен нейтрон бомбасын зерттеуге кірісіп, оны 1963 жылы жасап шығарды. Бұл бұрынғылардан да ғажап жүздеген килотонналық қару еді. Оның жарылысы нейтрондық радиация арқылы бүкіл тіршілік иесін жойып, материалдық дүниеге де зиянды болды. Бұл қарудың антигуманистік мәнін көрсетеді. Сондықтан, нейтрон қаруды іске қосуға БҰҰ тиым салды.

Сонымен атом, термоядролық бомбалар жасалған болса, нейтрондық бомба да термоядролық қаруға жатады.

¹ Андрей Дмитриевич Сахаров (1921-1989). белгілі орыс ғалымы 1938-1942 М.В.Ломоносов атындағы ММУ студенті, 1944 ж. КОСР Ғылым Академиясы Физика институтының аспиранты Жетекшісі И.Е.Тамм. 1947 ж. ғылым докторы. 1948 жылдан академик И.Е. Таммен бірге термоядро реакциясымен айналысады. 1952-1955 жылдардан сынақтар жүргізеді. 1953 ж. КОСР ҒА академик, үш рет Социалистік Еңбек Ері (1953, 1957, 1962), Нобель силығы иегері (1975)

Атом өзегі дұрыс зарядты протон, нейтроннан тұратыны белгілі. Бұған дейін оны пайдалану белгісіз болатын. Енді ғылым жүйесі оған да жеткізді. Ғылымда бір жерде ашылған жаңалық басқаға да белгілі болады. Оған әкелген зерттеу логикасы. Сонымен, нейтрон қаруы Ресейде де, Францияда да бар. Туындайтын қорытынды: ғылыми зерттеуді бетімен жібермей, басқару қажеттігі. Өйткені, ғылым жаңалығының пайдасы мен залалы аралас. Ғылымда тоқтау болмайды.

Адамның бас миының жұмысын байқап, әсіресе оның есептеу қабілетін модельдеу арқылы американ ғалымы Норберт Винер (1894-1964) кибернетиканы, яғни өзі есептейтін, басқаратын есте сақтайтын машинаны (1948 жылы) ойлап шығарды.

Бірақ, одан көп жылдар бұрын неміс ғалымы Г. Лейбниц (1646-1716) математикалық символиканы формалдық логикаға және логикалық есептеуге қолданды, сондай-ақ адам функциясын машинамен модельдеу туралы алғаш идея айтқан болатын.

Дәл осындай жаңалық – физикадағы квант механикасын бақылап, ондағы атом қабыршығы электронды химияда молекуланың электрондық структурасына ұқсатып, оның бұлты секілді реалды құбылысты ашу арқылы американ ғалымы физик-химик Л. Паулинг (1901-1994) резонанс теориясын ғылымға ендірді.

Мұндай мысалдарды ғылым тарихынан көптеп келтіруге болады.

XVII ғасырдағы ағылшын философы Фрэнсис Бэкон (1561-1626) «Ғылымдар жетістіктері және көбейту туралы» деген еңбегінде ғылымдар бір жерде тұрып қалмас үшін, оқу орындары арасында байланыс, ғылым жетістіктерімен бөлісу қажет деп жазды. Ол ғылыми идеялар сабақтастығын қолдады. Олай болса, сабақтастық біреудің жетістігін іліп әкететін, ілгері дамытатын – идеялар эстафетасы. Кімде-

кім басқаның жетістігін тек пайдаланатын болса, оған өздерінен еш нәрсе қоспаса, онда ол ғылым арқасында күн көретін шырмауыққа ұқсайды. Ал, егер ол басқаның еңбегін өзімдікі деп иемдеген болса, онда бұл плагиат, рухани ұрлыққа жатады.

Сонымен ғылыми сабақтастық – идеяға идея қосу, бірін-бірі қолдап ілгері дамыту. Бұл ғылыми прогресс жолы.

Қорыта айтқанда, мәселе ғылымды дұрыс бағыттап, бетіне жібермеуде. Әрине, қауіп атом энергиясының ашылғанында емес, ол табиғи процесс, сол энергияны (қуатты) дұрыс бағытта пайдалану, не пайдаланбауда. Бір ашылған сыр, екіншіге жол салады. Қалғандары – деталь. Мәселе, принципінде, құрылымында.

Проблема ғылымға байланысты болғандықтан кейбір көңілісіз жағдайға тоқтағанды жөн көрдік.

Мәселен, қоғамдық ғылымдарда өмірдің терең өзгеріске түскенін ғылыми тұрғыда дұрыс қорыту теориялық тұжырым жасаудың орнына жәй қарапайым бейнелеумен тіпті басқаның дайын жұмысын көшіріп алумен (плагиатпен) айналысатындар пайда болды. Бұған бұғау салатын ешбір орын жоқ. Бұл ғылымдардың, соның ішінде қоғамдық ғылымның рөлін төмендетіп, керексіз етуге әкеледі. Қазір ғылымға тер төгіп, еңбек етпей, ғылыми атақ алып, ғалымдар санатында жүргендер қаптап кетті. Бұл жас ғалымдар өсіп шығуына тікелей зиян. Ғылым жолы оңай, жеңіл деген пиғыл тудырады. Бұл кімге зиян? Әрине, біздің қоғамға, тілектестерімізге зиян. Одан соң ғылыми еңбектерді түсініксіз, ойларын бұралаңқы етіп жазу басып барады. Бұл логикалық позитивистер әдісі болатын. Қашанда айқын нәрсе анық жазылады. Ал бұралаңқы жазу жалған, тұрлаусыз ойдың көрінісі.

Бізде атом энергиясын пайдаланудан қорқатындар бар. Әзірше отын ретінде мұнай, газ қолданылуда. Бір кездегі

сексеуіл сияқты, олар да таусылады. Оның үстіне мұнайды отын етіп пайдалану Д. И. Менделеев айтқандай қағаз ақшаны жағып үй жылытқанға тең. Бұл ақылға сыймайтын әрекет. Өйткені бір мұнайдан химиктер қанша пайдалы заттар шығара алады. Олай болса мұнай, газды ұқыпты пайдаланғанымыз жөн. Ал болашақ отыны атом энергиясы болатыны сөзсіз.

Ол жөнінде дамыған елдер практикасына сүйеніп, ел басымыз Н. Ә. Назарбаев талай айтқан болатын. Мақсат – осы бағытта ғалымдар алдында үлкен жұмыстар туындайды. Қазақстанда табиғат байлығы мол. Сол байлықтың көзін ашып, жатқан жерін тауып іске қосу алдымен ғалымдар міндеті.

2.12. Корпускулды-толқынды дуализм.

Антик дәуірінде өмір сүрген Демокриттен бастап адамзат атомды әлемнің ең кішкентай, иісі білінбейтін, көзге көрінбейтін, дыбысы естілмейтін бөлшек деп түсіндірді. Бірақ оған дейін Анаксимандар да дәл осындай пікір айтқан болатын. Оның атын ол «апейрон» деп атады дедік. Яғни бұл пікірлерден басқа да ой айтқан философтар болған. Олай болса әлем қалай басталды, оның басталуы болды ма деген талай ойлар айтылған болатын. Орта ғасырда өмір сүрген номиналист философ Ульям Оккам (1285-1349) дүниеде барлық жаралған заттарды да, жойылған заттардың да материядан тұратынын айтқан болатын. «Мен де, сен де, адам да, есек те материядан тұрады» деп жазды ол. Одан соң ғалымдар атомды ешқашан бөлінбейтін бөлшек деп келген болатын. Бірақ, XIX аяғында 1897 жылы ағылшын физигі Дж. Томсон (1856-1940) атомнан бөлініп шыққан, одан екі мың есе кіші элементарлық бөлшек электронды тауып, ғажап жаңалық ашып, физиктер санасын дүр сілкіндірді. Оны ол «электрон»

деп атады. Оның заряды «теріс» екені анықталды. Elektron теріс заряды бар «мюоннан» бөлінген, өздігінен энергия шығаратын жылдамдығы (жүрісі) сәуле жылдамдығына тең екені анықталды. Бұл жаңалық француз физигі Луи де Броильды (1892-1933) ойға қалдырды. Электроннан энергия шығады, жылдамдығы өте жоғары болса, онда, ол атомды тастап, неге кез келген жаққа кетіп қалмайды, атомды айналып жүреді де қояды? Оны не ұстап тұр – деген ой болатын. Алдымен оның ойына келгені – атомда өзек бар болуы мүмкін. Сол өзек электронды жібермей, ұстап тұрған деп болжамдады. Екінші болжамы, электрон теріс зарядты болғандықтан, енді оны ұстап тұрған ол өзек плюс зарядты болуы мүмкін деген пікір. Әйтпесе, сол өзекте теріс зарядты болса, онда олар керісінше бірінен-бірі қашқан болар еді деген болжам. Бұл болжам шын болып шықты, іске асты.

1911 жылы ағылшын физигі Эрнест Резерфорд (1871-1937) сол атом өзегі дұрыс зарядты протон екенін ашты. Содан атом ішінде планеталық жүйе бар екенін дәлелдеді. Сондықтан кәдімгі атом структурасын бейнелейтін оның эмблемасы жасалды. Э. Резерфорд жүйесіне сүйенген француз физигі Луи де Броиль 1924 жылы атом ішіндегі микробөлшектер, мәселен электрон сәуле жылдамдығымен қозғалатын болса, ол тек корпускулды, яғни тыныштықтағы үш өлшеммен өлшенетін масса (көлем) ғана емес, сонымен қатар бір жағынан өлшеуге болатын масса (дене), екінші жағынан қозғалыстағы үш өлшеммен өлшеуге келмейтін квант болғандықтан, атом ішіндегі бөлшектер корпускулды-толқынды дуализмді өмір сүреді деп қорытынды жасады. Сол жаңалығы үшін Луи де Броиль, кезіндегі Эрнест Резерфорд сияқты Нобель сыйлығына иегер болды. Элементтарлық бөлшектер қалай өзгерсе де олардың массасы (көлемі) жойылмайды, тек құрылымы өзгереді. Оны біз

А. Эйнштейннің (1879-1955) қатыстық теориясы формуласынанда айқын байқаймыз. – « $E=mc^2$ ».

Мәселен, сәуле жылдамдығымен қозғалатын элементарлық бөлшек өзінің корпускулды қасиетін сақтай алмайды. Ол толқынға айналады. Оның көлемі де басқа классикті механикалық әдіспен емес, квантты механика әдісімен өлшенеді. Сәуле де, әлем де ұдайы еш тоқтаусыз, бөлшек – бөлшек болып тарайды. Оның белгілі қасиеті үздік пен үздіксіздік бірлігі. Сондықтан да орыс физигі П. Н. Лебедев (1866-1912) әлемде ең бірінші болып сәуле де қысым (салмақ) барын ашты. Антик дәуірінде қозғалысты тек үздіктен тұрады деп түсінген. Зенон, үздіксіздікті үздікпен бір етіп тең ұстай алмай, ой, теория тұрғысынан алғанда, адам ешқашан тасбақаны қуып жете алмайды деп шатасқан болатын. Сондай-ақ, Э. Резерфордта көпке дейін элементарлық бөлшектердің корпускулды-толқынды дуализмін түсіне алмады. Сәулені үздіксіз деп түсіну бұл да Зенон пікірі сияқты қате болған болар еді. Өмір сәуле де, барлық қозғалыс сияқты үздік пен үздіксіз бір екенін дәлелдеді.

2.13. Танымның мақсаты жеңіл, жолы ауыр, қиын

Ғылым XVII-XVIII ғасырларда пайда болды, бірақ оның басталуы өте ерте замандарға кетеді. Танымның көзі ізденіс, ойлау. Мәселен химия ғылым болып қалыптасқанға дейін флогистон, алхимия, ятрохимия сияқты теориялар болды. Бірақ олар ғылым емес болатын. Десек те металдан алтын, кез келген заттан қызу от шығармақ болып ғалымдар ізденіс жасады. Бұл ізденістер дұрыс нәтиже бермесе де, болашақ ғылымға жол ашты. Тіпті, алхимия деген ұғымның өзі арабтардан басталып, кейін Европа елдеріне тарағанын байқау қиын емес. Ғылыми ізденіс басталуы өмірден туындаған. Тарихта көптеген тұрмыс жаңалықтары көшпелі

этностардан басталады. Өйткені олардың тарихы өте ерте жүз мыңдаған жылдарға кетеді. Мал бағып, сонымен күн көрген көшпелілер сауып алған сүттен айран, сүзбе, құрт, май шығарып, етті қақтап, сүрлеп, тарыдан түрлі технология қолданып, қайнаған суға пісіріп, сүзіп, кептіріп, қуырып, келіге салып түйіп, сок жасап, ұзаққа шыдайтын дайын тағам жасау бұл да көп технологиядан өтетін химиялық процесс. Тарыдан жасалған «сөк», ол шикі сөк (пшено) емес. Одан соң руда тауып, оны қорытып, балқытып металл шығару, түрлі қоспалар арқылы металл сапасын өзгертіп, одан ыдыс, қару, бұйым жасауды үйренуге қанша замандар кетті. Тек бір ғана «жез» деген ұғымда қанша мән және тарих жатыр? Оны ойландық па?

Біз флогистонды айтамыз, ал көшпелілер шақпақ тастан от шығарып, мыңдаған жылдар өмір сүрген. Науқас адамның ауруын емдеуден бұрын, тамыр ұстап, кеселін анықтау тарихы ше? Ол қай замандарға кетеді? Орта ғасырда өмір сүрген Ибн Сина (980-1037) тамыр ұстап, адам ауруын ажыратуды өзінің негізгі құрал-әдісі еткен жоқ па?

Европа елдерінде қан қысымына қарсы сүлік (пьявка) пайдаланған. Көшпелілер шекеден қан шығарған. Бұл да ем. Ұшықтау, бақсы ойыны, дем салу ше? Ибн Сина: дәрігердің үш қаруы бар: «пышақ, өсімдік, соз» дегені осындай тарихи әдістерден туындаған жоқ па? Біз көшпелі бабаларымыздың киіз үй жасаған кереметін айтпай-ақ қойайық, тек қазақ, Орта Азия далаларындағы 20-30 метрлік биіктігі бар жәй кесектен жасалған мұнараларды еске аламыз. Олардың тұрғызылған тарихы кемінде мың жылға кетеді. Олар бір кезде күзетуге, айналаны 20-30 шақырым жерге дейін барлап, хабарласу үшін жасалған. Күйдірген кірпіштен жасалған құрылыстар ондай ұзақ шыдамайды. Кереметі неде? Ол арнайы топырақ, бие сүтімен иленіп, арасына жылқы – құйрығының қылын араластырса кепкенде кәдімгі арматурадай болған.

Жауыны аз шөлді аймақта ол жүздеген жылдарға, одан да ұзақ дәуірге шыдаған. Бүгінгі арматура аспаннан түскен жоқ, сол тарихтан, сол бабалар өмірінен алынған.

Мұндай мысалдарды өмірдің кез келген саласынан көруге болады. Мұның бәрін айтуға оңай, ал оған жету жолында қанша ойшылдардың ізденісі мен тәжірибесі кетті. Осыларды айту еске келмейді. Қойдың алдыңғы аяғы сүйегінен «асық», одан кейінгі «билльярд» ойнауды, бетпелбет соғыстарда кісі шығыны аз болсын деп, «жекпе-жек» өмірге келтірген бабаларымыз антик дәуіріндегі гладиатор «жан кешті» ойынына «боксқа» бастау болғаны кімнің ойына келеді? Оны кім көріпті, не жазып қалдырыпты? Ешкімде. Оларды оймен ойлап, талдап, салыстырып шамалау керек. Өмірде ешнәрсе зым-зия, ізсіз жойылып, еш себепсіз пайда болмайды. Біздің бүгінгі өмірімізде бұрынғы материалдық және рухани болмыстың ескерткіші сақталған. Осы факторларды Д. Кішібеков «Преимственность как закон развития. (Размышления)» – Алматы. 2010 ж. кітабында жазған болатын. Ғылым тарихы мен философиясы не үшін керек, егер осындайларды талдап қарап, салыстырып елестетіп зерттемесек.

Аты көпке белгілі Рене Декарт (1594-1650) материалист, рационалист, математик, физик, аналитикалық геометрия негізін салған үлкен ғалым болған. Өз еңбектерінде Н. Коперник, Г. Галилей есімдерін атамай, өзінің олармен үндес болғанын байқатады. Бірақ өмірде өзін католик шіркеуіне берілген адал ұл етіп көрсетпек болған. Қоғамда католик дінін берік ұстаған, сенімі күдік тудырмайтын адамдармен бір болуға тырысқан. Тіпті өзінің үш саладан тұратын «Диоптрика», «Метеоры», «Геометрия» деп аталған үлкен жаратылыс заңдарын зерттеуге арналған еңбегін ешкімді елең еткізбейтін тақырыппен, «Тәжірибелер» деп атаған болатын. Ал басты философиялық «Әдіс туралы ой толғам» туындысының бір тарауын Рене Декарт

«Құдайдың бар екені адам жанының мәңгі өлмейтіні» деп атады. Онда ол былай деп жазды: «Мен болмысы бар бірден бір құбылыс емеспін және қажет болса кейбір басқа болмысы менен әлдеқайда шыңдалған, оған мен тәуелді, одан мен өзімдегінің бәрін алған құбылыс болуы керек»¹ деп жазды. Р. Декарттың бұл пікірі әлемді билейтін Құдай бар екенін мойындағаны. Сондай-ақ Декарт адамда тәжірибеге бағынбайтын іштен туған идея бар деп жазды. (Сол үшін оны басқа философтар сынаған болатын) Р. Декарт пікірінше шындықты айқындайтын практика емес, анық айтылған ой, ойлай алу көрінеді. Бізге анық, айқын нәрсенің бәрі шындық деп жазды². Сірә, позитивист Огюст Конт (1798-1857) пікірін Р. Декарттан алған болса керек. Р. Декарттың «*Cogito ergo sum*» («Мен ойлай аламын, олай болса тірімін» дегені әлгі айтқанның тағы бір дәлелі. Олай болса өзінің басты ғылыми еңбегін инквизация құрығынан құтқарып қалу үшін дінді жақтаған айласы еді. Сол үшін Р. Декарт діншілдер алдына түсті. Мәселен XIII ғасырда өмір сүрген католик шіркеуінің теоретигі атанған Фома Аквинский (1225-1274) Құдай мен адам жанын қатар қойып қарай келіп, жанды мәңгі деп қарауды күдікке алып, оны қостамаған болатын. Ол былай деп жазды: «Құдай мәңгі, ал жан болса, ол тәнге дейін болмаған. Құдай таза, бірқалыпты, тұрақты әрекет, ал жан қиналады, куанды, өзгереді, олай болса, жан Құдай мен тең емес, оның бөлшегі де бола алмайды». Бұл діншілдер тұрғысынан алғанда, олар айтпаған тың пікір болатын. Олай болса өмір дамыған сайын, адам санасы сол көтерілген дәрежесіне сай толығып, оның өткір ойлары да дамып отырған. Ақылға сиятын ойға ешкім қарсы болмаған. Бірақ Р. Декарт олай дей алмады. Себебі

¹ Декарт Рене. Сочинения в двух томах. Том 1. Москва. 1989, 270 б.

² Бұлда сонда, 269 б.

түсінікті. Әр нәрсенің анығын өмір, (практика) көрсетеді. Қазіргі католик шіркеуінің өкілдері Орта ғасырдағы схоластиканың ғалымдарды қуғындап азаптағаны үшін сынға алады. XVII ғасырда өмір сүрген материалист философ Бенедик Спиноза, өзінен бұрын 1600 жылы Рим алаңында тірідей инквизиция соты шешімімен өртенген Джордано Бруно пікірін қайталаған, бірақ аман қалған Бенедик Спиноза (1632-1672) дін ғалымдарға бостандық, олардың ойына еркіндік беруін талап еткенін айтпауға болмайды. Олай болмауы да мүмкін емес еді. Қоғам өзгеруде, бүгін адамдарда басқа, білімі, сана-сезімі де жоғары. Оны ескермеу қате. Бірақ, Фома Аквинский мен Рене Декартты, Джордино Бруно мен Бенедик Спинозаны қатар қарауға болмайды. Әрқайсысының өзіндік себептері болды. Еркін ойлау, ғылымда пікір таласы болуы қажет екенін қазіргі логикалық позитивизм өкілі Венгер ғалымы Имре Лакотос та айтып жүр. Дегенмен, Р. Декарттың танымда практиканы (айламен айтса да) мойындамағаны қазіргі логикалық позитивизмге демеу беруде. Мұны ескерген жөн. Сын орынды, дәлелді жүргізілсе, ешкімнің намысына тимей, онда ол ғылымды өтіріктен, плагиаттан сақтайды, оның таза дамуына жол ашады. Мәселен кезінде индуктивтік әдістің негізін салған ғылым бақылауға, салыстыруға, эксперимент жүргізуге негізделуі керек деген ағылшын философы Фрэнсис Бэкон (1561-1626) ертедегі гректерді өз ой тұжырымдарын эксперимент жасамай, тек ой байламға негізделген, олай болса қате деп сынады. Оларда ғылымға тірек болатын бірде бір ой болмағанын айтады. Атақты Платон «Мемлекет» деген кітабында мемлекеттің тұрақтылығына ең үлкен қауіп келтіретін – ол өтірік деп жазған болатын. Фрэнсис Бэкон айтқан болатын: «Істегі шындықпен турашылдық адамгершілік бейнеге абырой жасайды және оған өтірікті қосу алтын, не күміс ақшаға жасалған қосынды сияқты, әрине бұл металды

өңдеуде әдемілік келтіреді, бірақ оның тазалығын бұзады, өйткені бұл ирелең және қисық жол, аяғымен емес бауырымен арам қозғалатын жылан іспетті»¹. Егер өтірік пен антсыздық белгілі болса бұдан басқа ант бұзарлық жамандық жоқ деп жазды. Ғалымдарды өтірік, плагиат, басқа біреуге еңбек жаздырып, оны иелену, ғылымға, қоғам дамуына, прогреске жасалған зиян, қауіпі – ғалымдарды бұзады, ірітеді, тазаны аяққа басады. Бұл рухани кесел. Оны бүркемелеу кімге керек? «Ауруын жасырған ауырмай өледі» дейді халық.

Католик дінінің теоретигі Фома Аквинский: «Ғылым дінге қызметші болуы керек» деп жазған болатын. Әрине бұл реакциялық пікір. Дін ғылым емес, сенім. Ол дүние заңдылықтарын зерттеу арқылы пайда болған жоқ. Уайымдау, үрейлену, сыйыну арқылы пайда болды. Ал ғылым әлем заңдылықтарын, себеп-салдарын зерттеу арқылы пайда болды. Әрине ғылымды дінге бағындырудың нәтижесі орта ғасырда неге әкелгені белгілі. Оны тарих әшкерлеп, келтірген зиянын ашып айтқан болатын. Бірақ, қай қоғамда да болмасын ғылымды қаржылап, басқару керек. Әрине екі түрлі ғылым бар. Бірі теориялық, екіншісі қолданбалы, практикалық. Практикалық ғылым қазіргі рынок дәуіріне негізделген. Ғылымға жұмсалған қаржы еселеп қайтарылуы керек. Ол жұмысты басқаратын өмір, оның күнделікті талабы. Онымен айналысқан ғалымдарда ауытқу, ой жетегінде кету деген болмайды. Ал теориялық ғылым басқа. Онымен айналысқан ғалым тікелей пайда әкелмеуі мүмкін. Бірақ, теориясыз практикалық ғылым дамымайды. Рынокқа оның керегі аз. Сол теориямен айналысқан ғалымдар ғылым логикасын зерттейді. Сол жұмыста бір нәрсені іздеймін деп, басқа мәселені қозғап, мәселенің желісін қуып кете беруі мүмкін. Ғалым ол жұмыспен

¹ Бэкон Фрэнсис Сочинения в двух томах. Т.2. М. 1978, 333 б.

үңіліп айналысқанда, мұның аяғы неге әкеледі, оны ойлай бермейді. Барлық, жаратылыстық ғалымдар логикасы солай болған болса керек. Оның пайдалы да, прогреске қажет, не кері де жақтары болуы мүмкін. Бірақ ғылым негізі теория. Онымен айналысатын ғалымдар теоретиктер. Оларды басқарып, бағыттап отыру өмір талабы. АҚШ сияқты ірі дамыған елдер арнайы теоретиктерді дайындаймын деп әуреленбейді. Ол пайда іздеген ел. Оларға әр елден дайын теоретиктер өздері келеді. Сонда орта дамыған елдер не етпек? Міне мәселенің бір жағы осы. Екінші жағы өз еліндегі теоретиктерді қолдап, бағыттап отыру қажет. Ғылым да басқаруды, бақылауды, қолдауды керек етеді. Нағыз ғылымға берілген адам өзін ойламайды. Ал өзінің жағдайын жақсартуды ойлаған адам ғалым болса да, одан алшақтайды. Ғылым тиіп-қашып жүрген адамға сырын ашпайды, берілмейді дедік. Дәл осыған ұқсас пікірді кезінде Дени Дидро (1713-1784) айтқан болатын, өзінің «Мысли к истолкованию природы» деген еңбегінде.

2.14. Пікір алысу – ғылымда ауадай қажет

Ғылым ғалымдардың пікір таласы, ой бөлісуі, сабақтастық арқылы дамиды. Мәселен, XVIII ғасырда өмір сүрген бір бағытта топ болып жұмыс атқарған француз философтары К. А. Гельвеций (1715-1771) мен П. Гольбахтың (1723-1789) пікірлері кейбір мәселелер жайлы алшақ болса да, олардың бір болуына кедергі келтірмеген. Айталық, К. Гельвеций адам табиғат сыйы емес, тәрбиенің нәтижесі деп өзінің «Адам, оның ойлау қабілеті және тәрбиесі» деген кітабында жазған болса, П. Гольбах «Табиғат жүйесі» деген кітабында адам табиғат жасандысы, ол табиғатта

өмір сүреді. Оның заңдарына бағынышты. Адам одан ой түрінде де өзін бөліп, ажырата алмайды – деп жазды.

Классиктік неміс философиясы, өкілі И. Кант (1724-1804) «Таза ақылға сын» деген кітабында, философия болашақ ғылымның идеясы десе, Г. Гегель «Менің ғылымым философия, оның жаңа түрі» – деген болатын. Диалектиканы И. Кант, көрініс логикасы десе, Г. Гегель «Диалектика философия – жаны» дейді. Мұнда Г. Гегельдің ғылым «жаны» деп отырғаны философия тірегі диалектика екендігі. Өйткені Г. Гегель диалектиканың жалпылық заңдарын ашты, оны ғылымға айналдырды. Егер Г. Гегель (1770-1831) «Шындық дегеніміз біздің ойымыздың танымда объектіге дәлме-дәл келуі», десе, И. Кант таным процесс, сондықтан «субъект пен объект ара-қатынасында дәлме-дәлдік болмайды» деген болатын. И. Канттың пікірінше шындық ол білместіктен біліктілікке, саяздан тереңге қарай таным процесі, ол ешқашан біржолата шешілмейді. Өйткені әлем қозғалыста дейді. Бүгін білгенің ертең өзгереді, көнереді.

Г. Гегельдің пікірінше шындық ол ой мен объектінің сайма-сайлығы, бұл абсолют. Түрлі талас пікірлер тіпті діншіл, идеалистер арасында да болған. Мәселен, Фома Аквинский (1225-1274) себептілік дүниені жаратушы Құдай бар екенін дәлелдейді десе, Ю. М. Давид (1711-1776) дүниеде себептілік деген жоқ. Ол тек ой туындысы, бір нәрседен кейін бір нәрсе болады. Ол байқау арқылы қабылданған дағдылық, ой тіркестігі, сабақтастығы дейді.

Мұндай пікір таластары жаратылыс ғылымы өкілдері арасында да болған. Онсыз ой тереңдеп, шыңдалмайды, ғылым дамымайды. Мәселен, Н. Коперник (1473-1543) К. Птолемейдің (б.з.д. III ғ.) «Альмагестегі оның геоцентрлік пікірін сынап, оны гелиоцентрлік ғылыми жаңалықпен алмастырды, Р. Бойль (1627-1691) алхимияны, А. Лавуазье (1743-1794) өзінің оттегі теориясы арқылы

Флогистонды, қазіргі генетика ғылымы өкілдері Т. Д. Лысенко (1898-1976) әрекеттерін жоққа шығарып, оның сандырағын ғылымнан аластатты. А. Эйнштейн (1879-1955) И. Ньютонның (1643-1727) классиктік механика теориясына сай жаңа пікір айтты, Н. И. Лобачевский (1792-1856) Евклид (б.з.д. III ғ.) геометриясына жаңалық ендіріп, «Эвклидтік емес геометрия» жасады. Мұндай мысалдар ғылымда жиі кездеседі. Бұл өмір, ғылымның даму жолы. Онсыз ғылым дамымайды, сөнеді. Мәселен, Орта ғасырдағы Европада католик діні мен схоластика адамдар аузына қақпақ салды. Еркін ойлау түгіл жәй ой бөлісу қауіпті болды. Ғалымдар шексіз қуғынға түсті. Инквизиция жаппай үрей тудырды. Нәтижесінде ғылым, білім, өнер тоқтап, жаншылып қалды. Кеңес жылдарында догматизм үстем болғаны осындайдан еді. Бұл таластар негізі бір, шешуі түрліше болғанда өрбиді.

Ашық ой, пікір айтылған жағдайда қашанда ғылым дамиды. Мәселен, И. Кант ақыл қайшылықтан тұрады, оны тәжірибе арқылы шешу мүмкін емес деп, сол арқылы ой антиномиясын жасаған болса, Г. Гегель сол қайшылықтардан шығарып, өзінің диалектикалық үш жалпы заңдылықтардың бірі – қарама-қарсылықтың бірлік және күрес заңын ашты дедік. Түрлі талас пікір ой қозғайды, ал біркелкілі пікір, бірдейлік тұжырым адам ойын маужыратады. Ғалым ғылым жасаушы және оның тазалығын сақтаушы күзетшісі болуы керек. Ғылымда пікір таласы біреудің біреу жағасынан алу емес, тек ой бөлісу. Өз пікіріңді ой жүйесі және нақты фактылармен дәлелдей білу. Дұрыс болса, ол қабылданады, ғылым дамиды.

Кейбір тарихшылар бір кезде таза мал шаруашылығы болғанын мойындамайды. Көшпелі тұрмыс жер шаруашылығымен аралас болған дейді. Бұл қате пікір. Кейінгі дәуірде солай болғаны рас. Бірақ алғашқы бастау кезінде аң аулаудан кейін пайда болған жабайы хайуандарды қолға үйрету арқылы мал шаруашылығы

дүниеге келген. Содан барып саны көбейген малды сақтап, өсіру үшін көшпелі тұрмыс пайда болды. Мұны ғылым ең алғашқы еңбек бөлісіне жатқызады. Жер шаруашылығымен айналысу, отырықшы тұрмыс, қолөнер мен сауда, яғни өнім айырбасы, екінші еңбек бөлісіне жатады. Ауыл, қала тарихы сол екінші еңбек бөлісінен басталады.

Геродот былай деп жазды, Сыр бойында өмір сүргендер туралы: «Хлеба массагеты не сеют живут скотоводством и рыбной ловлей. А также пьют молоко»¹ Неліктен? Егін шықпайтын қыр емес, олар Сыр бойындағы егінге қолайлы, сулы, нулы жерде тұрған жоқ па? Өйткені бұл көшпелі тұрмыстың дағдыға айналғандығы. Ол бір. Екіншіден, егін шаруашылығына дамыған еңбек құралы керек болды. Бұл да ғылыми пікір. Шынында неге олай? Геродот пікіріне құлақ салмауға болмайды. Саймандар кейін пайда болды.

Пікір алыспаса ой жан-жақты дамымайды, тереңдемейді. Шыңдалған ой – көзқарастар тоғысының нәтижесі.

2.15. Көшпенділер психологиясы

Психология – грекше екі сөзден құралған. Психо (Psyche) – жан (душа), логия (Logos) – ілім, яғни, адам жан-дүниесі туралы ұғым. Әрбір адамның, халықтың, ұлттың өзіндік психикалық ерекшеліктері бар. Ол туған жерге, тұрмыс-тірлікке, ішкен-жегенге байланысты. Ол қасиет кейбір жануарларда да бар. Одан соң қазақтар бір жағынан кең қолтық, жайсаң, ерекше қонақшыл, бауырмал, туысқаншыл халық. Оған себепкер болған ерте замандардағы қатерлі аңшылықпен көшпелі өмір. Осының бәрі объективтік жағдайдан туындап, қалыптасқан.

¹ Геродот. История. Т. IV, 79 б.

Қазақ халқы мал бағып, көшпелі өмір сүрген бабалар ұрпағы. Ертеде мал соңына еріп кете беру – ерлік еді. Бұл мәселенің бір жағы. Екінші жағы, кейінгі заманда ауыл-ауыл болып, мал жағдайына байланысты бірінен-бірі оқшау орналасып, кең жазық даланы шаршылап жайлау ол да оңай болмады. Оңаша 4-5 үйден тұратын оқшау отырған ауылда адамдар қарым-қатынасы аз, хабар-ошарсыз ауылы адамдары жаңалық, хабарға мұқтаж болғаны белгілі. Бұл рухани аштық еді. Сондықтан кездейсоқ келген, жолшыбай тоқтаған адамы «құдайы қонақ» деп сыйлаған, жылы-жұмсақ сақтағандарын дастарханға салған. Тәтті дәмдісін қонақ келгенде жейсің деп, балаларына да бермеген. Сондықтан, балалар қонақ келсе, алақайлап қуанған. Егер қонақ әнші, не домбырашы, әлде жыршы болса, ауылға театр келгендей болған, өйткені мұның бәрі жаңалық, рухани азық адам құлағының құшырын қандырып, өмірін жеңілдеткен. Қазақ жерін аралаған шетел саяхатшылары кез келген қазақ үйі тегін тамақ, төсек-жай беріп, тіпті келесі ауылға жету үшін көлікті де тегін ұсынатынын талай танданып, жазған болатын. Себебі әлгі информациялық тапшылықта отырған қазақтар тіпті жақындарымен де сағынып, сарғайып кезігетін болған. Оның ерекше қонақшыл, бауырмашылдығы да осыдан.

Көшпелі қазақ бабалары тұқым тазалығы үшін қыз алып, қыз бергенде жеті-ата туыстықты сақтап, құдалықты алыстан іздеген. Сондықтан көшпелі ауылда ұзатылған қыз таудан асып, қырды басып, ұзап кеткендігі сонша, ел-жұртын өмір бойы көре алмай өткендері де болған. Мәселен, Еділден Алтай тауларына дейінгі дала атқа мінген адамға тек алты айлық жол болған. Ал көшпелі бабалар Карпат тауынан Камшаткаға дейін жайылғаны белгілі. Бұл тек тар мағынада алғанда. Сондықтан, көшпенділер өмір бойы бірін-бірі аңсап, армандап өткен. Ел арасында түрлі ауырулардан дүниеден ерте кеткендер көп болған. Көшпелілер өте ерте замандардан өмірін бастаса да, саны көбейіп өспеген. Бұл да шындық.

Қазақ әндері мұңлы, шерлі жүрек сыздатып тебіреніп, елге, жерге арманын өксітіп қозғайтындығы осыдан. Тарихты терең қозғамай-ақ, көшпелі бабалар, олардың тікелей ұрпағы, қазақтардың бұрынғы өмірі қандай болғаны содан-ақ айқын байқалады. Дүние салған адамды шығарып саларда Батыстықтар жерлеу музыканы тартады. Бізде ондай арнайы музыка жоқ, бірақ қазақтардың ерте замандардан сақталған кез келген музыкасы соның орнына жүреді. Адамның іш-бауырын елжіретеді, өмірден өткен адамның армандарын айтып тұрғандай. Бұл не сонда? Психологиялық сезім, ауыр қайғылы өмір бейнесі. Шетелдік қазақтар тегін айтпаған: «қанша жақсы тұрсақта жанымыз рахаттанбайды», – деп. Бұл аңсау, армандау сезімі. Қазақ психологиясының бұл бір жағы.

Екінші жағынан көңілі биік, жоғары, жарқын, кең. Көшпенділер соғыстарда қорку, үрей дегенді мойындамай, ерен ерлік көрсеткен, жеңістерге жеткені де себепсіз емес. Александр Македонский мен Дарий көшпелі Сыр елін жауламақ болып келгенде, олардың бетін қайтарып, шегінуге мәжбүр еткізген де солар еді. Көшпелілер жауын атпен қуыпта, шегініпте соғысып, жеңіске жеткен. Бұл олардың соғысу тактикасы.

Атақты Шыңғысхан, оған дейінгі, одан кейінгі әлем қолбасшылары, сарбаздары, найман, керей, қоңырат, арғын, қыпшақ болғаны тарихтан белгілі. Қазір тарихшылар олардың тілін де түрікше болған дейді. Ол да себепсіз емес, кім көп болса, ел сол тілде сөйлейтіні айқын. Ал енді бүкіл Европаны билеген Еділ батырды былай қойғанда, Хан Батый (1208-1255) сарбаздары қыпшақ, ноғайлы, адайлықтар болғаны да әйгілі. Ол да еш жерде ешкімнен жеңілмеген. Атақты Алтынорда мемлекетін орнатып, мемлекеттік тілі түркі, діні ислам, әдет-ғұрпын қазіргіше етіп қабылдаған. Батый болатын. XIII ғ. «Кодекс-Куманикус» сөздігі қыпшақ тілінде жасалған.

Наполеон Бонапарт әскерін Мәскеуден Парижге дейін қуып барып, аттарын Сенадан суарған да біздің көшпелі ел батырлары еді. Мәселен, Орынборда жарақталған полковник Жақып Беляевтің (Білал ұлының) атты әскерлері.

1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында Мәскеуді жаудан қорғап қалған Сібірліктер дейді ресми ақпарат. Солардың ішінде Қазақстандықтар болғаны да шындық. Ол туралы кезінде Правда газеті жазған болатын. Отан соғысында эскадрон командирі Кеңестер Одағы Батыры Ерденбек Ниеткалиев Берлин бағытындағы шайқаста қаза тапты. Көшпелі Батыс Сібірліктер батыр, ержүрек халық екенін патша өкіметі де білген. Әскерге оларды алмады, қолына қару-жарақ беруден қауіптенді. Қазақтардан Ресейге адал қызмет ететін жауынгерлер түрлі мамандар шығады, егер оқытсандар деген Ыбырай Алтынсарин отаршылдарға ұнамай қалды. Бұл да шындық. Оны ағартушылық жұмыстан сол үшін шеттеттірді.

Енді осыдан қазақ бабаларының ер-жүрек, батыр болғандығының себебі неде? Ол да тұрмыстан туындаған қасиет. Мал бағып, көшпелі өмір сүрген бабаларымыз ертедегі аңшылық өмірдің тікелей жалғасы болатын. Аң аулау өте қауіпті болған. Кейде бірігіп, кейде жеке де аңға шыққан. Бұл ерен ерлік, батырлық, айла керек еткен. Батырлар кейде опат та болған. «Қорқыт ата» кітабында жалғыз ұлы аң аулауға шығып, қайтып оралмағанын айтып күңірейген ананың аянышты зары, жоқтауы келтіріледі.

Көшпенділердің тағы бір психологиялық ерекшелігі олардың жұмбақтап сөйлеуі, шешімін тап деп сынайтыны. Қазақ арасында кейбір ойшыл аты шыққан кісіге енді талаптанып жүрген жас жігіт келіп, үлкен кісінің батасын алып, сондай-ақ халін білмек болып барғанда, әйгілі ақсақал оған бес, не он саусағын көрсетіпті. Мақсат – ойшыл боламын деген болсаң, нақты жағдайға байланысты, осы көрсеткенімнің шешуін тап дегені. Шешуі, әрине

жалпы емес, нақты сол жағдайға байланысты болуы керек. Жауап та түрліше болуы мүмкін, бірақ, нақты жағдайдан шықпау керек. Дұрысы, жағдайға сай айтылуы. Сондай жауап берген талапкерге ақсақал қолын жайып, тілек айтқан. Көшпелілер қашан да тапқыш, ойшылдарды ұнатқан. «Таза бұлақ» деген мақаласында Ы. Алтынсарин (1841-1889) мынадай әңгіме келтіреді. Үш жолаушы бұлақ басында сусындап отырып, тастағы жазуға көз салады. Ол тастағы жазуда «Ей, жолаушы, болсаң осы таза бұлақтай бол!», – деп тілек айтылыпты. Әңгімеде бұл сөздердің мағынасын үш жолаушы әр қайсысы өзінше топшылайды.

«Бұл жазылған ақыл (нақыл-ой) сөз екен» депті біреуі. «Бұлақ күндіз-түні тынбай ағып, алыс жерлерге барады. Бара-бара кеңейіп, үлкейеді. Бұған жол-жөнекей кішкене бұлақтар қосылып, бара-бара үлкен өзен болып кетеді. Бұдан мынадай ғибарат алуға болады. Сондай адал қызмет қыл, еш уақытта жалқауланып, тоқталып қалма, сөйтсең ақыры сен де үлкейіп, мұратыңа жетесің», деген деп білемін¹, дейді. Екінші жолаушы жазудың мәнін басқаша түсіндірді: «Бұл бұлақ кімге болса да даяр, ыстықтағанды салқындатып, рахаттандырады. Сусағанның шөлін қандырады. Ол үшін ешкімнен ақы сұрамайды. Олай болса біреуге істеген жақсылығыңды міндет етпе»² - деген ақыл болады, дейді. Үшінші жолаушы ойланып тұрып, былай дейді: «Бұл бұлақтың суы бір орнында тұрып, шөп-шалаң түсіп, былғанса, бұған адам ынтық болмас еді. Бұлақ күні-түні тынбай ағып, тазаланып тұрғаны үшін бұған адам ынтық. Олай болса, бұл жазудың мағынасы мынау: Көңіліңді, бойыңды осы бұлақтай таза ұста, сыртқа ашық көрініп тұрсын, деген ғой»³ депті.

¹ Ы.Алтынсарин. Таза бұлақ. Алматы, 1988. 306 б.

² Бұл да сонда

³ Бұлда сонда

Осы әңгіме арқылы Ы.Алтынсарин біріншіден осы бұлақ секілді таза адам бол, тынбай еңбек ет, көпке пайда тисін, оны ешқашан міндет етпе, сонда үлкен халқыңның азаматы боласың деген нақыл сөз айтып, халықты тәрбиеленуге ұмтылатын екен. Екіншіден, қазақ халқының дағдылы менталитетін көрсеткен. Бұл қазақ ертегілерінде, аңыздарында жиі айтылып, ойшыл халық екені байқалатын.

Көшпелілер астарлы сөйлей білген. Сондықтан, әрбір айтылған сөзге мән беріп, оны жан-жаққа жүгірткен. Сөйтіп белгілі түйінге келген. Геродоттың көшпелі скифтер жайлы жазған белгілі тоғыз томдық «Тарихының» төртінші томында біршама факторлар келтіріліп, оқиғалар айтылады. Мәселен, скифтер басқа халықтармен қарым-қатынасын айқындау үшін түрлі нышан белгілер арқылы хабарласып, түсініскен. Мәселен, құстың қауырсынын, садақтың оғын не тышқанның қураған тісін жіберсе, онда мынадай астарлы ойды білдірген. Егер бізбен соғысатын болсаң, құс болып ұшып кетсең де, тышқандай ін қазып жерге тығылсаң да мына садақ оғымен құртамын дегені. Мақсатың солай болса, онда соғысатын жеріңді белгіле дегені. Ал, егер астықтың дәні, топырақ, не сондай бейбіт зат салса – онда тыныштық қатынасқа шақырғаны болса керек.

Геродот мұны қайдан алып, айтып отыр? Әрине, түрлі естіген, білгендерінен. Бүкіл қазақ өмірі, салт-санасы, әлгі айтқандарға өте жақын, ұқсас болғанын білуіміз керек. Бұл келтірілген көшпелілер психологиясы, менталитеті және тарихы.

Батырлықты қазақтың жыр-дастандары ұдайы дәріптеген, жастарды соған баулыған дедік. Батырлық қазақ елінің тірегі болған. Міне, қазақ батырлығының тарихи түбірі қайда жатыр.

Көшпелі қазақ елінде бір кездегі Жапон еліндегідей «хиракири» не қанға-қан, жанға-жан дегендей әдет болмаған. Егер басқа біреу жаныңа тиетін әрекет жасаса, әдетте оған

өлеңмен жауап қайтарып, ақылмен оның мысын басатын, халық оны мәңгілік әнмен айтып жүреді екен. Өйткені көшпелілер елінде демократия күшті болған. Түрлі дау-дамай, ұрыс-керіс ақсақал, билер шешімімен біткен. Қазақ ойын еркін қаймықпай айта білген.

Көшпенділер діні тәңірлік болғанымен, олар жын-шайтаннан, жыртқыш аңдардан қорықпаған. Ұзақ жолда келе жатып, түн болып қалса, кез-келген жерде атын тұсап, ертоқымын төсек, көпшігін жастық етіп, жата кететін болған. Сезікті жағдай пайда болса, ат оқыранып белгі берген. Егер түнде жауын-шашын басталса молаға барып ұйықтаған. Көшпелі бабалар малдың жайын ойлап, кез-келген жаққа бет алып, алдын білмей-ақ тәуекелге салып көше беру, бұл да шексіз батырлық, ерлік. Олар табиғатпен тікелей байланыста болып, ауа-райын, жыл, ай мезгілдерін байқаған. Көптеген нышандар мен тыйымдарды жануарлар қимылына қарап, дағдыға айналдырған. Айдың, күннің тұтылғанынан, иттің ұлығанынан қорыққан. Қазақтар жанұяда (семьяда) қыз баладан гөрі ұл баланы ұнатқан. «Қыз жат елдік, ұл шаңырақ иесі, бабалар ұрпағы» деп түсінген. Бабалар ер адам атымен аталғаны содан болса керек. Ұл баланы «Батыр бол» деп бата берген, бетін қайтармаған, сағын сындырмаған, ақылмен жөнге салған. Ер баланы ел қорғаны деп қараған. Оны бүкіл ауыл болып тәрбиелеген.

Санасыз ұлттық психикаға жататын тағы бір құбылыс – ол табиғи жершілдік. Ол ұлттық идеяның физиологиялық негізі. Ол сезімдік құбылыс туралы орыс тілінде жарық көрген «Национальная идея и идеология» (Второе, переработанное и дополненное издания) – Алматы, 2007 деген Д. Кішібековтің кітабында, айтылған болатын. Жас нәресте құрсақта жатқанда, ананың ішкен суы, жеген тұз дәмінен нәр алып, сурет болған кезінен іште өсіп, организм қалыптаса бастайды. Уақыты жетіп жарық дүниеге шыққан

соң, ана сүтімен қоректеніп, кейін өзі тамақ жеп өседі. Бала организмі сол ортада бекиді. Сол жағдайда қалыптасқан организмде қашанда басқа жердің ауасы, суы, тұз-дәмі өзге болып көрінеді. Әрине, келе-келе оған да үйренеді (адаптация). Бірақ, қандай жақсы жағдайда жүрсін, бәрібір бұрынғы бала кезіндегідей болмайды. Адам организмі, санасы соны аңсайды да тұрады. Басқа жерде жүргенде өз туған жерінен адам көргенде, оны жақын тұтады. Мұны жершілдік дейді қоғамда. Бірақ, оның ар жағында әлгі биологиялық, физиологиялық процесс жатыр. Сол туған жерді аңсау, ардақтау кейін келе «намыс», «патриоттық мінезге» айналады. Сондықтан ауылдас адам, туыстықтан мәні жағынан артық болмаса, кем болмаған. Біз көбіне «жершілдік, намыс, патриотизмді» идеология, тәрбиемен байланыстырамыз. Ол әрине дұрыс, бірақ оны терең түсінбек болсақ, оның ар жағында әлгі жағдай жатқанын аңғарамыз. «Ағайынның аты озғанша, ауылдастың тайы озсын» деген мақал осыны меңзейді. Кеңінен бұл проблемада Д. Кішібековтің әлігі айтқан кітабында қарастырылады. Көшпелілердің аса бір психологиялық ерекшелігі бір естігенін, көргенін ұмытпайтыны. Шыңғысхан хат білмеген, өзінің жарлықтарын ауызша айтады екен. Сондықтан, тапсырма алғандар бірнеше күндік, не айлық жолға шықса да бір сөзін мүлт еткізбей, сәлемін жеткізеді екен. Қазақ арасында бірнеше сағаттан, бірнеше күнге созылған айтысты тыңдаған кейбір адамдар, кәдімгі таспаға жазылғандай жаттап алып, айтып беретін болған. Бұл не сонда? Бұл көшпенділерде информацияның аз, мидың таза тақтаға жазылғандай есте сақтайтынын көрсетеді. Адамның бала кезінде көрген, естігенін ұмытпай есте сақтайтыны да содан.

Қазіргі информация асып-тасып жатқан заманда адам көрген, оқыған, естігендерінің бәрін миында сақтамай, қағазға жазып, интернетке түсіріп, миды ой қорытуға, талғам жасауға, ғылыми білімге қолданады. Телефон цифрларын

есте сақтаудың не керегі бар, анықтама тұрғанда деген екен А. Эйнштейн. Мәселе шынында да солай.

Көшпенділер сонымен қорытып айтқанда бір жағынан жайбасар, барын береке деген, шыдамды, кешірімді, кекшіл емес дедік. Ал екінші жағынан егер олардың намысына, еліне, жеріне, дүниеден өткен ата-бабалары жатқан жері, тарихына, мәдениетіне тиіссең, олар жалындаған оттай болып, шокқа айналған. Міне, осының бәрі олардың психологиялық ерекшеліктері. Көшпелілердің бұл қасиетін Геродот та жазып қалдырған болатын. Ұлттық психология әр халықта бар. Ол осындай жағдайлар арқылы қалыптасқан.

2.16. Ұлттық идея

Бұл ұғым бастауы. Оның физиологиялық негізі психика. Ол не және қалай пайда болды? 2013 жылы наурыз айының 27 күні сағат 13 пен 14⁰⁰ аралығында «Маяк» радиостанциясы бойынша көпшілікке арналған хабар берілді. Сонда басты маман Ресейде «Ұлттық идея» жоқ, тек мемлекеттік, сондай-ақ азаматтық идея бар деп дәлелдемек болды. Бұған жан-жақтан қоңырау шалынып, көпшілік бұл пікірді қолдамады. Өйткені «Ұлттық идея» болмаса, біз ұлт болудан қаламыз деп олар қарсылығын білдірді. Сонымен ұлттық идея бар. Ол біз кіміз, қайдан шықтық, тарихымыз, тіліміз, мәдениетіміз, әдет-ғұрпымыз қандай деген сияқты сұрауларға жауап береді. Қазақтардың арғы тегі мал бағып, көшіп-қонған этностар. Көшпелілер бір замандарда аң аулап, үңгірде тұрып күн көрген қауымның тікелей туындысы, жабайы аңдарды қолға үйретуден басталған ең бірінші үлкен еңбек бөлісі нәтижесі екені алғы тарауда айтылған болатын.

Көшпенділердің барлық тұрмыс, салт-санасы, киім-кешегі, үй жайлары бәрі сол өмірге байланысты болған. Аяқ-табақ, тостаған, ожау, қасық ағаштан, сусын сынбайтын месте сақталған.

Қолындағы малы көшпелілерге әрі ішіп-жейтін тағамы, киімі, үйі, әрі көлігі болған. Ол қай замандардан бастау алған? Сол замандарда олардың тілі болған, (ол қандай тіл?) қарым-қатынас жасаған.

Көшпелілер тілі ерте замандардан сірә түркі болып қалыптасқан. Түр сипаттары да ұқсас болған. Оған дәлел, бұдан 40-50 мың жылдар бұрын Гренландияға жеткен, кейін эскимос аталған. Сондай-ақ Американы жайлаған үндістер деп аталған. Майя, Ацтек, Сиу, Кечуа сияқты этностарда кейбір түркі тілдерінің сақталғандығы, оларда мәңгі емес. Өшіп кетпей тұрғанда тарихқа ендіру керек. Көшпелілер сөзге бай және әрбір айтылған сөзге оның әсер күшіне мән берген. Өйткені сөз қалай болса солай емес, түрлі құбылыстарды бейнелеу арқылы пайда болып, қолданылған. Оның үстіне әрбір құбылысты түрліше бейнелейтін болған. Себебі сол құбылыстарда бір қалыпты емес, ұдайы қозғалыста, өзгерісте болған. Көшпелі бабалар мал жағдайына байланысты жан-жағына көз жүгіртіп, байқап, ауа-райын болжап, күн, ай, жыл мезгілдеріне есеп жүргізген. Жаңа туған айдың орағына қарап, жануарлардың қимылын, дыбысын байқап, жағдайдың қолайлы, не қолайсыз болатынын айтқан. Осылардың тағы бір көрінісі бабалардың терең философиялық бай мақал-мәтелдері. Көшпелілер табан астында ұйқастырып өлең шығара білген. Қазақ арасында кең таралған «айтыс» мәдениеті соның бір айғағы. Көшпелілер сөз мәдениеті жоғары болғанының тағы бір белгісі, ел арасында шешен, ақын, жырау-жыршылар, билік айтқан алатын көсемдер көп болған. Қазақтың кез келген адамды, бір ауыз сөзден, оның кім екенін байқайтыны да содан болса керек.

Көшпелілер сөзінің мәдениеттілігінің тағы бір көрнісі сол ауызша айтылған сөздерді сол күйінде өндемей-ақ, кітапқа ендіруге болатындығы. Олардың тағы бір ерекшелігі айғақтан гөрі уәжге көбірек мән бергені. Олай болса, мәселе болған істі ғана емес, сол іске байланысты, оны жан-жақты дәлелдей білуі. Қазақ уәжге тоқтаған. Бұл көшпелілердің ойшыл халық, философ екендігін байқатады. Қазақ ауылы информацияға жұтаң болғандықтан түрлі жырау, ақын, әншілермен қатар әңгімеші адамдарды құрметтеген. Адамдарды «сөз білетін», «сөз білмейтін» деп бөлген. Сөз білетінін әдейі іздеп барып, әңгімелесіп тыңдаған. Осыған орай бала кезінде Д. Кішібеков естіген бір мысалды келтірейік. Қыс түскен кез болса керек. Ауылда еріккен төрт-бес жігіт уақытты әңгіме, қызықпен өткізбек болып Жұмабай деген кісінің үйіне беттейді. Жұмабай деген кісі саудамен айналысып, көбірек қала, ел аралайтын, әрі әңгімешіл, қонақ күтіп алатын шамасы бар кісі болса керек. Бірақ, дәл сол күні Жұмабай үйінде жоқ, шаруамен бір жаққа кеткен көрінеді. Ол кісінің үй шаруасын тындырып отыратын ағасы болыпты. Әлгілердің осы үйге беттеп, келе жатқанын көріп, олардың алдынан шығып, сәлемдесіп болысымен: Ағасы: «Дала қар, үй тар. Үйде бұзау бар. Мен өзім сөз білмеймін. Сөз білетін Жұмабай үйде жоқ» деп, әлгілердің бетін қайтарыпты. Бұл көшпелі қазақ ауылында жиі кездесетін көрініс еді. Мұның бір жағы экстенсивті шаруасы бар ауылда, мал бағуға адамдардың керектігі көп еместігі. Екінші жағынан қолы бос адамдардың әрекеті қыдырып, уақыт өткізетіні, Абай ел арасындағы осы қылықты ашына сынап, «Жұмысы жоқтың, қолы бостың, аздырар адам баласын» деген. Ол адамдарды қыдырымпаздықты қойып, еңбек етуге, кәсіппен айналысуға шақырған болатын.

Көшпелі тұрмыс қазақтың өлең, әндерінде өз бейнесін тапқан. «Екі жирен» әнінде айтылатын: «Көшкенде жылқы

айдаймын даламенен, ауылына барушы едім аламенен». Немесе «Ләйлім шырақтағы» «Есен-аман жүрмісің Ләйлім шырақ, жаңа таптым ауылыңды көптен сұрап» деген өлең жолдарында «Тайға тамға басқандай», анық, айқын айтылып тұр. Тастағы тамға демекші, Маңғыстау жерінде бір замандарда шейіт болған батырлар аты, тегі, рулары жазылған, ал одан да ертедегілерінде «Ру» белгілері ғана салынған қойтастар сақталған. Бұдан біз Маңғыстау жерін қорғауға Кіші жүзбен бірлесіп, Ұлы, Орта жүз батырлары қатысқанын білеміз.

Қазақ жүзге, руға бөлінгенмен бір халық екенін білген, өйткені діні, тілі, әдет-ғұрпы, жырлары бір болған. Бірін-бірі қолдаған. «Қарға тамырлы қазақ» дегені, олардың біріне-бірі «жиен, қарын бөле, құда-жекжат» болып келетінін меңзеген. Көшпелілер тұрмысы да идеялогиясы да олардың бірлікте болуын тілеген.

Көшпелілер намысшыл болған. «Намыс» ерліктің, азаматтықтың бір көрінісі. Намысы бар азамат, айтқан сөзінде тұрады, берген уәдесін екі етпейді. Түрлі сөз таластарында ойын айқын айтқан, бұғып қалмаған. Қазақ жесірін бөтен елге жібермеген, жетім балаларын панасыз қалдырмаған. Ел арасында мойнына дорба іліп, садақа сұрайтын, қайыршы болмаған. «Намыс» бар жерде жігер, ар, ұят, адамгершілік сақталады. Қазақ «Ар-ұжданға» қатты мән берген. Жолшыбай уйіне бөтен адам келсе, «Құдайы қонақ» деп, оған бар көңілімен жағдай жасаған дедік. Ал қонақты дұрыс қарсы алмаса, қазақ елінде одан жаман абройсыздық жоқ. Қазақ келген қонақты «Қырықтың бірі Қыдыр» деп түсінген. Ен даланы жайлап жатқан көшпелілер ауылында тоқтайтын жер, қонақ үй болмаса да, әрбір жолшыбай кездескен үй жолаушыға қонақжайлылық көрсету жазылмаған заңмен тең болған. Көшпелілер елінде той-томалақ, өлім-жітім болғанда ешкімді арнайы

шақырмаған, тек хабарлаған. Ел жиын, кездесуге өзі ағылып келетін болған.

Ахмет Байтұрсынов 1919 жылы И. В. Сталиннің қабылдауында болып қазақ ауылында басқа елдердегі сияқты тап тартысы жоқ, нағыз коммунизм қазақ елінде деп дәлелдемек болған. Бірақ, Сталинді көндіре алмайды. Бұл да шындық. Кезінде бұл факт баспа беттерінде жазылған болатын.

Көшпелілер өз тарихын шежіре арқылы, білген. Шежіре арқылы адамдар бір-бірінің жақын қатыстығын түсінген. Ел арасында көптеген шежірешілер болған.

Адамгершілік, батырлық, ғашықтық туралы қисса, дастандар арқылы жыршылар патриоттық, тәрбиелік, идеологиялық жұмыстар жүргізген. Жыршы қазақ елінде бір адамдық театр рөлін атқарған. Қазақ елінде түнді түнге ұластырған жыршылар болған. Жыршы, әрі домбырашы, әрі ашық дауысты әнші, әртүрлі жырларды керемет орындаушы болып, тыңдаушыларын жайбарақат қалдырмаған.

Қазақ елінде түрлі ойын-сауықтар жиі болып тұрған. Бұл «көкпар», «бәйге», «теңге алу», «қыз қуу», «күрес», «жаяу жарыс» сияқты спорттық ойындар, «алты бақан», «ақ сүйек», «орамал тастау», «доп», «асық» сияқты жастар ойындары болған. Солардың басым бөлігі ерлікке, машықтыққа, тапқырлыққа баулитын ойындарға жатқан. Қазақтың «жеті ата» тәртібінде де осындай мән болған. Айналып келгенде көшпелілер рухы биік, көңілі таза тарихы тереңнен басталған көптеген алыс-жақын елдерде мәдениетін таратқан халық. Мәселен, орыстардың соғыстарда, мерекелерде «Ура» деген сөзі көшпелілердің «Ора» деген сөзінен шыққан. Аңшылық заманда, жабайы аңдарды қоршап, садақпен атып, шокпармен соғу үшін «Ора!», «Ұр!» деп айқайлаған. Содан «Ура» ұраны туындаған. Батыс Европа, тіпті әлемдегі зәулім храм, сарай, театрлар төбесі көшпелілер шаңырағының бейнесі. Бесік, үзеңгі-жүген, дорба (атдорба), әйелдер киген шалбар

көшпелілерден таралған. Бұл да шындық. Зерттеуші тарихшыларда солай дейді. Қазіргі жаңа жылдық шырша ағашын безендіруде тәңір (шаман) дінінен қалған ағаш басына шүберек ілу кәдесінің көрінісі сияқты демекпіз. Ұлттық идеяға жататындар осы айтылғандар. Бұл көшпелі қазақтардың рухани бейнесі. Осы келтірілген ойларды ажыратпай ұлттық идеяны білу мүмкін емес. Идея ол толықталған ұғым емес. Ол ой ұшқыны сезім мен ақыл арасындағы рухани құбылыс. Барлық сана, ғылым сол идеядан бастау алады. Көптеген Евро-Азиядағы жер-су аттары да түркіше. Мәселен, «Омбы» (Омск) көшпелілер сөзі. Ат жүре алмайтын үйілген терең қарды қазақ Омбы (Омбы қар) – деген. Орысшасы сугроб. Орал таулары бойында түркіше атаулар көп. «Орал» деген сөзде түркіше (обходи, обоиди) деген мағына. Сондай-ақ «Шұбар көл» (Рябое озеро) деген атау. Челябині қаласына жақын жерден археологтар «Архаим» деген шамасы б.з.д. III-II мың жылдар арасында өмір сүрген материалдық және рухани мәдени жәдігер үлкен қала орнын тапты. Табылғандар көшпелілердікі екенінде дау жоқ «Арқа» деген, сөз ол да түркіше. Сол жерге тұспа-тұс Орталық Қазақстан жерін ежелден бабаларымыз «Арха» деген. Бұл жаңалықтар ескірмей келген көптеген тарихи мәселелердің бетін ашуда. Осы жаңалықтарға сай бір орыс тарихшысы Архаимға байланысты. «Біз тарихымызды қайта жазбаймыз» дейді. Дұрыс пікір. Архаимды зерттеп жатқандар Ресей ғалымдары, ашылғаны Ресей жерінде, бірақ ол орыс тарихы емес, біздің бабаларымыздың тарихы. Ресей ғалымдарына рахмет. Зерттей берсін, дегенмен тарих бізге жатады. Архаимды жазатын біз боламыз. Ол біздің көне замандағы тарихымызды толықтырады. Тарихты жазу ұлттық идеяға жатады. Сонымен қатар бұл идеология.

Қазақ халқының бабалары көшпелілер бір заманда жайлаған, өмір сүрген жерлерін зерттеу – тарих шындығын айту. Әр елдің, әр мемлекеттің өзіндік идеологиясы бар

дейтініміз осындайдан. Мақсаттар жақындасуы да, алшақтауы да мүмкін. Онда тұрған ешнәрсе жоқ. Бұл өмір. Бізге кедергі ешкімнің жері емес, тек болған шын жағдайды айту. Бұл ғылым, мәдениет, тарих. Қорыта келе айтарымыз: біздің ұлттық идеямыз – Мәңгілік қазақ елі. Бұл сан мыңдаған жыл ата-бабаларымыздың басқа елдермен тең, еңселі тәуелсіз ел болу арманы. Ол арман орындалды. Н. Ә. Назарбаев: «Тәуелсіздікпен бірге, - халқымыз Мәңгілік Мұратына қол жеткізді». Ендігі мақсат: «Тәуелсіздігімізді көздің қарашығындай сақтай білуіміз...», «Ендеше – Қазақ елінің Ұлттық Идеясы – Мәңгілік ел!»¹. Ол идея бізді ұлы мақсаттарға жетелейді.

2.17. Идеология

Идеология дегеніміз не, деген сұрауға біз қашан да К. Маркс пен Ф. Энгельстің алғаш бірігіп жазған «Неміс идеологиясы» (1845-1846) еңбегіне көңіл аударып жауап іздейміз. Бірақ, бұл еңбектен мардымды пікір алмаймыз. Өйткені өздері мойындағандай, пікірлері әлі қалыптасып бітпеген кез болатын. Сондықтанда идеологияға берген анықтамасы толық емес еді. Мәселен ол еңбекте олар былай деп жазды: «шамасы барлық идеология не бұл тарихты дұрыс түсінуге, не одан бетті толық басқа жаққа аударуға айналған. Идеологияның өзі сол тарихтың бір жағы ғана»².

Кейін К. Маркс «Капитал» және басқада еңбектерінде идеологияны «рухани құбылыс» деп, пікір айтқан болатын. Бірақ ол ойлар түрлі басқа проблемаларға сай тұжырымдалған.

¹ Қазақстан жолы – 2050: Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. «Егемен Қазақстан». 2014, 18 қаңтар.

² Маркс К. Энгельс Ф Сочинения. Изд. 2-е т.3. М1955, 16 б.

Мәселен, К. Маркс «Қосымша құнға» арналған «Капиталдың» IV томында идеологияны рухани өндіріске жатқызып сана деп қарайды¹. Сонымен, идеология жөнінде нақты анықтама болмаған соң, кеңес жылдарында ғалымдар К. Маркстың ойын ары қарай дамытпады. Солай десекте сол кездерде идеологияға қоғамдық сананың ең жоғарғы сатысы деген жалпы жауап қалыптасты. Оның түрлері: саяси, құқықтық, діни, этикалы, эстетикалық т.б. Болып бөлінеді деп дұрыс түсіндірілетін. Бірақ мардымды анықтама әлі де берілмеген болатын. Сондықтан, біз өз еңбектерімізде оған мынадай пікір білдірдік. Әлемде мақсатсыз адам да, қоғам, ұлт, мемлекет болмайды. Идеология сол мақсатқа жетуде адамдардың санасын оятып, ойын, тілектерін біріктіріп іске жұмылдыратын күш. Мемлекет тұрғысында біз қайда барамыз? Мақсатымыз не? деген сияқты сұрауларға жауап береді. Оны мемлекет басшысы айқындайды. Мәселен, 2014 жылы Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» деп аталады. Бұл идеология. Жеті бесжылдыққа арналған біздің даму бағдарламамыз. Сондықтан мемлекетте бас идеолог – Елбасы дейтініміз осыдан.

Идеология мен ғылым арасында байланыс бар. Бұлар біріне-бірі әсер етеді. Ғылымға сүйенген идеология ресми белгіленіп, қабылданды. Одан кейін оны іске асыру әдіс саясатқа жатады. Ерте замандарда тарыдай шашылып жатқан көшпелілердің басын біріктіріп ұстағанда сол идеология болатын. Ол бүкіл елді бір бағытқа, мақсатқа жұмылдырады.

Идеология гр. Идея (idea) – пікір, ой жүйесі, логия (logia) – ілім деген екі сөзден құралған. Олай болса идеология жәй пікір бөлісу емес, түрлі ойлар жүйесі. Қоғам болған соң, оның түрлі саясаты, идеологиясы

¹ Маркс К. Энгельс Ф Сочинения. Изд. 2-е т.26 ч.1. М., 1962, 280 б.

болады. Идеология қоғамды басқаратын рухани күш. Саясат бір мақсатқа жету үшін қолданылатын айла, әрекет. Мәселені тік қойып, елдің оны түсінген, түсінбегеніне қарамастан қолға алған жұмысты күштеп жүргізуге болады. Бірақ, ел қолдамаса ондай әрекет шолақ, шала, әлсіз болады. Әрине, қолданылған жұмыс күшті, нәтижелі болу үшін оны барлық жағдайдың ой-қырын, қатты-жұмсақ жақтарын ойлап, пісіріп жүргізу. Саясат дегеніміз түрлі жағдайды есептеп, соның ең тиімдісін таңдап жүргізу. Ал сол саясаттың негізі идеология. Ол өмір заңдылықтарын ашып, сол заңдылыққа сүйеніп, біз қайда барамыз, оған жету үшін не істеу керек, қандай күшке сүйенген жөн, осы сияқты мәселелерді шешу идеологияға жатады. Идеология өмірдің қай саласы болмасын бәріне бірдей әсер етеді. Идеология түрліше болады: ұлттық, интернационалдық, ғылыми, ғылыми емес, прогрессивті, реакциялық (нәсілдік) т.б.

Нанымды идеология адам жүрегін бүтіндей баурап, терең қозғап, оның санасын билеп, ырқын нығайтып, беделін көтереді, оны ешнәрседен тайсалмайтын, қамал бұзар күшке айналдырады. Отан үшін идеологиямен қаруланған адам қандай қиындық кездессе де жеңеді, керек десе жанын пиде етуге барады. Ол үшін идеология менің ойым, тілегім, мақсатыма айналуы керек. Бұл өмір дәлелдеген айғақ. Патриотизм негізі де бір жағынан идеология. Прогреске бастайтын идеология адамдарды жігерлендіреді, ескі, кертартпа әрекеттерді жоюға міндеттейді. Идеология біреудің мақтаншақтығын, асыра сілтеуін ұнатпайды. Идеологиясыз саясат құр алақан әрекет. Адамдардың санасын идеология билемеген болса, қолданылған саясат қоғам дөнгелектерін майламаған сақырлаған арба сияқтандырады. Ондай саясаттың күші де әлсіз. Не істесе де адам оны әбден түсініп, қолдағанда ғана ол нәтижелі. Әрине, идеологияны әркім әртүрлі түсінеді.

Мәселе кез келген идеологияны қолдауда емес. Өмір талап еткен, қажеттіліктен туған, жүрек әміріне айналған прогреске бастайтын идеология қосымша үгіттеп түсіндіруді керек етпейді. Өйткені ондай идеологияны адам өз мақсатым, өмірімнің мәні деп қарайды. Ондай идеологияны жүгізуші ел басшысы қандай болуы керек екенін Әл-Фараби (870-950) өзінің «Қайырымды қала тұрғындары» деген еңбегінде келтіріліп, оның, 12 түрлі қасиетін сомдап жан-жақты талдап көрсеткен болатын. Ол қасиеттер бүгінгі күндерде де маңызын жойған жоқ. Онда адалдық, әділдік, байлыққа қызықпаушылық сияқты құндылықтар айтылған болатын. Мемлекет тізгінін қолында ұстаған адам қандай болса, оның халқы да сондай болатынын айта келіп, Жүсіп Баласағұн (1015-1086) Елбасының тарих алдындағы жауапкершілігі мен тәрбиелік рөлін «Құдатғу білік» шығармасында поэзия түрінде жазып қалдырған болатын. Одан бері қанша заман өтсе де адамгершілік сақталуда. Олай болса мемлекет басшысы қашанда барлық жағынан елге үлгі. Ол халықтың жүрегімен сөйлейді, өзін халықпен бірдей ұстап, оның арманын орындауда адал, қаһармандық іспен өзін көрсетіп танытады. Нағыз ел басшысын, елі жанындай қолдап, қорғайды. Қалаулы ел басшысы халықтың ойын, тілегін, мұңын, арманын жанын салып орындаушы. Көптің көңілінен шығу оңай дүние емес. Бірақ, сол адамға ел сенеді. Соңынан ереді, айтқандарын екі етпей, бұлжытпай іске асырады, халыққа ұнамағанды ол да ұнатпайды. Өтірік жүрген жерде сенім болмайды. Берілген нұсқауды орындау бар, бірақ елдің ойынан шықпаса, іштей қызу қолдау болмайды. Идеология қашанда тазалыққа, шындыққа, әділдікке негізделген болуы шарт. Оның күші осында.

Идеология бір мақсатқа жету үшін өзінді, басқаны, қоғамды соған жұмылдырудың рухани жүйесі. Ол жоспар да, саясатта емес. Бұл екеуі де сол идеологиядан

туындайды. Идеология биік көзқарастар жиынтығы. Мықты идеология әрбір адамның жан-дүниесі.

Алға қойған мақсатқа жету үшін алдымен не істеу керек? Кедергі болатын жайбасарлық, жалқаулық, басқа нәрсеге әуестіктен, шашыраңқылық мінезден құтылып барлық көңілді, жігерді ынтаны сол басты, қолға алған мақсатқа өзінді де, басқаны да жұмылдыру. Зиян келтіретін қылықтардан арылу. Бұл нақтылап айтсақ өмірдің, қай саласын алмайық, тіпті тұтас ұлтты, мемлекетті алсақ та, бәріне де идеология керек. Бір сөзбен айтқанда ол рухани үлгі, яғни не істеуге болады, ал нені болмайды. Осыған байланысты түрлі тиымдар белгіленеді. Бір жағынан алғанда ол моральға ұқсас. Айырмашылығы моральды бұзған адамды тек қоғамдық пікір айтып, сынайды, ұялтады. Ал идеологияны бұзған адамды мемлекет құрылымы тұрғысынан айыптайды. Өйткені, идеология ол заңның да, саясаттың да, моральдың да негізі. Мықты мемлекеттің алдымен идеологиясы мықты. Ол қоғам стержені.

Идеологиясы мықты елде заңды бұзушылық, нашақорлық, ұрлық, маскүнемдік, тонаушылық, зорлық, аз болуы керек. Парақорлық, ұйымдасқан жемқорлық осылардың ішіндегі ең ауыр түрі. Ол неге жасалады? Мемлекетте тәртіп нашарлаған, заң дұрыс жүргізілмеген жерде, параны кім береді? Әділеттілік жоқ жерде жай адам пенделік мақсаты үшін күнделікті керек қаражатын өзінен жырып басқаға береді. Бұл амалсыздық көрінісі. Ал параны кім алады? Тек қолында мүмкіндігі бар адам. Ол оны амалсыздан емес асқандықтан, араны ашылғандықтан алады. Егер оны жасаған адамды аяусыз жазалайтын болса парақор оған бармас еді. Өйткені пара алатын адамның тұрмыс жағдайы төмен емес, отырған орны жоғары, мүмкіндігі бар. Ондай адамға не жаза қолдансаң да әділдік. Бұл бір. Екіншіден парақорлық, сыбайлас-жемқорлық қоғамда идеологиялық жұмыс дәрежесінде емес екендігін

көрсетеді. Тек осы бір ғана көрініс қоғамның қандай екенін, заң, әділеттілік, тәртіп қай дәрежеде екенін көрсетеді. Кейбіреулер заңның қатты болуы демократиялық қоғамға қайшы деп айтады. Бұл қате пікір. Демократия дегеніміз – заң диктатурасы. Елді не істесең де өзін біл деп бетіне жіберу емес. Кез келген Батыстық елдерде аяғыңды бассаң болды – бәрі заң. Ешкім заңды аттай алмайды. Бұзсаң кім болсаң да аямайды. Солай болса да оны демократиялық ел дейді. Ол елдерде заңды адам көзін ашқан, санасы оянған кезден сақтайды, оған үйренеді. Сонда бұл тек құр заңға негізделген ел ме? Әрине, олай емес. Оның ар жағында идеология жатыр. Біздің идеологиямызда гуманизм басым. Бірақ, заңға босаңсыздық емес орындау міндет. Ал біріншіден заңды бұзу тәртібі қатаң емес, екіншіден бәріне бірдей емес. Мәселен, байлығы мол, билігі жоғарыдағы адам амалдап айыптан құтылып та кетеді. Бұл қоғамдық тәртіптің әлі де шыңдалмағанын көрсетеді. Қоғамда идеологияны ұнатпайтындарда бар. Бұл идеологияны түсінбегендік. Біз оның түрліше болатынын білеміз. Бізге керегі адамгершілік, әділетті қоғам құру идеологиясы. Идеология не үшін керек? Қоғамда тазалық, тәртіп, ұйымшылдық, бірлік, халықтың тұрмысы жақсарып, ілгері дамыған елдер қатарына жету үшін керек. Идеология қоғамды бірлікте, тазалықта ұстап, жеңіске бастайтын күш. Оның негізі теория. Ол қоғам даму заңдылықтарын талдау, зерттеу арқылы туындаған тұжырым. Адамды тәрбиелеуде рухани күш – музыка.

Классиктік музыканың адам санасына, ырқына, болмысына тәрбиелік әсері белгілі. Ондай музыканы ірі таланттар өмір шындығын, оның ауыр-жеңіл жақтарын байқап, адам жүрегінің тереңдегі түкпірлерін қозғап жазған. Ондай музыка – адам ұмытылмайтын тағдыры.

Қазір ақындар да, музыка жазатындар да «саңырау құлақтай» қаптап кетті. Жазған өлең-сөздері түсінікті

мәтінде құлаққа жақын, бірақ өмірде қысқа. Ешкімді ойландырмайды, жәй ермек рөлін атқарады.

Ал Батыстан келген, мәтіні де, сөзі де жоқ, тек ауқымдаған музыка адамдары ешнәрсе ойламайтын, тобырға айналдыруда. Мұндай музыка жақсы менен жаманды, тазалық пен арамды, адамгершілік пен ұятсыздықты, азаматтық пен жауыздықты ажырата да алмайтындай етеді, адам санасын уландырады. Мінезін, ырқын ыдыратады. Ақылы толыспаған жастарды талай сұмдықтардан сақтануды ұмыттырады.

Музыкамен адамды қуантуға да, жылатуға да, жігерлендіруге де, мүсәпір етуге де болады. Олай болса, музыка әсері сөзден кем емес, екеуі де психикаға (жанға), бірі тікелей бірі сол арқылы санаға әсер етеді. Идеология күші рухани құрал. Оны ғылыми тұрғыда қоғам прогресі үшін пайдалану өмір талабы.

Тек ақшаға, пайда табуға негізделген идеологияда тұрақты жанқиярлық бірлік болмайды. Тұтастықтың негізі тереңде.

Жаңадан жауапты үлкен қызметке тағайындалған кадрлардың «Ант» беру рәсімі Тәуелсіздік алғалы бері жүргізіліп келеді. Бұл өте маңызды, бір жағынан салтанатты, екінші жағынан жауапты бастама. Мәселен, ол антта мынадай сөздер бар: «Қазақстан Республикасының халқымен Президент алдында өз Отаным – Қазақстан Республикасы экономикалық және рухани дамыту ісіне барша күш-жігерім мен білімімді жұмсауға, мемлекеттің Конституциясы мен заңдарын қатаң сақтауға, өзімнің барлық іс-әрекетімде заңдылық пен әрекеттілік, азаматтық пен ұлтаралық татулық принциптерін ұстануға, Қазақстан халқына адал қызмет етуге, өз елімнің мемлекеттілігі мен әлемдік қоғамдастықтағы беделін нығайта беруге салтанатты ант етемін». Бұл берілген азаматтық серт, адал болудың шыңы, ауқымы кең, мазмұны терең. Оны берген адам сол сертін

бұзса ше, онда не болмақ? Ант берген соң, сол антты бұзсам мен онда азамат емеспін, екі жүзді сатқынмын. Сондықтан маған не жаза берсеңдер де ризамын, басымды беруге даярмын деген сөз керек. Айтылмаса да солай және ол уақытша емес, тұрақты болу керек. Дүниеде бәрі өзгереді, қызмет те, дәреже де. Бірақ, берілген «Ант» өмір бойы қай қызметке ауыссаң да күшін жоймай, сақталуы керек, егер өзі жолдан тайып, антын бұзбаса. Сонда ғана, берілген анттың маңызы көтеріледі. Берген антын бұзбаған адамды қай жұмысқа да тағайындауға болады деген ұғым қалыптасуы қажет. Сонда анттың идеологиялық мәні ашылады. Егемендік алғалы талай адамдар қызмет бабында не жоғарылап, не басқа жұмысқа ауысып та жатты. Кейбіреулері сатқындық та жасады. Солардың бәрі кезінде халық алдында Президентке ант берді. Олай болса, сол антсыздар, антты бұзғандығы үшін неге әшкереленбейді? Бұл, әрине, ойланатын мәселе. Ант беру жәй ғана уәде беру болмау керек. Берілген ант кадр басқа жұмысқа ауысса да күшін сақтауы тиіс. Антты бұзған адам ешқандай қызметке ұсынылмауы тиіс. Өйткені, ант берген адам мемлекеттік басқару номенклатурасына енеді. Оны қадағалайтын мемлекеттік дәрежедегі саяси партия болуы тиіс. Әрбір басшылық орындағы партия мүшесі болған адам тиісті бағаны алдымен партиядан алғаны жөн болар еді демекпіз. Біз мәселені «Ант» беруден бастадық. Әрине, бұл жоғары орында отырғандарға арналған. Адам қандай қызметте болмасын, мейлі чиновник, мейлі шығармашылық (жазушы, ғалым, өнер адамы, оқытушы), дәрігер, халыққа қызмет ететін салада болғасын, сол бастаушы партияға мүше болған болса, онда ол алдымен сол партия ұстамына адал болу керек. Ол адам партияға не үшін кірді? Әрине белгілі мақсат үшін. Біреулер қызмет карьері үшін. Сол арқылы қызметте жоғарылаймын деп ойлайтындар да бар. Ол да шындық. Енді біреулер партия арқылы қоғамға,

мемлекетімізге адал қызмет етіп, оның беделін арттырсам дейді. Ондай адамдар қызмет карьерасын іздемейді, тапсырған жұмысын таза еңбегімен ақтайды. Сол арқылы Отанға қызмет етеді. Міне, мені көрдіңдер ме демейді, мақтауды да керек етпейді. Партия мүшелерінің басым көпшілігі солар. Партия сондайларға, ал мемлекет – саяси партияға сүйенеді. Қоғамдағы ең нашар әдет – қызметке түрлі тамыр-таныстықпен орналасу. Партия осы жағдайды көзден сырт қалдырмауы тиіс. Өйткені партияның адам тәрбиелеуден, қоғам тәртібін нығайтудан, қабылданған бағдарды орындауға елді жұмылдырудан басқа мақсаты жоқ. Бұл идеологиялық басшылық. Әрбір адам алдымен өзін-өзі тәрбиелемейінше, басқаға сөзі өтпейді, өнеге бола алмайды. Бұл өте қиын жұмыс. Адам өзімен-өзі іштей өмір бойы күреседі. Жақсы болудың жолы көп, ол қалыпқа салған дайын модель емес, көп түрлі, бірақ мәні біреу – адамгершілік. Негізі идеология.

Өндірістік, не сауда қатынастық талап болмағандықтан ертедегі Үнді елінде алғашқы мәдени, алғы ғылым бастамалары (б.з.д. II-I мың жылдықтарда) өркендеп дами алмады. Оның орнына мифологиялық-діни ойлар адамның ішкі дүниесіне, соның психикалық ерекшеліктеріне мән беріп, рахаттан гөрі азапқа дайын болуды алға қойып қоғамның санасын сыңар жақты бағытта дамытты. Мұның да өзіндік себептері болды. Өйткені, ақыл-ой еш уақытта тоқтамақ емес. Мәселе, оның қалай дамуында ертедегі Үнді діни идеологиясы мен философиясы көбінесе аскеттік өмірді жайдарлықтан жоғары қойғанға ұқсайды. Оған дәлел Буддизм дінінің негізін салған Сиддхартха Гаутама алғашқы да үй-жайын тастап, талай жыл орманда жападан жалғыз өмір сүрген. Неміс философы Фридрих Ницшеге де сірә осындай психология әсер еткен болса керек. Өйткені, оның көбірек пайдаланып қайталанғандары ертедегі Таяу Шығыста тараған Заратустра (Зәрдеш) діні болатын. Жалпы

аскеттік тұрмысты дәріптеген идеология үнділердің джайнизм дінінде де болатын.

Экономикалық, өндірістік, сауда қатынастары дәрежесінде болмаса да көшпелі бабаларымыз идеологиясы аскеттік емес, ауыз-әдебиетін, адамгершілік, азаматтық сананы дамытты, қоғамдық қатынастар осы бағытта ерекше дамыды. Ол да тарихтан белгілі.

3. ҒЫЛЫМ ФИЛОСОФИЯСЫ

Философия оймен жүргізілетін ілім. Ол болған оқиғаларды тізбектеп, іріктеп жазып, соның соңында жүретін ғылым емес. Ол фактыларды билейтін, талдайтын, жан-жаққа жүгіртетін, өткен жағдайды талқылап, дұрыс-бұрысын ажырататын, содан қорытынды жасайтын ілім. Айталық ғылымда не болып жатыр, ол қалай дамуда, қандай жетістіктер бар, оның ескерілмей қалған жақтары барма, міне осындай ғылым философиясының қарастыратын мәселесі. Әрбір ғылым өзінің логикасы бойынша дамиды, ол неге алып келеді, әрбір ғылымдағы жаңалықтың нәтижесі неде, ол мәселеге ғалым көп жағдайда мән бере бермейді. Ғылым логикасы ғалымды кейде өзіне жетелеп әкетеді. Әрбір ғылымның зерттейтін өз проблемасы, шеңбері бар. Ол сонымен айналысады, басқа ғалымдар зерттеп отырған өзекті мәселелер оның өзіне, зерттеулеріне байланысты болмаса, араласпайды. Осы сияқты мәселелерге араласып, онымен айналысатын тек философия. Мәселен атомды физиктер де, химиктер де зерттейді. Әрқайсысының өзіндік зерттеу объектісі бар, бірін-бірі қайталамайды. Айталық физиктер атом қозғалысын, оның ішіндегі бөлшектерін, солардың энергиясын, оларды қалай пайдалануға болатынын зерттесе, химиктер сол атомдар мен молекулалардың өзгеруі, көбеюі, азаюы арқылы бір заттың өзгеріп, басқа заттың пайда болуы немесе химиялық элементтердің бір-біріне айналуы т.с.с. мәселелер қаралады. Бірақ, мақсат физика мен химия арақатынасын алшақтатуда емес, жақындатып, бір заттың өзін әр тұрғыдан қарап, объектіні терең жан-жақты білуде. Басқа ғылымдарға да соны айтуға болады. Мәселен, геологияның физикаға да, химияға да, биологияға да, тарихқа да тікелей қатысы бар. Бірақ, олар бірін-бірі қайталамай өз алдына дамиды. Философ осы мәселелерді бақылап, біліп қана қоймай ғылымдар

байланыстары мен ерекшеліктерін, даму жолдарын, қоғамға тиімді жақтарын саралап, бағалайды, пікір айтады, дұрыс-бұрысын анықтайды. Бұл, әрине, қиын болса да ғылымның философиялық программаларына жатады. Мәселен, тарих ғылымы, оның ішінде археологияны алайық. Жиналған түрлі тарихи материалдар, әсіресе археологиялық қазбалар, қазір өте көп. Бірақ, сол материалдар көбіне бір тектес (қыш, метал, тастан жасалған, тарихи мерзімдері де бір шама, біздің заманымызға дейінгі кем дегенде 2-3 мың жылдықты ғана қамтиды. Одан әрі не болды, оны айтып жүрген тарихшылар көрінбейді. Айтса басқалар айтып жатыр. Археологиялық материалдарды терең талдап, дәуірлерін анықтап, тәртіпке келтіру жағы жоқтың қасы. Геолог барлық минералдарды жинап, көрмеге қойса, одан ол да минералогия ғылымы болмайтыны сияқты, археологиялық материалдар қанша құнды болса да, ол тарихты анықтап жазуға ғылыми тірек бола алмайды. Оларды жан-жақты реттеу, дәуірлерін анықтау, сөйлету қажет. Одан соң, біздің тарихшыларымызда өзіндік батылдық байқалмайды. Батыс ғалымдарының біз жөніндегі айтқандарына жүгініп, сілтеме жасайды, сүйенеді. Батыстықтар біздің тарихымызды біздей білер ме екен? Онымен тарихшыларымыздың жұмысы жоқ. Батыс ғалымдарының қатесін қайталайды. Бір-екі мысал келтірейік. Барлық тарихшылар, Батыс ғалымдарының айтқанына сүйеніп, алғашқы заманда аң аулаудан кейін, жер шаруашылығы пайда болды. Ал мал шаруашылығы одан кейін дүниеге келді дейді. Тіпті тарихта таза мал шаруашылығы болған жоқ дейтіндер басып барады. Әрине, соңғы екі-үш мың жылдықта солай болғаны рас. Ал одан әрі де ше? Бұл шындыққа жатпайтын, логикаға қайшы пікір. Біз оны еңбектерімізде талай дәлелдеп жаздық. Бірақ оған құлақ қойған тарихшы жоқ. Батыс ел мамандары әрбір тілдің тарихы 2 мың жыл деп жазып жүр.

Бұл пікір Қазақстан тарихында да қайталанады. Екі мың жылда тіл де, басқа да өзгереді. Ал бұдан 40-50 мың жыл бұрын өмір сүріп, кейін бірінен-бірі алшақтап, қол үзіп кеткен этностарда ортақ сөздер болуы, олардың әлі күнге дейін кейінгі ұрпақтарында сақталуын не деп түсіндіреміз? Мәселен американ үндістері мен қазіргі қазақтар арасындағы ұқсас ұғымдар. Сондай-ақ, Гренландия эскимостары мен кейбір біздің тілімізге ұқсас сөздер. Біз неге Африка негрлері мен қазақтар арасында ұқсастық сөздер бар демейміз. Өйткені ол жоқ. Бұл не сонда? Қазақ ертектерінде ыңғай аңшылық кәсібі айтылады. Жермен айналысып, егін егу кездестірілмейді. Тек соңғы кездерге байланысты болмаса. Міне бұл да тарих ғылымының философиялық проблемасы. Осыларды кім терең зерттеп, тарихымызды жетілдіреді. Проблема көп. Тарихымызды жазу ұлттық мүдде. Бірақ оған өреміз жете береме? Жетеді, тек ауқымдылық керек.

Ал, енді, «ғылым философиясына» келмек болсақ, онда басты мәселе – ол ғылымның қоғамдағы атқарып жатқан рөлі. Оның өндіріспен байланысы, жетістіктері мен кемістіктері, олқылықтары. Атағы бар ғалымдар баршылық, ал олардың, ғылымға қосқан үлесі ше? Техникалық оқу орындарында ондай ғылымдарға жататын математика, физика, химия, геология, информатика, техника, экология т.б. Бұл ғылымдарды техникалық оқу орындарында бакалавраттардан бастап, бәрі оқиды. Бұл қандай ғылымдар, нені зерттейді, қашан ғылым болып қалыптасты, ірі өкілдері кімдер? Оны білмейінше, сол ғылымның маманы бола алмайды. Одан әрі, сол ғылымға еңбек ету, тер төгу, мүмкін болса дамыту. Ал философтың мақсаты, ол әлгі жеке ғылымдар емес, сол ғылымдарға байланысты дүниетанымдық, методологиялық мәселелер. Сондай-ақ әлгі ғылымдардың атқаратын рөлі, қоғамдық өмірмен байланысты. Мәселен, кезінде техника ғылымдары философиясымен неміс философтары Мартин Хайдеггер,

Карл Ясперс айналысқан болатын. Олар техниканың адам еңбегін жеңілдетудегі, өнімділігін арттырудағы тиімді рөлін атап көрсеткен болатын. Сонымен қатар, оның адам тұрмысын жақсарту, табиғаттан алатын құндылықтарды арттыру, оның табиғатқа бағыныштылығын азайтудағы рөлін жан-жақты көрсетіп берді. Бұл бір. Екіншіден техниканың адам өміріне, денсаулығына, қоғамның болашақ дамуына зиянды әсерін де айтқан болатын.

Мәселен, Карл Ясперс «Техниканың мәні адамды табиғат үстемдігінен босату» десе, Мартин Хайдеггер: «Техниканың адамға тигізер қаупі, алдымен адамның өмір сүруін жоюы емес, керісінше оның мәнін өзгертуде»¹ деп жазды. Бұл шынында солай. Техникаға сүйеніп алған адам, табиғатқа тән жаяу жүруден, қара күшін қолданып еңбекпен айналысудан, оймен есеп шығарудан, талдау, қорытынды жасау, пікір айтудан қалып, тірі роботқа айналып барады. Бұл жәй сөз емес, сұмдық. Олай болса, бұған қарсы бөгет болатын әрекеттер бар ма? Әрине бар. Алдымен, адамдар денсаулығын сақтайтын спортпен айналысу, спорт кешендерін көбейту. Одан соң адамдар бос уақытын мәдени саябақта, сондай-ақ пайдалы жерлерде өткізуді зеріктірмейтін, ойын қозғап, санасын оятатын, еңбектер шығару т.б.

Айталық қазіргі ғылыми техникалық прогресс адам өміріне, көптеген жеңілдік әкелді. Техника уақытты үнемдеді. Көп уақыт керек ететін есептеу жұмыстарын компьютер арқылы оңай және тез орындайын болды. Радио, теледидар, газет, журналдар әлемде, елде болып жатқан жаңалықтарды тез таратып, дәлме-дәл сол сәтте тыңдап, көріп, адамдарды көп нәрседен хабардар етті. Бірақ ақпарат құралдары тек хабар ғана бермейді, түсіндіреді,

¹ Философия Мартина Хайдеггера «Современность». Сборник статей. М. «Наука» 1991, с. 143.

талдап, қорытады. Сондықтан адамдар бұл жағынан да хабарды өлшеп-пішуден қалып барады. Өздігінен ойлаудан гөрі, дайын пікірді қабылдайды. Нәтижесінде адамдар хабарды талқылап, ойлаудың орнына, дайын информацияны өзінікіндей көретін болуда. Бұл неге әкеледі? Бәрі түсінікті, бәрі айқын, басқамен ой бөлісудің еш қажеті жоқ. Оның ойы да сенікіндей. Тіпті адамдар екеу-ара ой бөлісуден, әңгімелесуден де қалып барады. Бірін-бірі іздемейді. Әркім өзімен-өзі, ақылды, есі дұрыс, білімі бар, маман. Бірақ адамға тән, қажет әңгіме-дүкен құру ше?. Біз бұрын жақсы әңгіме жан азығы деуші едік. Антик философы Эпикур де осылай деген. Енді ол да керексіз болуда. Тарихты талдайтын, болашақты ойлайтын адамдар сиреп, азайып барады. Бәрі дайын, пікірді де ресми орындардан күтеді. Осының бәрі ненің салдары? Техникалық прогрестің.

Міне, бұл алдымен өмір философиясы, техниканың, ғылыми прогресс нәтижесі. Осыларды ойлау ғылым философиясына жатады. Біз қазір адамның рухани бейнесін айтып отырмыз. Ал адамның түр, сипаты ше? Ол да қазір проблема. Әлемде адамдар етженділіктен құтыла алмай, әуреге түсуде. Неге олай? Жейтін тағам калориясы тіршілікке, өмірге жеткілікті.

Денеге жиналған артық салмақ, адамды шаршатып, еріншек етеді. Денсаулық, қан айналымы бұзылады. Бұл не сонда? Әрине, философиялық проблема. Ал енді химияға келейік. Қазір химияның өмірде араласпайтын саласы қалмады. Техника, ауыл шаруашылығы, киетін киімнен бастап, үй жарақтарына дейін, бәріне де химия араласуда. Бұл да жеңілдік. Сәнділік, молшылық. Енді химия ас-тағамға да араласуда. Таза ет, таза май, сүт, нан, бәрінде де химия бар. Тіпті жеміс-жидекке дейін химия араласқан. Қазір таза тағам, таза су, таза ауа бәрі проблема. XX ғасырдың 70 жылдарында ЮНЕСКО «Курьер» атты

журнал шығатын, әртүрлі проблемаларға арналған. Сол журналдың бір нөмірі азық-түлікке арналған болатын. Сонда былай делінген. Таза тағам жеп, таза су ішіп, таза ауа жұтуы үшін, жер бетінде бір миллиард қана адам өмір сүруі керек екен. Бұл халық саны мөлшері планетамызда 1830 жылы болған. Арада 100 жыл өткенде ол 2 млрдқа жетті. Бұл 1930 жыл болатын. Қазір жер бетіндегі адам саны қанша екені белгісіз. Алты миллиардқа XX ғасыр аяғында толған болатын. Көптеген ғалымдар есебі бойынша біздің планетамыз 12 млрд-қа дейінгі адамдарды асырай алады екен. Міне осы жағдайда химиясыз қалай өмір сүруге болады? Бұл әлемде тыныштық, бейбітшілік болғанның өзінде, нәтиже басқаша болса не болмақ? Міне, осының бәрі философиялық проблема. Барлық ғылымдар, өз логикасымен жүріп, дамуда. Ал осындай өмір процесіне пікір айтатын – ғылым философиясы. Бұл да жаңа жағдайға сай көтеріліп отырған проблема.

Бұрынғы кеңес кезімен салыстырғанда, егемен Қазақстанда ғылымға қаржы мол бөлінуде. Бірақ, сол ғылымның қоғамға беретін қайтарымы онша байқалмайды. Бұрын ғылым штабы болатын. Ол әрбір ғылым саласында не істеліп жатыр, нендей проблемаға аса көңіл бөлу керек, соған мән берілетін. Ондай академиялық жүйе өте ауыр, баяу болған соң, қазір ғылыми жаңалық пен өндірістік өнім нәтижесі жылдамдасын деп бұрынғы ауыр жолдан жаңаға көштік. Бірақ бұл жаңалықтың да шешілмеген жақтары бар. Айталық ғылымға көп қаржы бөлінеді дедік. Ал сол теңгені игеру үшін әрбір ғылыми орындар, жеке адамдар нәтижесі әзірше белгісіз болса да, жоғарыға ұсынысын өткізіп, қаржы алады. Кейде авторлар ұсыныс айтады, ал оны орындайтын мүмкіндік бар ма? Не істемек, жұмысты қалай бастамақ, барлық объективтік, субъективтік факторлық жағдай ескерілді ме? Ол жағы проблема. Мәселен біреу «Айға» саты жасаймын, қаржы бөл деп,

ұсыныс жасайды делік. Жоғарыдағылар «Ау, мынау дұрыс екен, қолдайық» деп, теңге бөледі. Кейін байқаса, айтқан ұсыныс тек фантазия, прожекторлық ой екен. Нәтижесінде, теңге де жоқ, жұмсалып кетті, саты да жоқ болып шығады. Себебі саты жасайтын ешбір мүмкіндік те, материал да, дайындық та жоқ екен. Бұл жәй қиял ойдан шығарылған мысал бірақ негізсіз емес. Міне, бүгінгі ғылымдағы жағдай осындайды ойға келтіреді. Не істеу керек?

Біріншіден әрбір ұсыныс әбден дәлелденген болуы керек. Екіншіден, оған барлық дайындық пен мүмкіндік бар ма? Үшіншіден, жеке жауапкершілікті кім мойнына алады. Орындалмаса залогқа несие алғандар сияқты жауап беруі керек емес пе? Осындай қатаң тәртіп керек. Қаржы есепті керек етеді. Ғылыми шығармашылық, қиял, фантазия олар аралас жүреді, арасын ашу оңай дүние емес.

Ғалымдардың патриоттық сезімін оятып, дамыту үшін, олардың алдына «Біз қазақпыз!» - деп радиодан күнде айта бергеннен гөрі, «Сен Отанға не бере аласың?» деген ұран тастау. Біз қазір үш тілді білуді айтамыз. Бұл дұрыс. Не үшін ағылшын тілін білуіміз керек? Әрине, сөйлесу, олардың шығармаларымен танысып, білу ғана емес, олардың жетістіктерімен танысып, егжей-тегжейлерін байқап, жетістіктерімен қатар кемшіліктерін де байқап, өзіміз де соны саралап, пайдалысын дамытып іске асыруымыз үшін. Әрине, біз дамыған елдерді күрделі техника, прибор жасауда басып оза алмаймыз. Десек те олардың да өздері байқамаған кетіктері болады соларды көріп, өзімізге іске асырып, шыңдау. Олар қазір тез пайда әкелетін қолданбалы ғылымдармен айналысуда. Бізде соған көшудеміз дедік. Ал тегеурінді (теориялық) ғылымды рынок онша қозғамайды. Өйткені пайдасы тез келмейді. Бірақ тегеурінді (фундаменталдық) ғылымдарсыз қолданбалы ғылым да дамымайды. Не істеу керек? Әрине, Батыс елдер тәртібіне бізде көшудеміз. Қаржы сол жолға түскендерге беріледі.

Ал теорияны дамыту үшін теңге бөлмей-ақ тек отанға не бере аласың деп, ұран тастаса, ғалымдар арасынан неше түрлі ұсыныс айтып, жаңалық жасайтындар шығады. Ол үшін оларға қаржы берілмесе де, өздігінен жұмыс істейтін нағыз (фанатик) ғалымдар болады. Солардың ішінен тегін жұмыс істеп, миллиондаған пайда келтіретіндер өмірдің қай саласында да кездеседі. Дамыған капиталистік елдерде тегін жұмыс істейтіндер жоқ. Бізде ондайлар әлі кездеседі. Олардың ұсынған он идеясының біреуі оңды болса, ол да үлкен табыс. Елдің беделін көтереді. Өз ғалымдарымызды патриоттық идеямен жігерлендірсек, шетел ғалымдары тек бізді үйретуге ғана емес, бізден үйренуге де келетін болады. Бізде де әзірше көзге ілінбеген, бірақ кейін көрінетін Нобель сыйлығына лайықтылар шығады.

Католик шіркеуінің теоретигі Фома Аквинский (1225-1274) ғылым шіркеуге бағынып, дінге қызмет етуі керек деп айтқан болатын. Бұл тегін айтылған пікір емес. Әрине, біз діншілдерді ғылымды басты қоғам дамуына зиян келтірді деп сынаймыз. Ол солай, өйткені Орта ғасырлық Европада дін еркін ойлайтын ғалымдарды қудалады, қараңғы түнекке жатқызды, көнбегендерін тірідей отқа жақты дедік. Инквизация ғалымдарға үрей, қауіп туғызды. Бұл прогреске зиян келтірді. Қазіргі діни адамдар орта ғасырдағы схоластиканың бұл әрекетін сынайды, зиян келтіргенін айтады. Дегенмен, діни ойшыл Фома Аквинскийдің әлгі айтқан пікірінде кейбір негіздер жоқ емес. Ол ғалымдардың еркіндігі нақты дін уысынан тайдырып, елдің, қоғамның дінге сеніміне нұқсан келтіреді деп түсінді. Ғалым ғылыми ізденіс жасап, мәселенің түбіне жетпек болып кіріскенде, әрине алдына мақсат, міндет қояды. Бір нәрсенің нәтижесін білгісі келеді. Бірақ, ізденіс кезінде бір проблема басқа бір проблема тудырып, кейде іздеген мәселесі шешілген соң, тағы басқа мәселеге беті ауып, әрі қарай іздене береді. Кейде ол тіпті алға қойған

максатынан басқа қорытындыға келуі де мүмкін. Ол неге әкеледі, пайдасы, не зияны қандай, Фома Аквинскийдің айтып отырғаны да осы. Оны басқару керек. Бірақ басқару ғалымдарды басып, еркінен айыру деп түсінбеу керек. Әйтпесе, ғылым басылып қалады. Оны дұрыс, зәру бағытқа бет бұрғызу, сілтеу қажет. Сонда ғылым нәтижесі тиімді болмақ. Ғылым философиясының атқаратын қызмет осындай.

Одан соң, ғылыми атқарылатын жұмысқа екі жақты бастама керек. Үкіметтен де, жергілікті жерден де. Бірі жоғарыдан тапсырылуы. Айталық өндірісті дамытуда не басты мәселе, ауыл шаруашылығында, ғылымда, мәдениетте т.с.с. Соған ұсыныс жасалу керек. Солардың ең тиімдісі қабылдануы тиіс. Екіншіден, төменнен де, ешқандай жоғарыдан ұсыныс күтпей-ақ – ғылыми ұсыныс жасау. Ол да мүмкін. Кейде ондайлар үлкен жаңалық ашады. Ондай ұсынысты жеке өндірістерде теңге бөліп, қолдауы мүмкін. Мәселе төменнен жасалған ұсынысты кім ұсынғанда (доктор, академик) емес, ұсыныстың мәнінде.

Ғылыми жобаларды ұсынғанда бағалайтын комиссия мүшелері шетелдік мамандар. Сол үшін ұсынылған жұмысқа ағылшын тілінде түсіндірме жазу керек.

Біз дамыған елдерді жоғары машина жасауда, сірә басып оза алмаспыз дедік. Бірақ бізде бар табиғи мүмкіндіктерді пайдалануымыз керек. Мәселен, біз Батыс елдер технологиясын игеруіміз керек. Бірақ олар жаңа технологиясын ешқашан бермейді. Тек кешегісін ғана ұсынады. Біз дамыған елдер кейбір машиналарын жинақтап, шығарып жүрміз. Бұл пайдалы іс. Бұл да шетел техникасын үйрену, мамандар дайындауға қажет. Бірақ, сол істе өзімізше жаңалық ендіруге болады. Бұл да дамудың бір жолы. Біздің еліміз табиғаты жағынан бай. Әзірше біздің ел де бұл жағынан артықшылық бар. Біздің айтарымыз ол тек өсімдіктер емес, басқа да пайдалы заттар

болуы. Осыларды ойластырса, онда жер қойнауындағы байлық қана емес, жер бетінде де ашық жатқан мол байлықтар бар. Соларды пайдалануда ғылым алдында сан мәселелер жатыр. Осындай мәселелерді алдын-ала көтеретін ғылым философиясымен айналысатындар болуы тиіс. Олай болса ғылым философиясы сан-салалы проблема. Бұл ғалымдарды дайындап өсіруден бастап, олардың еңбегін қоғамға тиімді ету – осының бәрі ғылым философиясына жатады. Ғылым кандидаты, докторы, дәреже, атақ, ал ғалым болу – қасиет, қабілет. Осылардың арақатынасын ашатын да ғылым философиясы.

Біз осы еңбекті жазу үстінде Мәскеуде жарық көрген «Философия» деп аталған екі оқулықпен таныстық. Бірі – «Философия» Учебник под редакцией проф. В.Н.Лавриенко, проф. В. П. Ватникова. –М. 2003. Екіншісі «Философия». Учебник. Под ред. В. Д. Губина, Т. Ю. Сидорина, В. П. Филатова. –М. 2000. Екеуі де сапалы, құнды жазылған. Ең алдымен айтарым жаңа талаппен орындалған. Бұрын осындай оқулықтар екі бөлімнен тұратын. Бірі «Диалектикалық материализм», екіншісі «Тарихи материализм» деп. Әлгілер басқа. Бұлар бұрынғы жүйеге қарағанда проблеманы кең және терең қарастырған. Екеуі де РФ. Білім министрлігі Жоғары оқу орындары студенттеріне арнап ұсынылған. Бірінші оқулық үш бөлімнен тұрады. Алғашқы екі бөлімі былай аталған:

1. «Философиялық білімнің зерттеу объектісі мен ерекшеліктері»; 2) «Философиялық ойлардың негізгі даму дәуірлері мен бағыттары». Ал енді оқулықтың жаңаша бөлімі – ол үшіншісі. Ол «Социальная (әлеуметтік) философия» делінген. Бұл бөлім он тараудан тұрады: 1) қоғам-таным объектісі; 2) табиғат қоғам өмірінің негізі; 3) қоғам өздігінен дамитын бүтін дүние; 4) экономикалық өмір философиясы, проблемалары; 5) қоғамның саяси өмірі; 6) қоғам өмірінің құқықтық саласы; 7) қоғамның рухани

өмірі; 8) адамға қатысты философиялық проблемалар; 9) құндылық; 10) тарихтың мәні мен бағдары. Бұл тарауларда қаралған мәселелер өте құнды. Бірақ, философиялық еңбек болған соң, оларды тек талдап, жіктеп, түсіндіру ғана емес, сонымен қатар оларға іштен емес, сырттан қарап, философиялық көзқарас қалыптастыру. Әрине, жаңа айтылған проблемаларды философияда, басқа да пәндер қарастырады. Әрине, олар бір-бірін қайталамай әрқайсысы өз объектісін қарауы керек. Сонда әр пәннің өз орны айқындалды. Осы тұрғыдан келгенде біз айтып отырған оқулықта бұл талап онша ескерілмеген. Әрбір тарауда қаралған мәселе, тек жалпы түсіндірумен шектелген. Мұндай көзқарас философияның дүниетанымдық ғылым екенін көрсетпейді. Мәселен, құқық проблемасын сол пәнге маманданатындарға ол пән қалай дүниеге келді, атқаратын қызметі қандай, оның салалары қаралады. Ал философиялық еңбек бұл проблемаларды қайталамай, оған басқа қырынан келіп, оның қоғамда атқаратын рөлі қандай. Қабылданған заң неге елдегі азаматтардың бәріне бірдей болуы керек. Қоғамда неліктен ешкім заңнан жоғары тұрмауы керек? Егер кейбір билік орнындағы азамат заңды аттаса, онда не болмақ? Онда ол кісінің билігі күшін жойып, қоғамға кері әсер тигізген болар еді. Сондықтан философиялық еңбекте мәселенің осы жағы басыңқы айтылуы тиіс. «Саясат» проблемасына арналған тарау тек саясат деген не, оның мемлекет құрылымы мен байланысы, оның қоғам дамуындағы атқаратын рөлі ғана емес, сондай-ақ күші, нәтижесі сол жағын айқындау саясаттың философиялық проблемасына жатады. Мемлекет саясаты менің мақсатым деу үшін ол қандай болу керек? Міне философиялық проблемаға жататын мәселелер осындай демекпіз. Сол тілекті экономикаға арналған тарауға да айтуға болар еді. Мәселен бұл пәннің зерттейтін объектісі не екенінде ғана емес, оның қоғамды дамудағы

әрекеті, тиімділігі неге байланысты, міне осы сияқты проблемалар экономика философиясына жатады. Олай болса, философиялық еңбек тек көтерілген проблемаларды ғана баяндау емес, сол проблемаға сын көзбен қарап, пікір айтуда. Сонда ғана философия пәні өзінің методологиялық рөлін көрсете алады. Әр пәннің мазмұны мен мәнін әрбір сол пән мамандары айтып түсіндіреді, ал бұл пәннің максатын, оның қазіргі даму дәрежесін ілгері дамыту үшін қандай мәселеге мән беру. Бұл философтар үлесіне жататын проблема. Тіл ғылымы мамандары жазушыларды сөз қолдану, сөйлем құруда қалай тізгіндейтін болса, ғылым саласында философтар атқаратын жұмыста сондай болуы керек. Міне осыны есте сақтау қажет. Мәселен, тарих ғылымын алайық, болған оқиғаны тізбектеп жазып беретін, оның себеп-салдарын ашатын тарихшылар. Ол қалай басталады, немен аяқталады, басқаша болуы мүмкін бе еді деген сұраулар философтар үлесіне жатады.

Енді екінші оқулыққа тоқталайық. Оқулық бірі-бірімен байланысты бес бөлімнен тұрады. Олар мынандай: 1) философияның тарихи түрлері; 2) теориялық философия; 3) қоғам философиясы; 4) адам философиясы; 5) XX ғасыр философиясы. Оқулық бүгінгі талапты ескерген. Біздің назарымыз әсіресе үшінші бөлімге аударылды. Бұл бөлімде қоғамды материалдық тұрғыдан қарастыру, өндіріс тәсілі т.б. мәселелер қарастырылмайды. Олардың орнына үшінші бөлімде 1) әлеуметтік философия; 2) саясат философиясы; 3) құқық философиясы; 4) экономика философиясы мәселелері көрсетілген. Өте орынды. Бірақ тараулар алдыңғы кітіпта айтылғандай, әрбір тарау сол проблеманы жәй баяндаумен шектеледі. Мәселені мейлі көп айтсын, не қысқа айтсын, оқулық тек сол проблемаға ғана арналған. Олай болса көрсетілген философия оқулығына ендіргенмен, онда арнайы философиялық проблема қарастырылмаған. Тек, бөлімнің соңғы тарауы,

техникаға арналған. Бұл тарау қойылған мақсатқа сай екенін айтқан жөн дегіміз келеді. Тарауда мынадай мәселелер қарастырылған: 1) техника деген не? 2) ол адам баласына не бере алады, не бере алмады. Бұл техникаға байланысты негізгі философиялық проблемалар.

Техника тарихын айтпайды. Бұл орынды. Өйткені бұндай мәселені қарауға себеп болған екі ғалымды айтпауға болмайды. Бірі орыс инженері П. К. Энгельмейер (1855-1916). Ол кезінде техника философиясына арнап кітап жазған. Проблеманы алғаш көрген ғалым. Екіншісі неміс ғалымы Э. Капп. Ол 1877 жылы Германияда «Основания философии техники» деген кітап шығарған. Олардың еңбектеріне сүйеніп көптеген техника ғылым мамандары дүниеге келді. Сондықтан оқулықта «Техника философиясы» жақсы жазылған деуге болады.

Ал енді оқулықтың «Экономика философиясы» тарауында шаруашылықты қалай ұйымдастыру мәселелері қарастырылған. Мәселен, бұл тарауда «шаруашылық», «еңбек», «ұтымдылық», «ізденіс пен қажеттілік» т.б.¹ мәселелер талданады. Тарауда «Экономика» деген терминге анықтама береді. Ол ертедегі грек сөзі «ойкономия», яғни үй шаруасы, үй басқару деген ұғымды береді делінген. Сондай-ақ, соңғы дәуірге дейін философтар экономикаға мән бермеген. Өйткені ол қарапайым мәселе, биік, рухани дүние емес деп келгендігі айтылады.

Ал қалған тараулар екі оқулықта да философиялық проблемаларға арналғанымен тиісті шешімін таппаған. Авторлар оқулықтарда көтерілген мәселелердің тек пайда болу, даму проблемаларын қарастырған, философиялық ой көтерілмейді. Бұл да себепсіз емес. Ғылымдар тарихында

¹ Философия. Учебник. Под ред. В.Д.Губина, Т.Ю.Сидорина, В.Ф.Филотова. М. 2000. 413 б.

философиялық проблемалар әлі күнге дейін өз деңгейінде мәселе көтере алмай келеді, ғылым философиясын зерттемейінше қоғам дамуында философияның атқарар рөлі көрінбей қала бермек. Мәселен, әрбір ғылымның қоғамда алар орны, оның жетістіктері мен олқылықтары, сондай-ақ өмір, өндіріс, саясат, жалпы қоғаммен байланысы айтылмайынша, ғылымның сара жолы айқындалмайды. Міне ғылымның философиялық проблемалары осындай болса керек демекпіз. Ғалымның объективті, барынша шыншыл болуы – парыз.

Кітапта басқа да қоғамға байланысты проблемалар көтерілген. Бірақ, жоғарыда айтылғандай, жәй баяндау, түсіндірумен шектелген. Осыған орай белгілі ағылшын экономистері А. Смит, Д. Рикардо еңбектерін әңгімелеп, соларға тоқталады. Әрине олардың ғылымға қосқан үлестері мол болғаны белгілі.

Мәселен олар капитализм феодалдық қоғамға қарағанда ілгері, прогресивті қоғам екенін айтқан. Капитализм адамдардың екпінділігін, шаруаны дамытуда олардың ізденісін арттырғанын айтады. Сондай-ақ капитализм өндіріс, техника, ғылымның дамуын қажет етті деп жазды. Бірақ, әлгі ғалымдар капитализмнің дұрыс жақтарымен қатар оның ішкі қайшылықтары да бар. Мәселенің бұл жақтарын қарастырмайды. Рынокқа негізделген шаруашылық кейде пайда, кейде шығын әкеледі. Оны экономистер кризис (дағдарыс) дейді. Капитализм тұрған кезде оны болдырмау мүмкін емес. Бірақ әлгі экономистер, К. Маркс айтқандай, капитализмнің даму заңдылықтарын ашпайды. Заңдылығы ашылмаған білім – ғылым бола алмайды дейміз. Ағылшын экономистерінің пікірінше адамға бай немесе кедей болу, оның іскерлігіне, әрекетіне байланысты көрінеді. Десекте мәселе тек соған байланысты ма? Оның құпиясын ашқан К. Маркс болатын. Бірақ, оқулық авторлары Адам Смиттің

айтқандарына жүгінеді. Адам Смит айтады: «бай», «кедей» деген ұғымдарды абсолютті түсінбеу керек. Бәрі салыстырмалы тұрғыда қаралуы керек екені ұғындырылады. «Әрине, – деп жазды А. Смит, – дәулеті шектен асқан, байлығы оның тұрмысынан байқалатын, басқа жағдайда тым қарапайым, кәдімгідей болып көрінетін еуропалық мемлекет басшылары тұрмыс жағдайы дұрыс, еңбекқор, үнемшіл шаруалармен салыстырғанда еш артықтығы жоқ. Солай болса да Африка елдерінің жүз мыңдаған жалаңаш, жабайыларға абсолюттік билік жүргізген көптеген патшалармен салыстырғанда жоғары»¹. Бұл салыстыру әрине еш нәрсенің сырын ашпайды. Елдің бәрі бірдей емес. Әркім әртүрлі өмір сүреді. Оған таңқалудың керегі жоқ деген пікір қалыптастырады. Ал енді бір ел күшті дамып, екінші әлсіз елді өзіне бағындырып, оны отар етіп, байлығын сүліктей сору, бұл не? Бұл да жәй даму нәтижесі ме, әлде басқа себеп бар ма? А. Смит, Д. Рикардо бұл мәселеге мән бермеген. Оның ішкі сырын ашу себебін көрсету, ол ғылым. Қоғамдық өмір заңдылығын көрсетуде ғылым философиясына жатады.

Жалпы алғанда әлгі айтылған оқулықтар жоғары ғылыми дәрежеде жазылған десек те философия тұрғысынан қарасақ, әлі де зерттелу жағы кең дамымаған. Әрине ғылым тарихын қарастыру қиын емес, ал ғылым философиясына байланысты проблемалар өте күрделі, әрі баршылық. Бірақ, адам санасын қозғауда, қоғам дамуын жақсартып, шындауда атқаратын миссиясы жоғары. Соған мән беру кезекті атқарылатын ғылыми міндет деп түсінгеніміз жөн.

Мәселе, марксизмде емес. Оның да кезінде қоғамды ғылыми тұрғыда түсінуде қосқан үлесі де, өзгерген жағдайға сәйкес көнергенде жақтары бар. Ол өмір. Бірақ,

¹ Антология экономической классики. В двух томах. Т.1. М.1991, с. 90.

ғылым әр нәрсеге объективті тұрғыда қарағанды керек етеді. Оған еш нәрсені мақтаудың да, даттаудың да керегі жоқ. Оған керегі шындық.

Ғылымды билейтін саясат емес, саясат ғылымға сүйенгенде ғана табысты болатынын өмір көрсетіп келеді. Бәрібір кеткен олқылықтарды тарих кейін орын орнына қойып, объективті бағасын береді.

Біз әрине ағылшын экономистері жасаған шаруаны ұтымды жүргізу моделін жоққа шығармаймыз. Ол мыналар: 1) пайданы неғұрлым көп табуға ұмтылу; 2) пайда мен шығынды санап, есеппен жүргізу; 3) келген кірісті ұдайы көбейте беруге тырысу; 4) тәуекелді мүмкіндігінше азайту. Әрине бұл модель барлық жағдайға да тура келеді. Сонымен философиялық проблемаға қоғамдағы техника-экономикалық, әлеуметтік құқық басқа да мәселелерді жәй баяндау емес, оларды талдау, пайда зиянын ажырату, дұрысын қолдау жатады демекпіз.

3.1. Жаратылыстық ғылымдар философиясы

Тірі табиғатты зерттейтін ғылымдарға жататын ботаника, зоология, медицина болып бөлінеді. Бұл ілімдердің бастауы саналы адам дүниеге келген кезінен есептеледі. Санасыз тіршілік иелері өздеріне қолайлы жерді инстинктивті іздейді. Саналы адам оны таңдайды, қолайлы жағдайды өзі жасайды. Сол арқылы ол өзінің санасын оятады: түрлі өсімдіктердің қорек етуге жарамды, не жарамсыз екенін пайымдайды. Салыстыру арқылы пайдалы өсімдіктерді байқап, оны өсіріп, өзінше жақсартады. Нәтижесінде алғашқы ботаникалық ұғым қалыптасады. Жабайы аңдарды аулап, кішкентай төлдерін асырап, қолға үйретеді. Сол арқылы оның табиғатын түсінеді, Осыдан кейін зоологиялық ұғымдар қалыптаса

бастады. Адамдардың туып дүниеге келуі, ауырып дүниеден кетуі алғашқы медициналық пікірлердің пайда болуына себепкер болды.

Тіпті XVIII ғасырда өмір сүрген Дени Дидро ана жатырында болашақ нәрестенің пайда болуын білу керектігін айтқан болатын: Өмір талабы ауыру-сырқауды емдеуге ұмтылдырды. Сол алғашқы қарапайым әрекеттер, алғашқы ой тұжырымдарын жасайтын Птоломей, Архимед, Гиппократ, Фалес сияқты ойшылдарды дүниеге әкелді. Бірте-бірте қоғам дамыған сайын И. Ньютон, П. С. Лаплас, А. Л. Лавуазье, Л. Бюхнер, Галилео Галилей, Н. Коперник, Ж. Л. Бюффон, Ш. Монтескье сияқты жаратылыстық ғылымдар негізін салған ғалымдар тәжірибе жасап пікір айтты. Бірақ жаратылыстық ғылымдардың қалыптасуы оңай болған жоқ. Мәселен XX ғасырдың орта кезінде биология ғылымдары саласында вейсанизм, морганизм, менделизм деген терминдер көтеріліп, көптеген жаратылыстық ғылымдар өкілдері қуғынға ұшырады. Неміс зоологы А. Вейсман (1834-1914), Америка биологы Г. Морган (1866-1945), Австралия биологы Ф. Мендель (1822-1884) ғасырлап келе жатқан өсімдіктердің, малдардың тұқымын жақсарту тәжірибесіне зерттеп, оларда тұқым қуалайтын қасиет бар екенін ашты. Сол қасиетке байланысты құмырысқадан құмырысқа, қояннан қоян пайда болатынын сезіп, түрлі тәжірибелер жасап, өсімдіктердің жануарлар тұқымына әсер ететінін түсініп тұқым қуалайтын «генетика» ғылымының негізін салды.

Өсімдіктер мен жануарлар тұқымы жойылмай сақталатынына себепкер, «хромосом» бар екенін ашты. Бірақ сол кездегі кеңестік жүйе идеологиясы генетика ғылымын реакциялық деп тапты. Генетиканы жоққа шығарды. Түр ұрыққа (тұқымға) байланысты емес, тұрмысқа, ішкен-жегенге байланысты деп, мәселен, қарға бүркітке айналады

деген сияқты табиғатқа қарсы, ақылға қонбайтын пікір таратылды. Бірақ, бұл ғылымға жат, зиянды пікір ұзаққа созылмады. Шындық жеңіп ғылым үстемдік құрды. Десекте кезінде теріс пікірден құтылу оңай болмады.

XVI-XVIII ғасырларда биология механикаға парадигма ретінде ғылым бола бастады. Сол кезде ол ботаника, зоология болып екіге бөлінді. Одан соң олардың әр қайсысы систематика, морфология, анатомия, физиология болып төрт салаға бөлінді. Чарлз Дарвин (1809-1882) кезінде эмбриология, гистология, биогеография, салыстырмалы анатомия және палентология болып беске бөлген. Мұның бәрі биологияның даму жолдары болатын.

Биология ғылымының алғаш бетін ашқан Карл Линней (1707-1778) еді. Ол өзінің «Ботаника философиясы» кітабында оған дейінгі табиғатқа байланысты айтылып келген үзік-үзік пікірлерді жинақтап, топтап, жүйелеп өсімдіктер дүниесі бірте-бірте білінбей өзгеріп отыратынын айтқан болатын. Бірақ, табиғат секірістер жасамайды¹ деді.

Бұдан кейінгі ғалым Жан-Батиста Ламарк (1744-1829) «Зоология философиясы» (1809) кітабында жануарлардың жаңа жағдайлар ықпалына сай, қазіргі біз көріп жүрген түрлері бірте-бірте өзгеріп жеткен эволюциясы екенін ашты. Оған себеп флюидтер қозғалысы деген қорытынды шығарды.²

Сол кезде еңбектенген ғалым Жорж Кювье (1769-1832) биологиядағы эволюцияны теріске шығарды. Оның пікірінше жер планетасының бүкіл тарихы мезгіл-мезгіл планетарлық ауқымды апаттар (катаклизмдермен) үзіліп тұрғанын көптеген қазбалардан табылған материалдарға

¹ Линней К. Философия ботаники. М. 1989, 41б.

² Ламарк Ж.Б. Избранные произведения. В 2-томах, т.1. М. 1955, 182-183бб.

қарап айтқан болатын.¹ Бірақ ол жалпы түрлердің өзгеріп отыратынын жоққа шығарған жоқ.

Табиғаттың эволюциялық теориясын ілгері дамытқан Чарлз Дарвин болды. Ол өзінің «Табиғи таңдау арқылы түрлердің пайда болуы, немесе тіршілік үшін күресте қолайлы нәсілдердің сақталуы»² кітабында оны дәлелдеді.

Ч. Дарвин теорияға жаңа екі ұғым ендірді. Бірі «тіршілік үшін күрес». Екіншісі «табиғи таңдау».

Айналып келгенде бұл ғалымдардың бәрі де табиғат заңдылығына, адамзат тәжірибесіне қайшы келетін пікір айтпаған болатын, қайта сол тәжірибеге сүйенген еді.

Кеңес елінде генетика теориясын дамытқан академик Н. И. Вавилов (1887-1953) болды. Оның туған інісі С.И.Вавилов (1889-1951) КСРО Ғылым Академиясының Президенті болып, ғылымды дамытып тұрғанда, Н. И. Вавилов еліміздегі Бүкіл Одақтық ауыл шаруашылығы Академиясына басшылық етіп, түрлі экспедициялар жүргізген болатын. 1950 жылы Н. И. Вавилов тұтқындалып, 1953 жылы Саратов түрмесінде қайтыс болды. Оның өмірін осылай еткен, өзі өсіріп шығарған шәкірті Т. Д. Лысенко еді. Кезінде Украинада жәй агроном болып жүрген жерінен Т. Д. Лысенконы ғылымға жақындатып, өзіне аспирант етіп, қолдап академик дәрежесіне дейін көтерген болатын. Кейін ол өз ұстазына зұлымдық жасап генетика теориясын жалғастырғаны үшін оны айыптатып, орнынан түсіртіп, тұтқындатқан болатын. Ондай сұм адамдар қоғамда сиректе болса кездеседі. Т. Д. Лысенко, Н. И. Вавиловқа адал шәкірт болудың орнына, оны жау деп айыптап, көзін жоюға жеткізді. Т. Д. Лысенко табиғатта тұқым қуалау деген жоқ, бәрі өзгереді жаңа түр пайда

¹ Кювье Ж. Расуждения о переворотах на поверхности земного шара. М.Л., 1937, 83б.

² Дарвин Ч. Происхождение видов путем естественного отбора или сохранение благоприятных рас в борьбе за жизнь. СПб. 1991, 22б.

болады. Бұл өсімдіктермен жануарлар күтімін жақсартуға байланысты деп, жәй қарапайым И. В. Мичуриннің жеміс ағаштарын будандастырған тәжірибесін желеу етіп, Мендель тәжірибесін талқандап, жаңа теория жасамақ болды. Алғашқы оның ұсынғаны бидайды жерге себер алдында «яровизациялау» болатын. Мәнісі бидайды себер алдында ылғалдандырып, салқын жерде ұстау. Сонда жерге себілген бидай қаулап өседі, жоғары өнім береді, деп, адам білмейтін әдіс ұсынғаны былай тұрсын, оны барлық шаруашылықтарға қолдануды міндеттеді. Сол арқылы елімізде астық молшылығын, мал өнімін көбейтуге болады деп ұрандатты. Жауыздықпен жүріп, ол, Н. И. Вавиловтың орнына отырып, Бүкіл Одақтық ауыл шаруашылық Академиясын басқарды. Оның өзімшілдік ұсыныстарына қарсы болған, не іштей ұнатпай, генетика теориясын жақтағандар, тек ғылымнан ғана қуылған жоқ, түрмеге жаптырылды, өмірлері үзілді. Ғалымдар арасында үрей, қорқыныш тарап, биология ғылымына өлшеусіз зиян келтірілді.

Т. Д. Лысенконы (1898-1976) асқақтатып, ғылымда өрескелдік әрекетке әкелген сол кездегі үстемдік құрған партиялық идеологиямен қолданылған саясатты дұрыс түсінбегендік болатын. Кеңес жылдарында ұстанған саясат мынадай бағытта жүргізілді: Барлық бұрынғы таптық қоғамдарда білімді қайраткерлер, зиялы қауым тек үстем таптардан шықты. Оның себебі зиялы қауым өкілдерін бұрынғы езілген таптардан шығарамыз деген бағдарлама болатын. Ол үшін бұрынғы езілгендерді жаппай оқыту, тәрбиелеу арқылы жаңа мәдениетті, білімді, зиялы адамдарды өсіріп шығару. Жаңа адам дегенде тіпті бұрын - соңды болмаған адам өсіріп шығару емес, интеллекті адамдарды төменнен көтеру. Бұл Кеңес үкіметінің негізгі идеологиясы болатын. Бірақ бұл идеологиялық ұстанымды шала түсінген Т. Д. Лысенко сияқты шолақ белсенділер

білімдерін толықтырудың орнына айлаға көшіп сол кездегі үкіметке жағынып, солақай істер жасады. Кейін оның сол әрекеті әшкереленді.

Қорытынды: Әр нәрсеге кіріскенде білім терең, ақылға сиятын болуы. Барлық пәле сауатсыздықтан, сондай-ақ адамгершіліктің жоқтығынан, білімнің саяздығынан, алаяқтықтан.

Т. Д. Лысенконың айыбы тек бидайды жерге себу алдында міндетті түрде «Яровизация» жасау керек дегені ғана емес. Оның басты зиянды әрекеті қалыптасқан табиғи жүйеге қарсы қол сұғып, сойқан әрекеттерге қолдау көрсеткендігі.

Сол кездерде тұқым қуалайтын табиғи процеске қарсы профессор И. И. Иванов (1870-1932) ішкі биологиялық заңдылықтарды аяққа басып «гибридтік» тәжірибе жасай бастады. Мәселен, адам баласы тарихында жылқы мен есекті шағылыстыру арқылы жаңа түр «қашыр» дүниеге келген болатын. Бірақ, табиғатқа қарсы құбылыс көбеймейді. Жалғыз болып тоқтайды популяция болмайды. Ол осы ескі тәжірибені ілгері дамытып, жаңа көбейетін түр жасамақ болды. Бірақ оның, экспериментіненде еш нәтиже шықпады, өйткені ұсынғаны табиғи заңдылыққа тікелей қарсы болатын. Тәжірибелерінің біреуі ғана қабылданды. Ол малдың қысыр қалуын азайту үшін қолдан ұрықтандыру әдісі.

И. Ивановтың ұсынған тағы бір ең сұмдық эксперименті – ол адам мен маймылды шағылыстырып, аталық пен аналықты байланыстыру арқылы жаңа адам кейпіндегі мақұлықты жасау. Бұл тәжірибені Африкада (Кения) жүзеге асырмақ болған, бірақ Африка елі қарсылық көрсетті. Кейін Кеңес еліне қайтып оралғанда Сочиде тәжірибе жасамақ болған, әйтпесе оның ол ойынан да еш нәтиже шықпады. Осындай сұмдықтары үшін, ол 1929 жылы репрессияға ілініп Қазақстанға жер аударылды. 1932 жылы Алматыда

малдәрігерлік институтында жүрген кезінде ауырып, қайтыс болды. Сөйтіп, табиғатқа қарсы жасалған сұмдық эксперимент Ивановпен бірге келмесе кетті. Егіс өнімін жерді өңдеп, құнарландыру арқылы арттыруға болады деген аграрлық экономист, профессор А.В. Чаянов (1888-1937) 1930 жылы Мәскеуде түрмеге жабылды, төрт жылдан кейін ол да Қазақстанға жер аударылып, Алматыдағы Ауылшаруашылық институтында қызмет атқарып жүрген кезінде 1937 жылы жау ретінде қайта ұсталып, атылып кетті. Сонда айыбы не? Ешқандайда. Тек саясат құрбаны болды.

Ал сұмдық эксперимент жасаған Иванов өз ажалымен өлді. Өйткені сол кездегі билік оның ұсынысына қарсы болмағаны, қайта қолдағаны болса керек. Бұл айтылғандар да биология ғылымдарының философиялық проблемаларына жатады.

Философия мен жаратылыстану ғылымы арасында одақ болуы керек екені қашаннан белгілі. Ол одақ бір-біріне пайдалы, бірақ өзара үстемдік жасамағаны жөн. Ғылым тек солай дамиды. Өкінішке орай, кейде ол талап бұзылған да кездер болған. Әлгі келтірілген мысалдар соның айғағы.

Ғылым алдында тұрған проблемалар көп. Оларды тудыратын өмір. Биологияда клондау әдісінің өмірге енгеніне онша көп болған жоқ. Бұл ғылыми ірі жаңалық еді. Әлем бұл әдісті санасыз дүниеге қолдануға болады, бірақ адамға пайдалануға болмайды деп шешті. Жаңалықтың мәні неде? дене қалдықтарын клондау, арқылы дәл сондай тірі жануар (хайуан) жасау – Мәселен, Англияда «Доли» деп аталған тірі қой жасалды. Ал енді клондау арқылы жасалған сол тірі хайуан ғылым үшін ғажап жаңалық. Бірақ практикада ше? Клонданған жануар тек бір экзemplяр болады, көбеймейді. Бірақ оған жұмсалатын шығын көп. Сонда клондаудың қажеті қанша? Клондау арқылы жасалған жан иесі ұрық беріп

көбеймейтін болса, онда, ол да бір киноплёнқаға түсірілген бейне, бір құбылыс емес пе? Десекте маңызы ғажап.

Ал жалпы алғанда клондауды адамға жасауға мүлде болмайтыны. Бүкіл әлем клондауды адамға жасауға үзілді-кесілді тыйым салса да Австралия қосылмаған көрінеді. Олай болса, ол елде жасырын түрде эксперимент жүргізіп жатқан жоқпа екен деген күдік туындайды. Егер қай жерде болмасын, жасырын клондау эксперименті адамға жасалатын болса, онда бұл, қоғам үшін төніп тұрған қауіп. Өйткені оның болашақ салдарын ешкім кесіп айта алмайды.

Сондай-ақ, Австриялық ғалым – физик Никола Тесла (1856-1943) кезінде ғылыми ғажап пікір айтқан болатын. Мәселен, оның постулаты бойынша ауадан, судан таусылмайтын энергия шығаруға және «найзағай шарын» қолдан жасап, оны белгілі бағытпен алыс нүктеге жіберуге болады деген. Әрине оның айтқаны өмірге енген жоқ. Бірақ оны ешкімде жоққа шығарған емес.

Қазір ұялы телефон кімнің де болса қолында. Кез келген жерден сөйлеседе, көре де алады. Бұл бұрын мүмкінбе еді? Тек ертеkte айтылатын қиял болатын. Ал бүгін шындық. Олай болса, келешекте Никола Тесла айтқан ой іске аспаса да, одан да басқа жаңалық болуы әбден мүмкін, ғылымда тоқтау жоқ. Керек десе, бұрынғыдай емес, материя мен идея арақатынасы «ақ» пен «қарадай» дай алшақ емес, жақындап бара жатқанын айттық. Міне осылардың бәрі ғылымның философиялық проблемалары.

Бүгін ашылған жаңалық, ертең тарих. Алда не күтіп тұр? Міне мәселе қайда? Тіпті Никола Тесла айтқан қолдан найзағай жасауды кезінде М. В. Ломоносовтың зертханасында сыналмақ болған еді. Бірақ XVIII ғасырдағы физика ғылымының дәрежесі оған жете қоймаған болатын.

Айтылғандардан туындайтын қорытынды, осыған дейінгіні қайталамайтын болсақ, онда: бәрі ғылымға тірелетін заманда, ғылымды тек творчестволық ақылмен, қоғам талабына сай бағыттап, басқару қажеттігі. Өйткені ғылым ой еркіндігіне негізделген.

Қазіргі биотехнология, биохимия, генетика кванттық физика дамыған заманда нанотехнологиялық әдістері арқылы атом, не молекула құрылымына эксперимент жүргізіп материалдық өніммен, тіршіліктің жаңа түрін шығару мүмкіндігі жоқ деуге де болмайды. Сондай экспериментті генетиктер жасап, өрмекші мен ешкі генін будандастыру арқылы көп аяқты өрмекші-ешкі алынғанын ғылым көрсетіп отыр.¹ Ғажап бірақ шындық. Ғылымды бағыттау қажеттілігі осындайдан.

3.2. Техника философиясы

Көшпелі қазақ елінде қол өнері болды. Темір, ағаш ұсталары, зергерлер, шебер тоқитын, ою жасайтындарда кең тарады. Темір ұсталары шоқты көрікпен қыздырып, балқыған темірді төске салып, балғамен соғып, түрлі құрал-саймандар (ауыздық, үзенгі, таға, балта, айыр, күрек, пышақ), қару-жарак (сауыт, қылыш, найза, айбалта, сойыл) жасады. Зергерлер (ювелирлар) алтын, күміс, жезден сырға, жүзік, алқа, шашбау, білезік, ілмешек, белбеу жасады.

Ағаш ұсталары жас талды «тезге» салып, белгілі қалыпқа келтіріп, уық, кереге, шаңырақ жасады. Тораңғыл, жиде ағаштарынан келі-келсап, ыдыс-аяқ, қобыз, домбыра шанағын, есік, бесік, граниттен диірмен жасады. Сол кезде гауһардың (бриллиант) асыл тас екенін білген. Өте жоғары қымбатты гауһарға теңеген.

¹ Егемен Қазақстан, 2013, 15 мамыр.

Әйелдер жүнді жуып, сабаумен сабап, түтіп, ұршықпен жіп иіріп, шекпен қап, өрнек құрып кілем, басқұр, алаша тоқып, киіз басқан. Сөйтіп көшпелі қазақ елі өз қажетін өзі қамтып, мыңдаған жылдар ерекше, өзгеріссіз осылай іргелі өмір сүрген. Мәселен, кәдімгі көшпелілер киіз үйі соңғы бір-екі мың жылдықта ешқандай өзгеріске тап болмаған десек, онда оның кәдімгі біз білетіндей болып, шебер, тиімді қалыптасуына қанша уақыт, қанша заман кетті дейсіз.

Қазақ елінде қол өнері неге дамып, ол өндірістерге айналмады? Күнделікті қажеттілікті қанағаттандырып, барына риза болып өмір сүрді. Сұраныс майда болды. Әйтпесе металл балқытып, қоспалар жасап, қолдан қазан, болаттан балта, алтыннан бұымдар жасаған бабалардың сол өнерді ілгері дамытуға шамасы жетпеді ме? Өйткені қоғамдық ірі сұраныстар болмады.

Мәселен, сауда дамыған болса, ақшаға мұқтаждық күшті болар еді, банктер ашылып, алтын-күмістен түрлі бұйым жасағаннан гөрі, олар соған салынған болар еді. Күнделікті өмірден туындаған майда талап, елдің ілгері даму арнасын ашудың орнына, дағдылық қашанда консерваторлық әдіс аяғына тұсау болды. Сондықтан да XIX ғасырда өмір сүрген «Зар-Заман» ақындары Ресейдің қағаз ақшаларын менсінбей «сауарға сүті жоқ, соярға еті жоқ, мінерге күші жоқ», деп сынға алып қарсы болғаны. Сонымен ойды, тұрмысты, өндірісті, жалпы қоғамды дамытатын талап, сұраныс мұқтаждық. Қазақ халқының тарихи соры болған сол бір замандарда ақыл мен табылған, өз қажетін өзі қанағаттандырған шаруасы мен дағдылы тұрмысы еді. Ал техника туралы айтарымыз мынау.

Бір кезде әлемді билеген көшпенділердің кенет артта қалу себебі не де десек, оның мәнісі бар екен. Алдымен, XV ғасырдан бастап Батыс Еуропалық елдер неліктен тез дами бастады? Себепсіз емес. «Бір ауыртпалықтың бір

жеңілдік жақсылығы бар» дейді халық мақалы. Себеп болған Шыңғыс ханның XIII ғасырдағы басқыншылық әрекеттері еді. Шығысты Батыспен байланыстырып, халықтардың экономикасы мен мәдениетіне дем беріп, ғасырлап келе жатқан Жібек (сауда) жолы жаулаушылық шабуыл нәтижесінде сөніп, тоқтап қалған соң, көптеген елдер тұрмысы күрт төмендеп кетті. Сол сауда жолында орналасқан көшпенділер өз қажетін өздері ғасырлап қанағаттырған дедік. Оның үстіне олар Орта Азия отырықшыларымен бұрынғы қатынасын сақтап, дағдылы жағдайда тұрып қалған болатын. Бірақ, бұған керісінше Батыс Еуропа елдерінде мұндай мүмкіндіктер болмай, тұншыға бастады. Оларда Батыс, Сібір, Орта Азия аймағындағдай табиғи байлық та аз болды. Бұл біріншіден. Екіншіден, Таяу Шығыс елдеріндегідей өзара сауда байланысы да болмады. Екі ғасырға созылған сол күйзеліс Батыс елдері санасын оятып, жаңа жол іздеуге мәжбүр етті. Ақырында ол мәселе шешілді де. Жанкешті батырлар Шығыс елдерінде су жолын ашты. Әбден экономикасы жұтынаған Еуропа елдеріне содан қаптап мақта-маталар жібек, парфор, маржан, алтын, күміс бұйымдары, шай, қызыл бұрыш, т.б. келе бастады. Сауда, қарым-қатынас тең жүру үшін Батыс елдері де бір нәрселер шығаруы қажет болды. Дайын нәрсе болмады бірақ бұл проблема да шешімін тапты. Ойға келгені күрделі, қиын да болса жүннен мата шығару. Ол үшін қой өсіру, тоқыма фабрикаларын салу, техниканы, білімді дамыту керек болды. Ақырында, бәрін өзі жасап шығаратын машина ойлап шығарды. Батыста өндірістік революция жасалды. Бұл XVII-XVIII ғасырлар еді. Нәтижесінде: бәрі түбірімен өзгерді. Білім заңдылыққа негізделген ғылымда көтерілді. Прогреске түрткі болған мұқтаждық.

Жалпы техника тарихы – машинаға дейін, машианадан кейін болып, екі дәуірге бөлінетінін ескерсек, онда қазақ ауылы сол машинаға дейінгі дәуірде қалып қойғаны.

Көшпелілер техникасы тек өзі және мал күшімен іске қосылатын (шығыр, жерағаш, арба, т.б.) еді. Бұл талантты халық – көшпелілердің надандығы емес, тек өндірістік, экономикалық зәрулік, қатаң, жоғары талаптың болмағаны. Өз қажетін өзі ғасырлап қамтамасыз етуі сол кедергілердің бірі болғаны. Он мыңдаған жылдар қалыптасқан дәстүр басқа жол іздестірмеді. Тек ауыз әдебиетін дамыту талабы алда тұрды. Бұл жағынан еш бір ел оған тең келе алмады. Бұл машинаға дейінгі дәуірге жатады. Ал машина дәуіріне келетін болсақ, онда мәселе басқа.

Әрине, еңбек процесі кезінде адаммен машина арасында бір шама ұқсастық бар.

Рас машина да, адам қолымен жасалған басқа да заттарда табиғаттан алынған, сондықтан кейбір ұқсастықтар бар. Адам табиғатқа тек бейімделген жоқ, ол одан үйренді, оған еліктеді. Содан емеспе XVIII ғасырдағы француз философы Ж. Ламетри (1709-1751): «Адам денесі өздігінен жүретін – машина. Бұл үздіксіз қозғалыстың тірі бейнесі» деген. Алайда ол мамандығы бойынша дәрігер болса да, өз дәуірінің техникалық даму пікіріне сай, ол адамды машинамен қатар қойып, оның қолдары мен аяқтары – доңғалақтар, жүрек – мотор, деп түсінді. Келешекте адам автоматтандырылған машина. Әрине көп нәтижеге жете бермек. Бірақ, ол жансыз құбылыс болып қала береді.

XVII ғасырда өмір сүрген француз философы Рене Декарт (1596-1650) «Әдіс туралы ой толғам» деген еңбегінде былай деп жазды: адам көптеген сүйектер, қан тамырлары, жүйкелер орнына үнемдеп азғана бөлшектер мен машина жасаса, онда оны тірі организмнен ажыратуға болмайтын болады. Әрине, Рене Декарт бұл жерде ғылым жетістіктерін, өте әсірелеп отыр. Машина адам дәрежесіне жете алмайды. Егер ол адамның кейбір қасиеттерін орындай алса да.

Адам бас миының жұмысын зерттеу, қайталау арқылы Норберт Винер өзі басқаратын көптеген есептерді тез

шығаратын және есте сақтай алатын машина – кибернетиканы ойлап шығарды. Тіпті ең дамыған жануар табиғатты қайталай, не ренжіп, әлде қуана алмайды. Бірақ, осыларды адам жасай алады, өйткені онда сана, ақыл бар. Сондықтан ақыл адамды табиғат билеушісі ете алады. Бірақ, адам жасаған техника бірте-бірте адамды өзіне бағындырып, оның табиғатын өзгертуде. Бұл парадокс, бірақ факт. Біз ғылымды ұдайы басқару керектігін айттық. Бірақ өмір техниканы да тізгіндеуді керек етуде.

Техника пайда болуы өте ерте замандарға кетеді. Ол «technē» – қол өнерінен бастап, ұста (мастер) деген сөзге дейінгі ұғымды қамтиды. Сол «technē» (техникаға) бір нәрсені жасау, не ойынды іске асыру үшін қолданылатын құрал (тас, таяқ, тасқын суды керек бағытқа ағызу үшін жасалған тосқауыл бәрі соған жатады). Одан соң аң аулау, жер өңдеу, қайықпен жүзу, жүн иіріп, жіп есу, тоқу, тігу, бұйым жасау, мал терісінен киім-кешек тігу осының бәрі көшпелі бабаларымызда болды. Кейін күрделі аспаптар құралы, мәселен, машина қолдану өз дәуірі техникасы. Аристотель техника жөнінде өз пікірін «Никомаха этикасы» деген еңбегінде жазған болатын. Сонда ол екі мәселеге аса мән береді. Ол а) «empeiria» (тәжірибе) және б) «episteme» (теория). Білім деген ұғым кең мағынада бұрын белгісіз, түсініксіз затқа, объектіге көңіл аударып, білуге тырысу. Бұл екі бастама да қазір жолға қойылған. Техника философиясына мән бергендердің бірі Бертран Рассел болғанын айтқанбыз.

Техника – таным, білім, ойлау арқылы нақты шындық талабынан туындайды. Қажет болмаса жәй таяқты да адам қолына ұстамайды. Техника тәжірибе, біліммен тығыз байланысты. Техника күрделенген сайын теория қажет. Теория – ғылым негізі. Жұмыс кезінде адам оймен бір нәрсені жобалайды, қолданып отырған техниканы жақсартуды, икемдеуді ойластырады. Сөйтіп, бір нәрсеге

басқа нәрсе түрткі болып, техника дамиды. XVII ғ. Ең алғаш еңбек машинасы жасалды. Машина деген не? Бұрын адам әр жұмысты түрлі техника қолданып жасайтын еді. Мәселен, күрекпен жер қазу, орақпен шөп ору, жүн-жіпті өрнекке салып, түрлі басқа да құралдар пайдаланып кілем, басқұр тоқу т.б. Енді сол жұмыстарды машина өзі жасайды, кеседі, жонады, тоқиды, дайын бұйым шығарады. Адам тек сол машина жұмысын қадағалайды, басқарады.

XVII ғасырға дейін адам баласы ең ауыр затты орнынан қозғап, жылжытып, көтеріп, биік, қиын құрылыстарды түрлі техника пайдаланып жасаған. Мәселен Египеттегі Хеопса пирамидасы, биіктігі 140 метр, оны құрастыратын әрбір тас салмағы 6 тонна болса да, сол ғажап құрылысты жасады. Мұнда, мәселе оның ғажап архитектурасында ғана емес, сол тастарды көтеріп, керемет құрылыс жасағанында. Хеопса қасында Сфинкс басқа да пирамидалар тұрғызылған. Осыларды тұрғызуға қанша мыңдаған емес, миллиондаған тас кетті және олар қайдан Гизаға әкелінді, қалай жонылды? Қазір оны айту оңай, бірақ кезінде қанша адам күші кетті. Бұдан да басқа әлемде зәулім үйлер, тас жолдар, қорғандар салынды, солардың қатарында тарихи 5 мың шақырымға созылған, ені 6, биіктігі 10 метрге дейін Қытай «Тас қорғаны». Бірақ мұның бәрі бір замандарда, техниканы пайдаланып, адам қолымен жасалды. Ал XVII ғасырда өмірге енген машина бұрынғы техникалардан басқа. Бұл үлкен жаңалық, техникалық революция (төңкеріс). Сөйтіп техника екі дәуірге бөлінеді дедік.

Бұл жаңалықтың мәні неде?, – деп сұрақ қойған К. Ясперс, өзі соған былай деп жауап қайтарады. «Мәні машинада, өндірістік процестерді автоматтандыруда, ол тоқиды, тігеді, араластырады, тазартады, сығады, ағартады, дайын етіп бүтін затты шығарады»¹.

¹ Новая технократическая волна на Западе. М. 1986, 125 б.

Сөйтіп, бұрын ұста, шебер бәрін өз қолымен жасайтын болса, енді оны машина тез және әдемі етіп жасайды. Бұрын болмаған, тек ертектерде айтылатын ой, арман болатын. Сонымен, әлгі айтқан техника тарихының екі дәуірі. Бірі жәй таяқтан бастап, үлкен зіл тастарды қозғап, салынатын құрылысқа дейінгі күрделі техниканы пайдалану. Екіншісі, бәрін машинаның өзі атқаратыны. Содан техникада қандай жаңалықтар болса да сол әлгі екі дәуірге кіреді. Екінші дәуірде болашақта талай жаңалықтар болар. Бірақ оның бәрі машина дәуіріне жатады, айталық бумен жүретін машина, электр қуатымен жүретін машина, атом энергиясымен жүретін машина т.б. Техниканы дамытатын адам, ал адам да сол техникамен бірге дамуда. Оның үстіне барлық ғылымдардағы сияқты техника дамуының ішкі өзіндік логикасы бар. Бір техника бір техниканы, бір бөлшек бір бөлшекті қозғайды. Бұл үздіксіз процесс. Онда пайда, зиян, қоғамға керек, керек емес деген ұғым жоқ. Техникаға байланысты Карл Ясперс мынаны да айтады: «Адам ақылсыздық, не ақылын жоғалтқан жағдайда мүлгиді»¹. Сондықтан шексіз дамудағы техниканы адам басқаруы керек. Ол жаңалықтардың пайдалы, зиянын ажыратады, бетімен қоя бермейді. Техника философиясы дегеннің бір жағы осында.

Техника жалпы тұрғыдан қарағанда адамды табиғатпен байланыстыратын, тек байланыстырып қана емес, табиғатқа әсер ететін және оның құпиясын ашып, пайдасын өзіне игеріп, қоғамды дамытуға қолданатын күш. Қазір адам қосымша энергия қуатын теңіз толқынынан, жел күшінен, күн сәулесінен ала бастады. Адам баласы төбеден сарқырап құлаған су күшін, жел екпінін пайдаланып келген болатын. Қазір мұның бәрі күрделі жолға қойылды. Ірі су электрстанциялары былай тұрсын, атом электр станциялары жұмыс істеуде. Қазіргі автоматтандырылған жұмыс

¹ Бұлда сонда, 124 б.

процестерін қолданып олардың дамуын үдету үшін адам программа жасайды, жұмысын бақылайды.

Ал техникалық білім қалыптасуы бірнеше белестерден тұрады. Мәселен, оның біріншісі XVIII ғасырдағы 1620-1750 жылдар. Бұл бұрынғыны қайталау және көтерілу кезеңі. Екінші кезең ғылымдардың дифференциялану жылдары, яғни ғылымдардың бөлшектенуі және жаңа ғылымдар пайда болуы. Бұл Дж. Уаттан Эдиссонға дейінгі кезең. Үшінші кезең, техника мен өнер арасы жақындаған кезең. Бұрынғы грекше «*techne*» деген сөзге пара-пар латындық «*arte*» деген искуствадан алынған термин қосылады. Бұған түрлі соғыс жүргізу, ойын ойнау, фортепьяномен эн-би орындау, әңгіме жүргізу т.с.с. жатқызылатын болды. Осы кезге сәйкес, жеті «*artes technical*» (техникалық искусство және жеті «*artes liberales*» (еркін искусство) пайда болды. Оны орыс тілінде «жеті мүз қоғамы» деп атады).

Ал неміс философы Хаинрик Бек «Техника мәні» мақаласында техниканы (*technikale*) искуствадан ажыратып, бөліп карауды ұсынды. Х.Бек «Қазіргі білім дәрежесі: құрылыс техникасын құрылыс искуствосынан, сурет салу (живопись) техникасын сурет салу искуствосынан, махаббат техникасын махаббат искуствосынан, техниканы искустводан, адамдарды басқару техникасынан, соғыс жүргізу, фортепьянода ойнау, әңгіме жүргізу техникасын есте сақтау техникасынан ажыратады. Бұлардың арасында бір жалпы ұқсастық болғанмен айырмашылық үлкен»¹ «Искустводан жансыз техниканың айырмашылығы, оны пайдалану адамның өз еркі. Ол табиғаттан, материядан, өмірден, жан мен рухтан күшті екенін, немесе адам әлемдегі барлық дүниеден жоғары екенін өзі сезініп,

¹ Философия техники в ФРГ. – М. 1989. – 178 б.

білуі»¹, деп жазды. Әрине Х. Бек пікірімен қосылуға болады. Фортепьянода ойнау бір бөлек, фортепьянода ойнау техникасы бір бөлек. Бірақ, оның бір пікірімен қосылуға болмайды. Ол оның «ырықты» санадан да, басқадан да жоғары қоюы. Бұл А. Шопенгауэр теориясы ықпалы. Ырық негізі – күш. Сол күш жануарларда да бар. Бірақ ырық жоқ. Өйткені сана жоқ. Денедегі қара күшті «ырыққа» айналдыратын, оны билейтін, басқаратын – сана. Ал сана адамдарда әр түрлі. Сондықтан, біреудің ырық мықты, біреудікі осал, өзін-өзі билей алмайды. Бірақ сол ырықты санамен тәрбиелеп, шыңдауға болады.

Ал енді У. Ростоу, Д. Белл және басқа Батыс ел ойшылдары «Жаппай рахаттық» теориясын ұсынып, қоғамды бұдан былай басқаратын маман, инженерлер болады, олар менеджерлер, өндіріс егесі емес, бірақ оған қызмет атқаратын солар болады деп жазды. Бірақ, бұл олардың тек тілегі болатын. Ал тілек пен шындық арасы аспан мен жердей екенін бұрынғы өмір көрсетіп отыр.

«Технократия» термині өмірде жиі қолданылады. Бұл инженерлер билігі деген сөз. Т. Веблен «Инженерлер және баға жүйесі» (1921) деген кітабында «болашақ процесс үшін капиталистер мен финансистерді ығыстырып, олардың орнын инженерлер басады» деп жазды. «Технология, – деп жазды Жапон философы Имамичи, – табиғат сияқты бізді қоршаған адамға бағынбайтын, өзінің нақты даму бағыты бар жаңа ортаға айналды², техника өмір дамуын тездетуде, өмірді өзгертуде». XX ғ. 30-шы жылдарында өмірге өзгеріс ендірген техника тездеп дами бастады. 1941 ж. американдық социолог Д. Ш. Берихеим

¹ Бұл да сонда, 180 б.

² Имамичи Т. «Моральный кризис и метатехнические проблемы» Вопросы философии, 1995. - №3, 79-80 бб.

«Менеджерлер революциясы» деген кітабында мамандардың қоғамдағы билік туралы пікірін қолдай келіп, «технократия менеджерлер түрінде (басқарушылар) саяси өмірді де басқаратын болады, олар қазірдің өзінде көптеген дамыған елдерде көрініс табуда» деп жазды. Бұл пікірді «Жаңа индустриалдық қоғам» деген кітабында Д. Ж. Забрент қолдады. Одан соң З. Бжезинский, т. б. бұл пікірді ілгері дамытты: «Бұл пікір қазіргі заман көрінісі деуге болады. Бұл техниканың қоғамға, адамға тигізіп жатқан әсері сондай-ақ, басқа да әсерін айтқандар бар. Ол негізсіз емес».

Техниканың қоғамдағы кері әсерін Л. Мамфорд «Techniks and Civilization» (1934) (Техника және өркениет) кітабында арнайы көтерді. Арада 30 жыл өткенде «The Muth of Machine» (Әлем машина туралы) (1964) деген кітабында Л. Мамфорд: «Адам жасаушы емес, ойлайтын құбылыс. Оның мақсаты – ойлау, идея тудыру, т. с. с., ал машина оны орындайды» деп жазды.

Ортега мен Гассет «Бұхара көтерілісі» (1930) атты әлемге белгілі болған кітап шығарды. Сол кітапта автор: «Техниканың дамуы негізінде Европа ең ауыр дағдарысты, бұрын-соңды адамдар мәдениетінде болмаған қиындықты игеріп отыр» деп жазды. 1935 ж. Ортега мен Гассет «Техника туралы ой толғау» деген кітап жазды. Кітапта «техниканың эволюциясына тоқталып, оны басты 3 кезеңге бөледі. Олар: а) жеке қолмен атқаратын жағдай; б) қолдан қолға өткен қолөнер техникасы. Біреудің біреуден үйренуі; в) техниктер мен инженерлер жасаған техника.

Бірінші кезеңде техника кездейсоқ пайда болған жағдайға сай жасалған құрал, екінші кезеңде техника бір қолдан бір қолға өтіп, күрделенді.

Мәселен, дөңгелек, жүген, үзеңгі, арба, үй салу және үй құралдары сияқты біреуден біреу көріп, үйрену, шынықтыру кезеңі. Үшінші кезең техникаға байланысты ғылым пайда болып, дамиды. М. Хайдагтер 1954 ж.

«Техника туралы мәселе» кітабын жазды. Ол техниканың объект пен адам арасындағы дәнекерлік рөлді атқарады деген пікірге келіспейтінін білдіреді. Техника тек адам мен объект арасындағы дәнекер емес, сонымен бірге ол адамның мүмкіндігін ашады. Оған «оң, теріс қарағандарға да бейтараптық рөл атқарады»¹ деп жазды.

Одан әрі М. Хайдагтер былай деп жазды: «Техника – жай қарапайым дәнекер емес, техника бойдағы көрінбей жатқан шындықты ашу саласы». Сонымен қатар, техниканың тигізер кері әсерін де көрсетті. Мәселен, Рейн өзеніне электрстанциясы орнатылды. Ағын су күші турбиналарды айналдырып, электр қуатын шығарып, арзан қуатты көптеген машиналарды жұмыс істеткізді. Сонымен қатар, бұрынғы табиғатты «нұрландырып тұрған қасиетінен айырылды, табиғат өзгерді» деп жазды. Сөйтіп, техниканың пайдалы әрі зиянды жақтарын ашып көрсетті. Бұл екеуі де бір мезгілдегі бірдей болып жатқан процесс деп жазды.

Француз философы, социолог, әрі құқұқ маманы Ж. Эллюль «Басқа революция» (1969) деген кітабында: «Біз техникалық саналы дүниеде өмір сүрудеміз. Табиғат енді біздің қоршауымыз емес. Айналып келгенде бұл орта аз-аздап өзгеріп, алдымен бізді қоршаған машина, техникалармен толығуда, турасын айтсақ, бізді қоршаған шексіз, мәні көрінбейтін, білінбейтін кокон талшығы сияқты мәнге жататын техника.

Табиғат ғылым мен техника арқылы бөлшектеніп, ыдыратылған секілді. Техника бүтіндей өмір сүретін ортаға айналды. Соның ішінде адам өмір сүреді, сезеді, ойлайды, тәжірибе жасайды. Барлық терең сезімді, ол сол техникадан алуда»² деп жазды.

¹ Новая технократическая волна на Западе. – М., 1986. – 41 б.

² Бұл да сонда, 50 б.

Маркузенің пікірінше, адам сол айнала қоршаған ортамен бірдей болуда. Мұны ол идентификация деп атады. Испандық философ А. Тоффлер «Үшінші толқын» (1980) деген кітап жазды. Оның пікірінше, адамзат тарихы 3 дәуірді басынан өткізді. Бірі – аграрлық қоғам. Онда бәрі адам қолымен жасалады, табиғат, мал күшін де пайдаланады. Екінші толқын индустриалдық қоғам. Бұл техниканың дамып, машина пайда болған кезеңі. Бәрін техника жасайды. Үшінші толқын супериндустриалдық қоғам. Жаппай техникаланған, автоматтандырылған дәуірде адам да өзінің табиғи қасиеттерін жоғалтып, жанды, саналы күрделі техниканың бір түріне айналууда.

Антик дәуірінде құлдар сөйлей алатын еңбек құралына айналған десек, қазіргі супериндустриалдық қоғамда бүкіл адамзат автоматтандырылған техникаға айналууда. Ғылыми-техникалық прогресс осындай ойларға келтіруде, техника философиясы осыған кері амал ұсынуы тиіс демекпіз.

Карл Ясперс техниканы 2 салаға бөледі: бірі – энергия шығаратын, екіншісі бұйым шығаратын техника. Қазіргі кезде бұл екеуі де тоқтаусыз, қарқынды дамыған. Оны қуалап отырған тойымсыз сауда-саттық әрекет. Өндіріліп жатқан заттар елдің қажетінен қашан асқан. Солай болса да еселеу бар, ақылға келу жоқ. Бұдан табиғат құруы мүмкін.

Ж. Эллюль өзінің өмір тарихына арналған «Техника» деген кітабында техниканың жүгенсіз дамуының адамзатқа пайдасынан гөрі зиянын айта келіп: «Мен бүтіндей сеніп едім, егер Маркс 1940 ж. өмір сүрген болса, онда ол капиталистік қоғамның экономикалық құрылымын емес, техниканы зерттеген болар еді»¹ деп жазды.

¹ Эллюль Ж. Технологический блеф. – М., 1998. – 49 б.

«Техника – деп жазды Карл Ясперс, – адамдардың күнделікті өмірін, қоршаған ортаны, еңбек процесі мен қоғамды түбімен өзгертіп, күшпен басқа салаға, жаппай өндіріс саласына көшірді, бүкіл өмірді кейбір техникалық механизмге, бүкіл планетаны бүтін бір фабрикаға айналдырды»¹.

Қазіргі ГТП салаларын ойлай келіп, алғашқы қауымдағы адамдардың «отты» тапқанымен салыстырып, бұл үлкен қауіп тудыратынын айта келіп, адамдарды «қаратүнек күтіп тұруы мүмкін»² деп жазды.

Міне, бұл, Батыс елдері философ ойшылдарының техника аяқ алысына сай айтылған тұжырымдары. Бұл айтылғандар, әрине, ғылым, техника философиясына жататын мәселелер. Мақсат осыларды айтып, елді үрейлендіруде емес. Алдымен «Кім кімге қызмет етпек?» деген сұрауға жауап іздеу: «Адам техникаға ма, әлде техника адамға ма?» Әрине, техника адамға. Олай болса, «Ғылым философиясы» алдында шешуді керек ететін сан қырлы проблемалар туындауда. Техника логикасы тоқтаусыз, тойымсыз дами бермек, ал адамның ойлау логикасы техниканы қолдан шығармай, оны басқаруды шыңдай беру. Бұл адамзаттың болашағы туралы әлемдік проблема. Міне, бұл, техника философия-сының басты мәселесі.

3.3. Адам философиясы

Адам әлемдегі ең күшті, ақылды, сезімтал, нәзік құбылыс. Қоғамдағы ең күрделі ғажап өзгерістерді жасайтын, әлемдегі барлық тірі жандыларға әмірін жүргізетін табиғат жасамаған заттарды жасап, табиғат

¹ Ясперс К. Всемирная история философии. – М., 2000. – 113 б.

² Бұл да сонда, 116 б.

күшін өзіне пайдаланатын да сол адам. Сондай-ақ, адамда алдын ойлайтын, болашағын шамалап, жобалайтын сенім, тәуекел, уайым, күдік, сонымен қатар намыс, кек, ыза, ашу, өкпе, көңіл, айла, қулық, т. б. психологиялық қасиеттер бар. Адамды ақылмен сендіріп, ұйымдастырып, ірі қозғалыстарға бағыттап, жігерлендіріп, іске кірістіруге де, не өмірге бүліншілік әкелетін әрекеттерге итермелеуге де болады. Сондықтан амалдап жұмыс атқару, дұрыс қоғам құрып, салауатты өмір сүру үшін ең алдымен оның тілін тауып, әділетті тәртіп орнатып, санасын тұрмыстық, қоғамдық тұрғыда қалыптастыру қажет. Қоғамда қашанда түсіністік қажет. Түсіністік болған жерде қандай қиындық жағдай болса да адам оны жеңеді. Бірақ, адамды орынсыз кинамау керек.

Бұл айтылғандар тарихта дәлелденген жағдайлар. Сонда да болса өмір ұдайы қозғалыста, дамуда соған байланысты түрлі мәселелер туындауда. Соңғы кездерде адам философиясына байланысты жазылған еңбектер жарық көре бастады. Солардың ішінен екеуіне көңіл аударғымыз келеді: бірі Эрих Фроммның «Азаттықтан қашу» (М., 1990) екіншісі Альбер Камюдің «Дұңкитін адам» (М., 1990). Алдымен Эрих Фроммның еңбегіне тоқтасaq, оның дүниеге келуіне себеп болған қазіргі ашық сауда (нарық). Ол адамдарды 2-ге бөлді. Бірі – екпінді, қайратты, іскер тәуекелшіл, батыл адамдар, екіншісі баяу, күдікшіл, өздігінен бір нәрсені ойлап, ізденіс жасап басын ауыртқысы келмейтіндер. Сонда, бәсекелестік, талас ұдайы шығынға қалмай, істеген ісіннің нәтижелі болуы, пайда әкелуі кімнің үлесі. Бұл жағдайда бәрі өзгеріп отырады. Бүгін былай, ертең басқа. Нарық адамдардың санасын оятты, әркім өзі үшін еңбек етіп, шаруаның көзін табу үшін күндіз-түні ойланатын болды. Бұл біздің халқымызға бұрын белгісіз болған нарық нарық әкелген тіршілік еді. Егемендік алған алғашқы жылдарда бұл оңай, жеңіл пайда

табу жолы екен деп, біздің елімізде нарықтың жайын білмейтіндер соған бет бұрды. Бірақ көп ұзамай, олар іріктелді, көбісін аяусыз дағдарысқа тіреді. Сонымен Батыстан келген белгілі тәртіппен мейлі сауда, мейлі басқа жеке шаруашылық болсын, онымен айналысатындар жаппай талас, бәсекелестік кезінде өзіне өзі сенімді, батыл, шаруаның көзін тауып, бәрін есеппен жүргізе алатындар пайда болды.

Мәселен, Қарағанды облысы Бұқар жырау ауданында екі кәсіпкер Ә мен Д деген азаматтар кәдімгі киіз басуға ғана жарайтын қой жүнін жуып-кептіріп, түтіп жібектей түрге ендіру үшін Қытайдан 200 мың долларға¹ жүн тазартатын қондырма сатып алып, оны елге жеткізіп, орнатқан. 2,5 га жерді 49 жылға заңмен бекітіп, құрылыс жүргізіп, қажетті құжаттарды дайындап, электр энергиясы, су мәселелерін, салық төлемін белгілеп іске кіріскен. Ғаламтор арқылы берілген хабарға Қытай, Ресейден сұраныстар келе бастаған. Бұл бұрын болмаған пайда көзі. Бірақ, бұл қанша еңбек, ізденіс, психологиялық қиындықты жеңу нәтижесі. Істің көзін табу, қажырлық, сенімділік көрсету оңай дүние емес. Әлгі екі қазақ азаматының бастамасы өнеге, үлгі. Өйткені, елде ізденіс жасаймын дегендерге мүмкіндік шексіз, байлық мол. Тек солардың көзін табу керек. Кәсіпкерлік ізденіс – адам табиғаты, молшылық көзі.

Кәсіпкерлердің көпшілігіне мұндай ауыр жол ұнамайды. Қалғандары бұрынғыша Кеңес дәуірінде бойға сіңген психологияға беріліп, көппен бірге тапсырылған жұмысты ғана атқарып, басын ауыртпайтын, ойланып жатпайтын көптің бірі болуды жарататын болды. Сондықтан, ашық сауда (нарық), қашаннан арман болған

¹ Егемен Қазақстан, 2012 ж. 28 тамыз.

бостандықтан бас тартып, одан қашатындар шықты. Өте өкінішті жағдай.

Ондай адамдардың есі дұрыс, білімі бар, мінезі де орнықты, бірақ өмір талап еткен жағдайда, басқалар қандай болса, ол да солардай болды. Оның ойын қалыптастыратын жаппай көпшілік ақпарат. Өздігінен оны талқылағысы да келмейді. Ондай адамның киген киімі де, ойлау жүйелері де басқалармен бірдей болды. Ондай адам көбіне өзімен өзі, басқаны іздеп, онымен ой бөліскісі келмейді. Өйткені оның ойы да соның ойлағанындай. Ешкім басқадан бөлініп ерекшеленгісі келмейді. Ал ерекшеліктері жоқ, бәрі бірдей болу – бұл шығармашылықты сөндіретін жүйе. Мұны біз өнер саласынан да, қоғамдық өмірден де, күнделікті тіршіліктен де байқайтын болдық.

Сөйтіп, көпшілік бостандық, еркіндік өзімен өзі болуды ұнатпайтын болды. Бостандық – жауапкершілік, ұдайы ізденіс, мазасыздану, бұл ерлік, батылдық, тәуекелшілдік, ой тапқыш, айлакер болуды керек етеді.

Көпшілік ұжым болып өмір сүргенді қалайды. Ол өмірді қазақ: «Көппен көрген ұлы той» деп қорытқан. Бостандықтан қашудың себебі алдымен осында.

«Қазіргі адамдарға тән ең жоғарғы қасиет – өзінің азамат екенін бекіту сияқты, шын мәнінде оның бүтін азаматтығын әсірелеп, тек бір мәреге (белгіге) теңестірілген – ол интеллект және өзінің ырық күші, ал қалған оны азамат ететін қасиеттер кесілген» деп жазады Эрик Фромм¹. Оның пікірінше, сол қасиет кез келген адамда бар, бірақ көрінуі әр қилы. Интеллект деген не десек? Ол: сезімтал, түсінгіш, білімді болу. Біріншіден, өзіндік пікірі болуы (дәл осындай ойды Р. Декарт айтқан болатын). Екінші, өзіне ұнаған кәсіппен айналысу. Үшіншіден, өзіндік ерекшелігі болуы.

¹ Фромм Э. Бегство от свободы. – М., 1990. – 105 б.

Эрих Фромм: «Өз пікіріңді айту құқығы, тек сонда ғана мәнді бола алады, егер өз пікіріміз бола алатын болса, бостандық тек сонда ғана мықты игілікті бола алады, егер ішкі психологиялық жағдай бізге өз ерекшелігімізді жеткізуге сыртқы әкімшілік мүмкіндік берсе»¹, деп жазды. Олай болса, өз пікіріңізді айтып, оны көпшілікке жеткізу оңай дүние емес екенін көрсетеді. Сонда әрбір жеке адам неге ерікті? Бірінші, өзіндік білімі, ерекшелігі болуы, екіншіден, ішкі ырқы болуы. Ешбір жолы болмай жүрген адамның да ішкі ырқы бар. Ол – түрліше еңбек етуге, қоғамға, өмірге пайда келтіруге, не оған кері әсер ету, қирату, өртеу, жою т.б. әрекеттерге деген ырық. Мәселе, осы соңғыдан аулақ, сақ болу.

Одан соң адамдардың қоғамдық ынтасының жоғары болуы, қоғам өміріне өзіңнің қатысың бар екенін айқын сезіну, жақсылық үшін күресу. Ол болмаған жерде қиындық келеді.

Эрих Фромм гитлеризмнің пайда болуы адамдардың саяси өмірге бейтараптығы деп қорыта келіп, былай деген болатын: «Гитлер үкіметке келгеннен кейін тұрғындардың көпшілігі ұлтшылдық үкіметке бейтараптығы, миллиондаған адамдардың қосымша қолдауымен күшейтілген Гитлер үкіметін Германиямен пара-пар етіп қарауы»².

Эрих Фромм Германияда Гитлердің үкіметке келуі, одан соң оның ол елде абсолюттік билікке ие болып, өзін бүкіл елден жоғары қойып, өз үкіметін Германиямен пара-пар деп есептеуі, миллиондаған немістердің қоғамдық құбылыстарға бейтараптығы деп орынды пікір айтады. Қоғамға, тарихқа осындай философиялық көзқарас Альбер Камюде де кезігеді.

¹ Бұл да сонда, 201 б.

² Фромм Э. Бегство от свободы. – М., 1990. – 177 б.

А. Камю Спартак көтерілісін дүмпу деп бағалап: «Спартак көтерілісінің барлық бағыт-бағдар талабы теңдік принципі екенін көрсетеді»¹ деп жазды.

Содан А. Камюдің жасаған қорытындысы: «Белгілі мағынада 1793 ж. эшафот дүмпушілік уақытының біткенін, революцияның басталуы»² екенін айқындады деп жазды. А. Камю бунтты жоққа шығармайды, бірақ бүлік жасау үшін емес, өркениет үшін. «Бунт, – деп жазды ол – бұл барлық адамдарға, табиғатқа бірдей ешбір бағындыруға көнбейтін әлем күшін орнату. Тарих, әрине адам мүмкіндігінің бір шегі дей келіп, одан ары: «Бірақ бунт жасайтын адам өз жағынан тарихқа кейбір шек қояды. Осы шекте жаңа құндылық бастауы дүниеге келеді»³ деді. Автордың пікірінше, бунт мақсат емес, амалсыздық әрекет, бірақ құрту, жою, қирату үшін емес жаңа тәртіп, өркениет орнату үшін деп қорытты. Әрине, бұл Альбер Камюдің қазіргі Батыстық капиталистік елдерді талдау арқылы жасаған пікірі деп түсінуіміз керек, әлемдік ғылымға қосқан теория емес.

Эрих Фромм да осыны аңғарды. Ол бұл жағдайды не ұнатып, не даттап отырған жоқ. Бірақ, болып отырған жағдай объективтік процесс, оны тудырған нарық екенін айта келіп, адамдардың өзіндік «менмендігінен» айырылып, ерекшелігі жоқ, тамшының бірі болып бара жатқанын ашық, айқын көрсетіп отыр деп жазды.

Екінші кітап авторы Альбер Камю өмір қиындаған сайын қандай да бір адам болмысын, өзінің шыдамы біткенде мінез көрсетіп, серпілетінін айтады. Оны «дүңку» дейді. Кітапта «дүңкудің» түрлері көп екенін айтады. Ол жай наразылықтан бастап, қарсылық көрсету, көтеріліске шығу, революция жасау, т.б. Мұның бәрі бүлік, қоғамға

¹ Камю А. Бунтующий человек. – М., 1990. – 202 б.

² Бұл да сонда, 313 б.

³ Бұл да сонда.

зиян. Наразылықтың ашық та, жабық та түрлері бар. Ол – жұмыста ақау жасау, өрт шығару, террор, қирату, т.б.

Солардың ішінде абсурд (ақылға сыймайтын) – адамның біреуді өлтіруі, не өз өміріне қол салуы, т.б. Қазір дамыған Батыс елдерінде ешнәрсеге қатысы жоқ, жазықсыз аялдамада тұрған адамдарды, мектепте оқып жатқан, не демалыс орнында жайбырақат жүрген адамдарға оқ жаудырып, талайлардың өмірін қиған жағдайлар жиі кездесуде. Бұл не сонда? «Таза ашуын тырнадан алады» деген жағдай ма? Қазіргі заманда дамыған капиталистік елдерде адамдардың жағдайын жасаудың, дүмпуге жеткізбеудің амалын ойластырып, жұмыс істеп жатқандарға несиеге пәтер, жиһаз, техника бәрін беріп, оларды қиналысқа, амалсыздыққа жеткізбеудің жағдайын ойластыруда дедік. Бірақ сонда да болса, өмір ғой бәрі болады. Ең алдымен қоғамда әділдік, тәртіп болмауы шарт. Ол бұзылған жерде дүмпу шығады. Мәселе, соған жеткізбеуде.

Ал егер сол елдерде бәрін несиеге алып отырған адам сондай дүмпуге қосылатын болса, онда ол алғандарынан бәрінен айырылады, далада қалады. Сондықтан, есі дұрыс адам ондай қатерлі жолға түспейді. Сонымен несие беру қоғамды тыныштықта ұстаудың бүгінгі таңда бірден-бір табылған жолы деуге болады. Әрине, революция тек бүлік, қиындық. Мәселен, халықтың жаппай көтерілуі өте ауыр жағдай. Бұрын артта қалған елдерде ол көрініс беруде. Оның да өзіндік себептері бар.

Эрих Фромм «Азаттықтан қашу» (М., 1990), Альбер Камю «Дүнкитін адам» (М., 1990) деген кітаптарында қазіргі ашық сауда (нарық) кезіндегі адамдардың мінез-құлқын зерттейді. Аристотель айтқан болатын: «Адам – қоғамдық хайуан» деп. Өйткені, барлық тіршілік өкілдері ұйымдасып, бірігіп, тобыр болып тұр-түрімен топтасып тіршілік етуі – өмір сүру талабы. Әйтпесе, жойылып

кетеді, тұқымы құриды. Адамдар да солай тіршілік еткен. Бірақ барлық құрт-құмырсқа, хайуанаттарға қарағанда адам саналы құбылыс. Сондықтан ол тарихта қоғамдасып өмір сүрген. Бірақ, капитализмді дүниеге алып келген ашық сауда, адам өміріне өзгеріс ендірді.

Эрих Фроммның айтуынша, капитализм адамды бір жағынан басқа біреуге бағыныштықтан босатты, еркіндік берді. Азаматты ерікті, өзін-өзі басқаратын, істеген ісіне жауапкершілігін арттырады десе, екінші жағынан оны топтан бөліп, жекелік өмірге, жалғыздыққа, әлсіздікке әкелді дейді¹. Бұл шынында солай. Азат, еркіндік деген не? Не істеймін, немен айналысамын десең өз еркің. Өзіңмен-өзің болу. Ешкім саған ананы жаса, мынаумен айналыс демейді. Ашық сауда, жаппай бәсекелестік кезінде өз күніңді өзің көру үшін жол іздеу, кәсіппен айналысу дұрыс, бірақ өте қиын әрекет. Онымен айналысқан адамда тыныштық жоқ, күндіз-түні ойлайтыны шығынға ұшырамау, пайда табу. Бұл өте ауыр психологиялық процесс. Мұндайда шыдамдық көрсету әркімнің қолынан келе бермейді. Көпшіліктің арманы біреудің басқаруымен жұмыс істеу, ешнәрсеге алаңдамау. Оларға ең дұрысы сағатпен жұмыс атқаратын ірі өндірістер. Бірақ ол жұмыс жұрттың бәріне тие бермейді. Эрих Фромм, Альбер Камю кітаптарынан туындайтын тағы бір мәселе, ол – адам табиғатының күрделенуі. Бір жағынан адам қала, жол салады, өндірістерді тұрғызып, бұйымдар шығарады, егін егеді, мал өсіреді. Бірақ мұның бәрі оның меншігі емес, басқаныкі. Ол еңбектенеді, өзінің меншігі болғанды аңсайды. Сондайлар қолына шамалы да болса меншік пайда болса, амалсыз соның мәнісін біліп, ойлануға, ізденіске түсуге тура келеді. Бірақ ондайларға бұл ұнамайды. Елдің көбісі азаптанбай, ізденбей пайда тапсам дейді. Ол мүмкін бе? Шаруа күйзеледі. Сондықтан

¹ Фромм Э. Бегство от свободы. – М., 1990. – 97 б.

ондай еркіндіктен қашады. Сөйтіп, ашық сауда, қоғам адамдарды екіге бөлді. Біріншілері жекелігін сезінеді, жұмысы жүрмесе әлсіздігін, нашарлығын байқайды. Нарық тәуекелшіл, жол тапқыштарды, батылдарды керек етеді. Оларды «Еңбек ері» десе де болады. Екіншісі, топпен бірге болғанды, еш нәрсеге алаңдамағанды қалайды. Сөйтіп, ашық сауда қоғамды аттөбеліндей күштілер мен қаптаған әлсіз, ештеңеге ықыласы жоқтарға бөлді. Үшіншіден, әлгі авторлар айтқандай, адамдар да, өмірде бір текті, бірінен бірі айырмасы жоқ, бірдей түрге келтірілген адамдарды дүниеге алып келеді. Бірақ, олардың «мендік» ерекшелігі жоқ. Ойы да, күнделікті хабары да бірдей. Бұрын адамдар бірімен бірі ой бөлісуді, әңгіме-дүкен құруды аңсайтын. Қазір оның да керегі жоқ болып барады. Тіпті өмір сүрудің барлық түрі, әсіресе музыкаға дейін адамның уақытша көңілін аулайтын, ойландырмайтын етуде. Қысқартып айтқанда, жеке адам өзіндік ерекше болудан қалып барады. Ол ұсынылып отырған жалпы шаблондық бейнені бойына сіңіріп және дәл басқалар сияқты өзі солардай көрінгісі, болғысы келетін конформизм қасиеті басып барады. Табиғатта өзін жауынан қорғау үшін жануарлар түсін өзгертіп, айналадан бөлінбейтін түрге енетін болса, адамдар да ерекшелігінен айырылуда. Ерекшелігі жоқ өмір қызық емес, ерекшелігі жоқ өнер – жақсы шығармаға жатпайды. Бірақ, Эрих Фромм айтқандай, басқалармен бірдей болу адамдарды жалғыздықтан, әлсіздік пен үрейден құтқаруда¹. Бұл қасиет оларға санасыз енуде.

Одан әрі Эрих Фромм: «Егер кәдімгі адамның экономикалық халін қамсыздандыруды алға қойып, егер біз орта қолды автоматтандырылған адамдарды естен шығарсақ, онда біз төніп тұрған адам мінезінен туындайтын біздің мәдениетімізге қауіп келтіретін, кез келген идеологияны және кез келген көсемнің саяси өмір құрылымын өзгерту

¹ Фромм Э. Бегство от свободы. – М., 1990. – 213–214 бб.

туралы толғандырар уәдесін қабылдауға дайын роботтарды кездестіреміз»¹, деп жазды.

Парадокс мынада: өмір бойы адамзат барлық тірі жанға тән қасиет – бостандық, азаттық үшін күресіп, сол үшін талай жандар жанын пайда етті. Ал енді сол азаттық, еркіндікке қолы жеткенде, бостандықтан басын алып қашатындар пайда болды. Бұл бостандықты тұтқындыққа айырбастаған емес. Бостандықтан қашқандар бос, еркін, бірақ жалғыздық, қиындықтан аулақ болсам дейді. Бұл не сонда? Бұл ашық сауда тудырған психология. Ашық сауда жекеменшікке негізделген. Бұл тартыс, талас, пайда табу үшін тынымсыз ізденіс. Оған кез келген адам шыдас бере алмайды. Өйткені дағдарысқа ұшырамас үшін, жеке меншік егесі – күндіз-түні ойлайтын өз шаруасы. Кейбір адамдар сол жолға түсіп тіршілік етуде. Бірақ көпшілік ондай ауыр жұмысты қаламайды. Сөйтіп, ашық сауда қоғамды іскер, өзіне өзі сенетіндерге және ондай ынта-жігері аз, басын ауыртып жол іздемей, көппен болғысы келетіндерге, яғни бұрынғы табиғи инстинктке берілгендер пайда болғанын айттық. Табиғатта да өзіне сенген тіршілік иелері жеке өмір сүрген: арыстан, бүркіт, т. б. Әлгі жеке қожалық иелері қоғамдағы батыл адамдар. Президентіміз сондайларға «Еңбек ері атағын береді».

Жолы болғандар лайықты жұмыс тауып, жолы болмағандар білімі, мамандығы болса да лайықты жұмыс таба алмайтындар пайда болды. Соңғыларды ашу кернеп, өмірінің сәтсіздігін басқалардан көріп, мінез көрсететін де болады. Бұл өте ауыр қауіпті жағдай.

«Халықты қинау – бұл сұмдық»² дейді А. Камю. Ол сонымен бірге бір тәртіпке келтірілген, бәрі бірдей болған өмірді де ұнатпайды. А. Камю: «Шығармашылық

¹ Бұл да сонда.

² Камю А. Бунтующий человек. – М., 1990. – 213 б.

калыптасқан тәртіпті өзгерту» дей келіп, – «Өнер де стильдеу, өзгешелікті жоққа шығару» деп қорытады.

А. Камю пікірінше: «Өнерде дүмпу нағыз шығармашылықтан басталады және аяқталады, бірақ не сын айту, не комментарий жасау емес. Революция өз жағынан тек өркениетті орнатумен бекітіледі, террор не терактпен емес. Сонымен қазіргі тығырыққа ұшыраған қоғамда біздің уақыт қойған талап – шығармашылық мүмкін бе, әлде революция мүмкін де деген осы біріне-бірі қатысты екі мәселені – өркениеттің қайта дамуы үшін бір проблемаға айналдыруда»¹ сияқты.

Эрих Фромм және А. Камю кітаптарынан туындайтын тағы бір проблема, ол адам табиғатының күрделенуі. Білімді адамның кісілік қасиеті қандай деген сұрауға Эрих Фромм былай деп жауап қайтарады: Ол адамның а) өзіндік пікірі болуы; б) өзіне ұнаған кәсіппен айналысуы; в) өзінің ерекшелігі болуы; г) жөнді деген ойын бетіне айта білуі.

Адам бостандықтан неге қашады? Адам өзгерді, ойлаудан қалды. Еш нәрсеге аландағысы келмейді. Автоматтанған тірі механизмге айналу. Басқаның тапсырысымен жұмысын орындаса, өздігінен еш нәрсеге жауап бермесе болды. Мақсат сол. Ал, бостандық әркімге ерік берді. Не істесең өзің біл. Өзінді өзің асыра, жол тап. Ең дұрысы кәсіппен айналысу. Ол ойлау, іздену, ұдайы жол іздеуді керек етеді, пайда табу оңай емес. Пайда жолына түскен адамда демалыс жоқ. Күндіз-түні ойлайтыны шығындалып қалмау, мүмкін болса пайда келтіру. Пайдасы жоқ кәсіп – банкрот. Көпшілік ондайларды ұнатпайды. Оларға керегі өндіріс, комбинаттарды сағатпен жұмыс істетудің дедік. Өмірде бәрі автоматтандырылған, жеңіл болса дейді. Ойландыратын ғылым да оған қажет емес. Тек ғылым нәтижесі кнопоксын, рычагын басу, не құрастыру арқылы жұмыс жүргізсем дейді. Қазіргі адам негізі осындай.

¹ Бұл да сонда, 331–332 бб.

Бұл өмірдің ығы (тенденциясы). Ешкім өмір ағысына қарсы жүзгісі келмейді. Әрекет те жасамасам дейді. Осының бәріне себеп болған ғылыми-техникалық прогресс. Адам аз ойланады, аз қозғалады. Осының бәрі адамдардың психикасын бұзды, еріншек, невроз, психоз етті. Бұларға қарсы тұруға, әрекеттенуге бола ма? Болады. Алдымен керегі: 1) Адамдар өзін тәрбиелеу. Әркім өзінің ерекшеліктерін байқап, конформизмнен өзін сақтау. Басқадай боламын деп өзінің «мендігінен» айырылып қалмау. 2) Денсаулығын сақтау, өзін шынықтыру. Оған жәрдем беретін спорт. 3) Таза жолдан таймау. Өтірік, қулық, біреудің ақысын жеу, ешкімді бақытқа жеткізбейді. Арамдық жасайтын адамның ішкі дүниесі, ой тыныш, жайлы болмайды. Қазақта «Уайымсыз, қайғысыз – қара суға да семіреді» деген мақал бар. Тазалық, адалдық адамгершіліктің үлкен бір көрінісі. «Оңбаған» адамның бір көрінісі – қолы ала, тоғышар, мансапқор болады. Тыңғылықты іс бітірмейтін, ойланатыны қара басының қамы, ауыр жұмысты істегісі келмеу, тер төкпей өмір сүру, жалқаулық әлгідей адамның тағы бір көрінісі. Бұл деградация, яғни адамгершіліктен айырылу. Ол рухани құбылыс. Деградация физиологиялық та болады. Біз ол жөнінде айтқан болатынбыз. Көп жағдайда бұл адамның өзіне байланысты. Өз өмірі былай тұрсын өз денесін өзі билей алмауы. Дене құрылысын өмір, тірлікке бейім етіп ұстау, ол да мәдениет. Дені сау адам түрлі ауруларға шалдықпас үшін өзін күте біледі. Бұл өзін жұмыстан аяу емес, қайта өзін жұмыста шынықтырып, денесін ықшам, өзіне өзі бапкер болып жаратып ұстау. Жұмыстың қандай түрі болса да дайын болу. Денедегі артық салмақ адамды түрлі ауруларға душар етеді. Ол да белгілі. А. П. Чехов айтқандай адамның ойы да, түрі де, сөзі де, ісі де сұлу болуы керек. Адам көргенінен, оқығанынан өзіне қажетті қорытынды шығара алмаса – мәнгүрттік. Ашық сауда адамдарды даралыққа әкелді. Бірақ, одан даналық, азаматтық, мәрттік, жомарттық, патриоттыққа көтерілу қажет.

Сонымен, бүгінгі адам қандай? Ғылым философиясы нені аңғартады? Алдымен ол интеллект, білімді, саналы, техниканы біледі, компьютермен жұмыс істей алады, өз ісінің маманы. Сонымен қатар, ол көптің бірі, басқаларға ұқсас, балапандай бірдей. Онымен әңгімелесіп, рухани ләззат таба алмайсың, өйткені оның ойы да сенің ойыңдай. Сондықтан, адамдар рухани ой бөлісу үшін бірін бірі іздемейді. Керегі жоқ. Әркім өзімен өзі. Қазіргі адамдарға тән көрініс конформизм (лат. «conformis» – ұқсастық, бірдейлік). Бірақ, өмір, тіршілік, рухани дүние, адамдар әр түрлілігімен сұлу. Өнерде айнымас бірдейлік, ерекшелік жоқтық, шығармашылықтың сөнгені. Дайын ойға жазылған, не ұқсас шығарма – шығармашылық емес.

Эрих Фромм «Азаттықтан қашу» деген кітабында былай деп жазды: «Қазіргі адам өзін адамдық шыңына жеттім деп сезінеді, ойлайды. Ал шын мәнінде оның толық азаматтығы әлсіреген, тек бір белгіге теңестірілген – ол интеллект және ырық күші, ал қалған, оны азамат ететін қасиеттер кесілген»¹. Әлемде жамандық жасайтын, өлтіретін, бүлік әкелетін солар, бірақ ол әшейінде көрінбейді, ашынғанда, күйінгенде, күйзелгенде, ызаланғанда шарпыған жағдайларда көрініс береді.

Террор проблемасы. Бұл қауіпті, тілсіз жау, қаперсіз қатер. Бірақ оны жасаған адамды да ешкім зорлап, соны жаса деп, сірә айта алмайды. Бұл әркімнің ішкі дүниесі, сезім, санасына, ырқына тән. Соны жасап, өз өмірін өлімге байлайтын жас қыз-келіншектер. Олардың басын кім уландырады? Ол жағы әзірше белгісіз. Бірақ негізі – кейде өз елі, Отаны үшін жасаған патриотизм демекпіз. Бұл қиянаттың құрбаны. Әрине, оны күшейтіп, асқындыратын, асқақтататын идеология. Сондықтан, тыныштық негізі – әділеттік. Террордың, хиракидидің, түрлі кісі өлтіріп, өрт

¹ Фромм Э. Бегство от свободы. –М., 1990. –105 б.

жасап, бүлдірудің де жалпы негізі бір, ал себептері әр қилы. Сондықтан идеология ықпалында басылып кете бермей, ғылымның осы жағдайлары арнайы зерттеліп, әр істің бетін ашқан жөн. Террор жасағандардың бәрі бұзық, баскесер, қанішер, не есі ауысқан деп кесіп айту – ағаттық. Оның үстіне әлгі айтқандар ондай іске бармайды. Олардың санасы, ыркы іріп, ыдыраған. Сондықтан, санасыздың ыркы да күшті, мөлдір таза болмайды, бұзылған, былғанған. Идеологияның түрі көп дедік. Әртүрлі қоғамның өзіндік идеологиясы бар. Өйткені қоғам адамдардан тұрады. Оларды ұйымдастырып, бір нәрсеге бағыттау үшін идеология керек. Әрине, прогреске ұмтылған, өркениетті қоғамның идеологиясы да соған сай, ғылыми, алдыңғы қатарлы, әділетті, демократикалық, интернационалдық, басқа елдерге пайдалы ықпал ететін болуы тиіс.

Қоғам – адамдар қауымы. Мемлекет, заң, тәртіп адамдарды белгілі ережеде тәрбиелейді. Көпшілік біртекті талапқа дайындалады. Бірақ, сол тәртіпті бұзатындар да бар. Олар тәртіпке шақырылады, көнбегендері жазаланады. Бұл барлық қоғамда да бар. Ал енді заңды сақтайтын, еңбекпен өмір сүретіндер де, солардың ішінде ерекше еңбегі мен адамгершілігі, жоғары қасиетімен, қоғамдық әлеуметтік көзқарасымен, көпшіліктің алғы шебінен көзге түсіп көрінетіндері де бар. Олар – қоғам серкелері. Соларды көріп басқалар тәрбиеленеді, өнеге алады. Қазақ айтады: «Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен» деп. Сондай адамдар өмірдің қай саласында да бар. Соларды көптің бірі деп қарамай, уақтылы байқап, елге өнеге ете білу керек. Ол үшін құр мақтаудың керегі жоқ. Ондай жеңіл-желпі мақтаудың тәрбиелік мәні де болмайды. Қоғам серкесіндей адамдарды басқаларға өнеге ету үшін нақты қандай ісімен, әрекетімен өнеге болып отыр, соны ашып көрсеткен жөн. Сонда ел, әсіресе жастар сондай адамдарға қарап өнеге

алады. Мен де сондай болсам деп ұмтылады. «Жақсының жақсылығын айт, нұры тассын» дейді халық. Әрине, орынды мақтау сол адамның нұрын тасытады. Нағыз халықтың сеніміне, қалауына айналған адам өзін мақтағанды қажет те етпейді. Ол өз ұстамымен жүре береді, оның табиғаты солай, қай жағдайда да басқа бола алмайды.

Біреулер мемлекеттік сыйлық, ал біреулер орден, медаль алып, «Еңбек Ері» болып жатады. Бұл да жай сыйланған адам қуанышы емес. Бәйге, атақ оған не үшін берілді, соны жан-жақты ашып айту керек, сонда ел біледі, оған сыйлық не үшін жасалады. Бұған да ашық айқындық керек. Сонда көзге көрініп, сыйлық алуға ұмтылған айлакерлер саябырланды. Шын еңбек адамы сыйлыққа ұмтылмайды, ол оған өзі келеді. Ондай адам алған сыйлығы, марапаты үшін елден ұялмайды, мақтанбайды да. Қоғам адамдардан тұрады. Оны шынықтыру, шыңдаудың бір көзі – бәрін ашық жүргізу, кім не үшін көтерілді, кім төмендеді, т. б. Шындық жоқ жерде, қауесет жүреді. Бұл – рухани бірлікке ши жүгірту.

3.4. Тарих философиясы

Ғылым философиясының салалы бір бөлігі «Тарих философиясы». Бұл – қоғамдық ғылымдар еншісіне жататын проблема. Алғаш бұл мәселені тарихқа ендірген Г. Гегель болатын. Ол өмір бойы ғылыми жұмыстарды студенттерге лекция оқумен байланыстыра білді. Оның ең алғаш жарық көрген еңбегі «Рух феноменологиясы» болатын (1807). Одан кейін «Логика-ғылым» (1812-1816), «Философия ғылымдарының энциклопедиясы» (1817), «Құқық философиясы» (1821) дедік. Сондай-ақ, оның көзі тірі кезінде жарық көріп үлгермеген «Дін философиясы», «Эстетика философиясы», т. б. лекциялары болды. Соның ішінде біз арнайы айтпақ болған «Философия тарихы»

және «Тарих философиясы» еді. Соңғы еңбектер Г. Гегель қайтыс болғаннан кейін жарық көрді. «Философия тарихы» деген белгілі. Ол философияның пән ретінде пайда болған кезі, дамыған кезеңдері, қаралған мәселелерге, сондай-ақ философия өкілдеріне арналған болатын. Бұл салада Г. Гегельге дейін де, одан кейін де жарық көрген еңбектер баршылық және бола бермек. Ал тарих философиясы басқа.

Проблемаға кіріспес бұрын тарих деген не, соған тоқталайық. Тарих өткен өмір. Бүгінгі күн, ертеңгі тарих. Оны түсіну екі түрлі. Бірі объективтік тарих. Ол, сол өткен өмірдің өзі. Екіншісі субъективтік тарих. Бұл сол өмірдің кітапта жазылған бейнесі. Объективтік тарих ол барлық өткен өмір, толық тірлік. Субъективтік тарих сол шымшытырық өмірдің тек қажетті, басты факторлары ғана. Ал енді екінші мәселе, сол фактылардың қайсысын маңызды деп көрсету, сол тарихты жазған ғалымға, оның біліміне, арына, әділдігіне байланысты. Кейде оған басқа факторлар да әсер етеді. Содан субъективтік тарихта артық, кем жағдайлар да кездеседі. Тарих философиясы бір жағынан осындайларды болдырмау, екінші: – тарихтың тәрбиелік маңызын ашу. Тарих үйретеді әрі оқытады деген осы. Сонымен тарих бар, тарих философиясы бар. Бұлар бір емес. Г. Гегельдің тарих философиясын көтергеніне екі ғасырдай уақыт өтсе де, бұл мәселе жөнді зерттелмей келеді. Бірен-саран кітаптар болмаса проблеманың қаймағы да бұзылған жоқ. Бұл Г. Гегель көтерген мәселенің қажетсіздігінен емес, қайта қажет болғанда қандай. Мәселе проблеманың ауыр, қиын екендігінде. Автор Д. Кішібеков ол жөнінде 2002 ж. Алматыда орыс тілінде жарық көрген «Философия истории и современность» деген кітабында айтқан болатын. Ол мынау: кәдімгі азаматтық тарих бар. Оны зерттеушілер белгілі бір тарихи болған жағдайды негізге алып, оның басталу кезеңін, даму барысын,

аяқталғанын баяндап жазатыны. Мұнда басты мәселе болған жағдайды сол күйінде, хронологиясын сақтап бұлжытпай баяндау. Шын болған істі дәлме-дәл жазғанға ешкімнің өкпесі болмайды. Егер тарихшы фактыны тура бере алмаса, онда бұл фальсификацияға жатады. Таза тарихшылар ондайға бармайды.

Ал енді тарих философиясына келер болсақ, айтарымыз бұл да проблеманы зерттеуде болған фактыны аттап кете алмайды, бірақ оның мақсаты хронологияны тізіп, сақтау емес, болған фактыға талдау жасау. Ол қалай басталды және оған не себеп болды? Мәселе басқаша шешілуі мүмкін бе еді? Объективтік және субъективтік жақтары қалай көрініс тапты, нәтижесінен қандай қорытынды жасауға болады деген сияқты. Бұл жай тарихты баяндаудан әлдеқайда күрделі. Бұл талдау, көзқарас себептерін ашу, т.б. Алдымен ол пікірді билік орны береді. Ол пікір қабылданған идеология, қолданылып отырған саясаттан туындайды. Екіншіден, әрбір мемлекет басында отырған адамның да өз пікірі бар. Соған сәйкес түрлі тарихи оқиғаларға көзқарас та түрліше болуы мүмкін. Оның бер жағында бір тарихи болған оқиғаға жеке көзқарас та әрқилы болады. Ол да табиғи процесс. Мәселен, орыс тарихында IV Иван Грозный патша Ресей мемлекетін нығайтуға күш салды. Қазан, Астрахан, Сібір арқылы оның территориясын кеңейтті. Дұшпандарын басу үшін «Опричнина» тәртібін ендіреді, көнбегендердің көзін жойды. Елге үрей тудырды. Бір кезде бұл тәртіпті тарихшылар қажет деп тапты. Кейінгі тарихшылар оны сынға алды. Кезінде Шыңғысхан тыныш жатқан елдерге шабуыл жасады, мәдениетін қиратты десе, сондай-ақ оны жақтағандар да болды. Соның бірі Джабахарлал Неру болатын. Мұндай жағдайлар тарихта жиі кездесіп отырады. Кейде бір ел, бір жүйеде, тек мемлекет басшылары өзгерген сайын, тарихи болған жағдайларға

көзқарас өзгеріп отырған. Оның бір белгісі азаматтық тарихты елбасы өзгерген сайын қайта жазып, жарыққа шығару. Бір мысал: ең алғаш «Қазақстан тарихы» кітап болып 1943 ж. жарық көрді. Бұл Сталиннің кезі болатын. Н. С. Хрущев кезінде сол тарих 2 том болып қайта жарық көрді. Л. И. Брежневтің кезінде 5 том болып басылды.

Егемендік алғалы бері «Қазақстан тарихы» төртінші рет басылып шықты. Бұл бір жағынан авторлар сол тарихты кеңейтіп, толықтырып жазған болар дейсіз. Әрине, ол жағы да бар, бірақ мәселе онда ғана емес. Түрлі басшылық кезінде көп нәрсеге ресми көзқарас өзгеріп отырған. Мәселен, Н. С. Хрущев кезінде И. В. Сталинге көзқарас басқа болды, ал Л. И. Брежнев кезінде Н. С. Хрущев басшылығына да көзқарас өзгерді. Тарихшылар бұл фактілерді есептемеуі мүмкін емес еді. Енді егемендік алғалы бері, кеңес жылдарына басқа көзқарас туындады. Факті бір, оны өзгертуге болмайды. Бірақ оған берілетін баға, маңызын ашу түрліше, мәселен, қазақ хандарына берілген көзқарас. Кезекте «Қазақстан тарихының» жаңа басылымы тұр.

Бұл кәдімгі азаматтық тарихты жазу талабы. Ал, тарих философиясы осы мәселелерді талдауы тиіс, ғылым тұрғысынан баға беруі керек. Кейде ол ресми көзқарасқа тура келмеуі де мүмкін. Бірақ оған кім бара алады? Міне, азаматтық тарих жалпы алғанда жазу қиын емес, болған нәрсені тек баяндау, бұрын мынадай болды, бүгін мынадай дегендей. Ал тарих философиясын жазу, әрбір оқиғаға баға беру, бұл оңай дүние емес. Сондықтан оны жазудың қиындығы туындайды.

Тіпті ресми пікір ғана емес, жеке адамдардың әртүрлі себеппен, әр фактыға өз пікірі бар дедік. Сондай көзқарас ғалымдар арасында да болады. Мәселен, Кеңес Одағы маршалы Г. К. Жуковтың Ұлы Отан соғысындағы әскери басшылық рөлі белгілі. Сол өткен соғыс жайлы Г. К.

Жуков «Воспоминания и размышления» деген кітап жазып, оны баспаға ұсынды. Бірақ кітап шықпай, уақыт созыла берген. Ақыры шыдамы біткен автор, баспаға барып, оның мән-жайын білмек болады. Сөйтсе, кітапта КОКП Бас секретары Л. И. Брежнев жөнінде бір ауыз пікір айтылмаған екен. Соны айтып, кітапқа әлгіні ендіруді талап етеді. Сонда Г. К. Жуков: «Мен оны не деп жазамын, егер соғыс кезінде полковник Л. И. Брежневті кездестірмеген болсам» дейді. Бірақ, кітаптың шығуы соған байланысты болған соң, амалсыз мынадай қыстырма жасап, өтірікке барады. Соғыс жүріп жатқанда Бас қолбасшының бірінші орынбасары Г. К. Жуков бір мәселемен Л. И. Брежневпен ақылдаспақ болып «Малая Земляға» барады. Л. И. Брежнев штабта жоқ, соғыс майданында екен. Сөйтіп, онымен кездесе алмай, кері қайттым деп жазыпты. Содан кітапқа жол ашылып, жарыққа шығады. Әрине, бұл өмірде, болған факт. Мұндай жағдайлар өмірде кездеседі. Пендешілік әрекет. Бірақ, тарих философиясы мұндай жағдайлардан әзірге қашады. Ондай факт кездессе, оны талдап, әшекерелеуі тиіс. Бұл – ғылым талабы. Бірақ, ешбір автор мұндай әрекетке бара алмайды. Міне, осы сияқты, бұрын болған кейбір фактыларды бүгін қолдайтындар да, қолдамайтындар да болады. Бұларды есептемеу мүмкін емес.

«Ғылым философиясына» кездейсоқ кездесіп, оған мән берген логикалық позитивизм өкілі Рудольф Карнап болатын дедік. Бірақ Рудольф Карнаптың «Ғылым философиясын» зерттемей қойғанының екі себебі болды. Біріншіден, ғылым философиясын табу оның мақсаты емес-ті. Бұл проблемаға ол кездейсоқ кездесті. Екіншіден, «Ғылым философиясы» логикалық позитивистердің ұстамына тікелей қайшы келетін болды.

Одан соң тарихты елбасының ыңғайына қарап жазуды орыс халқының көрнекті тарихшысы Н. М. Карамзиннің

көп томдық «История Государство Россииского» деген еңбегінен де, әсіресе оның 1-томында 1815 ж. 8 желтоқсанында жазған алғы сөзінен байқауға болады. Жалпы, бұл табиғи процесс. Өйтпейінше елде бірыңғайлы тәртіп болмайды.

Қазақстан жерінің көне тарихын зерттеуде біршама жұмыстар жүргізілуде. Әсіресе, бұл қола дәуіріне жатады. Археологтар көптеген құнды материалдар тауып, тарихымызды терең білуге үлес қосуда. Бірсыпыра ғалымдар «тас дәуірін» зерттеп, шетелдерге шығып, түрлі форумдарда палеолит кезеңіне жататын материалдармен ой бөлісіп, ғалымдар қауымын қызықтыруда. Бірақ та, сол мол тарихымызды тереңдетіп, жаңалық ендіріп байытуға қосқан нақты үлесі байқалмайды. Тарих философиясын жолға қоймай, толыққанды тарихымызды жазу екіталай.

Көне заман туралы бұдан 70 жыл бұрын жарық көрген алғаш тарихымызға қосылған тың ойлар жұтаң, жоқтың қасы. Өйткені, тарих философиясын зерттеу әлі жолға қойылмаған дедік. Бұл салада мамандар дайындалмаған.

Тарих философиясына байланысты жоғарыда келтірілген себептерден де басқа айтатын мәеле көп. Археологтар соңғы жылдарда біршама жаңалықтар ашты. Соның бірі Алматы маңындағы Есік қаласынан табылған «Алтын адам». Оны археологтар біздің заманымызға дейінгі V ғасырға жатқызады. Бұл керемет жаңалық. Осы сияқты жаңа материалдар Батыс, Шығыс Қазақстанда табылды. Ал енді осы жаңалықтар тарихымызға қандай өзгерістер ендірді? Сондай-ақ, американдық үндістер мен Гренландия эскимостарында біздің қазіргі тілімізге ұқсас сөздер барын тарихшыларымыз да, басқамыз да білмеуші едік. Оның үстіне, зороастризм діні, Шумер мәдениетіндегі ұқсас ұғымдарды айтпағанның өзінде, Еуразия байтақ жерінде біздің тілімізге жақын топонимиялық атаулар көп екен. Бұларға кім мән берді.

Біздің тарихымызда әрбір тілдің тарихы 2 мың жыл делінген. Одан бұрынғы бұл жердің тілі басқа болған деп түсіндіріліп келді. Егер, американдық үндістер Алтай аймақтарынан бір кезде сол жерге жеткен болса, онда тіл ұқсастығы да соған байланысты емес пе? Себебі, біздің арғы бабаларымыз да түркі тілінде сөйлеген. Бұл талас тудырмайтын факт. Әйтпесе, ұқсас сөздер қайдан шыққан? Екіншіден, шамасы, тіл тек 2 мың жыл емес, талай мың жылдықта пайда болып, қалыптасқан. «Алтын адамға» келетін болсақ, сол ғасырды меже етіп алғысы келетіндер бар. Сонда оның арғы дәуірі белгісіз, бос қуыс па? Алтын адам киген киім 4 мың таза алтын бөлшектерінен шебер құрастырылып жасалған бұйым дедік. Оны жасауға жету үшін оған дейін қанша заман бастан өтті? Оны кім зерттеді? Алтын киімді адаммен бірге табылған тостағанда жазу бар. Онда не делінген? Жазу қашан пайда болған, бастауы не? Оны оқу үшін алфавитін ашу керек. Ол да әзірше жұмбақ.

Шығыс Қазақстандағы «Берел» бейітінде 13 жылқы өлген кісімен бірге жерленген. Өйткені, әлгі дүние салған адам жәй кісі болмаған. Ол анық. Олай болса, ол кезде белгілі қоғамдық қатынастар қалыптасқан. Әлігі кісі хан болуы да мүмкін. Бұл қай дәуірге жатады? Хан болса, мемлекет болған.

Біздің тарихшыларымыз да таза көшпенділер болған емес дейді. Ағылшын тарихшысы А. Дж Тойнби алдымен отырықшылық, кейін көшпелі тұрмыс пайда болған деді. Олай болса, сол отырықшылар немен айналысып күн көрген? Жерағаш, шығыр, оларды іске қосатын мал күші. Бұлар техника, көп тәжірибе, өнер, ұзақ даму нәтижесі. Кейбір тарихшылар оған б.з.д. 3 мың жылдықты белгілейді. Десек те, олар қашан пайда болған? Әрине, жабайы аңды қолға үйрету бұдан әлдеқайда ерте дүниеге келген. Қолдағы мал көбейген сайын, оны бағу үшін, оның

соңынан еріп жүру қажет, императив. Бұл көшпелі тұрмыстың бастауы. Оған 3 мың емес, кемінде 100 мың жыл кеткен.

Қазақ ертегілерінде егін екті, жермен айналысты деген еш пікір, аңыз кездестірілмейді. Ол ертектердің бас кейіпкері – аң аулаған батырлар болып келеді. Халық ауыз-әдебиеті, мақалдар мен нышандар да сол мал шаруашылығына байланысты айтылады. Сонымен, археологтар көп жаңалықтар ашып, ой салуда. Бірақ, сол археологиялық материалдарды сөйлету, реттеу, тарихи жүйеге келтіру тарихшылар үлесі. Оған бағыт беретін тарих философиясы. Әзірше, тарихшыларымыз соңғы 20 жыл шамасында осы жаңалықтардан ғылыми қортынды шығара алмай отырған сияқты. Әрине, мынадай жаңалықтарды қорытып, ғылыми тарих жазу оңай дүние емес, үлкен күш, ауқымды ой керек. Келтірілгендер Қазақстан тарихына жататын ғылыми революция деуге болады. Тарих – халықтың өткен өмірі. Оны жазуға бір институттың шамасы аздық етсе, оны да ойластырған жөн.

Тасқа жазылған тарихымызды кітапқа айналдырып, әлемді таныстырып, тәнті ету біздің бабалар рухы алдындағы парызымыз демекпіз. Бұл қашан да идеологиялық проблема.

Біз Кеңес жылдарында Америка, Гренландия жерлеріне Берингия арқылы Азиядан барып өмір сүрген түрлі әдет-ғұрып, біздерге көп жағынан ұқсас этностар бар екенінен хабарсыз болатынбыз. Халықаралық симпозиумдарға шақырылмайтынбыз. Кеңес жылдарында жазылған Қазақстан тарихына арналған кітаптардың ауқымы да сондай болатын. Бұл күндері көп нәрсенің беті ашылды.

Егер біз осы ауқымды революциялық жаңалықтарды пайдаланбай, тарихымызды бұрынғы сарынмен сипап жазатын болсақ – бұл бос әуре, шашылған шығын, босқа кеткен уақыт, өзімізде бар өсіп-жеткен ғылыми потенциямызды

қолданбау, бабаларымыз рухы, халқымыздың сенімі алдында кешірілмес күнә болмақ.

Осы жағдайларға байланысты қазір тарихшы ғалымдар екі бағытты шұғыл жұмысқа кірісті. Бірі Ұлттық тарихымыз, екіншісі «Жаңа тарих». Бұл екеуі де құптарлық бастама демекпіз. Оларды жазу – ортақ іс, ұлт намысы.

Тарихта қате пікірлер қалай тарайды? Нақты дәлелді фактылар жетіспегенде, бір беделді автор шамалап, бір нәрсеге сай өз пікірін айтса, басқа бір автор оны шын деп түсініп, қайталайды. Мәселен, 2012 ж. 23 қыркүйекте кешкі сағ 20.00 шамасында «НТВ» бағдарламасы бойынша 1 сағаттық тарих тақырыбына арналған хабар берілді. Онда 5-6 Ресей ғалымдары «тарихи «ғұндар» Қытай терістігі аймағында, Алтай жағында көшіп жүрген этнос. Олар қытайлықтарға әлсін-әлсін шабуыл жасаған. Кейін қытайлықтар күшейе келіп, ғұндарды қирата жеңген. Ақырында олар тарих сахнасынан жойылып кеткен» дейді. Олардың шағын тобы Батысқа ығысқан. Әлгілерше бұлардың бейнесі ақ-сары, бойшаң, шаштары сары болған көрінеді. Ал «гун» деп жүргеніміз ол басқа этнос көрінеді. Олар шынында «үн» этностармен араласқан соң, біраз өзгерген. Сол «үндер» қазіргі орыс халқының арғы тегі көрінеді. Солар Еуропаға ығысып, біраз жерге барған. Бірақ жаулаушы емес, сыпайы өмір сүрген. «Славян» деген ұғым соны байқатады. «Славян» ұғымы «Славный» (жарамды) деген сөзден туындаған дейді. Бәлкім солай да шығар. Бірақ мәселе онда емес. Теледидардан сөйлегендер Еуропаны кезінде билеп, Рим империясының құлауына себепкер болған атақты Аттила (б.з.д. 453 ж. дүние салған) «үн» болған деп жалған пікір таратты. Бұл тарихқа жасалған қиянат. Басқаны былай қойғанда Аттиланың тілі, түсі, әдет-ғұрпы, салты, қонақ күтуі бәрі түркіше болғанын, оның көзін көрген, сарайында болған Рим елшісі Приск өзінің «Римское

посольство к Аттиле» кітабында (СПб., 1848) жан-жақты баяндап жазған болатын. Әлгі тарихшылар мұны неге ескермеді екен дейсіз. Әрине, бұл ауызша, көпшілікке арнап айтылған хабар. Кейін осындай қате пікірден тұрлаусыз ойлар тарап, кітаптар жазылады. Міне, осы тәрізді алып-қашпа пікірлермен тарих бұрмалауына тосқауыл болатын, анығын жеткізетін «Ғылым тарихы мен философиясы» болуы керек. Бір өкініштісі, біздің тарихшыларымыздың батыстықтардың қате пікірін қайталайтыны.

«Ғылым тарихы мен философиясы» кітабының авторы Ж. Н. Нұрманбетова Қазақстан тарихына арнайы көңіл тоқтатпаған сияқты. Әрине, кітап мақсаты Қазақстан тарихы емес, басқа. Десек те, әңгіме қозғалған соң мәселеге көңіл бөлген жөн болар еді.

Мәселен, қазақ көшпелі тарихын айтпақ болып, автор ағылшын тарихшысы А. Дж. Тойнбидің «Постижение истории» (М., 1991) еңбегін қолдап, оның әлгі кітабында келтірілген (182, 186 бб.) «у кочевых народов нет истории» деген ғылымға жат пікірін екі рет қайталап келтіреді. Бірақ оған кері айтылған орынды пікір жоқ, себебі атақты ағылшын авторына қарсы дәлел келтіруге бата алмайтын сияқты.

Бір айтатын мәселе мынау: тарихшыларымыз белгілі стандартпен жүруде. Кібіртіктеп үйренген шығыршықты айналшықтап келеді.

Дүниеге бүгін ауқымды, терең салауатты көзқараспен, дағдылы догматикалық шырмаудан арылып, бауыр жазып, қарымды шабатын заманда өмір сүруде екенімізді естен шығармау. Талап жоғары, мүмкіндік мол.

Қазақ ағартушыларына арналған тарауда Ж. Н. Нұрманбетова Шоқан Уалиханов (1835-1865), Ыбырай Алтынсаринді (1841-1889) айтпақ болады. Бірақ кемегер Абай Құнанбаевты (1845-1904) тіпті еске алмайды. Ал Шоқанға байланысты оның 2 мақаласын келтіреді. Ол «О мусульманстве в степи», «Следы шаманства у киргизов»

деген еңбектер. Әрине, мұнысы дұрыс. Бірақ, Шоқанның басқа еңбектері былай тұрсын, алдымен ол кім еді, ол неліктен ұлттық мақтанышымыз, бұл жағы мүлде қозғалмайды. Ыбырай Алтынсаринге байланысты оның бір ғана мақаласы: «Очерк обычаев при похоронах и поминках у киргизов Оренбургского ведомства» берілген. Басқа еңбектері айтылмайды. Ыбырай кім еді? Ол орыс баспалары бетінде өз халқы үшін қандай мәселелер көтере білді? Оны не үшін отаршыл әкімшілік-ағартушылық жұмыстан шеттеттірді. Егер, Ж. Н. Нұрманбетова кітабында осындай орынды сұрауларға арнайы тоқтап жауап берген болса, оқулықтың ғылыми, тәрбиелік мәні жоғары болар еді.

Ж. Н. Нұрманбетованың «Ғылым тарихы мен философиясы» кітабын оқығанда екі түрлі ойға қаласың. Бірі, кітаптың мазмұндылығы. Әсіресе батыстық ғылым туралы терең, әрі егжей-тегжейлі жазғандығы. Екіншісі, ғылым философиясы ол ғылымның қасиеттері мен оны құрастыратын түрлі бөлшектері емес, одан басқа күрделі мәселелер. Кітапта ғылым тарихы бар, ал ғылым философиясы арнайы қарастырылмаған. «Өттенген-ай» дейсіз, амалсыздан. Венгер ғалымы И. Лакотос айтқандай: «Ғылым тарихы ғылым философиясыз – соқыр; Ғылым философия ғылым тарихынсыз бос қуыс»¹.

Көптеген Батыстық зерттеуші-ғалымдар көшпенділер тарихын білмейді. Оған себепкер өзіміз, сол көшпенділер ұрпақтары. Өз тарихымызды өзіміз зерттеп, онымен әлемді таныстырмай келген. Айталық, батыстық кітаптарда Айға, жұлдыздарға қарап, Ніл өзенінің таситын кезін египеттіктер б.з.д. 3 мың жылдықта білген, күнтізбесін жасаған. Ніл өзені жағасындағы егістік жерлерлерді өлшеу қажеттігінен *«геометрия дүниеге келген»* деп жазады. Бұл дұрыс тіршілік талабынан туындаған жаңалық. Ал, бұдан

¹ Структура и развитие науки. М., 1978. – 203 б.

40-50 мың жыл бұрын басталған Алтай, Батыс Сібір аймағын мекендеген мал өсірушілердің алғаш басталған көшпенді қозғалысы неге байланысты болды? Ол жағы әлі айқындалып, ашылып болған жоқ. Тарих жабайы аңдарды қолға алып, үйреншікті үй малына айландыру қашан басталды, ол жағы әлі белгісіз, тек болжам бар, бірақ дәлелденген емес. Сол қолға үйретілген малдар (бұрынғы аңдар) бірте бірте көбейе келе, оларды бағып, өсіру үшін шөбі бар жер керек болды. Содан мал соңына еріп көшіп, қону тіршілігі басталғаны белгілі. Сол көшпенділер алдында не күтіп тұр, қалай, қашан көшу керек, барар жер, басар тауын білді ме? Әрине, білмейтін. Содан олар аспанға қарап, жұлдыздарды байқап, күнтізбесін жасады, уақыт мезгілін ажыратты. «Темірқазық» жұлдызынан басқаның бәрі орындарын өзгертетінін байқады. Соған қарап, ай, жыл мезгілдерін ажыратты. Белгілі жұлдыздар қай кезде, қай жерден көрінетінін білді. Оларға ат қойды, сол жұлдыздарға қарап қыстың қатаң кезі «тоқсан» күннен тұратын үш айын, көктемнің басталар кезі «наурыз», күздің басталар кезі «сүмбіле» айын, яғни жылдың төрт мезгілін анық ажыратып жұлдыздардың бірін «Таразы» деп атаған. Сонымен малмен айналысқан бабаларымыз Чукотка, Аляска асып Америкаға, Еуропаны басып Англияға, Терістік мұхитты жағалап, Гренландияға, Шығыста Жапон жеріне, түстікте Вавилонға дейін жеткен. Көшпенділер қайта-қайта Қытай жеріне ығыса берген соң, қытайлықтар белгілі 5 мың км-ге созылған «Тас қорғанын» жасаған.

Көшпенділер тарихы әрі терең, әрі бай. Таяу Шығыстың ертедегі діні Заратустра (Зәрдеш), Вавилонды Хаммурапиге дейін жайлаған Шумерліктер, «Аркаим» тарихи-мәдени ескерткіші бәрі-бәрі көшпелі мал баққан бабалар мәдениетіне, тарихына жатады.

Қазіргі ғалымдар американдық үндістердің «Маялықтардың күнтізбесіне» таңданады. Бірақ, таңданатын ешнәрсе жоқ. Сол күнтізбесі болмаса, олар тарихи отаны Азияны тастап, сол жерлерге қалай жеткен болар еді? Көпшенді бабалар аспанға қарап, жұлдыздарды байқап, өте ерте замандардан өмір сүрген, білген білімін, мәдениетін барған жеріне таратқан. Олай болса, Ніл бойындағы египеттіктерге қарағанда, күнтізбесін көшпелілер өте ерте біліп қолданған. «Таразы» туса таң – суыр, «сүмбіле» туса – су суыр» деген көшпенді бабаларымыз. Тамыз айы басталғанда «Таразы» шығыстан көрінеді, қыс ортасында төбеде тұрады, көктем басталғанда батыстан көрінеді. Маусым, шілде айларында қырық күн көрінбей кетеді. Көшпенділер бұл жұлдызға аса ерекше мән берген. Бұл да тарих философиясы.

«Семьяның, жекеменшіктің және мемлекеттің пайда болуы» деген еңбегінде Ф. Энгельс алғаш жекеменшік ағаш үйге және оның бұйымдарына пайда болды деп жазды. Оның пікірінше, ол адамдардың үңгірден шығып, қауымдасдықтың орнына жеке шаруашылықпен айналысуымен байланысты екен.

Вавилон патшасы Хаммурапи (б.з.д. 1792-1750) бірнеше өзгеріс ендіреді. Рулық салттарды заңдармен алмастырды. Өзі басқарған 35 жыл аралығында 282 әлеуметтік-болмыстық, мемлекеттік заңдар қабылдады. Хаммурапи кезінде Вавилонда тауарлы-ақша қатынасы дамыды.

Кейінірек бірнеше реформалар Афина мемлекетінде қабылданды. Оны Афина мемлекеті саяси қайраткері Солон (б.з.д. 640 немесе 635-559) іске асырған. Ол өзінің реформалары арқылы рулық қоғам сарқыншақтарынан арылып, Афинада құлиеленушілік демократияның нығайып, жерге жекеменшік орнауына себепкер болды.

Т. Кішібековпен бірге зерттеп, жарыққа шығарған еңбектерімізде жекеменшік алғаш малға байланысты пайда болды деп жаздық. Сол меншіктің дәлелі малға салынған тамға деуге болады. Малға салынған тамға бірте-бірте ру, тайпа белгісіне айналып, содан дами келе әріп, жазу пайда болды. Жазу мәдениетінің бастауы осылай болса керек демекпіз. Бұдан басқа көзқарастар нақты дәлелденбеген. Бұл туралы кітаптың бірінші бөлімінде айтқан болатынбыз.

Тарих – өткен өмір. Бүгінгі тіршілік – ертең тарих. Оны зерттеуге әрбір ғылым өкілінің үлесі бар. Бірақ, олардың әрқайсысының өзіндік мақсаты, зерттейтін әдістері бар. Мәселен, сол тарихты тарихшы ғалым қалай, ал сол тақырыпқа шығарма жазған жазушы қалай зерттейді. Әрине, айырмашылығы бар. Тарихшы алдымен тарихи еңбек жазғанда болған оқиғаға, оның дәйектеріне, хронологиясына сүйенеді. Тарихшының адалдығы, ғылыми деңгейі сол оқиғаны шын, әділ баяндап беруінде. Ол оқиғаға тарихшы өздігінен еркін пікір айтып, тарихты өзінше суреттеп баяндай алмайды. Тарихшының еркіндігі тек кейбір болған оқиғаға пікірін білдіру. Ол пікір объективті болса, ел оны қабылдайды, субъективті болса, басқа тарихшылар оны жөндейді, айқындайды. Ал, тарихи тақырыпқа жазған жазушы да тарихи оқиғаны қатаң сақтап жазуы керек. Әрине, жазушыда тарихшыға қарағанда ой еркіндігі көбірек. Былайша айтқанда, оқиғаны суреттеуі, кейіпкерлерді сомдауы, аузына сөз салуы. Сондай-ақ олардың түрлерін суреттеп беруі, ойдан шығарған персонаждарды ендіруі. Мәселен, суреттейтін оқиға қиын, ауыр болса, жазушы сол жағдайға байланысты ауа-райы, табиғат құбылысын да соған жақындатады. Жазылған оқиғаны шындыққа келтіреді, ел сенетіндей етеді, сендіреді де. Бірақ, ол үшін тарихты тек кітапта, архивтен, археологиялық табылғандарды қолдану ақылы ғана емес, сол оқиға дәйектердің аржағын түбегейлі түсініп, керек десе

сол тарихшыға да, басқаларға да ой салатындай белгілі қоғамдық сана тудыратындай болуы керек. Яғни, тарихи тақырыпқа шығарма жазған жазушы, әрі тарихшы, әрі керемет ойшыл болып, түрлі оқиғаларды жүйелеп, көркем етіп құрастырғаны абзал. Ел сондай тарихи шығарма жазған жазушыны қолдайды, дәріптейді. Ондай жазушылар қатарына «І Петрді» жазған А. Толстойды, «Шыңғыс ханды» жазған Янды (В. Янчевецкий) жатқызуға болады. Бірақ, әрдайым олай бола бермейді. Мәселен, белгілі бір автор «Егемен Қазақстан» газетінде (өткен жылы) «Жаңаша тарих қалай жазылады?» деген көлемді проблемалық мақала жарыққа шығарды. Сол мақаладан автордың мына бір сөзін келтіргіміз келеді: «Келешек жазылатын жаңа тарихта – дейді автор, – көшпенді (номад) мен отырықшы бабаларымызды бір-біріне қарсы қойып, бір-бірімен алакөз болып өтті деген түсініктен атқұйрығын үзетін болсақ», деп жазды. Сөйтіп, автор үлкен ұлағатты пікір айтпақ болды. Ақыл айтқаны жөн. Өйткені, көшпенділер мен отырықшылар арасына алакөздікті тарататын авторлар болған. Бірақ, бұл жалған пікір болатын.

Мәселе, көшпенділер мен отырықшылар арасындағы алакөздік емес, ол болмаған. Қазіргі түсініксіз жағдай былай: дүниеде бұл екі шаруашылық бір кезде өмір сүріп келе ме, әлде бірі алдымен, екіншісі кейін дүниеге келді ме? Біздің Қазақстан тарихшылары археологиялық, басқа жәдігерлерге сүйеніп, бұл екеуі ежелден бір келеді. Отырықшылар болған, көшпенділер болған, бұл екеуінің арасында мәдени, сауда қарым-қатынасы жүрген деп жазып келеді. Әрине, соңғы 2-3 мыңжылдықты алсақ, мәселе солай, талас жоқ. Ал бұдан 40-50 мың жыл бұрын да солай болған ба? Отырықшы болу үшін жер шаруашылығымен айналысу керек. Ол үшін құрал-сайман, көлік керек. Олар қалай пайда болды деген сияқты сұрақтар.

Ағылшын тарихшысы Арнольд Тойнби жоғарыда келтірілген еңбектерінде алдымен жер шаруашылығы,

отырықшы тұрмыс пайда болды дейді. Көшпелі тұрмыс одан кейін дүниеге келген деп әлемге пікірін таратып келді. Сол автордың қате пікірін қолдайтындар да бар. Бірақ, айту бар, дәлелдеу жоқ. Ғылымды осылай жасауға бола ма? Осыны неге ойламаймыз? Егер логикаға салсақ, алдымен дүниеге келген – аңшылық. Алғашқы қауымда адамдар жеміс-жидек теріп, аң аулап тірлік еткен. Сол аңдардың дүниеге жаңа келген өсімдерін қолға алып асырап, өсірген. Мал шаруашылығы дүниеге осылай келген. Көшпелі тұрмыс қолға мал өсірудің тікелей нәтижесі.

Алғашқы еңбек бөлісі дегеніміз де осы. Бабалар мақал-мәтелдері, ертектері сол аңшылық өмірді бейнелейді. Екіншілік мүлде айтылмайды. Шынында отырықшы тұрмыс көшпеліліктен кейін дүниеге келген. Үй салу, жер жырту, егін егу, мал бағудан гөрі күрделі, өндіруші күштерді керек еткен.

Адам баласы тарихы түрлі тартыс, күрестерден тұрады. Бұл тартыс, жаулаушылық тек отырықшылармен, көшпенділер арасында ғана емес, әрқайсысының өзінде де болған. Көшпенділер көшпенділерді, отырықшылар отырықшыларды да ығыстырған, бағындырған. Ол тарихтан белгілі.

Соның ішінде көшпенділер дүниеге ерте келгендіктен, олар мал жағдайымен көп жерлерді жайлаған. Оған дәлел жер атаулары. Ал көшпенділер туралы теріс ұғымды отырықшылар таратқан. «Кентавр» деген ұғым соның бір көрінісі. Бірақ, мұның бәріне себепкер екі түрлі шаруашылық емес, әлеуметтік, билік ету жағдайлары.

Сондықтан, тарихты терең түсінгеніміз жөн болар еді. Жерді жырту үшін «жерағаш», оны тартатын көлік керек. Шыққан егінді орып алып, астық дайындау үшін орақ керек, қырманда оны бастыру керек. Шығыр ше? Ол да мал күшімен егінді суландырған. Осынын бәрі «соқырға таяқ ұстатқандай» нақтылық емес пе? Әрине, көшпенділер

мал соңына еріп жүріп, отырықшылар жерін, қора-жайын басып, шаруасына қиындық келтірген кездер болған. Бірақ, бұл көшпенділер жаулаушылық психологиясынан емес, шаруашылық ерекшелігінен туындаған құбылыс. Ол жөнінде Д. Кішібеков «Кочевое общество» (Алма-Ата, 1984), басқа да еңбектерінде жазған болатын.

а) «Басыбайлық құқығы» философиясы

Тарих философиясына сай тағы бір мәселеге тоқтағанды жөн көрдік. Әлемге белгілі адамзат тарихында «кұлдық» жүйеден соң, ең ауыр тәртіп «басыбайлық құқығы» болатын. Ол Ресейде XIII ғасырда орнады. Оған себеп болған монғол-татар басқыншылығы еді. Соғыста жеңіп, өзіне бағындырған монғол-татар жаулаушылары Ресей княздықтарын Алтын Ордаға салық төлеп тұруға мәжбүр етті. Өйткені, Алтын Ордаға керегі орыс жері емес, азық-түлік төлемі еді. Бұл үстемдікке орыс княздары көнуге мәжбүр болды. Біріншіден, Батыстан Ресейге шабуыл жасаған тевтондықтар орыс жерін басып алмақ болды. Сондықтан орыстар бұған жанталасып, аянбай қарсы көтерілді. 1242 ж. сәуір айында Чуд көлінде болған қырғын шайқаста Новгород князы Ярославтың ұлы 22 жасар Александр (1220-1263) құрметпен Невский атанған) басшылығымен орыстар тевтондықтарды ойсырата қиратты. Жеңіске жетті. Бірақ, сол орыстар екі себептен монғол-татарларға қарсы күреске шықпады. Бірі, соңғылардың өте көп, әрі күшті екендігі. Екіншіден, олар орыс жерін меңгеруді талап етпегені, сондай-ақ, орыс билігін бұзбай, княздықтарын сақтағаны. Бұл жағдайға орыстар түсіністікпен көнді. Десек те, белгіленген салықты көрсетілген көлемде және мерзімінде орыс княздықтары өтей алмады. Себебі, еркін жүрген орыс шаруалары мен помещиктер талаптың қатаң екенін терең ұға алмағандығы.

Басты себеп шаруалар өзімен өзі болып, билікке құлақ салмағандығы. Сондықтан, Алтын Орда жиі-жиі жазалау отрядтарын жіберіп, орыс село, деревняларын талан-таражға салып, қалаларын қиратып, мал-мүлкін тартып әкетіп жатты. Бұл орыс халқының тұрмысына, санасына ауыр тиді. Осы жағдайды қайтalandырмас үшін Ресей билігі шаруалардың басын помещиктерге байлап беру құқығын қабылдап, өмірге ендірді. Арада 300 жыл өткенде орыс патшасы Борис Годунов (1552-1605) 1593 ж. өз жарлығымен бұл заңды одан сайын қатайтты. Бұрын шаруаларға жылына бір рет, қараша айының соңғы аптасында түрлі себептермен бір помещиктен басқа помещикке кетуіне мүмкіндік берілетін. Оны «Юрьев күні» деп атайтын. Әлгі жарлық сол күнді жойды. Шаруаларды помещиктердің мәңгі меншігіне айналдырды. Бұл өте ауыр тәртіп еді, шаруалардың еңсесін басты, ынтасын жойды, еңбек өнімін төмендетті.

Ресей әлемдік дамуда артта қала бастады. Басты себеп антик дәуіріндегі құлдық тәртіп сияқты «басыбайлық құқығы» еді. Бұл жағдайды 1853-1856 жж. Қырым соғысында Ресейдің тас-талқан болып жеңілуі айқын дәлелдеді. Орыс халқының намысын оятты, патриоттарын ашындырды, қоғамдық сана қозғалысқа енді.

Зиялы қауым бас көтеріп, Ресейде «басыбайлық құқығын» түбірімен жоюды талап етіп, жаппай қозғалыс басталды. Сол зиялылардың бірі А. И. Герцен (1812-1870) еді. Ол шетелге кетіп, Лондонда еркін типография орнатып, «Полярная звезда» журналын, «Колокол» газетін шығарып, олардың беттерінде жарық көрген жалынды мақалаларымен қатар, әр аймақтан келген өткір материалдарды жариялап, орыс халқының жанын қозғап, «Басыбайлық құқығын» жоюға шақырды. Осыған орай, Император Александр II-нің (1818-1881) мына сөзін еске алмауға болмайды: «Александр Ивановичке (Герценге)

жеткізіңіз. Ол мені міней бермесін, әйтпесе, оның журналына жазылуымды тоқтатамын», - деді («Маяк» радиостанциясы хабарынан). Бұл нені көрсетеді? Александр II, А. И. Герцен пікіріне қарсы емес, ойлары бір жерден шыққанын. Осы жерде тәртібі қатаң Император Николай I өзінің тағын үлкен ұлы Александрға беріп жатып былай депті: «Мен тәртіпке келтіре алмаған тақты қалдырдым. Шаруаларды жоғарыдан босатпасаң, олар өздерін төменнен босатады. Бұл саған қиын ауырлық әкеледі». Александр II таққа 1855 ж. 19 ақпанында келді. Онда ол 37 жаста еді.

Айтылғандардан мынадай сұрақ туындайды: Ресей императорлары болған әкесі мен баласы, екеуі де «Басыбайлық» керек еместігін түсінген. Олай болса, олар оны неге дер кезінде жоймады, соза берді? Өйткені, басыбайлықты жақтаған бүкіл үстем тап өкілдері еді. Биліктегілердің бәрінің селода өз шаруашылығы болды. Онда басыбайлы шаруалар оларға тегін жұмыс істеді, табыс, байлық әкеліп тұрды. Мәселенің басты бір жағы міне солармен тікелей байланысты еді. Зиялы қауым шаруаларды жерімен босатуды ұсынды. Бұл пікір үстем таптарға инедей қадалды. Олар шаруаларды тіпті жерсіз босатуға да қарсы болды. Өйткені, мұның бәрі оларға зиян еді. Сонда не істеу керек? Әрі ойлап, бері ойлап жүріп тапқаны шаруаларды жерсіз босату. Бұл оңайлау көрінді. Сонда миллиондаған шаруалар қалай күн көрмек? Бұл бұрынғыдан да ауыр жағдай еді. Осы жерде алдымен Александр II-нің ойына келген жағдай – Англия тәжірибесі. Ол елде мыңдаған шаруалардың жерін өкімет тартып алып, өздерін қалаға, өндіріске айдағандығы. Ресейде, бірақ ондай өндірістер де болмады. Енді қалай, не істеу керек? Амалсыз жаңа жол іздеу, табу керек болды. Осы ауыр жағдайда Александр II-ге П. П. Семенов Тян-Шанский сияқты орыс ғалымдары жәрдемге келіп, Волга өзені

Шығысында қоныстануға жайлы аймақ бар екенін, соның есебін алуды ұсынды. Ақырында ол есеп жасалды да. Арада тура 6 жыл өткенде, өзінің таққа отырған күні 1961 ж. 19 ақпанында жарлық шығарып, Александр II Ресейде «Басыбайлық құқығын» жойып, шаруаларды қыспақтан босатты. Бұл қоғам армандаған ұлы реформа еді.

Басыбайлықтан құтылған, бірақ жерсіз қалған миллиондаған шаруаларды билік «Волганың шығысына қарай 3-4 мың километр алыста жатқан жерге сілтеді. Шаруалар бүкіл семьясы, бала-шағасы, кәрі құртаң, ауру-сырқаулары бәрі өз бетімен тырбанып, «жерұйықты» іздеп алыс сапарға шықты. Көнбегендерін конвоймен айдады. Көпшілігі бұл ауыр сапарға шыдамады. Айдалада қалды. Бұл ауыр халді Л. И. Брежнев «Целина» деген кітабында, басқа да тарихшылар жазған болатын. Ал жеткендері тез байып, өздері жаңа жерде помещиктерге айналды. Бұл да шындық. Арада 20 жыл өткенде Александр II комиссия жіберіп, қоныстанғандардың халін, пікірін білмек болыпты. Сонда Перовск (қазіргі Қызылорда) қаласында тұратын орыстар: «Бізді осы жерге конвоймен айдап әкелді, енді бұл жерден конвоймен болмаса, Ресейге қайтып бармаймыз» депті. Өйткені байлығы сыймай жатқан қазақ жеріне жеткен кешегі шаруалар тез байып, ыңғайлы екенін түсінді. Сондықтан, қастандықтан опат болар алдында Александр II Ресейге қайтамын дегендерге рұқсат беріп, құжат қабылдады. Бірақ, олар жаңа жерге үйреніп, мұнда өздерінің екінші Отанын тапты. Александр II 1881 ж. 1 наурызда бомба жарылысынан опат болды. Ресми ақпаратта оны «Земля и воля» ұйымының жасырын шешімімен өлтірілді делінеді. Солай болуы да мүмкін. Оған дейін оны алты рет өлтірмек болған әрекет жасалған болатын. Александр II айтады екен: «Мен шаруаларды қыспақтан босаттым, еш жамандық жасамадым. Маған неге зиянкестік жасайды» деп. Ол шынында солай еді.

Бірақ, жіберген қатесін байқамағаны, оның өмірін қиды. Ол мынау: шаруаларды шығыстағы алыс жолға қаражатсыз айдағаны. Бұл жолы да оған ағылшын тәжірибесі жарамсыз болды. Ағылшын шаруаларына өздері тұрған селодан қалаға жету шамасы 1-2 күндік жол болатын. Ал шығысқа қарай орыс шаруалары бірнеше айлық, тіпті жылдық жолға шықты. Ағылшын шаруаларына көтерме жәрдем керек болмаған болса, орыс шаруаларына ол әбден қажет еді.

Александр II-нің жіберген бұл ауыр қатесін дұшпандары толығымен пайдаланды. Сөйтіп, Ұлы реформатор өмірін үзген орыс шаруалары, не прогресшіл күштер емес, реформаны ұнатпаған өзінің үстем тап өкілдері болса керек демекпіз. Оларға патриотизм құны жеке байлықпен таразыға салғанда, бір тиын да тұрмайтын. Орыс тарихшылары мәселенің осы жақтарын ашпай келеді. Олар тіпті «Басыбайлықтың» қайдан, қалай шыққанын да ақпараттарда көрсетпейді. Олай болса, проблеманы әлі де зерттеу қажет. Бұл тарих философиясына жатады.

Сонымен Ресейде «Басыбайлық құқығы» орнауына себепкер көшпенді бабаларымыз болса, кейін қазақ жеріне орыс шаруаларының қаптап келуі, сол құқықтың құлауы салдары еді.

б) Мұстафа Шоқай – көреген қайраткер

«Алаш» қайраткерлері Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Халел Досмұхамедов, т.б. қазақ елі болашағын ойлап, отқа түсті. Қазақстан өз алдына тәуелсіз ел болуын армандады. Сол үшін оның жерін сақтап қалу қажет болды. Өйткені, жері жоқ ел мемлекет бола алмайды. Сондықтан, «Алаш» партиясын құрып, «Алаш Орда» үкіметін, қазақ автономиялық болса да мемлекет болуын армандады (Ә. Бөкейханов). Сол үшін де алдымен Ресей Думасына қазақтың зиялы азаматтары

депутат болып сайлануын ұсынып, соны талап етіп, Ресей Императоры атына петиция жазды (А. Байтұрсынов). Нәтижесінде, Ресей Думасына сайланған қазақ азаматтары, сол Дума трибунасын пайдаланып, Ресейдің отарлау саясатын, қазақтарды тарихи отырған жерінен айдап шығарып, шөл далаға ығыстырғанын, қазақтың құнарлы аймақтарын Ресейдің келген келімсектеріне зорлап әперіп, қоныстандырғанын сынап, әлемге әшекерледі (Б. Қаратаев). Бұл Ресей патшалығының шабына тиді, Дума екі рет таратылды. Ақырында 1917 ж. желтоқсанында (5-14) Орынбор қаласында өткізілген «Бүкілқазақ» құрылтайында ресми Қазақ Автономиялық Республикасы жарияланды. Жер аумағы белгіленді, үкіметі құрылды. Үкімет басшысы төрағасы болып Әлихан Бөкейханов сайланды. Құрылтайда Қазақ Автономиясын қолдап сөз сөйлеген жоғары білімді, Петербург университетін бітірген 27 жасар Мұстафа Шоқай еді...

Бірақ, ол Қазақстан жерінде тұрақтамай, Қоқанға барып, мұсылмандар съезінде Түркістан Республикасын жариялап, өзі төраға болып сайланды. Орта Азия халықтарының жеке-жеке республика болғаны үлкен жетістік, бірақ өктемді Ресей үкіметі оларды бетіне жібермейді, әрқайсысы дара-дара болып, қолы жеткен бостандығын жоятынын дәл, әрі терең түсінген оның мақсаты қазақ, өзбек, қырғыз, түрік, татармен басқалардың басын біріктіріп, үлкен Түркістан Республикасын орнату болды. Бұл 1917 ж. аяғы, 1918 ж. қаңтар, ақпан айлары еді. 1917 ж. Қазан революциясы нәтижесінде патша үкіметін құлатып, билікке келген Кеңес үкіметі, ұлттық республикалардың бәрін заңсыз деп жариялап, Түркістан Республикасын ең қауіпті деп тауып, Қоқанды басып алып, сайланған үкіметті күшпен ыдыратты, басшыларын тұтқындады. Түркістан Республикасын контрреволюциялық пантюркизм деп айыптады. Болған жағдайды

кемеңгерлікпен толық түсінген М. Шоқай жасырын жолмен қашып, Каспий, одан Қара теңізден өтіп шетелге кетті. Алдымен тоқтаған жері Түркия еді.

Бірақ та бастапқы ойын жалғастырмақ болған М. Шоқай әлемдік трибуна іздеп, Францияға барып, Парижде тұрақтады. Тұрмыстың ауыр қиындықтарына қарамастан, Еуропа зиялы қауымдарымен кездесіп, ой бөлісіп, Түркістан азаттығын әлемге жеткізу үшін «Жас Түркістан» журналын (1929) шығара бастады. Отаршылдыққа қарсы күресін ұштастыра түсті. Осы жерде бір айтатын мәселе – оның күрескерлігі. Оны да қалай көрсету керек? Тек салыстыру арқылы айтқан жөн. Мұстафа алдымен патша үкіметінің отарлау саясатына қарсы болды. Кейін сол саясатты жалғастырған Кеңес үкіметіне де жалғыз өзі қарсы шықты, әлем назарын осыған аударды.

М. Шоқайды алдымен салыстырғалы отырғанымыз А. И. Герцен (1812-1870), оны Ресей ғалымдары революционер-демократ деп есептейді. Ол орынды пікір. Өйткені А. И. Герцен «Басыбайлық құқыққа» қарсы болды. Ресейдің артта қалуына бірден бір себепкер – басыбайлық деп жазды. Шетелге кетіп, Лондонда ашық «Полярная звезда» журналын, «Колокол» газетін шығарып, Ресейде «Басыбайлық құқығын» жоюға шақырды деп жоғарыда айттық. Бірақ, ол патша үкіметіне қарсы болған жоқ. Қайта Үкімет те соны қалады. Қатыгездігімен «Николай Палкин» атанған Император Николай I (1796-1855) «Басыбайлық құқығы» Ресейдің дамуына үлкен кедергі екенін түсінгенмен, оны неге жойып жібермеді? Шешуін кейінгі таққа отырған баласы Александр II-ге қалдырды. Себебі, бұл ауыр жұмыс еді. Ал 1825 ж. 14 желтоқсанда Петербург алаңына шығып, көтеріліс жасамақ болған дворян-декабристер аз ғана топ болатын. Оларды Николай I аяусыз басып-жаншыды. Ал «Басыбайлық» жүз мыңдаған үстем тап мүддесі болатын. Олар Ресей империясының тірегі еді. Сондықтан оларға қарсы шығуға Николай I-дің

дәті шыдамады. Сол жұмысты таққа отырғанына алты жыл өткенде іске асырған Александр II-нің өмірі немен аяқталғаны тарихтан белгілі. Николай I-дің қорыққаны да осы болатын. Бұл, нені байқатады? А. И. Герценнің қарсы болғаны патша үкіметі емес, тек «Басыбайлық» еді. Олай болса, А. И. Герценге қарағанда, М. Шоқай бүкіл жойқын жүйеге қарсы шыққан ержүрек болғандығын көрсетеді. Солай болса да өзіне тән әділ, жоғары бағасын ала алмады. Екінші салыстырғалы отырғанымыз әйгілі Л. Д. Троцкий. Ол да шетелде Мексикада тұрып, кітаптар шығарып, күрескер болды. Бірақ, оның күрескені кеңестік жүйе емес, тек И. Сталиннің жеке басқаруына қарсы болғандығы. Л. Д. Троцкий: «революцияға қызмет етіп, В. И. Ленинді үкіметке әкелген мен едім, бірақ оның игілігін көрген кездейсоқ Сталин болды», - деп ызыланды. Сондықтан, осы жағдайды бейнелеп: «Революцияны ойлап шығаратын данышпандар, оны жасайтын фанатиктер, пайдасын көретін кездейсоқтар» деген екен. Мәнісі революция пайдасын көрген И. Сталин дегені. Сондықтан ол да бүкіл үстемдік құрған жүйеге емес, тек Сталинге, оның құрған тәртібіне наразы болды. Оны айыптап кітап жазды, беделін жойғысы келді.

Сол кезде НКВД-ның бір барлау бөлімін басқарған П. А. Судоплатов «Спецоперации Лубянка и Кремль» деген кітабында: «1940 ж. алғашқы күндерінің бірінде Л. П. Берия мен мені түнде И. Сталин кабинетінде қабылдап, былай айтқан болатын: «Кеңес Одағына қарсы соғыс бастала қалса, онда Л. Д. Троцкий Коммунистік интернационалға жік салады¹. Бұл қауіпті. Сондықтан оның көзі бір жылға жетпей жойылуы керек» деген көрінеді. Арада 8 ай өткенде, 1940 ж. 30 тамызында Мексикадағы резиденциясында Л. Д. Троцкий

¹ Судоплатов П.А. Спец.операции. Лубянка и Кремль. – М., 1998. – 105 б.

екінші рет жасалған теракта зұлымдықпен өлтіріледі. Нәтижесі, Л. Д. Троцкий бүкіл Кеңес жүйесіне емес, тек оның басшысы бір адамға қарсы болғандығы. Олай болса, М. Шоқай жеке адамға емес, бүкіл Кеңес жүйесіне қарсы күреске «жанын шүберекке түйіп», көз жұмып қарсы шыққандығы. Өкшіштісі, азаматтың бұл ерлігі ашық айтылмайды.

Тағы да айтылатын бір пікір. 1940 ж. фашистік Германия Францияға шабуыл жасап, Парижді басып алғаны белгілі. Сонда тұтқындалғандар ішінде М. Шоқай да болған. Бірақ, кімнің кім екенін білген гитлершілер КСРО-ға қарсы соғыс ашу жоспары болғандықтан, керек болады деп есептеп, өздері тұтқындаған Мұстафаны түрмеден шығарып, Берлинге алдырады, жағдайын жасайды. Арада көп ұзамай фашистік Германия Кеңес еліне жасаған келісімін бұзып, күшпен кіргенде, қолға түскен мұсылмандық тұтқындарды басқаруға Түркістан Легионын құрып, оған Мұстафаны жетекші етеді. Осыған орай Мұстафа атына: «сатқын», «жау» деген сияқты талай ауыр айыптар айтылады. Бірақ, нақты деректі ешкім келтірген емес. Қайта тұтқында болғандар Мұстафа жөнінде жылы лебіз білдіреді, қамқорлыққа алды дейді. Ал енді уәжге келейік. КСРО соғыс ашарда алдын ойлап, сол мұсылмандармен, таяу шығыс елімен фашистік Германия өкілі етіп Фон Папенді тағайындағаны белгілі. Сол Фон Папенмен Мұстафа байланыста болмауы мүмкін емес. Екінші, өмірін Түркістан азаттығына арнаған Мұстафа енді фашистердің Орта Азияны да билемек болғанын білген ол кенет өзінің барлық өмір мақсатынан тайғаны, фашистер саясатын қолдауы ақылға сыймайды. Қайта Түркістан Республикасын құру ойын Фон Папенге білдірмеуі де мүмкін емес. Олай болса, бұл пиғыл неміс-фашист басшыларына да жетті деген ой. Сондықтан, Мұстафа оларға да жақпай қалуы ғажап емес. Ақырында соғыс

басталған жылы 27 желтоқсанда белгісіз жағдайда көз жұмады. Ресми ақпарат оны сүзектен өлді деп жариялады. Солай ма, әлде басқа ма, оны ешкім айта алмайды. Сірә ол фашистерге де керек болмай қалған болса керек. Бұл тағы бір күдік. Соғыс жеңіспен аяқталып, фашистік Германия күйреп, Нюрнберг халықаралық сот шешімімен барлық гитлершілдер жазаланғанда, Фон Папен жазадан құтқарылды. Не себепті? Ол да белгісіз. Ал Мұстафа қайтыс болғаннан кейін Фон Папен де фашистер оппозициясында болып, шеттетілгені белгілі. Міне, осы жағдайлар әлі де тексеруді керек етеді. М. Шоқай өз сенімін, өмір мақсатын өзгертетін адам болмағаны тарихтан белгілі.

Кейін Мұстафа ісін жақтаған ғалымдар Германия, Франция, Англия, АҚШ елдерінде талай кітаптар, мақалалар жазды. Олар да оны фашистік Германияға қызмет етті деп айтқан емес, қайта еңбегін, бастамасын жоғары бағалады. Батыс елдердің Германияға карсы болғаны белгілі. Фашистік Германия қираған соң олар оның архивін ақтарды. Басқа нәрсе тапса, айқайлап, жар салған болар еді. Сірә, олар ондай факт таппаған. М. Шоқай тарихын осылай қарағанымыз жөн. Бұл уәж. Шындық —, Мұстафа бастаған іс жалғасын тапты. Лондонда Корольдік «Central Azian Review» («Орталық Азияға шолу») журналы шығарылып, онда түрлі мақалалар басылды. «Орта Азия халықтары» кітабында Дж. Уилер бұл аймақты «Кеңес билеген отар» деп қарады. Дәл осындай пікірді Франциядағы Сорбонна университеті профессоры Элен Каррэр, Д'Анкос та әлемге таратты. Пікір «Свобода», «Азаттық» радиостанциялары арқылы да ұдайы таратылып отырды. Сондықтан да 1991 ж. олар «Кеңес жүйесін құлатуда біздің еңбегіміз мол болды» деп жариялады. Кольн қаласында тұрған Баймырза Хаит «XX ғасырдағы Түркістан», «Ресей мен Қытай аралығындағы Түркістан»,

«Кеңес билігіндегі Түркістан» деген кітаптар жазып шығарды. Өз еңбектерінде Баймырза Хайт: «Менің осы еңбектерімді жазып шығаруыма М. Шоқай архивтері мен жазбалары көп пайдасын тигізді» - деп жазды. Оған дәлел қазір елімізде басылып, шығарыла бастаған 12 томдық Мұстафа Шоқай шығармалар.

Сонымен М. Шоқай өз халқын отаршылдықтан босатып, теңдікке, егемендікке жеткізу үшін басын өлімге тіккен есіл ер, көреген қайраткер, батыл күрескер еді.

в) Тағдыр философиясы

Әрбір жаны таза, тәрбиелі адам өз Отанын, тарихын, тілін, әдет-ғұрпын құрметтейді. Былайша айтқанда, ол – патриот. Бірақ, сол шексіз патриотизм түрлі объективтік және субъективтік жағдайларға байланысты түрлі тарихтан баға алады. Ал кейбіреулері тіпті аты айтылмай да қалады. Бұл, әрине, қиянат. Ондай жағдайларды талдайтын, оған баға беріп, орын-орнына қоятын тарих философиясы. Патриотизмнің түрі көп. Кейбір патриотизм ағымға сай, ал кейбір патриотизм ағымға қайшы да жасалады. Әр нәрсенің сәті керек. Олай болса, патриотизм ерлік, бірақ оның нәтижесі түрліше. Мәселен, XVIII ғ аяғы, XIX ғ басында өмір сүрген инфантерия генералы Михаил Андреевич Милорадович (1771-1825) А.В. Суворов қарамағында, М. И. Кутузов басшылығымен бірнеше соғыстарға қатысып, ерлік көрсеткен. Мәселен А. В. Суворовтың кезінде Милорадовичтің армиясы Бухаресті жаудан босатқан. М. И. Кутузов басшылығымен Наполеонға қарсы Бородино шайқасында ерлік көрсеткен. Одан кейін, орыс армиясы шегініске түскенде, арьергарды болып, әрі дипломаттық қызмет атқарған. Маршал Мюраттың күшті атты әскерлері шегініп бара жатқан орыс армиясына сойқандық жасамасын деп, Мюратпен мәмлеге келіп, біраз

пайда келтірген. Одан соң Наполеон әскерді тастап қашқанда қалған. Енді шегініске түскен француз армиясын М. А. Милорадович Парижге дейін қуып барады. Сөйтіп, тарихта үлкен Ресейге ерлік қызмет атқарған. 1812 ж. Отан соғысы аяқталғаннан кейін, Император Александр I, өзінің жарлығымен оны Петербургке губернатор етіп бекітеді. 1825 ж. 14 желтоқсанда көтерілген солдаттарды бастап, сенат алаңында төңкеріс жасамақ болып шыққан декабристерді М. А. Милорадович сөзбен баспақ болған. Сол кезде декабрист П. Г. Каховский оны пистолетпен атып өлтірген. Сонда М. А. Милорадович кім? Оны бір жағынан Император Николай I үкіметі қаралады. Александр I кенет дүние салғаннан кейін орнына такқа отырған Николай I-ді мойындамағаны үшін, екінші жағынан кеңес жылдарында декабристерге қарсы болғаны үшін айыптады. Сөйтіп, тарихта оның аты аталмай қалды. Екіншіден инфантерия генералы Корнилов Лавр Георгиевич (1870-1918) Қарқаралыда (Қазақстан) қарапайым орыс-қазақ отбасында дүниеге келген – анасы Мария деген қазақ қызы. Руы – арғын, оның ішінде қаракесек. Кейін, христиан дінін қабылдап, Мария Ивановна аталып, әлгі қазақпен отасып, он үш құрсақ көтерген. Л. Г. Корнилов солардың бірі. Ол кезінде қазақ ауылында өскен. Қазақ тілін емін-еркін білген. Бет бейнесі де қазаққа ұқсас болған. Сол сияқты көптеген түркі тілдерін игерген. Түрлі әскери оқу орындарын бітіргеннен кейін, оның азиаттық бет-бейнесіне қарап, тіл білетінін ескеріп, Ресей әскерінің Бас штабы барлау жұмысына пайдаланып, Қашқария (Қытай), Персия (Иран), Ауғанстанға жіберген. Бұл жерде барлау жұмысымен қатар, ғылыми-зерттеу жұмысымен айналысқан. 1905 ж. орыс-жапон соғысы кезінде Мукден қаласында арнаулы қарумен марапатталған. 1914 ж. басталған орыс-Герман соғысына қатысып, талай ерлік көрсетіп, үлкен атаққа ие

болған. Патша үкіметіне наразы болған, оны әбден шіріген басшылық деген. 1917 ж. Ақпан революциясын қолдаған, Уақытша үкімет кезінде Ресейдің әскери Бас қолбасшысына дейін көтерілген. Орыс-герман соғысында Ресейдің жеңіске жетуі және де құлап бара жатқан орыс мемлекетін сақтап қалу үшін, қатаң тәртіп орнату керек деп талап қойған. Бірақ, әлсіз Уақытша үкімет оның бұл ұсынысын қабылдамайды. Сондықтан, үкіметті басып алу үшін көп күшпен Петроградқа келе жатқанда, Уақытша үкімет оны орнынан босатып түрмеге жаптырады. Бірақ, түрмеден кідірмей шыққан Л. Г. Корнилов Ресейдің оңтүстігіне барып, «Еріктілер» әскерін ұйымдастырады. 1918 ж. 13 сәуірінде Екатеринодарда (Краснодар) оның блиндажына бомба түсіп, опат болады. Сонымен оның өмірі де трагедиямен аяқталады. Сонда генерал Корнилов кім? Ол патриот па, әлде сатқын ба? Корнилов патша үкіметіне де, Уақытша үкіметке де, Кеңес үкіметіне де ұнамады. Біріншіден, патшаға қарсы болды. Ол Николай І-дің өзін, отбасын тұтқынға алды. Уақытша үкіметке қарсы мятеж жасады. Кеңес үкіметіне қарсы күрескен контрреволюционер атанды. Сөйтіп, бұл да тарихта аты аталмай қалды. Әйтпесе, ерекше талант, Отанға жан беруге дейін патриот болған. Осындай адамдардың өмірін, атқарған ісін, трагедиясын талдау, ашу тарих үшін керек. Себебі, оның тарихи тәрбиелік мәні бар. Сондай патриоттардың бірі М. А. Шолоховтың «Тынық Дон» романындағы Григорий Мелехов. Тарихта ол болды ма, болмады ма, мәселе онда емес. Бірақ осындай адамдар болған. Дәл осыған ұқсас персонажды біз А. Толстойдың азамат соғысына арналған шығармаларынан да кездестіреміз. Мәселен, ағайынды екі жігіт, бірі қызылдар жағында, екіншісі ақтар жағында шайқастарға қатысады. Екеуі де шексіз патриот, екеуінің де өмірі трагедия. Осы екеуінің қайсысын жақтауға болады? Осындай тарихи

жағдайларды Қазақстан тарихынан да кездестіреміз. Мәселен, алашорда зиялылары. Оларды бұрынғы патша үкіметі қуғындады, кеңес үкіметі де қолдамады. Ал, енді «Алашордашыларға» қарсы болып, Кеңес үкіметіне адал қызмет атқарған, көптеген Лениндік коммунистік партияға берілген, қазақ азаматтары 1937 ж. репрессия кезінде «халық жауы» аталып, атылып кетті. Міне, осы мәселелердің бәрін егжей-тегжейлеріне дейін ашып, тарихта өз орнын көрсетіп еңбек жазу, бұл да тарих философиясының алдында тұрған маңызды мәселелерге жатады. Тарихта еш нәрсе ұмытылмауы тиіс. «Халық жауы» деген термин XVIII ғ аяғында Француз революциясы кезінде пайда болып, сол елдің көптеген патриоттарының өмірін қиды. «Сатурн, пожирающий своих детей» деген сөз де сол кезде дүниеге келген болатын. Сөйтіп, Отан үшін батырлық, ерлік кімде жоқ. Бірақ, сол батырлықты батыр, ерен ер деп атын аспанға көтерген де, басқаларға өнеге ететін де, атын атамай қалдыратын да объективтік және субъективтік жағдайлар. Тарих философиясы не үшін керек? Бір жағынан болған жағдайларды талдап, өмір таразысына салу, екінші жағынан тиісті тәрбиелік қорытынды шығару үшін. Әрине, тағдыр – философияның динамикалық заңға бағынбайтын статикалық құбылысы.

Ғалымдар өмірінен де бір мысал: Монғол елінен келіп, Мәскеуде КОКП Орталық комитеті жанындағы Қоғамдық ғылымдар академиясында оқып, профессор М. С. Жүнісовтың жетекшілігімен «Монғол Халық Республикасының социализмге капитализмді аттап өтуі» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғаған Тимур Очир. Еліне келген соң, оны МХРП Пленум мүшесі идеология жөніндегі хатшы етіп сайлайды.

Кейін оны Пекинде «Шыңғысханның 800 жылдығына» арналған халықаралық конференцияға шақырады. Бұл

Н. С. Хрущев пен Мао Цзе Дун арасында қайшылық шыққан кез болатын. Тимур Очир Мәскеу көзқарасы тұрғысынан «Шыңғысхан бейнесін идеалдауға болмайды» деген тақырыпта баяндама дайындап, сол жиынға қатысады, сөз сөйлейді.

Ғылыми конференциядан Улан-Баторға оралғанда, Тимур Очирді орнынан босатып, ішкі Монғолияға жіберіп, елге, Монғол империясына қарсы болды деп қаралайды.

Өмірі трагедиямен аяқталды. Бір фанатик оны балтамен шауып өлтірді. Сөйтіп, бір ғана баяндама оны Пекинге, Мәскеуге, Улан-Баторға да жарамсыз етті: Пекин оны Шыңғысханды сынағаны үшін, Мәскеу сол конференцияға қатысқаны үшін, Улан-Батор монғолдар намысына тигені үшін. Сөйтіп, Тимур Очир патриот болса да идеология отында күйіп кетті.

Осы жағдайға байланысты «Чингисхан и рождение современного мира» деген кітап жазған америка профессоры Джек Уэзерфорд былай деп пікір айтады: «Посвящается всем юным монголам. Никогда не забывайте ученых, отдавших жизнь ради сохранения Вашей истории»¹.

Бұл да тарих философиясына жататын, құбылмалы өмірдің бір көрінісі. Мәселе, оларды мақтауда, не даттауда емес, жан-жақты талдап, себептерін ашып беруде. Патриотизм құдыретті қасиет. Көзсіз патриотизм кейде опық жегізеді. Бағалайтын объективтік және субъективтік жағдайлар. Тарихымызды терең қазып, елге көрсету үшін алдымен тарих философиясы ғалымдардың көзін ашады, ойын тереңдетеді, кеңейтеді, дүниетанымдық шеңберін ұлғайтады деп білеміз.

¹ Уэзерфорд Джек. Чингисхан и рождение современного мира. – М., 2005. С.37.

3.5. Саясат философиясы

Грек тілінде «politika» саясат, мемлекетті басқару өнері деген мағына береді. Кейін келе бұл термин басқа да мағынаға ие болған. Мәселен саясат – алға қойған мақсатқа жету үшін қолданылатын әрекет, айла. Мақсатты белгілейтін идеология. Саясат идеологиядан туындайды. Жағдайға сай саясат өзгереді, икемделеді, ал мақсат – нысана, ол өзгермейді. Саясатты қолданғанда бір түрлілік, бір қалыптық, бір ыңғайлық болмауы керек. Ондай болған жағдайда саясат жүрмейді. Ол керек емес. Өйткені кері нәтиже, энтропияға әкеледі. Саясат қашанда әртүрлілік, ұқсамастық, айырмашылық не қайшылық бар жерде пайда болады. Саясаттың мақсаты – негізгі нысанаға жету үшін қолданылатын әрекет, айла. Олай болса, саясаттың өмірде атқарар жұмысы жан-жақты, әр қилы, алатын орны үлкен ерекше. Қоғамның қай саласын алмайық, әртүрлілік, араластық, қызығушылық шыққан жерде саясат қолданылады. Алдымен қоғам адамдардан тұрады. Олардың әрқайсысының өзіндік мақсаты болады, ол да әр қилы. Әрбір жеке адамды былай қойғанда, жалпы қоғамдағы адамдар мен мемлекеттік билік арасында да түсіністік, бірлік болу үшін саясат қажет. Ол үшін алдымен идеология басты мақсатты айқындайды, дәлелдейді. Содан кейін саясат барлық адамдардың ойынан шығатын әрекет жасайды. Мәселен, Қазақстан егемендік алғаннан кейін «20-30 жылдық стратегиялық бағдарлама» қабылдаған болатын. Ол бағдарлама 21 жылда мерзімінен бұрын орындалуына сай, еліміз стратегиялық «Қазақстан - 2050» жаңа бағдарламасын қолға алды. Оны орындау бүкіл Қазақстан халықтарының бірлігін, тұтастығын, одан соң, барлық алыс-жақын елдермен достықта, тиімді қатынаста болуды қажет етеді. Ол да саясат. Ондай үлкен мақсат түгіл, әрбір семья ішіндегі өз шамасына сай айырмашылық

мақсаттар болады. Олардың дұрыс түсіністікте болуы үшін, отбасының татулығы, балаларды өмірге дайындау үшін де отағасы дұрыс саясат қолданады, тәрбиелейді. Ал енді сол саясаттың өзі де мағынасы жағынан түрліше. Біреуді қолдау не оған кедергі жасау да саясат. Осыдан түрлі қарым-қатынас туындайды. Ең алдымен, адамдардың бірлікте, түсіністікте болуы үшін саясат айқын, таза, бәріне бірдей тиімді болуы тиіс. Мәселен, Аристотель «мемлекет адамдарға жайлы, бақыт әкелетін болуы тиіс» десе, италяндық философ Н. Макиавеллидің (1469-1527) ойынша, «мемлекет қолданатын заңдар ақыл мен тәжірибеден туындауы керек». Қолданылған заң не талап көпшіліктің ойынан шықпаған жерде ренжу, наразылық пайда болады. Кейбір елдерде адамдар ереуілге шығады. Ондай болмас үшін қабылданған қарарлар да ел тілегінен туындауы тиіс. Әл Фараби бабамыздың (870-950) «қолға алған мақсатқа кедергі жасау – қастандық» дегеніндей, саясат өмірдің осындай ой-шұқырларын айналып өту үшін де қажет. Саясат жаңа мақсат қоймайды, тек қабылданған мақсатқа жету жолдарын іздейді. Соған жұмыс атқарған адамды ел қолдайды, құрметтейді, сыйлайды. Ондай адамдарды олар дүниеден өткен соң да есіне ұстайды, өнеге етеді. Қоғам қашанда жақсы адамдардан тұрады. Олар көпшілік. Қоғамды прогреске жеткізетіндер де солар, сондай қайраткерлер.

Кеңестік саяси жүйе неге оп-онай, тез құлады? Ол сол қоғамның кейін келе жіберген саяси қателіктері еді. Кеңес үкіметі алдына үлкен мақсаттар қоя білді, халық жұмылып оны іске асырды. Бірақ, халық тұрмысы жеңілдемеді. Айтылған уәде, егер мынаны іске асырсақ, тұрмысымыз мынадай болады деген уәдесі іске аспады. Қоғам өмірі ол уәделерден алшақтай берді. Ең алдымен адамдарға күнделікті қажет тағам, заттар жетіспеді. Нан, ет, сүт, май, т.б. ұдайы тапшы болды. Басқа қажетті бұйымдарға ізденіс те

солай болды. Мұндай тапшылық өмір салтына айналғаны елдің ол қоғамға сенімін төмендетті, тіпті жоғалтты. Өз тұрмысын басқа елдермен салыстырғанда көп жағынан артта қалғанын байқайтын болды. Бұл әрі стратегиялық, әрі саяси қателіктер нәтижесі болатын. Кеңес жылдарында әрбір адам өзінің ішкі қабілетін еркіндікпен іске асыруына кедергі жасалды. Жұмыс өнімділігі төмендеді. Осы айтылғандар алдымен саясат философиясына жататын мәселелер. Олай болса, қоғам дамуы үшін алдымен мақсат айқын, қолдан келетін, ал қолданылатын саясат ашық, таза, халыққа тиімді болуы шарт.

Ақырында, саясатқа байланысты проблемалар көп. Алдымен оның технологиясын меңгеру керек. Идеология да, саясат та халық санасына енгенде ғана материалдық күшке айналады. Қашанда дұрыс пікір ой таласы арқылы қалыптасады, ол – факт.

Саясат ойлаған мақсатқа жетудің ең тиімді құралы, егер оны дұрыс қолдана білсе. Одан соң саясатты түсіне білу керек. Саясат ағым. Оған қарсы тұруға болмайды. Бірақ оны шындауға болады, әрине нақты жағдайдан туындайтын болса.

Егер қоғамда бәрі бірдей болса – әлеуметтік энтропия пайда болады, қозғалыс тоқтайды, ынта басылады, саясат керек болмайды, ұмытылады дедік. Қазір әлем батыстық өркениетке көшуде. Ол бірқалыпты емес, динамикалық құбылмалы. Оның үстіне экономикалық, саяси, мәдени әлеуметтік динамика бірімен-бірі тығыз байланыста. Ал адам баласы, оны әлеуметтік тұрақтылықпен байланыстырғысы келеді. Өйткені, көпшілік динамикалық процестен гөрі қалыптасқан, үйреншікті тұрақтылықты қалайды. Кейде табиғатқа жасалған кері әрекет адамзатқа зияндылық әкеледі. Олай болса, бұл мәселеге де, қоғамның өзін дұрыс ұстауда, түрлі жайсыздық жағдайға келтірмеу үшін ақылды саясат қажет. Ол жеке адам мақсаты үшін де,

көпшілік мақсаты үшін де, мемлекет тұрғысы жағынан да, мемлекетаралық та, әлемдік те болады. Сондай-ақ, сынар жақты, не жан-жақты тиімді, не прогрессивті, не консерваторлық, тіпті кертартпалық та болуы мүмкін.

Енді саясат философиясының түрлеріне тоқтайтын болсақ, онда олар зерттеуші мамандар пікірінше былай бөлінеді:

а) саяси антология. Бұл саяси болмыс туралы ілім. Бұған жататын саяси кеңістік, саяси уақыт, саяси детерменизм. Бұлар бірімен-бірі тығыз байланысты.

б) саяси антропология. Бұл саяси адам теориясына жатады. Бұл саяси өнер, міндет, ұйымдардан тұрады. Мәселен, саяси адам және экономикалық адам. Екеуі екі түрлі. Біреуі тек заңды сақтайды, заңмен жүреді. Екіншісі, сол заңның ішінен өзіне пайда келтіретін жағдайын іздейді, кейде пайда келтіремін деп жүріп оны бұзады. Саясат заң арқылы, оның институттарына сай жүргізілгенде ғана табысты болады. Ешкім оған күмән келтіре алмайды. Бұл саяси мәдениетке жатады.

в) саяси эпистемология. Бұл саяси шындық, оның ерекшеліктерін талдайтын ілім. Бұл белгілі қалыптасқан көзқарас, тәртіп, мәдениет арқылы жүргізіліп жатқан саясатқа пікір білдіру. Бұл өмір практикасынан туындаған пікір емес, керісінше дайын, қалыптасқан көзқараспен өмірден туындаған саясатқа баға беру, қолдау не оны мінеу. Сондықтан, эпистемология барлық жағынан қолдау таба бермейді. Өйткені, ол саналы ой болса бір сәрі, ал егер ескі догмалық не жеңіл-желпі болса, онда ол басқа. Өмір процесс, тез өзгереді, қалыптасқан пікір, ой олай емес. Көптеген мақал-мәтелдердің данышпандық жағымен, оның консерваторлық, тіпті кертартпалық жақтары да бар. Мәселен: «Құм жиылып, тас болмас, құл жиылып бас болмас» немесе «Әйелдің шашы ұзын, ақылы қысқа» деген мақалдар.

г) саяси праксикология. Бұл саяси әрекеттің ішкі құрылымын зерттейді. Қоғамның конструктивтік құрылымымен деконструктивтік құрылымын қарастырады. Өйткені, қоғамның өтпелі дәуіріне сай әлеуметтік ғылымдарда бұл жағдайларды бейнелейді. Қазір бәрі басқа, бұрынғы кеңес дәуіріндегідей емес. Соған сәйкес жаңа қоғамдық стратегия мен саясат қалыптасты. Саясат философиясы адамдарды қоғамда болып жатқан әрекет, құбылыстарға Эрих Фромм айтқандай «бейтарап болудан сақтандыру».

3.6. Патриотизм философиясы

Біз әрқашан патриотизмді әрбір елдің арқа сүйер күші, идеологиялық тәрбие жұмысының нәтижесі деп білеміз. Бұл, әрине, солай. Өйткені, патриотизм ары таза, Отанын, елін сүйген азаматтар намысы. Бірақ, сол патриотизм тек идеология жұмысы туындысы ма әлде оның арғы түбірі тереңде жатыр ма? Идеология болса, оны тек жүйелейтін, шыңдайтын күш. Міне, мәселе қайда. Біз көп жағдайда патриотизмді сыңаржақ, кейде жай бір кездейсоқ құбылыс деп түсінеміз. Бірақ, мәселе олай емес, оның негізі тереңде, адамның ішкі жан дүниесі сезімде жатыр. Ол көзге көрінбейді, адамның күнделікті өмірінен, атқаратын ісінен, қимылынан байқалмайды. Сондай-ақ, сол патриоттық ерлік көрсеткен адамның өзі де, өзінде сондай шексіз ерлік қасиет бар екенін байқамауы да мүмкін. Оның жанына, намысына тиетін кездейсоқ жағдай болғанда ғана әлгі іште мүлгіп жатқан ерен күш бұрқ етіп сыртқа шығып, ерлік жасатқызады. Сонда ол не? Бұл әрі саналы, әрі санасыз құбылыс. Бастауы санасыз қимыл. Соқыр патриотизм сәтсіздікке әкеледі. Бұл туралы алдыңғы тарауда айтылды.

Біз неше түрлі «Отан» туралы, не махаббат жайлы өлең, әндерді білеміз. Оларды ел қабылдайды, айтып жүреді. Мәселен, ғашықтың шыңы «Гауһартас». Мұндай әндер мол. Бірақ, олармен «Айқаракөз», «Ай қараңғы, таң жарық», «Арман-ай», «Ақжайнақты» бірдей деп қарауға болмайды. Мәселен, «Айқаракөз» әні ғашықтық тақырыбына жазылған, естігенде жаның шымырлайды, сезіміне әсер етіп жүрегіңді түбірімен қозғайды.

Дәл осындай сезімді «Еділ бойы», «Япурай» сияқты әндер де тудырады. Айталық, «Айқаракөзде» есте қалатын қарапайым сөздер: «Жүрмісің сау-саламат, қызыл гүлім» немесе «Ақжайнақтағы»: «Шәйі орамал бос байлап, жүрсің бе әлі той тойлап» сияқты. Бұлардың ерекшелігі, кәдімгі адам баласы өміріндегі ғашықтық сыры, сарыны ғана емес. Ол кімде жоқ? Бірақ, бұл өлеңдер жай ғашықтық қызуы емес, ғашықтық оның бергі көрінісі, оның арғы жағында терең сыр, өртенген өзек, ауырған жүрек, орындалмаған арман, қайғылы өмір жатыр. Ол қандай арман? Арғы ата-бабалар елі, есіңе түскенде жүрегіңді айыратын алыста жатқан өмір. Ф. Ницше айтқан: «Жақсы оқылатын шығарма қанмен жазылады» деп. Бұл өлеңдерде де сондай жағдайлар жатыр. Өйткені, «Ай қараңғы, таң жарық», «Айқаракөз» «Ақжайнақ» шетелден келген, оралман әндер. Дәл осындай өлең-жырлар бұрынғы біздің көшпелі ата-бабалар өмірінде көп болған. Себебі, көшпелі тұрмыс, «қыз алып, қыз беру» кезінде келін болып, басқа жерге кеткен жас қыз, сүймегенге сатылғаны былай тұрсын, ел-жұртынан біржола қол үзіп, өмір бойы оны көре алмай, арманда өтіп, көз жасын өлеңмен демдеткен. Сол арқылы жас нәрестесін алдына алып, бүкіл зары мен мұңын, шерін тарқатып, жұбатқан. Дәл сондай сезім Сібірге жер аударылып бара жатқан жігіттің «Барсаң, сәлем айта бар Марияға» немесе 1916 ж. айтылған, елінен айырылған жігіттің «Әке-шешем бар еді, жасы келген кәрі еді» не

«Барсаң сәлем айта бар жездем сорға, кетіп еді мал айдап, Орынборға» деген өлеңдерде жатыр. Бұл өлеңдердің мәңгі ұмытылмайтын құдіреті, олардың физиологиялық, психологиялық терең қасиеттерінде. Біз Зигмунд Фрейдтің (1856-1939) психоанализ теориясын білеміз. Ол онда байлықтан да, биліктен де жоғары тұратын нәрсе бар – ол жыныстық ынтық, нәпсі дейді. Біз З. Фрейд теориясын жоққа шығармақ болмасақ та, одан да жоғары, одан да құдіретті сезім бар екенін айтпақпыз. Ол Отан, ел, туған жер сезімі, қазақ айтады: «Туған жерге жер жетпес, туған елге ел жетпес» деп. Ғашықтық зары орындалмаған жағдайда өмірін қиған жандар болған, бірақ олар бірен-саран, ал Отан, ел үшін жанын пидә еткендер тарихта миллиондап кездеседі. Неге олай? Ерлік кірпік қаққанға жетпейтін мерзімде жасалады, бірақ ол кіршіксіз таза, адал, мөлдір өмір көрінісі.

Адамға неге туған жері ыстық? Басқа жер жақсы, жаннаттай болса да, өзі туып-өскен жеріне жетпейді. Соны өмір бойы аңсайды. Неге бұлай? Бұл себепсіз емес, физиологиялық санасыз психикалық процесс, тарихы бар. Жас нәресте алдымен анасының жылуын, иісін, дыбысын, жұмсақ алақанын сезеді. Сол жағдайларға қалыптасып өседі. Бұл жөнінде психологияға арналған тарауда айтқан болатынбыз. Туған жер бәрінен артық болып сезілетіні, ол ақылға көнбейтін имманенттік процесс. Отандық сезім туған жер, шыққан жанұя, қоршаған, өскен ортадан басталып, бірте-бірте жершілдік, азаматтық қасиет арқылы ұлттық құдіретті күшке айналады. Оны жүйелеп қалыптастыратын қоғамдық психология мен идеология. Бұл күш – патриотизм. Қаһарман ерлікке мән беретін, ұрпаққа өнеге ететін – ақыл, қоғам, тарих.

Айтылғандардан туындайтын қорытынды: біріншіден, көшпелі қазақ елінде туған жерін аңсау көп болған. Екіншіден, патриотизм негізі жер-су, дәм-тұз, ел-жұрт,

Отандық сезім дедік. Ол саналы адамдардың бәрінде бар. Тірі кезінде мәңгі өшпейді. Бұл да ғылым философиясы еншісі. Патриотизм адам санасына сырттан ендірілмейді.

Патриотизм «Отанды сүйіндер, сол үшін жан беруге дайын бол!» деп ұран тастау ғана емес. Оны тудыру үшін тереңнен қозғап, мәнісін ашу керек. Патриотизм әр адамның ішінде жатқан ғажап құбылыс. Ол туған жер, жанұя, өскен орта, сондай-ақ, ата-баба тарихынан басталады дедік. Оның сыртқы көрінісі – Мемлекеттік рәміздеріміз (ту, елтаңба, гимн, т. б.)

Сол іштегі сезімді ояту идеологияға жатады. Сондай жағдайлар арқылы адам болмысы қалыптасады. Патриот адамның намысы күшті, назары биік болады. Сол назарды сөндірмеу, еңсені баспау, қайта қолдау қажет. Патриотизмді оятатын музыка, адам жанын тербететін көркем шығарма, тәрбиелейтін, мықты ететін идеология. Ол саяси партия қолында. Адам – пенде, «Алтынды көріп, періште жолдан таяды» дейді халық. Қоғамда «сыбайластық жемқорлық» бар. Біз онымен күресіп, жеңе алмай келеміз.

Дін айтады: «Басқаны алдасаң да, Құдайды алдай алмайсың. Ол бәрін көріп тұр. Кейін істегеніңе жауап бересің» деп. Бұл пікір көбісінің алшаңдаған аяғын тартқызады. Міне, бұл – идеология. Патриотизм – адалдық, батырлық. Оны адам бүкіл өмір бойы қабылдап қалыптасады. Өзіңе пайдалы ма, әлде зиян ба, оған қарамай әділдікті жақтау, шындықты айту – ерлік, патриотизм.

3.7. Ұлтжандылық сезім философиясы

Кеңес Одағы жылдарында ұлтшылдық деген халықтардың бірлігіне, достығына зиян келтіретін құбылыс деп қарады. Сондықтан ол ұғым лексиконда, тек теріс мағынада қолданылған болатын. Бірақ бұл пікір кейін,

егемендік алғалы бері басқа мағынаға ие бола бастады. Ол мынау: егемендік алып, тәуелсіз мемлекет болған елдің өзіндік еркін саясаты, экономикасы, тілі, мәдениеті болуы керек. Оны қолдау өз ұлтын, мемлекетін, әдет-ғұрпын, тарихын жақсы көру. Бұл – өз елінің азаматы, патриоты болу. Оның ар жағында ұлттық сезім жатыр. Сонда ұлтшылдық деген не? Ол өз ұлтының деңгейі биік болуы, соған еңбек сіңіріп, адал қызмет етіп, оның тәуелсіздігі үшін күресуі. Ондай адам ұлтшыл болмауы мүмкін емес. Ондай адамды, қашанда сол ұлт өкілдері қолдайды, дәріптейді. Өз ұлты үшін аянбай қызмет ететін адамды халық басына көтереді, сенеді, соңынан ереді. Өз тағдырын сонымен байланыстырады.

Мәселен, 1914 ж. В. И. Ленин «О национальной гордости великороссов» деген шағын мақала жазды. Онда ол былай деген болатын: «Чуждо ли нам... чувство национальной гордости? Конечно, нет. Мы любим свой язык и свою родину»¹. Кейінгі зерттеушілер пікірі бойынша, В. И. Лениннің басқа еңбектерін былай қойғанда, оның осы бір ауыз сөзі, бүкіл орыс халқының жүрегін қозғап, назарын оған аударған көрінеді. Бұл орынды тұжырым. Өйткені, бұл сөз бүкіл орыс халқының санасын оятып, жігер берген күш болды. Бұл не сонда? Әрине, ұлтшылдық пікір. Сондай ұлтшылдардың бірі, атақты философ Г. Гегель болды. Ол әсіресе неміс халқын бүкіл басқа халықтардан жоғары санады. Славяндарды, шығыстықтарды төмендетті. Аты шулы А. Гитлердің ұлтшылдық сөзіне ұйып, соңынан ерген немістер оны басына көтерді. Өйткені ол немістердің көкейіндегі арманын айтты. Оның пікірі – немістер талантты, іскер халық, бірақ олардың еңбегін басқалар жеп жатыр, Олар Бірінші Дүниежүзілік империалистік соғыста Германияны жеңіліске әкелді. Оның орнына басқалар байыды деп, немістерді еврейлерге, басқаларға айдап салды.

¹ Ленин В.И. Полное собрание сочинений. – Т. 26. – 107 б.

Сөйтіп, ұлтшылдықтың уын шашты. Бұл да шындық, ұлтшылдықтың бір түрі – фашизм еді. Олай болса, ұлттық сезім әрбір ұлттың жүрегінде жататын, істерінен көрінбейтін құбылыс. Оны қозғамасаң, қобалжытпасаң, іште мүлгіп жататын, ал адамдардың жанына тиіп, намысын қозғасаң сыртқа шығып, олардың санасын билейтін жойқын күшке айналады. Дұрыс жүргізілмеген ұлтшылдық адам санасын уландырып, қауіпті істерге итереді. Ең жаманы ол кезде адамдар бірін-бірі қоздырады.

Бірақ, ұлттық қасиеттің екі түрлі түсінігі бар. Бірі – өз ұлтыңды сүю, соған қызмет ету. Басқаның намысына тимеу. Кенеттен қауіп төнсе, жанын ойланбастан беруге бару. Сондай-ақ, өз ұлтыңды басқадан жоғары санамау, басқаларды оған қарсы қоймау. В. И. Лениннің әлгі пікірі дәл осындай.

Екіншісі, өз ұлтыңды бәрінен жоғары санау, басқаларды кеміту, намысына тию. Мұндай көзқарас өз ұлтына кесірін тигізеді, оны басқаға қарсы қояды. Бұл өте қасіретті әрекет. Гитлердің ұлтшылдығы осындай еді. Оның ақыры немен біткені белгілі. Олай болса, мәселе ұлтшылдықтан қашу, не оны жақтауда емес, оны саналы, ақылға салып түсінуде. Бір ғажабы адал, таза, ұлтжанды адамды халық қолдайды. Бірақ, сол сенімге сүйеніп, оны ақтап, халыққа адал қызмет ету. Сондай-ақ, өз ұлтыңды дұрыс жолға салып, оны басқа халықтармен ынтымақтастық, достықта болуға бағыттап, тәрбиелеу. «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым, ұстарасыз аузыңа түсті мұртың. Жақсы менен жаманды айырмадың, бірі май, бірі қан боп, енді екі ұртың». Мұны күйініп, намыстанып, ұлттың сезімін оятып айтқан данышпан Абай. Бұл өз ұлтына жаны ашығандықтың көрінісі, ұлтжандылық.

Сонымен ұлтшылдық қалай туындайды? Ол не? Бұл сезімдік, этно-психологиялық әрі саналық процесс. Олай болса, сол ұлтшылдық екі құрамнан тұрады. Бірі –

сезімдік, екіншісі – саналылық. Екеуі қосылып бір ұғым тудырады. Алдымен сезімдік деген не, ол қайдан шығады? Бұл табиғи, биологиялық процесс. Адам белгілі жағдайда дүниеге келеді, өсіп өнеді. Оған әсер ететін ішкен суы, жеген асы, жұтқан ауасы дедік. Біз ол туралы айтқан болатынбыз. Жершілдік сезім де осындайдан пайда болады. Өзі туған жердің адамы да, оған ыстық көрінетіні, осыдан болса керек. Осындай сезім кейбір жануарларда да мәселен, жылқыда бар. Осы сезім негізінен ұлттық идея туындайды. Жас адам оны сезбеуі де мүмкін. Бірақ, басқа жерде жүргенде бөтен біреу ойда жоқ жерде, абайсыз сенің ұлтыңа, тіліңе не әдет-ғұрпыңа кері тиетін пікір айтса, онда сен наразылық білдіресің. Ойламаған жерде өз ұлтыңды жақтай бастайсың. Бұрын мән бермеген пікір кенет ойға келеді. Бұл не сонда? Бұл сезім. Қандай сезім? Ұлттық психологиялық сезім, яғни ұлттық идея дегеніміз осылай басталады. Ұлттық идея, патриоттық сезім, ұлтшылдықтың негізі. Бұл сезім барлық есі дұрыс, санасы орнықты адамдардың бәрінде бар. Ал, ондай сезімі жоқ адам бола ма? Болады, егер оның есі дұрыс болмаса. Бір кезде «Космополит» деген ұғым болды. Оның мәні «әлемдік адам» деген сөз. Шынында, бұл саясат. Өйткені туған жері, өскен ортасы жоқ «әлемдік адам» болмайды. Бәрі-бір өзін әлемдікпін деп жүрген адамның да туған жері, ұлты бар. Олай болса, «космополит» деген ұғым, тек бір кездегі белгілі ұлт өкілдеріне арналған идеологиялық саясат болатын. Аспаннан түскен адам жоқ. Кімнің де болса туған жері, өскен ортасы бар.

Енді, ұлтшылдықтың екінші жағына келетін болсақ, онда бұл сезімнен жоғары, саналы процесс. Оны адам бала кезінен бастап, есі кіре бастағанда, алдымен отбасында, ата-анасы, айналасындағы жақындары әңгімелерінен, айтқан ақылынан аңғарады. Кейін мектептен, оқыған кітаптарынан, түрлі хабарлардан алып, санасын қалыптастырады. Бұрынғы

көшпелі қазақ елінде отансүйгіштік, батырлық қасиеттерді жырау-жыршылар батырлық дастандар айтып тәрбиеледі. Тіпті, бізге белгілі Қабанбай, Бөгенбай, Наурызбай секілді батырлардың тарих сахнасына кезінде шығуына елдік, ұлттық сезім мен патриоттық сана қалыптастырған әлгідей жыршылар жырлаған «Қобыланды батыр», «Алпамыс батыр», «Шора батыр», «Ер Едіге», «Көрқұлы», «Ер Тарғын» образдары болса керек. Бүгін де, ертең де солай бола бермек. Оның арғы-бергі жағында жатқан мақал-мәтелдер «Атаңның ұлы болма, адамның ұлы бол», «Жат жерде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол» деген сияқты. Сонымен, жершілдікпен ұлттық сананы тәрбиелеуге болады, бірақ жойып жіберу мүмкін емес, негізі тереңде.

Міржакып Дулатовтың мына сөзіне құлақ салайық:

«Көзіңді аш, оян қазақ, көтер басты,

Өткізбей қараңғыда бекер жасты.

Жер кетті, дін нашарлап, хал харам боп,

Қазағым енді жату жарамасты».

Бұл не? Ұран! Патша үкіметі де, Кеңес үкіметі де бұл өленді билікке қарсы ұлтшылдық, реакциялық деп таныды. Ол рас. Ұлтшылдық, бірақ кімге, қай ұлтқа қарсы? Ешқандай ұлтқа қарсы емес. Тек, патшалы Ресейдің отарлау саясатына қарсы, ұлт-азаттық көтеріліске шақырған ұран болатын. Біз бұған енді қалай қарауымыз керек? Тек дұрыс тұрғыда. Алаш арыстарының арманы бүгін орындалды. Егеменді ел болдық. Өз қолымыз өзімізге жетті.

Айналып келгенде, өз ұлтын жақсы көрмейтін адам жоқ дедік. Бірақ, әркімнің түсінігі әртүрлі. Ол оның саналылығы, тәрбиесі, адамгершілік қасиеті, тазалығына байланысты. Бір ұлттық сезім бар: бір ұлтты бір ұлтқа қарсы қоятын. Бір ұлттық сезім бар: бір ұлтты бір ұлтқа жақындастыратын, достастыратын. Бізге керегі соңғысы.

«Қазағым қақтықпа, қамалма,

Ел болар қамыңды амалда.

Өтті түн, атты таң, шықты күн,
Сал малды, сал жанды, аянба!»

Бұл да ұлттық ұран. Оны патша үкіметі құлап, қазақтардың бостандыққа ұмтылған, Автономиялық Республика болғалы жатқан кезінде, «шүйінші» деп жар салған Жүсіпбек Аймауытов болатын. Бұл патриоттық өлеңде басқа ұлттың намысына тиетін ешнәрсе жоқ, тек азаттық қуаныштың салтанаты еді. Бірақ осы ұран-өлең үшін Жүсіпбек Аймауытов «ұлтшыл» деп айыпталып, атылып кетті. Себебі, өз ұлтын дәріптеу, ұлттар бірлігіне зиян тигізеді деп бағаланды. Өйткені, тәртіп «газон» жүйесіне ұқсас еді.

Бір кезде ұлтшылдық деген сөзден қашып, біз «ұлтжандылық» деген ұғымды қолдандық. Бірақ «ұлтжандылық» деген ұғым, ол да патриотизм, ұлтшылдық екен. Бізге барлық халықтардың еліміздегі ұйытқысы болатын ұлттық толеранттық сана керек. Ол қазақ халқының гуманистік санасы. Соның көрінісі азаматтық, ұлттық намыс. Қазақ намысын ешкімге бермеген, тәкаппарлықты да қолдамаған. Егер ұлтшылдық деген сөз құлаққа жағымсыз тиетін болса, онда ұлтжанды терминін қолдана беру керек. Намысы жоқ адам, тек қуыс кеуде (робот).

Сөз соңында айтарымыз: «ұлтшылдық», «интернационализм» ұғымдарын тарихқа ендірген К. Маркс пен Ф. Энгельс болатын. Өйткені олар әлемді 2 тапқа бөлді: үстем тап пен езілген тап. Антагонистік қоғамды құлатып, социалистік (коммунистік) қоғам орнату үшін езілген бұқараны бірлікке, күреске шақырды. Сондықтан олар «Пролетарии всех стран, соединяйтесь!» деген ұран көтерді. Бірақ, сол таптық бірлікке кедергі болатын ұлттық ерекшеліктер мен мақсаттар болатын. Сондықтан К. Маркс пен Ф. Энгельс ұлттық бөлінуге қарсы болды. Оны жақтаушыларды, ұлтшылдық деп қарады. Езілген

таптардың бірігуіне қолдау болады деп «интернационализм» идеясын ұсынды.

В. И. Лениннің буржуазиялық, ұлтшылдық және пролетарлық интернационализм бір-біріне қарсы ымыраға келмейтін ұран дегені осыдан болатын¹. Сонымен ұлтшылдық деген терминнен қорқатын заман өтті, өзгерді. Теория да басқа. Осыны аңғарған жөн. Ұлттық сезімнен де тереңде жатқан жершілдік сезім. Ол биофизиологиялық құбылыс. Бұл санасыз процесс. Саналық, ұлттық сезім осының негізінде бірте-бірте кейін пайда болады. Ол екі бағытта дамуы мүмкін. Мәселе, оны дұрыс, гуманистік бағытта тәрбиелеу. Ол үшін басты қасиеттің бірі – толеранттық демекпіз. Сонымен, патриотизм негізгі Отандық сезім, оған жақын тұрған ұлттық сезім.

¹ Ленин В.И. Полное собрание сочинений. Т.24, 123 б.
248

4. ТАҚЫРЫПТАН ТУЫНДАҒАН ОЙЛАР

4.1. Ленин қалай философ болды?

В. И. Ленин (1870-1924) өздігінен жетіліп философ болды. Оған танданатын ешнәрсе жоқ. Өйткені философия оймен құрастырылып, қалыптасатын ілім. Әрине, арнайы философиялық оқу орнын бітірмей-ақ философ болған жалғыз В. И. Ленин емес. Кезінде К. Маркс, Ф. Энгельс те ондай білімді алмай-ақ философ болды. К. Маркс Берлин университетін құқық мамандығы бойынша бітірісімен, «Демокрит натурфилософиясы мен Эпикур натурфилософиясы айырмашылығы» тақырыбына диссертация жазып, философия докторы дәрежесін алды. Ол Кельн қаласында «Жаңа Рейн» газетіне редактор болғанда, редакцияға келген көптеген мақалаларды сұрыптап, талдап, қорытып философиялық ойын дамытып материалистік диалектиканың негізін салды. Өздігінен философ болғандардың қатарына А. И. Герцен де жатады. Ол Мәскеу университетінің физика-математика бөлімін бітірген. 1843-1844 жж. деревняға барып, сол жерде философия мен табиғат, империя мен идеализм арасындағы байланыстарды ойланып, сондай-ақ философия тарихына бірнеше мақала жазып, өзінің «Табиғатты зерттеу туралы хаттар» деп аталатын еңбегін жарыққа шығарды, Сөйтіп, өзінің философиялық ой пікірін қалыптастырды.

Өздігінен философиялық дәрежеге жеткен Абай мен Шәкәрім болды. Бұл да тегін емес. И. Кант айтады: Математика, физика, тарих, басқаларды оқып, білуге болады, ал философия олай емес, деп.

Тарихта ірі жаратылыстық ғылымдар өкілдері өздігінен философияны меңгерген. Әрбір ғылымның басқа ғылымдармен, табиғат, қоғам, өмір байланысын ажырату философияға әкеледі. Өйткені философия данышпандық

ілім. Ол оймен жасалған рухани өрнек. Оған жетудің екі жолы бар. Бірі – арнайы білім алып, философия заңдары, категориялары, тарихы, т.б. игеріп, білу. Екіншісі – өздігінен ойланып, әлемнің заңдылықтарын байқап, оймен өмір байланысын көріп, түрлі құбылыстарды талдап, тұжырым жасау, пікір айту. Сондай-ақ, философиялық еңбектермен танысып, білімін толықтыру, дамыту.

В. И. Ленин кезінде арнайы философиялық білім ала алмаған дедік. Оның арнайы оқып, бітіргені тек гимназия болатын. Оны А. Ф. Керенскийдің әкесі директор кезінде алтын медальмен тамадаған. Университетте профессорлардың лекциясын тыңдап, жан-жақты білімін толықтыра алмаған. Ол Петербург университетін экстернат болып бітірген. Оның білімі өзіне қажет кітаптарды оқу арқылы қалыптасқан дейді Н. А. Бердяев. Мамандығы да философия емес – заң (құқұқ). Солай бола тұрса да, В. И. Ленин өз заманында арнайы философиялық білім алған, университеттерде толық курс лекциялар тыңдаған белгілі философ Г. В. Плеханов (1856-1918), Н. А. Бердяевтердің (1874-1948) тісі батпаған философиялық проблемаларға назар аударып, ой жүгіртіп, үлкен теориялық тұжырымдар айта алған. Мәселен, ол 1908 ж. шамасы алты ай ішінде Женева, Лондон кітапханаларында түрлі философиялық, жаратылыстық еңбектермен танысып, білікті ғылыми тұжырым жасап, «Материализм және эмпириокритизм» деп аталатын философиялық еңбек жазып, жарыққа шығарды. Оған себеп болған, сол кездегі ғылыми-техникалық орасан зор жаңалықтарға байланысты туындаған, ғылыми-теориялық проблемалармен қатар, түрлі түсінбестік жағдайлар, идеялық дағдарыс еді. Мәселен, 1897 ж. осыған дейінгі 2 мың жыл бойы әбден қалыптасқан «атом» бөлінбейтін, әлемнің ең кішкентай бөлшегі деген Демокрит пікіріне қайшы келетін жағдай кезікті. Атом бөлшектеніп, одан 2 мың есе кіші электрон ашылып, ғылымда белгілі болды. Осыған сәйкес,

көптеген жаратылыстану ғылымдары өкілдері арасынан енді атом бөлшектенеді, «материя» жойылды, ғайып болды, оның орнында идея қалды, электрон материя емес, энергия дейтіндер шықты. Осы жағдайға тура келген В. И. Ленин: «Бұл қалай? Материяны ғой ешкім қолдан жасаған жоқ. Жасалмаған нәрсе қалайша жойылады, дүниені ешкім жасамаған болса, онда ол мәңгі өмір сүруі керек, – дей келіп, – материя жойылмақ емес, тек өзгерісте болуы мүмкін» деген қорытынды жасады. Материя емес, жойылған тек ол туралы біздің бұрынғы түсінігіміз деп ой түйді. «Сонда не өзгерді? Өзгергені тек біздің материя туралы осыған дейінгі ұғымымыз», деді В. И. Ленин. Осы тұжырымын ол қалай дамытты демек болсақ, онда ең алдымен оның ойына келгені материя жөніндегі осыған дейінгі пікірлердің толық еместігі, оның бүгінгі жағдайға сәйкес келмейтіні. Демокриттен бастап материяны көзге көрінбейтін, дыбысы естілмейтін, қолға ілінбейтін, бірақ объективті өмір сүретін зат, оның ең кіші, одан әрі бөлшектенбейтін бөлігі – атом деп түсінетін болғандығы. Ал атомның бөлшектенуі бұл бұрынғы пікірді дағдарысқа тіреді, тіпті жоққа шығарды. Мәселен, энергия, сәуле – олар зат, дене емес, бірақ объективті өмір сүретін шындық. Сонда ол не деген сұрау туындады. Оның үстіне, XVIII ғ. өмір сүрген ағылшын философы Джордж Беркли (1685-1753) материя дегеніміз ол зат емес, оның бейнесі де жоқ, олай болса, ол тек қиял-ой деген болатын. Сондықтан Дж. Беркли И. Ньютонның «кеңістік» жөніндегі, Дж. Локктың «сапа» екі түрлі деген қорытындыларына қарсы шығып, философиялық тұжырым жасаған еді. Дж. Берклидің пікірінше, «кеңістік объективті өмір сүрмейді, ол сананың туындысы, сондай-ақ сапа да біздің ойымыздың туындысы» деген болатын. Дж. Берклидің бұл пікірі көптеген философтарға идеалистік пікірдің үстем болуына әсер етті. Ал XIX ғ. аяғындағы атомның бөлшектенуі Дж. Беркли пікірін «растап», оны ілгері дәріптеуге әкелді.

В. И. Ленин өз еңбегінде Дж. Беркли пікіріне тосқауыл қойды. Әрине В. И. Лениннің пікірінше де «материя ол ұғым, философиялық ой». Дәл осындай қорытындыға келіп материя ой деген пікірді өмірінің соңғы жылдарында Ф. Энгельс те айтқан болатын. Бірақ, Ф. Энгельстің бұл пікірімен В. И. Ленин хабардар болмады, ойын өзінше топшылады. Екіншіден, бұл жөнінде В.И. Ленин Дж. Беркли пікірін сырттай қолдаған сияқты көрінгенімен, шынында мәселе олай емес, тіпті керісінше еді. Дж Беркли материя тек таза ой, қиял десе, В. И. Ленин материя қиял, ой, ұғым, бірақ құр ой, жай ұғым емес, объективтік дүниенің санадағы бейнесі, оның негізі, объективтік шындық. «Материя» сол объективті шындықтың ұғымдық бейнесі деген болатын. Сондықтан, В. И. Ленин ғажап қорытынды жасап, материяға философиялық жаңа анықтама жасады. В. И. Ленин пікірінше: «Материя дегеніміз – адамға, оның түйсіктері арқылы мәлім болатын, біздің түйсіктерімізге тәуелсіз бола отырып, сол түйсіктеріміз арқылы көшірмесі алынатын, суреті түсірілетін, бейнесі жасалатын объективтік реалдықты белгілеу үшін қолданылатын философиялық категория»¹. Категория деген не? Ол ұғым. Олай болса, материя объективтік шындықтың бейнесі, аты болып шығады. Бұл анықтаманың берілгеніне 100 жылдан асты. Содан бері ғылым шарықтап дамыды. Бірақ, лениндік анықтамаға ешкім өзгеріс жасаған жоқ. Себебі, бұл анықтама дүниенің объективтік шындық екенін, ол өздігінен өмір сүретінін көрсетеді, ол – бір. Екіншіден, бұл объективтік реалдыққа тек зат, дене ғана емес, сонымен қатар энергия, сәуле, тартылыс күші (гравитация) бәрі жататынын дәлелдеді. Олай болса, бұл анықтама әзірше көнерген жоқ, өмір

¹ Ленин В. И. Шығармаларының толық жинағы, т. 18. Алматы, 1977. – 138 б.

сүруде. Бұдан келіп ол мәңгі өзгермейді деген пікір де туындамауы керек. Келешекте материяның басқа да қасиеттері, сапасы байқалса, анықтама да өзгеруі мүмкін. Бұл – өмір. В. И. Ленин кезінде философиялық арнайы білім алған жоқ десек те, ол философиялық ойдың бұл мәселеде шыңына шықты. Сондай-ақ, ол жаратылыстық таным уәкілі емес екендігі де белгілі, әйтсе де ол физиктер айта алмай, шатасып жатқан мәселелерге ақыл тұрғысынан түсінік беріп, оларды нағыз ғылым жолына бағыттады. Оны В. И. Ленин қалай жасады демек болсақ, оған ол ғылыми, өздігінен ойлау, талдау, топшылау арқылы жетті. Сондай-ақ В. И. Ленин 1914-1915 жж. Г. Гегельдің «Логика ғылым» деген еңбегімен түбегейлі танысып, оны зерттеді, бұл жөнінде де үлкен философиялық қорытындылар жасады. Оған себеп болған Бірінші дүниежүзілік империалистік соғыс болатын. В. И. Ленинге ой салған мына жағдайлар: империализм – халықтардың санасын оятты. Күшті елдер нашар дамыған елдерді басып алып, еріксіз «отар» елге айналдырып, ысырапсыз тонап, езе бастады. Бұл ұлт-азаттық қозғалысын өршітті. Сондай-ақ, империалистік соғыс бір елдің бір елге үстемдік орнатуы үшін жасалған зорлық әрекет екенін көрсетіп, елдердің оған наразылығын тудырды. Бұл мәселенің бір жағы, екінші жағы – соғысып жатқан әрбір ел азаматтарының намысын, патриотизмін туғызды. Олар өз елінің жеңілмеуін тілеп, жанталасты. Осындай қайшылығы мол мәселелерді шешу үшін диалектиканы меңгеру қажет болды. Сондықтан В. И. Ленин арнайы Г. Гегельдің еңбегін тиянақты зерттеп, соған байланысты өз ой-тұжырымдарын дамытты. Оны түсініп, білу үшін В. И. Лениннің шығармалары толық жинағының 29 томымен танысудың өзі-ақ жеткілікті. Бұл еңбекті ресми түрде «Философиялық дәптерлер» дейді. Бұл жай конспект қана емес, үлкен философиялық туынды, өз алдына үлкен

философиялық еңбек. Гегельге дейін К. Маркс, Ф. Энгельс еңбектерін де конспектиледі. Ол да әлгі еңбектен көрініп тұр. Осындай философиялық шығармалардан туындаған ойларын барлық басқа шығармашылық еңбектерінің негізі етіп қолдана білді. Өзінің үлкен философ бола алғанын танытты. Бұған дәлел оның бір ғана империализмге берген анықтамасын айтсақ та жеткілікті. Ол Г. Гегельдің кейбір пікірлерін қолдап, онымен келіседі. Сондай-ақ, онымен келіспей, өз ойларын дамытқанын да байқатады. Олай болса, В. И. Ленин тек үлкен саясаткер ғана емес, сондай-ақ теоретик, философ бола алды.

Бұл дәрежеге В. И. Ленин қалай жетті? Өздігінен дүниені барлау, пайымдау, тұжырымдау, қорыту арқылы. Мәселен, әлем тек өздігінен өмір сүріп қана тұрмайды, оны танып білуге болады деп қорытты. Белгілі болған нәрсені танып-білу арқылы өмірді сара жолмен басқаруға болатыны айтылды, агностицизмді сынға алды. Сонымен қатар, адамдардың шығармашылық мүмкіндігін ашты. Бұл ғылымға методологиялық үлкен негіз болатын жаңалық еді. Сондай-ақ, философиялық білімін, тек кітап оқып қана қоймай, оны дамытты дегіміз келеді. Олай болса, оның еңбектерінің қорытындысы, адам өзін-өзі дамытуының өнегесі деуге болады. Мұның жастарға тәрбиелік мәні осында. Кезінде К. Маркс пен Ф. Энгельс, А. И. Герцен, Дени Дидро, т. б. осылай жетілген дедік. Ол кітаптар оқу, байқау және өздігінен терең ой толғау арқылы жасалатынын көрсетеді. Бұл оның барлық ғылымдардан басты ерекшелігі.

Әрине, К. Маркс, В. И. Ленин тұжырымдарының көнерген жақтары да бар. Мәселен, XIX ғ. орта кезінде К. Маркс дәлелдеген қоғам тек үстем және езілген антагонистік екі таптан тұрады деген теориясына XX ғ. басында неміс социологы Макс Вебер (1864-1920) қарсы пікір айтып, қоғам түрлі топ, таптардан құралған. Тіпті, бір

мамандыққа жататындардың да тұрмыс жағдайлары бірдей емес, түрліше деген болатын. Олай болса, – дейді Вебер, – қоғамдағы адамдардың тілек, мақсаттары да бірдей болмайды. Сондықтан, әлеуметтік ортақ мақсат жоқ жерде тап күресі болуы мүмкін емес деп теориялық қорытынды жасады. Қазіргі Батыс елдерде осы теория іске асырылып та жатыр.

4.2. А. Камюдің К. Маркс философиясына сыны

К. Маркстің тарихқа көзқарасын талдай келіп А. Камю былай деп жазды: «К. Маркс рухты жоққа шығарды, таза тарихи материализмді жасады»¹. Осылай десе де, тағы бір айналымында «Маркс философиясын толық мағынада тарихи детерминизм деп атауға болады»² деп жазды. Бұл жерде А. Камю тарихи материализм мен тарихи детерминизмді шатастырып отыр. Өйткені, бұл екеуі арақатынасы жақын болғанымен, бір емес. Тарихи детерминизм ол барлық жағдайда ғылымдар негізі, себеп пен салдар байланысы. Тарихи материализм де соған негізделген. Бірақ, ол тек себеп пен салдар байланысы ғана емес, сонымен қатар қоғамның даму көрсеткіші, өндіріс тәсілін, сонымен қатар материалдық өндіріс пен рухани өндіріс диалектикасын ашты, халық пен жеке адамның тарихтағы рөлін көрсетті, тарихты жасаушы кім екенін дәлелдеді. Былайша айтқанда, қоғамның даму заңын ашты. Бұл мәселелер тарихи материализм үлесіне жатады. Оған дейін А. Камю К. Маркс диалектикалық материализм терминін жасаған жоқ. Оны ғылымға алып келген оның шәкірттері,³ ал К. Маркстің жасағаны «тарихи материализм»

¹ Камю А. Бунтующий человек. – М., 1990. – 272 б.

² Камю А. Бұл да сонда.

³ Бұл да сонда.

деген болатын. Бұл пікірге қосылуға болады. Бірақ, А. Камюдің мына айтқаны өзіне яғни әлгі пікіріне кереғар. Бұл оның тарихи материализмге байланысты айтқаны. Бұдан әрі А. Камю былай деп жазды: «К. Маркс ғалым болды. Ол буржуазиялық дүниенің жемісі. Ал буржуазия ғылым, техника, өндірістің дамуын керек етті. К. Маркс пікірі де дәл осындай» деп қорытты. Әрине, мәселе, К. Маркс пен сол кездегі буржуазия өкілдері пікірлерінің ұқсастығында ғана емес. Ондай пікірді ағылшын экономистері А. Смит, Д. Рикардо да айтқан болатын. Бірақ К. Маркс олардан жоғары тұрды. К. Маркс капитализмнің ішкі механизмін зерттеп, біреудің бай, біреудің кедей болуы, оның іскер, еңбекқорлығында ғана емес, оның көзге көрінбейтін ішкі құпиясында. Ол «қосымша құн» деген болатын. Олай болса, К. Маркс капитализмнің феодализмге қарағанда ілгері дамыған қоғам екенін айтып қана қойған жоқ. Капитализмнің дамуындағы ұдайы қайталанатын дағдарыс заңын ашты және ол дағдарыс, оның стихиялық даму табиғатында екенін дәлелдеді. Сондықтан, капиталистік елдерде біркелкі даму болмайды, бірі озып, сосын кейін қалып, дағдарысқа ұшырап, басқа одан озып кеткен елдермен ұдайы таласта, тартыста болатынын дәлелдеді. Тек соңғы жылдары ғана ірі дамыған елдер басшылары өзара келісімге келіп, сауда, басқа да экономикалық қатынастар реттелетін болды. Бірақ, бұл заңдылық емес, амалсыздық уақытша әрекет. Капитализмнің мұндай клеткасын А. Смит пен Д. Рикардо ашпаған болатын.

Одан соң А. Камю: «Тарихтың табиғаттан айырмашылығы, оны ырық, ғылым және ынта билейтіні. Олай болса, К. Маркс таза материалист болған жоқ, себебі не таза, не абсолютті материализм дүниеде жоқ»¹ деп жазды.

¹ Бұл да сонда

Осы жерде А. Камю К. Марксті объективті идеалист Г. Гегельмен бірдей деп қарайды. Г. Гегельдің тарих жөніндегі түсінігін талдай келіп, А. Камю былай деген болатын: «...Тарих дегеніміз материя және сонымен қатар рух»¹.

А. Камю пікірінше материализм ол тек дене, зат емес, сонымен қатар – идея, рух. Бірақ өмірде олар аралас кездеседі деп қорытты. Әрине, ырық-сана билеген күш.

Ақырында А. Камюдің К. Марксті таза материалист болмады деуіне себеп болған, қоғамда адамдардың санасына сіңіп, оны билеген идея материалдық күшке айналды деген пікірі еді. Бұл да А. Камюдің К. Маркс пікірін дұрыс түсінбегендігі болса керек. Өйткені, қоғам саналы адамдар қауымдастығы. Қоғам санасыз тіршілік тобыры емес. Санасыз тобырды билейтін тек қара күш. Қоғамды билейтін, бастайтын, басқаратын адамдар санасына айналған алдыңғы қатарлы, данышпандық идея... Міне, бұл қоғамның табиғаттан тағы бір айырмашылығы.

Әрине, сананың материяға айналуын тікелей, тура түсінуге болмайды. Қоғам күрделі құбылыс. Мұнда әрбір құбылыс ұзақ өзгерістер нәтижесі. Бәрі оп-оңай түсінікті болса, ғылымның қажеті болмаған болар еді. Әрбір жаңадан ескінің ешбір қалдығы, әсері жоқ сияқты көрінуі мүмкін. Бірақ үңіліп, жан-жақты терең ойлаған адам басқаша айтқан болар еді.

Идея санаға әсер етеді. Ал сана адам күшін ырыққа айналдыру арқылы мақсат орындалады. Сол орындалған нәтиже (материалдық, не идеалдық болса да) іске айналдырылған идея. Әрбір іс идеядан басталады. Жасалған дүние іске асқан идея, яғни таза идеяның іске айналған, өзгертілген түрі. Осы ойдың ең қарапайым түрін Ж. П. Сартр «Экзистенциализм – ол гуманизм» деген еңбегінде былай дейді: «Қолөнерші, ұста пышақ жасамақ

¹ Бұл да сонда

болса, алдымен оған керегі қандай пышақ соны ойда ұстайды. Сонда жасалған пышақ іске асырылған ой». Олай болса, қашанда жасалған іс материалданған ой, идея деп түсінуіміз керек. Ол үшін идея бос қиял болмай шындықтан туындаған болуы тиіс.

Адамдар санасын меңгерген идея – ғажап материалдық күшке айналатыны осыдан. А. Камю сірә, мұны түсінбеді.

Өт – бауырдың жемісі, ой – мидың жемісі дейміз. Екеуі де жеміс, бірақ айырмашылығы аспан мен жердей. Бірі материалдық, екіншісі рухани жеміс. Ал сөз ше? Ол ойдың материалданған түрі, сөз мейлі дыбысты, не дыбыссыз болсын, бәрібір. Ой, тек сөз арқылы өмір сүреді, іске асады. Тек сөз арқылы ғана адамдар бірімен бірі түсініседі, ұйымдасады. Сөз болмаса ой да жоқ. Сөз жинақталған, шоғырланған энергия. Сөз санамен бір емес. Кейде сыртқы әсерге (бір нәрсе шақса, бір жерін бір нәрсеге соғып қатты ауыртып қалса, не отқа тисе) санасыз тез реакция жасайсыз, сосын барып аңғарасыз. Әлгі реакция санасыз қимыл. Сол сияқты сөз де кенет айтылса, адам соған тез реакция жасайды. Бірақ бұл реакция түрліше. Сондықтан, қате жібермес үшін, аз да болса ойланып жауап берген жөн. Әйтпесе, ол да санасыз әсерге жатады. Сөз санаға ғана емес, алдымен адамның ішкі сезімі, психикасы, болмысына әсер етеді. «Сөз бен адамды ауыртуға да, сауықтыруға да болады» деп орта ғасыр дәрігері, данышпан Ибн Сина (Авиценна) (1080-1161) кезінде айтқан болатын дедік. Қазақ айтады: «Таяқ еттен өтеді, сөз сүйектен өтеді». Сөз адам психикасын (жанын) билейді. Таяқ денені ауыртады, сөз адам жанына тиеді, сүйегін сырқыратады, содан санаға жетеді. Мәселе, сөзді дауыстап қалай айтылуында. Айталық, әскерде командир даусы. Дыбыссыз (қағазға түскен) сөз бірден санаға не санамен жанға бірдей әсер етеді. Сондықтан, сөзді дұрыс қолданатын адамды халық қашанда сыйлаған. Сөз үлкен идеологиялық қару.

Сонымен сөз – қиял, ой, идеяның материалданған түрі. Сөз арқылы адам санасын билеп іске асқан идея – материалданған құбылыс. Олай болса, ойдың (идеяның) материалдық күшке айналуын А. Камю осылай түсіне алмады.

4.3. Ф. Ницше – өмірден түңілген адам

Адам бойындағы ең төмен қауіпті қасиет – өмірден түңілу. Бұл бәрін жоғалту, болашақтан үміт үзу. Кей жағдайда мұның ақыры адам өзіне қол салуына әкеледі. Адам бойында бұдан ауыр әрі жаман жағдай жоқ. Сондайлардың бірі неміс философы Фридрих Ницше (1844-1900). Ол өзіне қол салған жоқ, бірақ өзін есуас адам қалпына келтірді. Өзі өмір сүрген капиталистік қоғамға қарсы болды. Өз тұрмыс жағдайын да жақсартқысы келмеді. Ф. Ницше социализм идеологиясын да ұнатпады, феодалдық қоғамды да дәріптемеді. Ол христиан дініне қарсы болды. Жалпы дінді сынады. Бірақ атеист болды деп те айта алмаймыз. Сонда оның мақсаты не? Оны өзі де білмейді. Әйтеуір бәріне қарсы, бәрін жоққа шығару¹. Өзі туралы айта келіп: «Менің бақытым, ол бейшаралық және ластық жоқшылықта нашар өмір сүру»² дейді. Оның капитализмге қарсы болғаны – қоғамның адамдарды екі топқа бөліп, оларды екіжүзді етуі, біреу еңбек етеді, сонда да нашар тұрады, біреу еңбек етпесе де бай болады. Өтірік айту, жалған мақтау, өмір салтына айналғаны. Ф. Ницше өмір заңдылығын білгісі келмейді, тек қара күшті қолдайды. Өмірде ешқандай заңдылық, қалыптасқан тәртіп жоқ, бәрі сапырылысқан. Дүние мән-мағынасыз бәрін қайталау дейді. Өмірде мақсат жоқ. Оған мән беретін тек шектен тыс жоғары, астам адам көрінеді.

¹ Ницше Ф. Сочинения в двух томах, т.2. – М., 1990. – 9 б.

² Бұл да сонда

Ол шексіз жеке билікке табынады. «Мен сізді шектен тыс, астам адам туралы үйретемін» дейді. Ф. Ницше ойынша: «Хайуан мен шектен тыс, астам адам арасында терең құз үстіне тартылған қанат (арқан). Одан өту қауіпті, онымен жүру қауіпті, одан төмен қарау қауіпті, тоқтау қауіпті, қорқынышты»¹. «Шектен тыс, астам адам жердің мәні», дейді ол. «Мен айтамын, – дейді Ф. Ницше, – билеп тұрған жұлдызды тудыра алу үшін өзіңді хаоста ұста»². Ф. Ницшенің ұнатқаны есуас адамдар туралы жазылған, мәселен Ф. М. Достоевскийдің (1821-1881) «Ағайынды Карамазовтар», «Нақұрыс» шығармалары. Қоғамда әлсіз, мүсәпір, бейшара адамдар болмауы керек. Егер кездесетін болса, онда олардың өмірден тездеп кетуіне жәрдемдесу – гуманизм. Оның пікірінше, қоғамда тек күшті, рақымсыз, ешкімге жаны ашымайтын қатыгездердің болуы. Сондықтан да Гитлер Ф. Ницшені ұнатып, оны өзінің мемлекеттік философы деп жариялады. Ф. Ницше дінге де қарсы болды. Әсіресе діндегі кедей бейшараларға қол созу, жәрдем беру. Ол адамгершілік дегенге қарсы. Сондықтан да Ф. Ницше «Анти Христ» (Проклятие Христианству), (Христиандыққа қарғыс) деген кітап жазды. Оның пікірінше, христиан діні адамдарды әлсіз, қайратсыз, мүсәпір, бейшара, жуас, дәрменсіз, ақылсыз етеді. Нашар, әлсіз адамдарды қоғамға пайдасы жоқ, арамтамақтар деп қарайды, қаралайды. Неге олай айтатыны белгісіз. Оның қоғамда мейірімсіз, қатал, ешкімге жаны ашымайтын адамдарды мадақтайтынына бәлкім нарықтан туындаған ашынған, күңіренген ойлар ма, әлде басқа ма, бірақ ол жағы белгісіз. Әрине нарық ешкімді аямайды, мүсіркемейді. Ол белгілі. «Ашық сауда еңбек етіп, ізденіс жасағандарға ғана лайық. Бәлкім әлгі пиғыл соның бір қисық көрінісі ме, кім білсін? Ф. Ницшенің семьясы болмаған. Ол әйел алып,

¹ Бұл да сонда

² Бұл да сонда, 11 б.

бала өсіріп, семья құруды қажет етпеген. Әйелді тек еркектің табиғи қажетін орындайтын объект деп қараған.

Ф. Ницше «шектен тыс, астам адамды» қайдан шығарды? Ол құдайлар өлді деп айтады. Қоғамның бастауы да, аяқталуы да жоқ. Ол дамымайды, тек бір орында айналшықтап, бәрін қайталай береді деген болатын. Сондықтан, қоғамды сақтап қалу үшін оған «шектен тыс, астам адам» керек. Қоғамға мән беретін де, оны бастайтын да сол адам. Бәлкім Гитлерге ұнағаны да Ф. Ницшенің осы пікірі болса керек.

Ф. Ницше өзін есуас адам етіп көрсетпек болған дедік, бірақ жазғандары есуас адам жазуына еш ұқсамайды. Логикасы темірдей, ойлары сомдалған. Екіншіден, ол дінге мүлде қарсы болғанмен еңбектерінде зороастр (зороастризм), яғни зәрдеш дініне сүйеніп, сол дінді бетке ұстап жазады. Неге бұлай екені белгісіз. Оған неміс композиторы Рихард Вагнер ұнаған, өйткені ол «өмір өзгеріп отырады, ескі жойылады, жаңа келеді. Оны іске асыратын – революция» деген болатын. Бірақ, Ф. Ницше революционер де болмаған. Оған керегі тек қирату, құрту, жою, өзін де, басқаны да тек аздыру, қинау. Сондай-ақ, оны садист деу де қиын. Өйткені ол басқаны қинау арқылы өзіне рахат іздемеген. Арманы жоқтық, ластық, жеуге жарайтындардың бәрін адал, арамдығына қарамай қорек ету, сол жағдайда өзін бақытты сезіну. Бұл есі дұрыс адамның пиғылы емес.

Ф. Ницше (1844-1900) неміс философы, Тюрингияда діншілдер семьясына дүниеге келген. Бонн, Лейпциг университеттерінде білім алып, филолог мамандығын меңгерген. Ерекше қабілетті болған, гимназияда оқып жүргенде оны 12 жасар Иисус Христос дейді екен. Кішкентайында пастор атанған. Жиырма екісінде профессор атағын алған. Содан кейінгі өмірі әлгі... Оның кім екені белгісіз. Мұндай тарихқа, адам санасына ылан салғандарды жан-жақты әшкерлеп, жайсыз пиғылын ашып, елді одан жирендіретін болуы қажет. Ф. Ницше бұзылған,

адасқан адам. Оған қарағанда А. Шопенгауэр (1788-1860) асқан менмен, волонтарист болса да адамдық қасиетін сақтаған. Мысал келтіріп отырғанымыз, бұлар идея жағынан өзара жақын.

Алдымен ол жұмысты жүргізетін тарих философиясы. Тәрбиелік мәні осындайдан сақтану керек.

4.4. Софизм философиясы

Антик дәуірінде софист деген сөз – ақылды, дана деген мағынаны білдірді. Бірақ кейін келе ол сөздің мағынасы өзгерген. Софистер әлгі айтқандай сөздің адамға тигізер күші, әсерін біліп, оны өз мақсатына қалай болса, солай пайдаланған. Мәселен, сондайларға Протогор (б.з.д. 480-410) Горгий (483-375) жатқан. Олар сөзді жеке мақсатына пайдаланудың жолын іздеген. Софистер науқас адамға түрлі дәрі-дәрмек қалай саулық әкелетін болса, сөз адам санасына сондай әсер беретін күш деп түсінген. Сөйтіп, алғашқы кезде софист деген сөз дұрыс мағынаны бейнелейтін болса, кейінгі ағым адам басын айналдырып, көпшілікке дегенін істететін күшке айналдырды және оның пайдасын өз мақсатына қолданатындарды дүниеге әкелді. Горгий: «Әлемде еш нәрсе жоқ, егер бар болатын болса, онда оны танып білу мүмкін емес. Танылатын болған болса, онда оны түсіндіру шектен тыс қиын, мұрша жетпейді» деп жазды. Олай болса, дүниеде белгілі қалыптасқан тәртіп жоқ, алдын ала бір нәрсені болжау мүмкін емес. Сапырылысып жатқан дүниеде не десең де бола береді деген қорытындыға келді. Сондықтан софистер сөзді де қалай болса, солай пайдалануға болады деп түйіндеді. Ол үшін софистер алдымен сөздің қисынын (логикасын) бұзды. Оны өздеріне тиімді қорытынды шығару үшін қолданды. Мәселен, қорытынды қашанда бір сөйлемнен жасалмайды. Ол үшін кемінде екі сөйлем керек.

Бірі кеңдеу, ауқымды, екіншісі одан гөрі сәл кішілеу, біріншіге сай. Сонда одан дұрыс керекті қорытынды шығарылады. Мәселен, а) «Барлық құстар ұша алады; б) тотықұс; в) олай болса тоты ұша алады». Егер осы схеманы бұзып, бірін ауыстырсақ, онда дұрыс қорытынды шықпайды. Айталық, сол сөйлемдегі тотықұс орнына тауықты қоятын болсақ, онда қорытынды бұзылады. Логикалық қорытынды шығаруды бұзудың тағы бір түрі: а) «Кейбір адамдар суда малти алады. б) ғалымдар – адам. В) олай болса, ғалымдар суда малти алады». Бұл қате қорытынды. Өйткені ғалымдардың бәрі суда малти алмайды. Сондықтан, бірінші не екінші сөйлем олай емес, басқаша құрылуы керек болатын. Мәселен былай: «Барлық есі дұрыс адамдар көрген-білгендерінен қорытынды жасай алады; б) ғалымдар есті адамдар; в) олай болса ғалымдар көрген-білгендерінен ой қорыта алады». Софистер көп жағдайда әлгі келтірілген логикалық схеманы бұзып қолданады.

Б.з.д. IV ғасырда өмір сүрген Аристотель VI-VII ғасырда өмір сүрген Анахарсис, Фалес пайдаланған логиканы кейінгілер түрліше бұзып, пайдалана берген соң, (айталық софистер) формалдық логиканың 3 заңын өмірге ендірді. Олар мыналар: а) «А» дегеніміз «А»; Бұл дәлме дәлдік заң. 2) «А» «Б» емес, «В» емес, «Г» емес, т. б. Бұл қайшылық заңы. 3) Не «А», не «А» емес. Үшінші жағы жоқ деген заң. Бұл дұрыс, шын дәлелді сөйлеудің логикалық схемасы. Сол заңдар арқылы жалған сөз бен шын сөздің жүйесін ажыратады. Әрине, бұл диалектикалық логика емес, формалды логиканың заңдары. Бірақ, ол диалектикалық логикаға қарсы да келмейді. Қайта диалектиканы дұрыс қолдану үшін, адам алдымен дұрыс ойлауы керек.

Аристотельдің осы формалды логика жүйесін техникаға, машинаға қолдану үшін сол 3 формалдық логика заңына Готфрид Лейбннің (1646-1716) төртінші «негіздеудің жеткілікті заңын» ендірді. Қазіргі күрделі автоматтан-

дырылған техника сол заңдар бойынша жұмыс істейді. Сөйтсе де, софистік ойлау әдісі өмірде жойылған жоқ. Түрлі ой таластарында кейде софистік әдісті пайдаланатындар кездеседі. Батыстық «логикалық позитивистер» кейбір жағынан сол софистерді қайталайды. Қашанда софистік әдісті қолданатындар әрине ғылыми логикасы жоқ, дәлелі нашар болғандар. Әлсіздер қашанда айлакер келеді. Ол да шындық. Бір философтан «даналық деген не» деп сұрағанда ол «уақыт» деп жауап беріпті. Өте дұрыс айтылған пікір. Барлық қолданылған сөздерді екшеп, шындығын анықтайтын уақыт. Бірақ, болмыста формалдық логиканың заңдарын бұзатындар бүгін де, ертең де кездеседі. Олар шындықтан қол үзгендер, оны бұрмалаушылар.

Қазақ сөздің мәнділігі, уәжділігі, орынды айтылғандығына баға берген. Мәнсіз, құр бос сөйлейтін адамды қазақ жақтырмай, ондайда «Тіл мен жағына сүйеніп» деген. Елде мұндайлар болған, әлі де бар. Софист дегеніміз бүгінде осындай адамдар. Ондайлар сөзінде пәтуа болмайды. Жалғандықтың бұл да бір түрі – ой жылпостығы.

4.5. Бір жаратқанға сыйыну философиясы

Діни сенім – ол да мәдениет дәрежесі, бірден қазіргідей болған жоқ. Бірте бірте адам санасына сай қалыптасты. Бір жаратушыға сыйыну белгілі тәртіппен өмір сүру, қарым-қатынас жасау, тазалық сақтау, жұмыс атқару – тарихи процесс, барлық замандарда бірдей болған жоқ. Ол адам санасы оянып, жан-жағына қарап, әр нәрсені байқаған кезден бастап, жалғыздық үрей, қорқу, уайымдаумен қатар бір күшке сыйыну, содан жәрдем күту сезімі дүниеге келді. Сол кезден бастап алғашқы адамдарда ырымдар мен тыйымдар, әртүрлі кездейсоқ табиғи, басқа да қауіпті құбылыстардан қорқу, сыйыну, тілек айту жеке адам басында да, семья, рулық құрылымда да көрініс бере

бастады. Кейін келе сол сезімдер рулық, тайпалық діндерге айналды. Көп халықтарда бұрынғы кейбір жануарларға, табиғат күшіне, жеке құбылыстарға, бұрын дүниеден өткен бабаларының рухына, суға сыйыну әлі күнге дейін сақталған. Кейінгі діндер өз бастауын сол алғашқы рулық тайпалық діндерден алады. Бірақ та діни сенім адам баласы тарихында өте ерте замандардан байқалады. Археологтар бұдан 30-40 мың жылдар, тіпті одан да бұрын дүниеден өткендер қабірінен ыдысқа салынған дән, тағамдар қалдығын, қару-жарақ тапқан. Солардың кейбіреуінен бірге көмілген ат, әйел, ер-тоқым, т. б. заттар табылған. Бұл ана дүниеде өмір бар, сол жақта қажет болады деп түсінгендік еді. Алғашқы пайда болған ой – біз кіміз, тегіміз қайдан басталады деген пікір. Соған сай кейбір этностар өздерінің тегін аю, бұғы, қасқыр, не маймыл, т.б. жануарлардан деп те түсінген. Ол дінді тотемизм деп атайды ғылымда. Кейін келе адамдардың құдайға көп сенуі пайда болды. Мәселен, тіпті антик дәуірінде гректер Ай, Марс, Шолпан, т.б. жұлдыздарға сыйынған. Әр істің өзіндік құдайы бар деп пайымдаған. Сол көп құдайлыққа (политеизм) қарсы болған данышпан Сократты Афина үкіметі құдайсыз деп айыптап, өлім жазасына бұйырған. Ол кезде Афина мемлекетінде жер құдайы, егін құдайы, су құдайы, соғыс құдайы, махаббат құдайы, т. б. құдайлар болған. Бірте бірте бір құдайға сену пайда болды. Бірақ ол да бірден өмірге енген жоқ. Мәселен, б.з.д. 1 мың жылдықта Сыр бойында мал бағып, өмір сүрген массагеттерде бір жаратқанға сыйыну болған – ол Күн. Геродоттың айтуынша: «Олардың сыйынатын бір ғана құдайы болған, ол – Күн. Олар күнге құрбандыққа жылқы сояды»¹. Бұл дәстүр қазақ елі арасында әлі күнге сақталып келеді. Әсіресе, Сыр елінде. Олай болса, бір жаратқанға сыйыну әр этноста әртүрлі қалыптасқан. Қазіргі қазақтар ислам дінін ұстанады. Бірақ, үнділіктер пікірінше, Брахман,

¹ Геродот. История, т. 4. – 79 б.

мәңгілікке жататын, туылмаған, тозбайтын бүкіл әлемді қамтитын болмыс. Ол жаратушы құдай деген ұғым емес. Бірақ адам сияқты да емес рухани күш.

Дәл осыған ұқсас пікірді ертедегі қытайлықтар да айтқан болатын. Егер Брахман үнділерде бар болу мен жоқтың бірлігі болса, ертедегі қытайлықтар түсінігі бойынша Дао – мәңгі, атсыз, тәнсіз, түрсіз, таусылмайтын және шексіз қозғалыс. Дао бүкіл дүние, әлем негізі. Үнділіктерде осыған ұқсас жан секілді құбылыс бар. Оны Атман деген. Айналып келгенде, ертедегі үнділер мен қытайлықтарда әлемді жаратқан құдай деген ұғым қалыптаспаған. Оларға ортақ, тіпті буддизм дініндегі «будда» деген ұғым ол да құдай емес, тек әулиедей, пенделіктен аулақ, тазарған адам. Ол діннің негізін салған Сиддхартха Гаутама. Оларға қарағанда біздің көшпелі бабаларымыз Күнге, көк Аспанға (Тәңірге) табынған. Алдымен Күнді, кейін Тәңірді жаратушы құдай деп түсінген, бұрынғы діни кәделерді де жоққа шығармайды. Ертедегі Египетте Күн құдайын «РА» деп атаған. Рамзес деген фараон есімі сол Күн құдайы, яғни «РА-ның ұлы деген ұғым екен. Бұл діни сенім Египетте 3 мың жылға созылған. Кейін Күн құдайын «Амон» деп атаған. Мәселен сол Амон, ұлы деген атақты Александр Македонскийге берген. Ертедегі үнділер пікірінше, олардың сенімі Брахман. Ол «Туылмаған, тозбайтын, бүкіл әлемді қамтыған мәңгілікке айналған болмыс». Брахман – оларға құдай деген ұғым емес, десек те бір күш, мәңгілік пен мәңгісіздіктің бірлігі. Сондай-ақ, үнділерде Брахман әрі дін басшысы, әрі әлемдік дүние, ертедегі қытайлықтардың діні Дао. Ол – «Мәңгі қозғалыстағы бейне, аты жоқ, таусылмайтын, шексіздік». Дао діні бойынша: «Бір екіні, екі үшті, үш барлық әлемді жаратады. Оның негізі – «ЦИ». Ол жаратушы күш негізі. Бұл дін бойынша «Адамдарды билейтін Жер, Жерді билейтін Аспан, Аспанды билейтін Дао, Даоны билейтін оның өзі».

Қытайлықтарда Даодан басқа да діндер болған. Солардың бірі Конфуций дініндегі «Ли». Ол да үлкен күш. Ли – тәртіп, заңдылық. Әлем сол Ли заңымен қозғалады. Адам сол заңдылыққа бағынуы тиіс. Бірақ, Дао да, Ли де әлемді жаратушы күш деген ұғым емес, бірақ соған жақын. Ертедегі қытайлықтарда құдай ұғымы да болған. Олардың пікірінше құдай біреу емес, көп. Одан соң олар адамдарша күн көріп, өмір сүреді екен, өкпелейді, кек сақтайды, өш алады деген сияқты. Бұған қарағанда Рим философы Лукреций Кар (б.з.д. I ғ.) пікірінше Құдай бар, бірақ ол адам өміріне араласпайды.

Католик дін уәкілі Фома Аквинский (1225-1274) Құдайдың бар екенін бес түрлі дәлел келтіру арқылы мойындатпақ болды. Олар: а) қозғалыс, б) себептілік, в) шыңдалғандық, г) мүмкіндік пен шындық, д) әлемнің мақсатты қалыптасқандығы. Осы келтірілгендердің әрқайсысы жеке-жеке қарағанда да әлемді жаратушы, әрі билеуші күш Құдай екенін сөзсіз байқатады. Мәселен, себептілікті бірінен соң бірін қуалай берсең, ой ең бірінші себептілікке келіп тіреледі. Ол Құдай деген қорытынды жасайды. Ал Давид Юм (1711-1776) себеп пен салдардың объектілігін жоққа шығарған дедік.

Неміс философы Людвиг Фейербах (1804-1872) былай дейді: «Мемлекет басшысы біреу, Құдай да біреу. Құдай емес адамды жасаған. Адам құдайды жасаған, өз бейнесі мен тіршілігіне ұқсатып». Сөйтіп, кейбір философтар осындай қарама-қарсы ойлар айтқан. Әрине діндерді түсіндіріп, жүйеге келтірген пайғамбарлар.

Иммануил Кант (1724-1804) «Таза ақылға сын» деген кітабының «Трансценденттік диалектика» тарауында «Ақылды теология» мәселесін қарастыра келіп, «біреулер әлемді жаратушы Құдай бар дейді, енді басқа біреулер ол жоқ дейді. Бірақ, Құдайдың не бар, не олай емес екенін ешкім дәлелдеген жоқ» деп өзінің агностицизмін

негіздейді. Бұл өмір дамыған сайын адам санасының өзгеріп, болмысы өркениеттеніп отырғанын дәлелдейді.

Сөйтіп, адам санасы бірте-бірте дамып, көтерілген оның ойы діни пікірі де толықтады. Соның нәтижесінде әлемде негізінен 3 ірі дін қалыптасты: Буддизм, Христандық, Ислам. Бұдан басқа Иудаизм діні бар. Ол кішілеу, таралуы әлемдік емес. Буддизм дінінің, негізін салған Сиддхартха Гаутама. Ол б.з.д. 677 жж. Индияда өмір сүрген адам, кейін Будда атанған дедік.

Будда ол әлі жаратушы деген ұғым бермейді. Будда тазаланған, пенделіктен аулақ әулиедей адам. Иисус Христос – Құдай, бірақ адам бейнесіндегі жаратушы, туған, дүниеден өткен кезі де айтылады. Ең жоғарғы түсінік Исламда. Исламдағы жаратушы күш – Аллаһ. Ол құдіретті, суретін, түсін салуға болмайды. Ол рух тәрізді әркімнің жүрегінде. Оның тәртібі таза, ұстамды жоғары. Адам баласы бірте бірте бір жаратушыға сыйынатын болады демекпіз. Бұрын діндер арасында соғыстар болған. Бүгін бұл өте қауіпті. Бір жаратушыға сыйыну бейбітшілік, бірлік, амандық үшін керек. Өйткені, әлемді жаратқан күш – біреу. Осы үш діннің ішіндегі біздің ұстанымымыз – Ислам. Оны дүниеге әкелген Мұхаммед пайғамбар (570-632). Діннің адамдарды тәрбиелеудегі рөлі мол. Әлемнің бір жаратушыға сыйынуы – мәдениеттің, сананың жоғары көтерілуі, дамуы, өмір талабы. Ай біреу, Күн біреу, Жаратқан біреу, атауы түрліше. Бұл даналық бәрімізге бірдей ортақ ой. Айтылған пікір, адам баласы жаратушыны өмір бойы іздеуде болғандығын пайымдатады. Бүгінгі заман соған жеткен кез деуге болады.

5. ПӘННІҢ ТЕХНИКАЛЫҚ ОҚУ ОРЫНДАРЫНА АРНАЛҒАН СЕМИНАР БАҒДАРЛАМАСЫ

1-семинар

Математиканың философиялық мәселелері

1. Математика және жаратылыстану. Математика – ғылым тілі ретінде. Математика модельдеу жүйесі.

2. Философтар мен ғалымдардың математикаға түрлі көзқарастары (И. Кант, Дж. Беркли, К. Маркс, А. Эйнштейн).

3. Математика мәдениет көрінісі (феномені ретінде). Математика және философия. Математикадағы шексіздік.

4. Математикалық ілім құрылымы. Математикалық негізі пәндер.

5. Математикадағы философиялық тұжырымдар. Математикалық абстракцияның пайда болуы мен қызметінің ерекшеліктері. Математикада объектіні абстракциялау мен идеалдау.

6. Ғылымды математикаландырудың философиялық-методикалық проблемалары.

7. Математикада сезу мен қиялдың алатын орны. Математикада оймен жасалатын эксперимент. Компьютер арқылы дәлелдеу.

Әдебиеттер:

1. *Ньютон И.* Математические начала натуральной философии. – М., 1989.

2. Антология философии математики. Отв. ред. и составители: А. К. Барабашев и М. И. Панов. – М.: Добросвет, 2002.

3. *Беляев Е.А., Перминов В.Я.* Философские и методологические проблемы математики. – М.: МГУ, 1981.

4. Бесконечность в математике: философские и методологические аспекты. Под ред. А. Г. Барабашева. – М.: Янус-К, 1997.

5. *Блехман И. И., Мышкис А. Д., Пановко Н. Г.* Прикладная математика: предмет, логика, особенности подходов. – Киев: Наукова думка, 1976.

6. *Ван дер Варден Е. Л.* Пробуждающая наука. Математика Древнего Египта, Вавилонии и Греции. – М. ГИФМА, 1959.

7. Закономерности развития современной математики. Методологические аспекты. Отв. ред. М. И. Панов. – М.: Наука, 1987.

8. *Клайн М.* Математика. Утрата определенности. – М.: Мир, 1984.

9. *Пуанкаре А.* О науке. – М.: Наука, 1990.

10. *Перминов В. Я.* Философия и основания математики. – М.: Прогресс-традиция, 2002.

11. *Соболев С. Л.* Уравнения математической физики. – М.: Наука, 1966.

12. *Нысанбаев А. Н.* Познание мира и математика. – Алматы: Ғылым, 1973.

2-семинар

Физиканың философиялық мәселелері

1. Физиканың ғылымдар жүйесіндегі орны. Физика жаратылыстанудың іргетасы ретінде.

2. Фундаменталды физиканың онтологиялық, эпистемологиялық және методологиялық негізі. Физикалық танымда онтология ұғымы.

3. Механикалық, электромагниттік және осы кездегі квантты реалисттік әлем суреті, физикалық таным дамуының сатылары ретінде.

4. Бөлшек пен өріс қазіргі физикалық әлем суретінің негізгі абстракциясы және олардың онтологиялық тұрақ проблемалары. Де Бройль бөлшектердің корпускулды-толқынды дуализмі туралы.

5. Классикалық механикада кеңістік пен уақыт проблемасы.

6. А. Эйнштейннің жалпы және арнаулы қатыстық теориясы қазіргі кеңістік пен уақыт концепциясы ретінде.

7. Ұзындықтың қысқаруы, уақыттың баяулауының реалитивтік негізділігі және көлемнің (масса) интернационалдық жылдамдық есеп жүйесіне бағыныштылығы.

8. Жалпы қатыстық теориясы пайда болуының дүниетанымдық, методологиялық және эстетикалық алғышарттары.

9. Себептілік пен мақсаттылық (целесообразность).

10. Статистикалық заңдылық және классикалық физикада мүмкіндіктің орналасуы. Микродүниеде заңдылықтың мүмкіндік қасиеті. Себептіліктің мүмкіндік тұжырымы.

11. Физикада жүйелік идеялар. Физикалық объектілерді жүйе ретінде елестету. Жүйенің үш түрі: жай механикалық, қайта байланыс жүйесі, өздігінен даму жүйесі (өздігінен ұйымдасып қалыптасатын жүйе).

12. Классиктік термодинамика мен эволюциялық биология арасындағы қайшылық. Синергетика физикадағы эволюциялық идеялар бұлақтарының бірі.

Әдебиеттер:

1. Бор Н. Атомная физика и человеческое познание. — М.: Изд-во иностранной литературы, 1961.

2. Гейзенберг В. Физика и философия. Часть и целое. — М., 1990.

3. *Гейзенберг*. Философские проблемы атомной физики. – М.: Изд-во иностранной литературы, 1962.
4. *Броиль Л. Де*. По тропам науки. – М.: Изд-во иностранной литературы, 1962.
5. *Планк М*. Единство физической картины мира. – М.: Наука, 1966.
6. *Карнап Р*. Философские основания физики. – М.: Прогресс, 1972.
7. Квантовый компьютер и квантовые вычисления. Ижевск: Удмуртский Госуниверситет, 1999.
8. *Латыпов Н. Н., Бейлин В. А., Верешков Г. М.* Вакуум, элементарные частицы и Вселенная. – М.: МГУ, 2001.
9. *Пригожий П., Стенгерс И.* Время, хаос, квант. К решению парадокса времени. – М.: Прогресс, 1994.
10. *Вул Б. М.* К вопросу об изучении механического движения в классической и квантовой механике. См.: «Вопросы философии», 1949. – №1.
11. Физика в системе культуры. – М.: ИФ РАН, 1996.
12. Философские проблемы физики элементарных частиц. – М.: ИФ РАН, 1995.
13. *Басов Н. Г., Прохоров А. М.* Квантовая радиофизика. Вестник АН СССР, 1960. – № 4.
14. 100 лет квантовой теории. История. Физика. Философия. – М., 2002.
15. *Катица С.П.* Становление физики. – М., 1972.
16. *Дорфман Я.Г.* Всемирная история физики с древнейших времен до конца XVIII века. – М.: Наука, 1974.
17. *Сабитов М. С.* Диалектика необходимости и случайности в квантовой механике. – Алматы: Наука, 1974.

3-семинар

Химияның философиялық мәселелері

1. Химия философиясының ерекшелігі. Химияның физика, биология және экологиямен тығыз өзара әсері. Химияның технология және өндіріспен тікелей байланысы.

2. Химияның тұжырымдық жүйелері, химияның тарихи даму сатылары ретінде.

3. Тұжырымдар – жүйелер эволюциясы. Элементтер жайлы ілім, заттың қасиеті және ерекшелік белгілерін түсіндірудің теориялық негізі ретінде. Элементтер туралы ілімнің антиктік кезеңі. Р. Боиль және элементтің ғылыми анықтамасы.

4. Флогистон теориясы, ятрохимия, пневмохимия және А.Л. Лавуазьенің кислородтық теориясы – элементтер туралы ілімнің ең алғашқы түрлері

5. Д. И. Менделеевтің қайталамалық (периодтық) жүйесі элементтер туралы ілімнің дамуындағы соңғы кезең.

6. Структуралық химия заттың динамикалық мініздемесін теориялық түсіндіру (баяндау) ретінде.

7. Химиялық процестің кинетикалық теориясы. Химиялық кинетика және химиялық жүйе әрекеттерінің проблемасы.

8. Физикалық химия тенденциясы. Физикалаудың 3 дәуірі:

1) Физикалық идеяның химияға енуі.

2) Физикалық және физика-химиялық теорияларды құрастыру.

3) Химияның фундаменталдық бөлімдерінің физикалық редукциясы. Химиядағы редукция және редукционизм.

Әдебиеттер:

1. *Азимов А.* Краткая история химии. – М.: Мир, 1983.

2. Кемпбелл Дж. А. Почему происходят химические реакции. – М.: Мир, 1967.

3. Печенкин А.А. Взаимодействие физики и химии (философский анализ). – М., 1986.

4. Кузнецов В. И., Печенкин А. А. Концептуальные системы химии: структурные и кинетические теории. «Вопросы философии», 1971. – №1.

5. Бутлеров А. М. Основные понятия химии. – СПб, 1902.

6. Быков Г. В. История классической теории химического строения. – М.: АН СССР, 1960.

7. Менделеев Д. И. Жизнь и труды. – М.: АН СССР, 1957.

8. Кедров Б. М. День одного великого открытия. – М., 1958.

9. Дорфман Я. Г., Лавуазье А. Л. 2-е изд., – М.: АН СССР, 1962.

4-семинар

Геологияның философиялық мәселелері

1. Әлемнің геологиялық суреті – геологиялық шындық бейнесі. Геологиялық шындық суреті қалыптасуының тарихи ерекшелігі.

2. Ғылымдарды сызықсыз генетикалық жіктеуде геологияның алатын орны. Оның шектес бір жағынан физика және химия, екінші жағынан, биология, география және әлеуметтік ғылымдармен арақатынасы. Геологиялық пәндер қатарындағы геофизика мен геохимия.

3. Геология заңдары мен әдістерінің шектес ғылымдар заңдары және әдістерімен арақатынасы.

4. Геологияда кеңістік пен уақыт мәселесі. Актуализм принципі. Жерқыртысы страттар туралы ілім. Таужыныстары мерзімін пайымдау.

5. В. И. Вернадский жер биосферасы жайлы. Ноосфера биосфераның ең жоғары сатысы.

Әдебиеттер:

1. *Высоцкий Б. П.* Проблемы истории и методологии геологических наук. – М.: Недра, 1977.
2. *Зубков И. Ф.* Проблема геологической формы движения материи. – М.: Наука, 1979.
3. *Круть И. В.* Исследование оснований теоретической геологии. – М.: Наука, 1973.
4. *Куражковская Е. А., Фурманов Г. Л.* Философские проблемы геологии. – МГУ, 1975.
5. *Хаин В. Е., Рябухин А. Г.* История и методология геологических наук. – МГУ, 1997.
6. *Зубков И. Ф.* От планетологии к геологии. Международный Российский Университет Дружбы народов. – М., 2000.
7. Взаимодействие наук при изучении Земли. – М.: АН СССР, 1963.
8. Академик Сатпаев К. И. Сборник, посвященный памяти выдающегося советского ученого. Алма-Ата, 1965.
9. *Галилей Г.* Диалог о двух главнейших системах мира – Птоломеевой и Коперниковой. См.: Галилей Г. Избранные труды в 2-х томах, т.1. – М., 1964.

5-семинар

Информатиканың философиялық мәселелері

1. К. Э. Шенонның информация теориясы. Норберт Винер т.б. кибернетикасы. Л. Фон Берталанфи, А. Раснорттың жүйелік жалпы теориясы. Информатикаға синергетика тұрғысынан келу.
2. Информатика пәнаралық ғылым ретінде информациялы-коммуникативтік ортаға қызмет етуі әрі дамуы және компьютерлік техника арқылы оны технологияландыруы.

3. Модельдеу және есептеу эксперименті информатиканы интеллектендіру өзегі.

4. Информатикада жасандылық пен табиғилықтың өзара байланысы. Бейнені ойлау және танып білу онтологиясы.

5. Информатикалық қауіпсіздік тұжырымы гуманитарлық жағы. Информатикада шындық проблемасы. Виртуалды шындық (нақтылық).

6. Интернет глобальдық ми метафорасы ретінде. Интернет және оның философиялық маңызы. Интернетте «реттілік пен хаостың» синергетикалық парадигмасы.

7. Интернет үздіксіз білім алудағы глобальдық орта ретінде.

8. Информациялық қоғам концепциясы. Информациялық қоғамда жеке адам мәселесі.

Әдебиеттер:

1. *Винер Н.* Кибернетика и общество. – М.: Изд-во иностранной литературы, 1958.

2. *Шенон К.* Работы по теории информации и кибернетике. – М. Изд-во иностранной литературы, 1963.

3. *Турчин В. Ф.* Феномен науки. Кибернетический подход к эволюции. М., 2000.

4. *Бриллюэн Л.* Наука и теория информации. – М.: Физматгиз, 1959.

5. *Чернавский Д. С.* Синергетика и информатика. – М.: Наука, 2001.

6. Гуманитарные исследования в интернете. Под ред. А. Е. Войскунского. – Можайск, 2000.

7. *Хакен Г.* Принципы работы головного мозга: Синергетический подход к активности мозга, поведению и когнитивной деятельности. – М., 2001.

8. *Кастельс М.* Информационная эпоха. Экономика, общество и культура. – М., 2001.

6-семинар

Техниканың философиялық мәселелері

1. Техника мен техникалық ғылымдарды философиялық ойлаудың ерекшелігі. Техниканың тарихы мен философиясы. Техникалық білім табиғаты.

2. Техника және өнер. Техника және технология. – М. Хайдеггер, К. Ясперс еңбектерінде техника бейнесі.

3. Қазіргі техногендік өркениеттің болашағы мен шегі. Техникалық оптимизм және техникалық пессимизм: апология және техниканы сынау.

4. Табиғат пен техника. «Табиғи» және «жасанды» ғылыми техника және ғылым техникасы.

5. Жаратылыстық, қоғамдық және техникалық ғылымдар. Техниканың дамуы негізінде табиғи ортаның шектілік және шексіздік диалектикасы.

6. Ғалым этикасы және жоба жасаушының әлеуметтік жауапкершілігі: моральдық және құқықтық.

7. Техногендік өркениеттің дамуындағы қазіргі тенденция мен қайшылықтар.

Әдебиеттер:

1. *Анисимов К. Л.* Человек и техника. Современные проблемы. – М.: Наука и техника, 1995.

2. Философия техники. История и современность. – М.: ИФ РАН, 1997.

3. *Горюнов В. П.* Техника и природа. – Л.: ЛГУ, 1980.

4. *Горохов В. Г.* Русский инженер и философ техники Петр Клементьевич Энгельмейер (1855-1941). – М.: Наука, 1997.

5. *Горохов В. Г.* Концепции современного естествознания и техники. – М.: Инфра, 2000.

6. *Иванов Б. И., Чешев В. В.* Становление и развитие технических наук. – Л.: Наука, 1977.
7. Новая технократическая волна на Западе. Ответ. ред. Гуревич П. С. – М.: Прогресс, 1986.
8. *Митчам К.* Что такое философия техники? – М.: Аспект Пресс, 1995.
9. *Рачков В. П.* Техника и ее роль в судьбах человечества. – Свердловск, 1991.
10. *Хайдеггер М.* Вопрос о технике. См.: Хайдеггер. М. Время и бытие. – М., 1993.
11. *Адорно Т.* О технике и гуманизме. См.: Философия техники в ФРГ. – М.: Прогресс, 1989.
12. *Эллюль Ж.* Технологический блеф. – М., 1988. Его же техника. – М., 1954.
13. *Ортега Х.* Размышления о технике. – М., 1939.
14. *Ясперс К.* Всемирная история философии. – СПб.: Наука, 2000.
15. *Ортега Х., Гассет И.* Размышления о технике. «Вопросы философии», 1993. – № 10.

7-семинар

Экологияның философиялық мәселелері

1. Экология – тірі организм мен оның тіршілік ету ортасының өзара әсерін зерттеу мәселелері саласына жататын философиялық ілім.
2. Экологияның биологиялық экологиядан адам экологиясына, одан әлеуметтік экологияға, глобальдық экологияға дейін интегральдық ғылыми пән ретінде қалыптасуы. Экология проблематикасының қазіргі мәдениеттегі басыңқы дүниетанымдық көзқарасқа айналуы.
3. Қазіргі экологиялық жағдайдағы футурологиялық аспект. Экологиялық кризис өркениеттік дағдарыс ретінде: шығу көздері мен бағдары (тенденциясы).

4. Экологиялық проблематиканың пайда болу тегі. Негізгі тарихи кездерде қоғам мен табиғаттың бір-біріне әсері.

5. Қазіргі экологиялық басты мәселелер. Урбоэкология, өсу мүмкіншілігі, тұрақты даму.

6. Қазіргі өзекті мәселелерді шешуде әлемдік тәртіп әдісінің қажеттілігі жайлы глобальдық идея.

7. Әлеуметтік экологияның пайда болуының тарихи пайымдылығы (шарттылығы).

Әдебиеттер:

1. *Дарвин Ч.* Происхождение видов путем естественного отбора или сохранение благоприятных рас в борьбе за жизнь. – СПб.: Наука, 1991.

2. *Вернадский В. И.* Философские мысли натуралиста. – М.: Наука, 1988.

3. *Реймерс Н. Ф.* Концептуальная экология. – М., 1992.

4. Философия экологического образования. Ответ. ред. И. К. Лисеев – М.: Прогресс, 2001.

5. *Ситаров В. А., Пустовойтов В. В.* Социальная экология. – М., 2000.

6. *Данилов-Данильян В. И., Лосев К. С.* Экологический вызов и устойчивое развитие. – М.: Прогресс, 2000.

7. *Медоуз Д. и др.* Пределы роста. – М.: МГУ, 1991.

8. *Кювье Ж.* Рассуждение о переворотах на поверхности земного шара. – М.: Л. Биомедгиз, 1937.

9. Культура, человек и картина мира. Ответ. ред. А. И. Арнольдов, В. А. Кругликов. – М.: Наука, 1987.

10. Отчуждение и проблемы экологии. – Алматы, 2002.

МАЗМҰНЫ

1. ПӘННІҢ МӘНІ МЕН МАҚСАТЫ.....	3
1.1. Зерттеу объектісі.....	3
1.2. Диалектика – философия жүрегі.....	13
1.3. Логикалық позитивизм – диалектикаға кереғар.....	24
2. ҒЫЛЫМ ТАРИХЫ ТҰРҒЫСЫНАН.....	51
2.1. Қозғалыс – өмір негізі.....	54
2.2. Ғылым тарихында басты мәселе.....	57
2.3. Білім және ғылым.....	72
2.4. Білімдік таным дәрежелері.....	75
а) Білімдік танымның эмпирикалық әдістері.....	75
б) Білімдік танымның теориялық әдістері.....	78
2.5. Ғылымға ұмтылыс.....	83
2.6. Ғылым.....	86
2.7. Ғылым күрделі құрылым, әрі ұғым.....	91
2.8. Ғылымды жасайтын ғалымдар.....	99
2.9. Ғылымды дамытатын қажеттілік.....	106
2.10. Көшпелі бабалар флогистонды неге іздемеген?.....	110
2.11. Ғылымда бір ойға бір ой түрткі.....	114
2.12. Корпускулды-толқынды дуализм.....	120
2.13. Танымның мақсаты жеңіл, жолы ауыр, қиын.....	122
2.14. Пікір алысу – ғылымда ауадай қажет.....	128
2.15. Көшпелілер психологиясы.....	131
2.16. Ұлттық идея.....	139
2.17. Идеология.....	145
3. ҒЫЛЫМ ФИЛОСОФИЯСЫ.....	155
3.1. Жаратылыстану ғылымдары философиясы.....	170
3.2. Техника философиясы.....	178
3.3. Адам философиясы.....	190
3.4. Тарих философиясы.....	204
а) «Басы байлық құқығы» философиясы.....	220
б) Мұстафа Шоқай – көреген қайраткер.....	224
в) Тағдыр философиясы.....	230
3.5. Саясат философиясы.....	235

3.6. Патриотизм философиясы.....	239
3.7. Ұлтжандылық сезім философиясы.....	242
4. ТАҚЫРЫПТАН ТУЫНДАҒАН ОЙЛАР.....	249
4.1. Ленин қалай философ болды?.....	249
4.2. А. Камюдің К. Маркс философиясына сыны.....	255
4.3. Ф. Ницше – өмірден түңілген адам.....	259
4.4. Софизм философиясы.....	262
4.5. Бір жаратқанға сыйыну философиясы.....	264
5. ПӘННІҢ ТЕХНИКАЛЫҚ ОҚУ ОРЫНДАРЫНА АРНАЛҒАН СЕМИНАР БАҒДАРЛАМАСЫ.....	269
1-семинар. Математиканың философиялық мәселелері.....	269
2-семинар. Физиканың философиялық мәселелері.....	270
2-семинар. Химияның философиялық мәселелері.....	273
2-семинар. Геологияның философиялық мәселелері.....	274
2-семинар. Информатиканың философиялық мәселелері.....	275
2-семинар. Техниканың философиялық мәселелері.....	277
2-семинар. Экологияның философиялық мәселелері.....	278

Оқу-әдістемелік басылым

Досмұхамед Кішібеков
Тимур Кішібеков

ҒЫЛЫМ ТАРИХЫ МЕН ФИЛОСОФИЯСЫ

Редакторлар

Т.С. Жақсыбаева

А. Бейсебаева

Г.Қ. Оңкебаева

Компьютерде беттеген

Л.П. Өмірбекова

Басуға қол қойылды 05.05.2020 ж.

Пішімі 60x84 1/16. №1 баспаханалық қағаз.

Көлемі 17,7 есепті баспа табақ. Шартты баспа табағы 16,5.

Таралымы 500 дана. Тапсырыс № 48.

Бағасы келісімді.

Қ.И. Сәтбаев атындағы

Қазақ ұлттық техникалық университетінің басылымы,

Оқу-баспа орталығы.

Алматы қ., Сәтбаев көшесі, 22